


# Бердібек СОҚПАҚБАЕВ



Шығармалары

31



Бердібек  
СОҚПАҚБАЕВ

---

## ШЫГАРМАЛАРЫ

III том



A handwritten signature in black ink, appearing to read "Бердібек Соқпаратов". Above the signature is a small rectangular box containing a stylized, symmetrical logo or emblem.

Алматы  
2014

УДК 821. 512. 122  
ББК 84 (5 Каз) -44  
С 63

Казакстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік манызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді.

**С 63 БЕРДІБЕК СОКПАКБАЕВ.** Шығармалары. III том.  
/Бердібек Сокпакбаев. — Алматы: КазАқпарат,  
2014. -380 бет.

ISBN 978-601-03-0290-7

*49522*

Казак балалар әдебиетінін айтулы өкілі, белгілі жазуышы Бердібек Сокпакбаев шығармаларының бұл томына қаламгердін атакты «Менін атым – Кожа» және «Жекпе-жек» хикаяттары еніп отыр.

Бала жаңының білгірі, сезімтал автор аса зор шеберлікпен жас жеткіншектердің көніл-күйін, жандуниесін шебер суреттей білген.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Каз) -44

ISBN 978-601-03-0290-7

©«ҚазАқпарат» баспасы, 2014

Семиро-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. АУКАНОРА

# МЕҢІҢ АТЫМ — КОЖА

ХИКАЯТ



## KIPICPE ORNYINA

Оллаңи, мақтанғаным емес, достарым, шындықты айтып отырмын – әттең жазушы болсам деген арман менің көкейіме ерте үялады. Үшінші, төртінші кластарда оқып жүргеннің өзінде-ақ ақындық даңқым мектептен асып, бүкіл ауылға жайылды, «акын бала» атана бастадым.

Бұл сөз бастапқы кезде менің жаныма тікендей қадалушы еді. Сосын мен мынадай ойға келдім. Талант деген адамға тua бітетін нәрсе. Мен оны ешкімнен сұрап немесе ұрлап алған жоқпын ғой. Олай болса, тағдыр басқа салған соң көнбеске амалым қанша.

Жалпы, үлкен ақындар өлеңді тек шабыты келгенде ғана жазатын көрінеді ғой. Ал менің шабытым қашанда қаламымның ұшында жүретін секілді. Тек уақыт тауып отырсам болды, көсілтіп жазып тастаймын. Ол ол ма, кейде тіпті жаңа бастаған дәптерді тез толтыруға асық болып, бүгін пәлен шумақ өлең жазамын деп, жоспарлап алып та жазамын.

Адам деген өседі ғой. Мен көпе-көрнеу шарықтап өсе бастадым. Өлеңдерім класс, мектеп қабырға газеттерінде тоқтаусыз жарияланатын болып алды. Тіпті мен өзім ұсынғанды қойып, олар өздері жалынып сұрайтын дәрежеге жеттім. «Май туралы бір өлең жазып бере қойшы», – дейді. «Неше шумақ болсын?» «Төрт шумақ», «Жарайды». Сабак үстінде отырып-ақ жазып тастаймын. «Тәртіп жөнінде бір

өлең жазып бере қойшы». «Класта қалғып отыратындар жөнінде бір сықақ өлең сүйкеп жібермес пе екенсін? Бірақ бастан-аяқ жағымсыз болып жүрмесін. Әуелі қалғымай сергек отыратын бір ба-ланы сыпаттап ал». Мінеки, осы секілді заказдар отряд, класс қабырға газеттерінен қарша борап түсетін болды.

Бұның бәрі бір кезде мен үшін зор қуаныш, дәреже еді. Бірақ бертін келе үйреншікті нәрсеге айналды да, қанағат болудан қалды. Өлеңдерім неғұрлым көп жарияланған сайын соғұрлым назар аудармайтын, селт етпейтін болып алдым.

Адамды, меніңше, арман жетелейді алға қарай. Мен енді өлеңдерімнің типография әрпімен теріліп, жұрт ақша төлеп, сатып алып оқитын нағыз шын баспасөзде жариялануын аңсай бастадым. Шіркін, қандай тамаша болар еді. Айталақ, мектепке «Пионер» журналының жаңа нөмірі келе қалды. Балаларға таратып беріп жатыр. Сол кезде журнал бетін бұрынырақ ашқан біреу: «Ау, мынаны қарандар. Қожаның өлеңі басылыпты!» – деп айқайлап жіберді... Иә, менің өлеңім. «Қожа Қадыров» деп, тайға таңба басқандай айқын жазылған.

Шіркін-ай, дәл сондай жағдай бола қалса, Жанар қайтер еді? Менің талантыма, өскенде әйгілі ақын-жазушының бірі болатындығыма оның көзі жетер еді-ау. Сосын ол маған, мүмкін, басқаша қарар еді.

Жантас онбаған қайтер еді? Көре алмай жарылып кетер ме еді? Ол пәле қарап қалар деймісін, «бұл мен білсем, басқа Қожа Қадыров шығар» деуден де тайынбас.

Күндердің бір күнінде тәуір деген бір топ өлеңімді жотадан басып жүріп, таңдал алдым да,

тәуекел деп, Алматыға, «Пионер» журналына айда-дым. Менің астананы өлеңмен бомбалауым осылай басталды.

Бірақ неге екенін білмеймін, сол өлеңдерімнің бірде-бірі жарияланбады.

— Енді мен тағы бір құлыққа бастым. Әлгі «Пионерге» жіберген өлеңдерімді қайта көшірдім де, «Қазақстан пионері» газетіне айдадым. Мүмкін соларға ұнап қалар. Жоқ, бұл әдісімнен де түк шықпады. Жіберген өлеңдерімді олар да жаратпайды.

Бұған жасыған мен жоқпын, қайта ширіға түстім. Бір-екеуіне ғана жіберіп, өзгелерін құр тастасам, өкпелейтіндей-ақ, енді өлеңдерімді көп дана етіп көшіріп, өзіме аты мәлім газет-журналдарға түгел жібере бастадым. (Сондағы қарау ойым: бірі баспаса, бірі басар.) Әлгідей етқызу үстінде бір топ өлеңім «Үгітші блокнотына» кетіп қалған екен, соңынан редакция өлеңді қайда ұсынуды білмейтін адамнан қандай ақындық шықпақшы деп, өзімді бәлем, кемежедеп жауап жазғанда, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздадым.

Менің бір риза болатыным – өлең жіберген жердің қай-қайсысынан да жауап келеді. «Жалпы алғанда, ақындық қабілетің бар көрінеді. Бірақ әлі де болса көп ізденип, көп оқып, үйренуің керек»... деген тәрізді үміт үшқынын тастай жазған жылы жауап алсам, тәбем көкке екі елі жетпей қалады. Шекесіне редакция маркасы қондырылған мүндей хаттарды балалардың беріне мақтанып көрсетем. Білсін менің кімдермен байланысым бар екенін.

Ал кей хаттардың сөзі қatalдау да, аяусыз боп келеді. Аты мәлім ақынның бірі өткен күзде

«Саған өлеңмен бас қатыруға әлі ерте сияқты. Өлөндөрінен өзіндік ештеңе таба алмадым», – деп жазыпты. Бұл мен үшін төбемнен тас құлағанмен тең болды. Осы секілді ұнамсыз жауап алсам, оны өзгелерге көрсетпек түгіл, мектептегі ақындық даңқыма нұқсан келтіреп деп, табанда жоямын.

Ақыры редакциялардың қай-қайсысынан да қөнілім қалып болды. Соларға өлең жіберем деп, конверт, марка сатып алып, қанша ақшам қарап болды десенші. Одан да соның бәрін жиып, конфет алып жесем ғой, мықтап бір жырғамас па едім.

Мейлі, баспаса баспай-ақ қойсын. Оған бола мен арман еткен нысанамнан, сірә да, жалтар маспын. Солардың ызасынан енді, міне, өлеңді қойып, соқталдай повесть жазғалы отырмын. Бәрі кітаптағыдай болу үшін оқиғаларды тарау-тарауға бөлемін де, әр тарауға ат қоямын. Өтірік ештеңе қоспаймын.

## БІРІНШІ ТАРАУДА

**окуши шығарманың бас кейіпкерімен,  
яғни менімен танысады.**

Менің атым...

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл өзіңе де ұнамайды-ақ. Әттең қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызылشاқа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығынды пайдаланып, әке-шешең немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өкембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді өзге қызу жұрт сол арада ду қостап, осы болсын баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таптаймыз десken. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап, әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған.

Енді одан көзін тіріде қашып құтыла алмайсың.  
Ұнатпасаң да, мойныңа іліп алып жүре бересің.

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жа-  
тыр. Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың  
ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа  
толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортан-  
шым», «кенжем», «сүйіктім», «жұпарым» деген  
секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп,  
бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай  
есім ұнаса, соны таңдал алады. Міне, әділдік деген.  
Осы дұрыс емес пе?

Жарайды, өткенге өкініш жоқ дегендей, істің  
турасына көшелік. Менің атым Қожа. Көріп  
отырыңдар, пәлендей әйдік ат емес.

Шының айтсам, бұл о баста Қожа емес,  
Қожаберген екен. Түү күәлігінің өзінде солай  
деп жазылған. Бірақ дүниеде не қылыш ғажайып  
құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе  
«Қожабергеннің» құйрығы үзіліп түсіп қалыпты.  
Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні  
болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-  
аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың  
үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді  
шатастырып алмас үшін өнімізге қарап, мені Қара  
Қожа, оны Сары Қожа деп атайды.

Әуел баста мен бұған шамданып қалатын едім.  
Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып  
кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп, жалт  
қарайтын болдым.

Жантас тәрізді құжақтар осының өзін де дұрыс  
айтпайды, әдейі бұзып, келемежде, «Қара Қожа»

деудің орнына «Қара Қөже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылығы үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды...

Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жүрттың бәрі «ов» болып жатқанда менің олардан ала-бөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім.

Қадыр – менің әкем. Ех, шіркін дүние-ай, десенші! «Әке» деген сөзді айтқанда, жүргегім қарс айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Бала-лар менің әкем өйтті, менің әкем бүйтті. Менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп, мақтаныш етіп жата-ды. Ал мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені ол майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзal әкем мол кетті, оралмады...

Ех, қайран әкем. Егер сен тірі болсан, мүмкін мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер әлемді шулатып, сотқар Қожа атанаң жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар.

Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынандай еді» деп, еске алып, армандал отырмай ма?

Ал, күйеу керек пе әйелге? Меніңше, әбден керек. Кейде Миллат мамам әкемнің суреттерін актарып қарап отырады да, мұнға батып, бір түрлі егіліп кеткендей болады. Кірпігі жасқа шыланады... Мен сол кезде маматайымды керемет аяп кетем. Бірақ аяғанмен не пайда, білем, сезем неге күйзелетінін.

Егер оның күйеуі, яғни менің әкем тірі болса, Қаратай ұятсыз мамама өзеуреп сөз айтпақ түгіл, оның маңайынан жүре алар ма еді.

Сөйтіп, мен сендерге өзімнің аты-жөнімді айттым. Ал көркем шығармада кейіпкердің кім екені аталағып қана қоймай, сырт бейнесі қоса сипатталатын дәстүр бар ғой. Енді соған көшейін. Тоқтаңыз, бұл үшін әуелі өзімді өзім айнадан байыптаң қарап алайын... Мынау, міне, мұрным. Әжем кейде менің атымды атамай «тампыш неме» дейді. Оның айтқаны ып-рас екен ғой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындей үнірейіп тұр. Екі шекемнің шығынқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалак, тап-тақыр. Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпрып алып тастаған.

Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылышынан бір кем емес. Осы аудыда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар – ол Әубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей қалады. Шашымды әр алған сайын Әубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай таң қалып бітеді.

– Япыр-ай, мұндан да шаш біте береді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек. Мінезіңнің шатақтығы осыдан-ақ көрініп тұр.

Сыпатталмаған енді нем қалды? Қаралығымды әуел баста-ақ айтқанмын. Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. Бәтшағардың бітпейтін жерге бітуін қарашы. Одан да бетімнің үшінша таман болсашы. Сонда әдемірек көрінер ме едім. Бір азұымды былтыр... жә, оны айтудың қажеті болмас. Кімнің тісін құрт жемейді дейсің

және ол былай қарағанда көрінбейді де.

Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұңғақ боласын дейді. Кімдікі рас екенін құдайым білсін. Өткен күзде мектепте дәрігер қарап өлшегендे, бір жұз отыз тоғыз сантиметр шыққан едім. Егер шашым болса, жұз қырық шығуы сөзсіз еді. Тақыр бас жүргеннің осындай залалы да бар. Жасым он екіде. Бесінші класты бітіріп отырмын.

Повестің бірінші тарауын осымен доғарамын да, келесі тарауға көшемін.

### Қаратай жайында айтылады

Күні бойы футбол ойнап, әбден қалжырадым. Ойын үстінде шаршаганың онша аңғарылмайды. Енді міне, дел-сал болып, өзімді өзім әрен сүйреп келе жатырмын. Аяққа қонған шаңды қараши, бір елі. Шіркін-ай, осы бойда барып, құмп етіп, өзенге қойып кетер ме еді.

Өзен бойына көз тікsem, қыздар шомылып жүр екен. Мейлі, шомыла берсін, оларға да салқындау керек қой. Ал мен әуелі тамақтанып алайын, ішім итше қыңсылап, түйені түгімен, нарды жүгімен жұтып жібере жаздал келе жатқам жоқ па.

Қораның бұрышын айнала бергенім сол еді – көзім есік алдындағы тажалға түсті. Жүргегім дір етіп, бойымды дереу жиып алғандай болдым. Та-жал тапжылар емес. Ежелгі дағдысы бойынша біздің босағаны иіскеп, мелшиіпті де қалыпты.

Тажал деп отырғаным сыры көше бастаған, жағал-жағал үш дөңгелекті, көкшіл көне мотоцикла. Әр жексенбі сайын оның көрген күні осы, біздің қорадан шықпайды.

Мотоциклдің иесі – көрші колхоздағы комбайншы жігіт Қаратай. Жігіт деймін-ау, қайдағы жігіт. Беті әжім-әжім, сақалы тікенектей кәрі біреу.

Қаратайды мен қандай жексүрын көрсем, жағал мотоциклді сондай жексүрын көрем. Өйткені оны

құстай үшырып, зырылдатып, лезде алып келетін осы антүрған емес пе.

Бұдан бір жыл бұрын Қаратайдың әйелі дүние салған екен. Әйелі дүние салды деген сөз, өзі бойдақ қалды деген сөз. Ал өзі бойдақ қалғаннан кейін тағы да үйленбекші. Осы арада кімге деген сұрақ туады. Дүниеде өзге әйел құрып қалғандай Қаратайдың есек дәме көнілі менің Миллат мамама ауатын тәрізді. Жағал мотоциклдің әр жексенбі сайын біздің босағаны ііскеп, қаңтарылып тұруындағы гәп міне, осы.

Әрине, бұл мәселе жөнінде менен ақыл-кеңес сұрап жатқан ешкім жоқ. Бірақ мен Қаратайға іштей кіжінемін де, атаңың басы менің мамам тиер саған, деген сөзді айтамын.

Үйге кіре беріп, мотоцикл дөңгелегін теуіп жібердім. Кім иемденсе, соған құлшылық ететін меңіреу техника бұған не жауап қатсын. Зырқ етіп, бір тербелді де, үнсіз қала берді.

Ауыз үйде әжем күбі пісіп тұр екен. Ертеден қара кешке бір тыным алмайтын бейнетқор әжем-ай. Құмпілдетіп піскенде, қарашы, күбінің түбін түсіре жаздайды. Орамалы сырғып, желкесіне түсіп кеткен. Көпті көрген бурыл басы бусанып, тер исі келеді. Қолымдағы допты тарс еткізіп, босағаға тастай бердім де, мен сол екпініммен төр үйге қарай беттедім.

Жұмысын дереу доғарды да:

– Эй, мына түріңмен қайда барасың? Онда кісі отыр, – деді әжем.

Өзі қызық кісі, кім отырғанын мен білмейді деп ойлай ма екен.

– Кісі болса қайтушы едім!

Даусым қатты шығып кетті. Мейлі, естісе, ести берсін. Есікті жұлқып ашып, кіріп келдім. Қаратай мен мамам терезе алдындағы столда, әдеттегіше, бетпе-бет әңгімелесіп отыр. Екеуі бірдей маған қарады. Қаратайдың жүзінде менің келуімді жаратпаған абыржу бар. Ал мамамның тіксініп шытына қараған қабағынан мына тасыр жүрісімнің оған да ұнамағанын бірден анғардым.

Осы бойда бұрыштағы шкафыма қарай өтіп бара жатыр едім, Қаратай құлімсіреген дауыспен:

– Эй, Қожатай, сәлем қайда? – дей салды.

Жасы үлкен таныс адамға сәлем бермеу – көргенсіздіктің белгісі деп, мамам мені талай баулыған. Сол парызымды амалсыз өтеп:

– Саламатсыз ба, – дей салдым.

Үлкендердің үстіне бұйымтайсыз, етқызулықпен кіріп келгендіктен, енді амалсыздан бірдене істеуім керек болды. Ту сыртымды мамам мен Қаратайға беріп, шкафтың ең тәменгі сөресіндегі газет-журналдарды мақсатсыз ақтарып, күйбендең жатырмын. Нені іздең, нені таба алмай жатқанымды бір құдай өзі біледі. Ал екі құлағым мамам мен Қаратайда.

– Иә, биылғы көктем жауынды болды, – деп бастады Қаратай ендігі әңгімесін. – Біздің «Коминтерннің» астығы да белуардан кеп, жайқалып тұр. Енді күзгі бүршақ-нөсерден аман болса, жұрт рызығы жаман бола қоймас.

Әңгіме желісінен жалт беріп, Қаратайдың не болса соны айтып кеткенін мен бірден түсіндім де, тағы не дер екен деп, еңсемді көтермestен, өзіммен өзім болғансып, күйбендей бердім.

– Жаман бола қоймас, – деп қоштады мамам Қаратайды бейқам үнмен. Оның даусынан: «Ex,

Қаратай, менің баламды өйтіп алдарқата алмайсың.  
Ол бәрін де сезеді, бәрін де түсінеді» деген мағына  
аңғарылатын еді.

Арада бірнеше минут ұнсіз өтті. Кенет мамамның:

– Балам, – деген қатқыл ұні естілді, – сенің сонша  
күйбендең, таба алмай жатқаның не зат?

Бұл сөз маған алты өрме қамшымен жоталата  
тартып жібергендей әсер етті. Әсіресе, «балам» де-  
ген сөздің зәрі күшті-ақ еді. Өйткені жайшылықта  
мамам менің атымды атایтын. «Балам» деген мынау  
ресми үні «ұлкендердің сөзіне тыңшылық іstemек  
болған бұл сасық құлығынды таста» деп, жекірген-  
мен бірдей еді. Соны тез үқтym да, қолыма тиген  
бір журналды ұстап, тайып отырдым.

Қаратай бұл құні біздікіне кей-кейдегідей ұзақ  
отырып алған жоқ. Менің соңымнан кешікпей ол да  
шықты. Басқа уақытта, кетерінде, әжеммен көнілді  
қоштасып, маған да бірнеше жылы қалжың, ойын  
сөздер айтып, жаратпағаныма қарамастан арқа-  
басымнан қағып аттанатын. Кейде: кел, отыр, ау-  
ылды бір айналдырып, серуендетіп әкелейін деп,  
жалбақтап, көнілімді тапқысы келетін. Бұл жолы  
олай емес, қара сүр жүзі онан әрмен күренітіп,  
еңесі түсіп шықты. Ауыз үйдің төрінде қабағының  
астынан солғын ғана бір шолды да, ұн демеді.  
«Бәйбіше, хош болыңыз», – деп, әжеме арнаған  
сөзін де әйтеуір міндеп санап, иегінен оздырмай,  
жүрдім-бардым айтып, бөгелмestен шығып кетті.  
Енді бір сәтте мотоциклдің пырс-пырс етіп, шаша-  
ла от алған үні, оның соңынан мылтық атылғандай  
патырлап, құлақ тесерлік жайсыз бір іртік дауыстар  
естілді. Біздің қорадан сұрырыла шыққан осы үн  
үсті-үстіне жиілеп, көшенің басына қарай алыстал  
бара жатты.

## мен өз ойынан хабар беремін және құмдағы із жайлы сөз болады

Қаратайдың тез жөнелгеніне, жабырқап жөнелгеніне мен қуанышты едім. Осы кеткеннен қарасы біржолата өшсе.

Мамамның Қаратайға шынымен күйеуге шыққысы келе ме? Мүмкін емес. Бөтен біреуге... тікенек сақал кәп-кәрі Қаратайға... жо, жо, ол оған шықпайды күйеуге. Тіпті жас болсын, қандай болса, сондай болсын, мамама керегі не бөтен күйеудің? Біз, әжем үшеуіміз, құдайға тәуба, онсыз да жаман тұрмаймыз ғой. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк. Мен өлі оқу бітіріп, ер жетемін, университетке түсем. Жазушы болам. Міне, сол кездे мен мамама, егер ажалы жетіп, өліп қалмаса әжеме де, өмірдің нағыз бақытын көрсетемін.

Осы ойымды түп-түгел ақтарып, мамама айтқым келеді. Бірақ қалай айтарсын, ұят бір түрлі. Жоқ, мамамнан ондай қылыш шығуы мүмкін емес. Қаратайды ол жай сыйлайтын шығар. Менің ержетіп қалғам балам бар, мен күйеуге тимеймін деп, басалқы айтып, түсіндіретін болар. Бірақ Қаратайдың оны түсінгісі, ұққысы келмейді. Көленкедей еріп, мамамның соңынан екі елі қалмайды. Үх, осы бір сұғанак, тәртіпсіз еркектерді ме...

Жоқ, менің мамам күйеуге шығуы мүмкін емес.

Ол бізді ешуақытта да тастамайды. Ол ақылды, тәрбиелі адам. Ауылдың үлкен-кішісінің бәрі бірдей алдынан қия басып өтпей, хан көтеріп, құрметтеп тұратыны да сол міnezінен емес пе. Онсыз мамамды екі бірдей сайлауда қатарынан аудандық советке депутат етіп сайлар ма еді.

Бұның бәрі менің басыма тыңқылып тойып алғаннан кейін келген ойлар. Аш қарынға данышпан болып жетістірмейсін.

Шомылайын деп, өзенге келе жатырмын. Күн көкжиеқке төніп барып қалса да, ыстық әлі қайтпаған, иығым мен шекемнің бір жағын қарып, қүйдіріп барады. Тәменгі егінжай жаққа көз жіберсем, темір пештің жалыныңдай лапылдалап, дарияша жөңкілген ұшы-қырырсыз сағым толқыны. Егіннің арасындағы қара жолмен шаңды аспанға бұрқыратып зырлап кетіп бара жатқан, дәу де болса, әлгіндегі Қаратайдың тап өзі. Бар сол тойғаныңмен. Ех, шіркін, егер мамамның орнында мен болсам, оған не айтуды білер едім. Сосын Қаратай маңыма жоламақ түгіл, қарамды да көрмес еді.

Күн ыстықта су да тартылып, азайып қалады. Әншейінде көгілдірленіп, аспан түстес болып жаттын. Айтпақшы, әлгінде осы арада қыздар шомылып жүр еді ғой. Іштерінде Жанар татитын қыз. Екеуміз бірге оқимыз. Жанар, да болған шығар. Жанар атың қандай әдемі. Сендердің бұл қызбен танысып қоюларың керек. Осы повестің бас кейіпкерінің бірі болуға Жанар, біріншіден...кластағы ең бір ақылды қыз. Екіншіден, сұлу. Әсіресе қызыл береткасын киіп жүргенде, сондай құлпырып, жайнап кетеді. Даусы қандай шіркіннің, ән салғанда тыңдасаң. Басына үкілі тақия киіп, мың бұратылып,

Қамажайға билегенін көрсөң. Барып тұрған өнерлі қыз. Кластағы бірінші үздік оқушы.

Ал енді айтып көроны повестің басты кейіпкерінің бірі бола алмайды деп.

Жанарды ойыма алсам, менің ішім гүл жайнап кеткендей болады.

Мейлі, біздің класс жетекшіміз Майқанова мені жамандай берсін, сотқар деп, үрса берсін. Мен өзімнің көкейтесті арманымды, жанымның түпкірінде маздал жанған құпиямды Жанарға бір жөні келгенде ақтарып айтып берсем, менің кім екенімді ол таныр еді. «Е, бәсе, Қожа осындағы екен ғой. Талант деген түбінде жарып шықпай қоймайды», – дер еді. Шіркін-ай, былай болса: адам әуелі үлкен болып жаралса. Өмірдегі өзіне тиісті қызмет мамандығын атқарып болғаннан кейін барып, балаға айналса. Сонда маған Майқанова қалай қарар еді. Үлкен кезінде ол әйгілі жазушы болған, оның есімі бүкіл дүниежүзіне мәлім. Олай болса, менің оған әкірендей бергенім жарамас, жазушыны сыйлау керек деп, тәубасына келер еді.

Бірақ амал қанша, өмірде бұлай болмайды, болмақ емес. Әуелі беделсіз, білімсіз бала болып жараласың. Сенің үлкейгенде қандай адам болатынында ешкімнің шаруасы жоқ. Екінің бірі саған ақыл айтып, үстемдік жүргізбекші болады. Ақ, қаранды айырып, жаныңың түкпірінде не бар, не жоғына үңілмейді.

– Қожа тәртіпсіз!

– Қожа оңбаған!

Осылайша шу көтеріп, даңғазалап алып кеп жөнеледі.

Су жағасы жайдак, құмдауыт. Тырс етіп, менен

өзге бір баланың келмеуін көрдің бе. Жалғыздан-жалғыз шомылу да көңілсіз. Судың шетіндегі дымқыл құмда біреудің жалаң аяқ ізі сайрап жатыр. Мүмкін, осы Жанардың ізі шығар. Тани қоятын адамдай еңкейіп, үңіліп тұрып қараймын. Иә, Жанардың ізі. Ақырын ептеп қана аяғымды салып байқаймын. Із аздал кішілеу келеді. Иә, бұл Жанардың ізі болуға тиіс. Бойымды тәтті бір сезім жайлайды да со күйде қимылдамастан тұрып қаламын.

## ТӘРТІНШІ ТАРАУДА

### *Жантасқа пионер лагеріне баруға жолдама беріліп, маған берілмеу жайы, менін шак-шәлекей ашулануым айтылады*

Таңертенгі шайымды ішіп алғаннан кейін аяңдал, мектептің спорт алаңына қарай келе жаттым. Қолтығымда добым бар. Біздің «Спартак» кеше қайраттықтардан жеті де бес болып ұтылған еді. Бүгін оларды қалайда жеңуіміз керек. Команданың капитаны ретінде соған қатты ширірып, іштей дайындықпен келе жатырмын.

Мектептің қасында Жантас ұшыраса кетті. Қолында мөр басылған бір жапырақ жазулы қағазы бар. Соны шертіп-шертіп қойып:

– Қара Көже, мынаның не екенін білесің бе? – дейді.

– Ол не?

– Лагерьге жолдама. Біз лагерьге баратын болдық. Ал, сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың.

Тілінің қыршаңқылығы үшін Жантасты мытып алғым келіп бір тұрдым да, әуелі жолдама жайын тиянақтамақшы болдым.

– Оны саған кім берді?

– Кім беруші еді. Майқанова апай берді. Бірақ сен жоқсың тізімде.

«Неге жоқпын?» Жантастан Майқанованың қайда

екенін сұрап едім. Мектепте деді.

Бұдан былай біреуді келемеждең сөйлеудің қандай екенін білуі үшін Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым. Майқанова бірдене жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

– Не болды? Не болды, Қадыров?

– Лагерьге жолдама берінізші маған.

– Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың.

– Неге?

– Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал екіншіден, ең әуелі біз лагерьге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

– Жантас немене... менен артық болғаны ма?

Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:

– Сен немене? Мені тергегелі тұрсың ба?

Майқанованаң, көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса шапылдаپ, жуық арада толас бермейтінін білем.

– Бермесеніз қойыңыз, – дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындағы әділетсіздікке қаның қалай ғана қайнамайды. Жантас, біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыйырлап-сыпсындағыш, өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабак үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес.

Соңымнан ілесе шықты Майқанова:

– Қадыров! Бері кел.  
Мен бұрылып та қарамадым.  
– Қадыров!  
Есіктен жүгіріп шығып кеттім.  
Турникке сүйеніп, жылмия қарап Жантас тұр.  
Зығырданым одан бетер қайнап кетті.  
– Немене, жолдама алдың ба? – деп сиқырланып жолымды тосқауылдай қалыпты.  
– Алдым, – дедім.  
– Кәне, көрсетші?  
Сарт еткізіп танаудан тағы бірді шерттім.  
– Міне.

Тұстен кейін төсегімде демалып жатып, ойға қалдым: Бағана Майқановаға істегенім тұрпайылық болды-ау деймін. Әрине, Жантасқа жолдама беріп, маған бермеген онықі де әділдік емес. Ұзамды осы келтірді. Дегенмен Майқанова мұғалім, класс жетекшісі. Жә, қазір оқу кезі емес қой, каникул. Ол маған не істей алады? Үш айға дейін кім бар, кім жоқ. Мүмкін, жаңа оқу жылында біздің класс жетекшіміз басқабіреуболар. Ондамен Майқанованаңшенінеде жолай қоймаспын.

Өмір дегенді ойлап отырсан, қызық нәрсе. Бірі мен бірінің қалайда тұзы жараспайтын керегар жаралған адамдар болады. Майқанова екеуіміз соның дәл өзі секілдіміз. Біздің кикілжініміз күзде ол осында мұғалім болып келген бетте-ақ басталды. Былай болды. Жаңа оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді естідім де, әжемнен ақша ала салып, замғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр екен. Бірақ адам деген лық толы. Кезектің соңы даға шығып кетіпті.

Қайтсем екен деп біраз ойлап тұрдым да,

тәуекел деп ішке кезексіз кірмекші болдым. Өйткені соңындағыларға жетпей қалатын азабы да болушы еді. Соナン соң көрінгеннің оқулығына мінгесіп, жалынасың да жүресің, бұл – құн емес. Өзге ештеңең болмаса да, әуелі оқулықтарың сай болсын. Мен былай деп мақалдаған болар едім: оқулығы сай бала – көнілі жай бала.

Сығылысып есіктен енді кіре берсем, бойы менің бойымдай ғана, тықылдаған бейтаныс көк көз келіншек алдымын тосқауылдап жібермейді.

– Қайда кимелеп барасың? Кезекке тұр, – дейді.

Осы арада тілі құрғыр өтірікті менің еркімнен тыс айтып салды:

– Мен оқулық емес, қант аламын, – дедім. Өйткені магазиннің арғы азық-тұлік сататын бөліміне қарай адамдар еркін өтіп жатыр.

Көк көз келіншек мені жіберді. Мен сыр бермейін деген оймен әуелі қант сататын жаққа өтіп кеттім. Бірақ қанттың қазір маған түкке керегі жоқ. Маған қажеті бесінші кластың оқулықтары. Прилавканы жағалап адамдардың арасымен ептеп, кітап сатып жатқан жаққа қарай сырғи бастадым. Енді бір үмтүлғанда жетіп те қалатын едім. Кенет әлгі көк көз келіншек желкемнен бүріп ұстап:

– Сен адасып барасың. Қант ана жақта сатылады, – деді.

– Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз, – деп жұлқынып қалдым да, прилавкаға бір-ақ барып жеттім.

Көк көз келіншек сатушыға дауыстап жатыр:

– Анау сұр кепкалы балаға бермеңіз. Ол кезексіз кіріп кетті.

Ол бұл сөзді айтып үлгергенше, Қожекен сұр кеп-

каны қойынға сұңғітіп жіберіп, тақыр бас қара бала болып шыға келді. Балалар ананы-мынаны сұрап, азан-қазан болып жатқанда мен ләм деместен сақ еткізіп, елу сомдықты сатушының қолына ұстата салдым. Сөйтіп, қажетті оқулық-дәптерлерімді бір құшақ етіп алып, шыға бердім. Есік алдында көк көз келіншек иығымнан қатты ұстап (қолы мұндай қатты болар ма!):

– Ой, үятсыз. Қай класта оқисың? – деп бір жүлкүп қалды.

Мен оған жөнімді айтып жатармын.

Бірнеше күн өткеннен кейін жаңа оқу жылы басталды. Мәссаған, керек болса, әнеугі маған дүкенде жекіретін көк көз келіншек тыптың-тыптың етіп, қағаздарын қолтықтап, біздің класқа кіріп келе жатыр. Қожекенің сол мезет қандай қүйге түскенін көрсөніз. Бірақ бойымды тез жиып ала қойдым да, сырбермеугетырыстым. Мүмкін, олмені танымаңас деп ойладым.

Жаңа оқытушы бізді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады, өзін таныстырды. Сәбира Майқанова. «Мен сендерге қазақ тілінен сабак беремін және класс жетекшілерің боламын», – деді.

Соңғы сөзі Қожекенді тағы бір сілкіп алды. «Ал бәлем, сақтана бер» дегендей болдым өзіме-өзім.

Майқанова бір-бірлеп, тізім бойынша оқушылармен таныса бастады. Кезек маған келді.

– Қадыров.

– Мен.

Майқанова тесіріе қарап тұрып қалды.

– Біз екеуміз таныс шығармыз деймін?

Мен еріксіз жымып құлдім.

– Мүмкін.

Мен сенімен өлі сөйлесемін дегендей Майқанова:

– Отыр, – деді зілді дауыспен.

Міне, осыдан кейін Майқанова маған қымс етсе, қаһарын тігіп тұратын болды. Қанша рет қыс бойы директордың алдына сүйреп алып барды. Ақыры жыл аяғында тәртібіме «төрттік» баға қойып отыр.

Осының бәрі мені, әрине, ашуландырады.

## БЕСІНШІ ТАРАУДА

**менін Жанармен дойбы ойнауым және  
киял құсынын самғап ұшатын бір шағы айтылады**

Екі күннен кейін бір топ бала думандатып, пионер лагеріне жүріп кетті. Мен ішім қүйіп ауылда қалдым. Түстен кейін бригадир келіп түр есік алдына.

– Қара Қожа, үйдемісің? – деп дауыстады.  
– Үйдемін. – Есік алдына шықтым.  
– Киім-кешек, төсек-орныңды дайындалап, әзірленіп түр, – дейді бригадир, – шөп шабысқа барасың. Ауылдағы балалардың бәрі барады. Шөп жинайсындар.

– Бармаймын, – дедім мен.  
– Неге?  
– Мен үлгісіз, тәртіпсіз оқушымын. Ештеңеге де жарамаймын.

Менің ренішімнің жай-жапсарын білгеннен кейін бригадир:

– Ой, жолың болғыр, жігіт адам соны да сөз дей ме екен. Не бар дейсің сол лагерьде. Қызықтың көкесін шөп шабыста көресің. Біз онда сендерге көңіл көтеретін барлық жағдайды жасаймыз, – деп үгіттей бастады.

Үгітте, үгіттеме Қожакең айтқанынан қайтпайды. Әрі шөп шабысқа Майқанова да барады дегенді естідім. Жоқ, Майқанова журген жерде мен жүре

алмаймын. Тым құрыса, жазғы демалыста одан құлағым тыныш болсын.

Мамамның колхозда сауыншы болып істейтінін мен сендерге айтқан жоқпын ба? Олардың фермасы осыдан бірнеше күн бұрын ғана жайлауға кеткен болатын. Жайлауды көрмегеніме бірнеше жыл болды, одан да сонда барғаным рахат емес пе деген ойға келдім. Ол үшін қөлік керек, оны қайдан алам? Бригадирден сұрағанмен бермейді. Шіркінай осындайда меншікті бір атыңың болғаны абзal емес пе. Қалаған жағына соқтырып жөнелер едің. «Ер қанаты – ат» деп, қазекем бекер айтпаған ғой.

Сонымен, атты қайдан табамын?

Отырып, отырып, кенет шапалақпен саныма салдым. Осы да сөз болып па? Қазір бұрынғы жеке меншіктің заманы емес. Колхоз малы – менің малым. Соның біреуіне мінемін де кетемін. Белсенділердің әрқайсысында бірнеше аттан бар. Үстеріне өздерінен басқа шыбын жорғалатпайды. Жазда жайлауға қоя беріп, семіртеді де, қыстығуні қанжырдай етіп жаратып, қасқыр, тұлқі қыып шығады. Сонда олар бұл үшін колхозға төлей ме бірдене? Түк те төлемейді. Әкем Қадыр осы колхоз құрылған күннен бастап, ұста болып істеді, мамам сауыншы. Бір аттың бір күндік терін пайдалануға менің неге қақым жоқ.

Шешім қабылданды, өзен бойындағы жайылымнан бетіне тұра қараған аттың бірін ұстап мінеді де, Қожекең тұнгі салқынмен жайлауға тартып отырады. Сонан соң бригадир бар, Майқановасы бар, таңертең менің ізімнің қалай қарай кеткенін тауып көрсін.

Тамақтанып болып, тысқа шықтым. Көз байланып

қалған екен. Маужыраған қоңыр кештің құшағында, қора аузындағы сырғауыл қашаның үстінде, қонақтаған тауықтай шошайып отырмын. Ойымда Жанар. Тұнделетіп жайлauғa кетіп қалатын болсам, көпке дейін оны көре алмаймын, сағынамын-ау!

Мен кейде сұрақ қоям өзіме өзім: «Жанарды неге ойлай берем? Оны көрмесем ала көңілденіп, тынышым кетіп тұратыны несі? Әлде осының өзі әлгі жұрт айтатын, кітаптарда жазылатын не...емес пе?» Япыр-ай, осы бір сөзді ойға алғанның өзіне селк ете қалам-ау. Егер мұны Майқанова білсе ғой. Не болар еді онда күнім? «Ә, Қадыров. Қаршадайыннан қызғағашық болып! Қарай гөр мұны! Бұл сұмдықты саған кім үйретті, ә?» Нағыз масқара, міне, сонда болар еді.

Менің Жанарға ләм деп, бірдене айтпақ түгіл, тіпті оның қасына баруға жүрексініп тұратын себебім міне, осы!

Жанар үйі көшениң басына таман, өзенге таяу. Әкесі Балабек бригадир болып істейді. Мамасы Қырымға курортқа кеткен. Үйде өзінен басқа мені онша ұната қоймайтын қытышыр әжесі ғана бар. Қолыма таяқ алып, әлдекімдерге еліктеп сылти басып, солай қарай келе жатырмын. Жанардың төбесін анадайдан бір көрсем де дәтке қуат емес пе. Мүмкін ол ұшырасып та қалар. Жайлauғa баралынымды айтам. Менің қайда екенімді ол да біліп, ойлап жүрсін. Жанар мені жайшылықта ойлай ма екен, ойламай ма екен, ә?

Бұл үйде Жанардың әжесінен бетер сескенетін тағы бір қорқынышым – осы үйдің антүрған қабаған қара тәбеті. Атты кісінің омырауына шапшитын жауыз тәбет. Ол бос болса, үй маңынан тірі жанды

қия бастырып өткізбейді.

Жоқ, қара төбет байлаулы екен. Арғы көшө жақтан келген біреуге арс-арс үріп, жұлқынып тұр. Мен бергі қора жақтағы ағаш шарбаққа жақындей түстім. Осы кездे үйден Жанар жүгіріп шығып:

– Ақтөс, жат! Бар орныңа! – деп зеки бастады.

Қақпаның ар жағынан әйел даусы естілді:

– Жанаржан, әжен үйде ме?

– Әжем бағана тауық фермадағы Сүйінбай атамдықіне кетіп еді. Әлі келген жоқ.

Жанардың үйде жалғыз екенін білгенде, қуанышым қойныма сыймады. Не де болса, бірер ауыз тілдесіп қалуға бел байладым.

– Жанар! – деп дауыстадым, ол жүгіре басып, бері қайтып келе жатқанда. Үнім бейне бір шошыған немесе аяқ астынан ғажайып бір қымбат зат тауып алған адамдай жарқын шығып кетті.

Селк етіп, тоқтай қалды Жанар. (Үй маңдайшасына электр шам орнатылғандықтан есік алды сүттей жарық еді.) Дауыстың қайдан шыққанын тұспалдай алмай, төнірегіне жалтақ-жалтақ қарап барып, көрді мені.

– Кеш жарық, Жанар.

Жанардың таңданған жүзі дереу құлімсіреді. Қасыма жүгіріп келіп, ағаш шарбақтың үшкіл басынан ұстап бетпе-тұра қалды.

– Кеш жарық, Қожа. Негып жүрсін? – деп сұрады ол.

– Мен тұнделетіп жайлауға кетем.

– Мамаңа барасың ба?

– Иә, сен неге лагерьге бармадың?

– Мамам келгенше үйде болып, әжеме көмектесем. Майқанова апай лагерьге келесі кезек-

ке жолдама берем деді.

Жанар осыны айтты да:

– Қожа, менің әжем үйде жок. Жүр, дойбы ойнайық, – деді.

Өзегімді нұрлы сезім жарып өтіп, қолтығыма қанат біткендей болды, қашаға бар пәрменіммен секіріп шықтым да, ар жағына топ ете түстім. Сол кезде шынжырын сылдыратып, қара төбет те арсылдап, тұра ұмтылды. Иттен қорыққансып, Жанардың білегінен қысып ұстап, жабыса түстім. Ит есік алдына жете алмастай етіп байланған еken. Екеуіміз иық түйістіре жүгірген бойда үйге кіріп кеттік.

– Сен дойыбыны жақсы ойнаймысың? – деп сұрады Жанар.

– Жоқ, онша емес, – деп, сыпайы жауап қайтардым. Ал шындығында, өзім тендерес балалардың көбін ұтушы едім.

Жанардың бетпе-бет отырған сүйкімді жүзіне, иығына төгіліп түскен көмірдей қап-қара әсем қолаң шашына алаң-елен қарап, толқып отырып, бірінші ойынды қалай ұтқызып алғанымды байқамай қалдым. Ол маған үш бұзау айдатты. Бірақ Жанардың мәз болған кейпіне қарап, бұл ұтылғаныма өзім іштей қуандым да.

Екінші ойынды әлгіндей емес, сағырақ ойнауға тырыстым. Үнемі қыздан жеңіліс таба беруге болмайды ғой. Бірақ үш-төрт жүрістен кейін Жанар менің үш пешкамды бірден қырып салғаны.

– Эллу! – деп жағымды шапалақпен бір салып, отырдым да қалдым. Берекесі бір үшқан ойынның мәні бола ма. Лезде тағы ұтылып қалдым. Бұл жолы топырлатып, алты-жеті бұзау айдатты.

- Байыдың, байыдың! – деп Жанар онан әрмен мәз бола түсті. Енді менің намысым келе бастады.
- Қазір ұтамын, – дедім сенімді үнмен.
- Ұтпасаң не боласың?
- Не бол десең со болайын.
- Дүниежүзіндегі барып тұрған мақтаншақтың өзі боламысың?
- Жарайды.

Үшінші ойын шиеленісіп басталды. Әу дегеннен-ақ екі пешкадан қарпысып алдық. Бірақ біраздан кейін ойынның ара салмағы тағы өзгере бастады. Бір-екі жерде мұлт жіберіп алдым. Жанардың екі пешкасы тағы артып кетті.

- Әй, бәлем, көрермін жеңілмегеніңді, – деп қанаттанып, оның мерейі аса түсті.

Менің ендігі үміт артқаным оң жақ шеттегі бір пешкам еді. Түпкірлетіп отырып, соны биге алып шықтым. Қырғидай тиіп, жайпармын-ау енді бәлем.

Бірақ тап осы кездे майдан даласында мен ойламаған ғаламат бір оқиға болды. Айлакер Жанар орта шенде елеусіз тұрған бір пешкасын маған жегізді де, басқа бір пешкасымен менің әлгі батырымды белден басып, биге өтіп кетті. Онымен де тынбады. Әлгі биімен менің өзге үш жауынгерімді тағы жайпап салды.

- Ура! Ұтылдың! Мақтаншақ Қожа. Мен енді сені бұдан былай мақтаншақ Қожа деп атایмын.

- Тоқта, қалай...қалай боп кетті?
- Міне, былай...Сен менің мына пешкамды жедің бе? Жедің. Онан соң мен былай жеп, биге шықтым. Одан кейін міне былай...былай...былай жедім. Әй, мақтаншақ Қожа. Ұтамын деп мақтанып едің.

- Тоқта. Менің әлі де бір биім бар ғой.

- Оның қолынан не келеді?
- Көрерміз. Сен әлі үтқан жоқсын. Жүріс кезегі менікі ме?

Менің бір биіме қарсы Жанардың төрт пешкасы қалды. Оның да біреуі би. Ал қалғандары да енді еш бөгетсіз біртіндең биге шығуы даусыз. Сосын төрт қара би менің жалғыз сары биімді аш бөрідей ортаға алып, тырп еткізбей бассалуы сөзсіз. Осы қатер айдай анық танылып тұрғандықтан бірден-бір жан сауғалайтын орын – ұзақ жолға шығып кеттім.

Бұл пиғылымды түсіне қойған Жанар:

- О, қорқақ! – деп ызаландыра түсті. – Састың ба, бәлем. Соңан соң қайда барап екенсің.

Жан-жағымның бәрі қатер, қайда барушы едім. Ұзын жолдан қия бассам, мерт кететінім сөзсіз. Сондықтан тақтайтың о шетінен бұшетіне ілгерікейін сырғанап, жүрдім де отырдым.

- Бұның ойын емес, шық ұзын жолдан.
- Өз еркім. Шыққым келсе, шығам, шыққым келмесе, шықпаймын.
- Жоқ, шық ұзын жолдан.
- Шықпаймын.
- Ендеше, сен жеңілдің.
- Жоқ, жеңілгем жоқ.
- Жеңілдің.
- Жеңілгем жоқ.
- Жеңілдің. Бұдан былай мен сені мақтаншақ Қожа деп атایмын.

Жанар екеуміз осы арада кәдімгідей қызыл кенірдек болып қалдық. Ол жеңілдің дейді, мен жеңілгем жоқ, кәне ойын аяқталғанша ойнаймыз деймін. Ендеше ұзын жолдан шық дейді ол. Шықпаймын деймін мен. Ақыры:

– Ойнамаймын сенімен, – деп Жанар үртүн бұртитып, дойбыны жинап алды.

– Ойнамасаң қой, – дедім мен де есемді жібергім келмей.

Осы кезде қақпа алдындағы қара төбет арсарс үріп барып басылды. Шиқылдал дарбаза ашылғандай болды.

– Әжем келді ғой деймін, – деп Жанар сыртқа жүгіре жөнелді. Мен соңынан шықтым.

Қақпаға кіріп келе жатқан әжесі Жанарға:

– Ой шыбыным, жалғыз отырмысың? – дей берді де, мені көріп, – мына бала Қожа ма? – деп сұрады.

Кемпірдің үнінде мені жаратпағандық бар еді.

– Иә, – деп жауап берді Жанар маған бұртия қарап.

– Бұ ғеңып жүр мұнда?

– Екеуміз дойыбы ойнап отырдық.

– Балам, бар үйіңе, – деді кемпір маған. – Жанаржан, ит қауып алмасын, шығарып жіберші.

Мен итті шабаландырып, қақпаны айналып жүрмей-ақ шарбақтан секіріп жөнелгім келді. Мейлі, дойбыдан салуым болмаса да тәуір физкультурашы екенімді Жанар тағы бір рет көрсін. Осындаі орайы кеп тұрғанда сондай өнеріммен болса да оған үнап кеткім келді.

– Сау болыңыздар.

Жүгіріп келем шарбаққа қарай. Секірдім... Қойсандаршы, адамды қырсық шалайын десе оп-оңай ғой. Осы арада ойламаған жерден масқараға ұшырап, абиырым айрандай төгілді де қалды. Не болды дейсіндер ғой. Бір балағым сырғауылдың үшкіл базына ілініп қалып, созылған күйде үзынымнан түспесім бар ма. Онбай жығылдым. Бірақ өлімнен үят

күшті деген емес пе, жалма-жан тез түрегелдім де,  
алды-артыма қарамастан зытып отырдым.

Жанар мен әжесі қарқылдаپ күліп қала берді.

\*\*\*

«Япыр-ай, Жанарды ренжітіп кеттім-ау.  
Соншалық неге егестім. Эй, осы қайсарлық мінезім  
мені абыырға жолдас етпейді ғой. Ұзын жолдан  
шығып, жеңіле салсам, нем кететін еді».

Жанардың өкпелі пішінмен бұртия қараған кейпі  
көз алдыма келеді. «Кешірші, кешірші, Жанар,  
түрпайылық істеппін. Кінә менде».

Үйге кіріп бара жатқанда, иттен қорыққансып,  
Жанардың жұп-жұмсақ білегінен қысып ұстап, жа-  
быса түскенімді ойлағанда, бойымды тәтті бір сезім  
жайлағандай болды. Сол сүйкімді білек қазір де уы-  
сымда түрғандай, өз алақанымды өзім құшырлана  
қысамын...

Басыма қылышы-қылышы ойлар сапырылысып келеді.  
Оныншыны бітірген соң армияға шақырылам. Ал  
Жанар болатын болса, институтқа оқуға түседі.  
Сонда, бәлем, мен оған өлеңдегіп тұрып, неше алу-  
ан ғажап хаттар жазармын-ау.

Сөз жоқ, Жанар да жауап жазады. «Жаным  
Қожа», – деп бастар, мүмкін. Қандай сүйкімді сөз.

...Көзге тұртсе көргісіз тастай қараңғы. Саба-  
лап жаңбыр құйып тұр. Жентектелген қою қара  
бұлт аспан төрінде дарияша сапырылысады. Құн  
қүркіреп, найзағай шартылдаپ, көзді шағып, құлақты  
тұндырады. Қүркіреп тасып аққан көкбурыл тау  
өзенінің жағасында табиғаттың долы мінезін елең  
қылмай, қаруын кезеп ұстап сұсты шекараши тұр.

Бұл жауынгерлік борышымды өтеп тұрған мына менмін.

Мүмкін ауа райының осы қарбаласын пайдаланып, зұлым жау елімізге қанды шенгелін салмақ болар. Қасиетті совет шекарасын бұзуға әрекеттегенер. Бірақ мен қасық қаным қалғанша онымен алысуга әзірмін. Әнене, жау танктері зәулім ағаштарды шөптей жапырып, бірінің соңынан бірі жанталасып, алға үмтүліп келеді. Мен бір бұтаның түбінде танк бұзатын гранаталарды қасыма ынғайлап қойып, аңдып жатырмын. Алғашқы танк құлаш жетер жерге келіп те қалды. Орнынан көтеріле беріп, лақтырдым гранатаны. Дәл тиді мандаидан. Жарылды.

Екінші, үшінші танктер де осының аяғын құшты.

Басқыншы жау қия баса алмай, жер жастанды.

Менің данқым осы күні-ақ бүкіл елге жайылады. Газеттер, мүмкін суретімді де басып шығарар. Сонда Жанар не күйге түсер екен?

Мен армиядан батыр атанаип, орден тағып келе жатырмын. Көпір аузында шоқ-шоқ гүл бумаларын ұстаған нөпір жұрт жолымды тосып тұр. Солардың ішінен көзіме оттай басылып, Жанар ұшырай кетеді. Аңсап көріскең Қозы мен Баяндай бір-бірімізге құшақ жая үмтүламыз.

– Жанар!

– Қожа!

Мектеп директоры Ахметов бастаған бір топ мұғалім қасыма келеді. «Жарайсын, Қожа. Жігіт-ақ екенсің. Біз сенің мұндай ержүректігіңді білмей, баяғыда бекер ұрсады екенбіз ғой. Кешір», – дейді Ахметов. «Иә, талқыдан-талқыға сап, күн көрсетпеуші едініздер, – деймін мен. – Әсіресе әлгі

## Майқанова апай...»

Майқанова маған батып келе алмай, бір шетке та-  
ман ыңғайсызданып тұрады. «Сіз неге оқшауланып  
тұрсыз, бері таман келіңіз» деймін. Ол қалтырай  
басып, жақындей түседі. «Кешір, Қожа... Баяғыда  
мен саған пионер лагеріне жолдама бермегенімді  
ұмытпаған боларсын». «Иә, ұмытқамын жоқ».  
«Кешір, кешір айналайын, Қожатай».

Кешіремін бе, қайтем? Жоқ. Өзгеге кешірсем  
де, Майқановага кешірмеймін. Әйткені оның ыза-  
сы әбден өтіп кетті. Ахметовты оңаша шығарып  
алам да «Майқанованы шығарыңыз мұғалімдіктен»,  
– деймін. Сонымен бітіп жатыр. Совет Одағы  
Батырының айтқанын Ахметов орындармай көрсін.

Ех, шіркін ұшқыр қиял адамға не істепейді.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУДА

**Эжем жөнінде бірер сөз, менін ат үрлап мінбекші болған әрекетім және Сұлтанмен кездесуім айтылады**

Ел аяғы басылуын күтіп, кітап оқып отырмын.  
Әжем төсек сала бастап еді.

– Маған төсек салмаңыз, мен бүгін жайлауға кетемін, – дедім.

– Бүгінің қалай. Осы жетіқараңғы түнде ме?

– Иә, түнде. Құндіз ыссы ғой. Салт атпен жол жүргенге тұн тиімді емес пе.

– Көлікті қайдан таптың?

– Қайдан тапсам да таптым. Көлік даяр, – дедім.

– Әй, сен оңбағыр тағы бір пәле шығарғалы жүргеннен саумысың?

– Не пәле шығарушы едім. Осы сіз-ақ маған ылғи шүбәланып тұрады екенсіз.

– Шүбәланбай қайтейін, өзің тыныш жүрмейсің.

Әжем тағы да тұрып алғып, құлағымды сасытқан дағдылы өнегесін айта бастады:

– Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынбай, жайына жүр. Тек жүрсөн, тоқ жүресің дейді атаң қазақ. Сенің тентектігінді менен басқа ешкім де көтермейді. Әйтеуір саған айтар ақылым, тыныш жүр балам, тыныш жүр. Біреудің ала жібін аттаушы болма. Мешкей деген жақсы ат емес.

Осы үлкендер деген қызық халық. Бір менің әжем емес, қай-қайсы да балаларға шетінен өситет

айтқыш, жөн сілтегіш, ақылгөй келеді. Олай етпе, бұлай ет, ананы істеме, мынаны істе деп, тәптіштеп тұрғанда, таңдайларынан шаң көтеріледі. Ал енді өздеріне қарандаршы. Не қылы жаман міnez, жөнсіздік осы үлкендердің арасынан шықпай ма? Үрлых істеп сотталып жататындар кімдер? Үлкендер. Мас болып, қатын-баласының үрейін алып, үйінде шүрқан шығаратын кімдер? Үлкендер. Бәлеқорлар, жемқорлар, жалақорлар – бәрі үлкендерден шығады. Ендеше олар бізге, балаларға ақыл айтып, жөн сілтемес бұрын әуелі өздерін өздері түзеп алса, қандай жақсы болар еді.

Әжем менің қызық адам. Тұрмыстың қарапайым қағидасына бұдан жүйрік кісі осы ауылда сірә да табыла қояр ма еken. Сөйті тұрып ол көп мәселе жөнінде сәбидей аңқау. Қараңғы болған соң аңқау болмай қайтсін. Мен қанша әуреленсем де оған осы күнге дейін жердің домалақ екенін үғындыра алмай-ақ қойдым. Айтысып-айтысып келеді де, қолын бір-ақ сілтейді.

– Бар аулақ. Жер домалақ емес, сен домалақсың. Басымды қатырмай, бар, – дейді.

Кейде екеуміз құдай жөнінде керісіп қаламыз.

– Құдай жоқ болса, дүниені кім жаратады? – деп сүрайды әжем.

– Дүниені ешкім де жаратқан жоқ, өзі жаралды.

– Сен немене, сонда қасында қарап тұрып па едің, дінсіз неме?

– Қарап тұрғаным жоқ, кітаптан білем.

– Ал адамды кім жаратты?

– Адам маймылдан жаралған.

– Тәйт, сандалған неме. Сандалмай бар онда ана ормандағы маймыл әке-шешене.

Әжем екеуміздің ғылыми таласымыз әрқашан осында алауыздықпен бітеді.

Ел аяғы басылды-ау деген кезде тысқа шықтым. Ай қараңғы, қораға кірдім де, белгілі жерде ілулі түрған жүгенді алдым. Ауыздығы сыйбырлама-стай етіп, қолтығыма қыстым да, үй артындағы теректердің арасымен өзенге қарай жөнелдім.

Шіркін-ай, жалғыз кетпей, қасымда Жанар болса қандай жақсы болар еді. Маужыраған барқыт түн, иесіз дала. Жол үсті, екеуден екеу ғанамыз. Әрқайсымыздың көкейтесті арманымыз жөнінде, болашақ өмір жөнінде сыр шертіскен болар едік.

Ауылдағы мініс аттар тұнге қарай өзен бойына жіберіледі. Менің көзделеп келе жатқаным соның бірі. Әне, шеткі бір жылқының қарасы көрініп те қалды. Жақындап келсем, Алшабай шалдың жекеменшік тор биесі екен. Аяғында Алшабайдың өзіндей қасарысқан сом шойын кісен. Қасында құлыны жайылып тұр.

Әрменірек тағы бір-екі жылқы шөпті бырт-бырт үзіп, жайылып тұр. Соның біреуіне тақап келдім. Міне, берді құдай тілегімді. Колхоз председателінің жирен жорғасына дөп келгенімді көрдің бе. «Шіркін, тақымыма бір тиер ме едің» деген тәтті арман таңдайымды бұрыннан қуырып жүруші еді. Енді сол арманымды жүзеге асыратын болдым.

Жирен қасқа алдыңғы екі аяғынан шідерлеулі екен. Өзінің мінезі жаман деуші еді. Мен жақындай бергенде, құлағын тігіп, осқырынып қарсы алды.

– Тр-р-р, жануар, тр-р-р, – дөп қолымды созып, мойнын сипағым келген ишарат білдірдім. Бірақ бұған алданатын жирен ат емес. Жолаушы болма, жоласаң берем сазайыңды дегендей құйрығын

бұрып, құлағын жымқыра бастады.

– Тәйт әрі! Мына ақымақ қайтеді, – деп Сатыбай жылқышыға елікте, зекіп таstadtым.. – Так, так, жаңуар, так, так...

Бәрібір жирен ат жолатар емес. Зекімек түгіл бақырсам да тілге келетін ниеті жоқ. Құйрығын бұрып, құлағын жымқырып, қосаяқтап тебуге дайын түр.

Егескенге егесетін менде де бір сайтан бар. «Қап, пышаққа ілінгір иттің ғана малы. ҮІзаң ба сенің. Тақымыма бір тисен, тарттырар ем-ау сазайынды» деп оны қалай еткенде де мінбей тынбауға бел байладым. Әттен, жалына қолым бір ілінсе.

Ақыры айланқастап жүріп, бір ынғайлы кілтеңі келгенде, шап беріп, жирен аттың жалына жармаса кеттім. Қорс етіп, үркіп ала жөнелді. Аяғым анда бір тиіп, мында бір тиіп, дөңгелеп ұшып келем. Сонда да айырылар емеспін. Мұндай да жауыз мал болады еken, тоқтамайды. Ақыры бір кездे саусағым салдырап талып, жазылып кеп кетті. Анадай жерге ұшып түстім. Жирен ат жалт беріп кеп, қосаяқтап бірді тепті. Мына оң жақ саныма сақ ете түсті түяғы. Шоқ басқан күшіктей қыңысалап, дөңгелендім де қалдым. (Құдай сақтағанда, қаға тиіпті. Егер дөп тигенде, жілігімнің күлпаршасын шығарар ма еді, қайтер еді.)

Бір уақытта дәл қасымнан:

– Бұл кім ей? Кім бұл? – деген дауыс естілді.

Селк етіп, бебеулеуімді дереу қоя қойдым. Қолында жүгені бар кепкалы біреу төніп келеді. Тани кеттім – Сұлтан. Ол маған еңкейіп, үңіліп қарады да:

– Өй, Қара Көжемісің? Не болды? Неғып дөңгелеп

жатырсың?

- Ат теуіп жіберді.
- Қай ат?
- Анау, – деп мен жирен атты нұсқадым.
- Қай жерінді тепті? Сүйегің сау ма сынғаннан?
- Сау ғой деймін, – дедім мен аяғымды созып байқап.
- Кәне, мен көрейін, – деп Сұлтан қолындағы жүгенін жерге қоя салды да, менің аяғыма жармасты.
- Ойбай ақырын! – деп шынғырып жібердім.
- Өй, су жүрек неме, жанының тәттісін қарай гөр. Тоқтай түр. Өлмейсің. Сынған түгіл дәнене де етпеген. Тек көк еті ауырып қалған ғой. Қазір барысымен дереу сужапырақ тартсан, ештеңе етпейді, басылып кетеді. Мен жылан шағып алған біреу ме деп қалсам. Бұл сүмпайы жиреннің сырын білмеуші ме едің. Оған неғып ұрынып жүрсің?
- Қасынан өтіп бара жатыр едім, теуіп жіберді.
- Өй, қара бассын сені, – деп Сұлтан мениң мазақтай бастады. – Қара басқыр-ау, алдындағы таудай атты көрмей не қара басты сені.

Мен бұлсөзгежауптабаалмағандықтанаяғымның ауырғанымен әлек болғансып, одан бетер ойбайлап, қинала түстім.

– Түрегел, бір мүшен қирап қалған немедей шойырылмай, – деп Сұлтан мені ойбайлағаныма қарамастан сүрелей түрғызды. – Кәне, басып көрші аяғынды. Тағы да бір атта. Айттым ғой, қирамак түгіл дәнене де болмаған. Ат тепкенге де аяқ сыйнушы ма еді. Өлмейсің. Жүр кеттік. Шойнаңдамай түзу бас.

Сұлтанның жасы менен екі-үш жас үлкен. Әкесі

Сүгір жылқы бағады. Өзі осыдан біраз жыл бұрын оқуды тастап кеткен. Содан бері бұрынғының серілері құсап, әкесінің арқасында сәйгүліктен сәйгүлік таңдал мініп, ылғи жортуылдайды да жүреді. Кейде айлар бойына зым-зия көрінбей кетеді, соナン соң қайтадан пайда болады. Не істеп, не тындырып жүргенін бір құдайым өзі білсін.

Сұлтаннан:

- Қайдан келдің? – деп сұрап едім.
  - Жайлаудан келдім, – деді.
  - Жайлау қандай екен?
  - Айтпа. Тамаша. Шөптің биылғы шығымын көрсөн, белуардан келеді.
  - Барайын десем, көлік жоқ, – дедім Сұлтанға.
  - Мен алып кетейін. Ертең таңертең қайта жүремін.
  - Қалай алып кетесің? Басы артық көлігің бар ма?
  - Онда жұмысың болмасын. Таңертең дайында-лып, күтіп отыр. Ер-тоқымың бар ғой?
  - Бар.
  - Ендеше, бітті. Келістік.
- Сұлтан мені есік алдына дейін сүйеп әкеledі де:
- Қара Көже, сені бір жерге ертіп барсам, серік болуға жарайсың ба? – деп сұрады.
  - Қайда?
- Сұлтан дерек айныды:
- Жоқ, сен шойнақты жолдас етемін деп, басыма пәле тауып алармын. Хош. Мен кеттім. Ал таңертең дайындалып тұр.
  - Мақұл.

## ЖЕТИНШІ ТАРАУДА

*Сұлтан екеуміздің бір атқа екі ер ерттеп мінуйміз,  
Сұлтанның мені шылым тартуға баулы, оның аяғы  
немен тынғаны сөз болады*

Ертеңгі шайды ішіп бола бергенде, есік алдына салт атпен тасырлатып Сұлтан жетіп келді.

- Қара Көже, бармысың?
- Бармын.
- Дайынбысың?
- Дайынмын.
- Алып шық ер-тоқымыңды.

Ер-тоқымымды көтеріп, есік алдына шықтым. Жарау құла дөненнің үстіне шіреніп Сұлтаным отыр. Жетегінде ат түгіл сайтан да жоқ.

- Көлігің қайсы маған әкелген?
- Мынау көлік емес пе? – дейді Сұлтан құла дөнененін сауырға қағып. – Сал ерді.
- Қайда салам?
- Сал мына менің артыма. Құла дөнен аман болса екеумізді жайлай түгіл Алматыға апарады.
- Сонда, бір атқа екі ер ерттемекпіз бе?
- Оның несіне таңданасың? Тамаша болады.

Бір атқа екі ер ерттеп мінген қазақты мен бұған дейін көрген жоқ едім. Сұлтанның мына ақылы, шынында да ойға қонымды, қызық көрініп кетті. Салдым ерді оның артына. Тарттым тартпаны. Мінгестім. Осы кезде үйден әжем шыға келді.

– Экем-ау, мыналары несі... – деді өжем қолымен көзін қөлегейлей таңдана қарап. – Әй, көгермей кеткір, Сұлтан, сен ғой осыны шығарып жүрген.

Атқа жайдақ мінгеннен де бұл тамаша болады еken. Аяғың салақтамайды, әркімнің өз үzenгісі бар. Әрі құла дөнен майда жүрісті жануар болып шықты.

Соқтырғаннан соқтырып отырып, Сұлтан дүкен алдына келіп бір-ақ тоқтады. Аяғын аттың жалынан асыра жерге секіріп түсіп, тізгінді маған тастады.

– Мә, үста мынаны. Ақшаң бар ма?

– Оны қайтесің?

– Қанша сомың бар?

– Бес сомым бар, оны қайтесің?

– Сол ғана ма, мейлі, әкел бері.

Сұлтанға тәуелді боп, артына мінгесіп отырған соң, бермеймін деп қалай айтайын. Төс қалтамның түймесін жайлап ағытып, амалсыздан қол сала ба-стадым.

– Ей, болсаншы, сонша неғып күйбендеңеп кеттің?

Күйбендейтін жөнім болған соң күйбендеймін де.

– Тоқтай түр, таба алмай жатырмын.

– Мүмкін, басқа қалтаңда шығар?

– Жок, осы қалтамда болатын.

Мені мұнша күйбенге салған төс қалтамдағы екі шытырлақ қағаз еді. Саусағымның соқырлығынан соның қайсысы бес сомдық екенін тани алмай жа-тырмын ғой. Ақыры тәуекел деп, біреуін суырып алдым. О масқара! Шеті көзіме шалынғанда-ақ жүрегім су етіп, ішім үдай ашып кетті. Бұл алып шыққаным бақандай он сомдық еді.

– Әй, мынауың он сом ғой? – деп қуанды Сұлтан,

– әй, қу. Қара Көже-ай, құлығың қалмайды-ау осы

сенің. Мейлі, он сом болса да әкел бері.

– Мен мұны бес сом екен десем, он сом екен ғой,  
– деп үяттымды қымтап, мен де білмегенсіп жатырмын.

Сұлтан ақшаны алып дүкенге кіріп кеткенде, қалтама қайта қол салып, екінші шытырлақ қағазды суырып алдым. Бұл бес сомдық. Әлгі мені шатастырып, үятқа қалдырып жүрген міне осы қу ғой. Үза-сына өзін төрт бөліп лақтырып жіберсем бе екен деп кіжініп бір тұрдым да, бірақ онсыз да талай көресіні көріп, умаждалып, иі түсіп біткен бейшара болғандықтан жаңым ашыды. Қалтама қайта салып қойдым.

Сұлтан магазиннен галифе шалбарының екі қалтасы тырсыып, үртты шодырайып шайнаңдарап шықты.

– Не сатып алдың?

– Золдың қамы, – деді Сұлтан аузы сөйлеуге әзер келіп. Онысы «жолдың қамы» дегені. Сұлтан тізгінді қолына алды да, ерге қайтадан қарғып мінді. «Ал, енді кеттік» деп мен асығыстық білдірем. Сұлтанның артына жарбыып мінгесіп кетіп бара жатқан мына түрімді Жанар көрмесе екен деймін.

Ауылдан былай шыға беріп, Сұлтан маған қалтасынан пряник алып берді. Екеуміз қытырлатып жеп келе жатырмыз. Құла дөненнің тағасы тастақ жолға шық-шық соғылады.

Бір кезде Сұлтан артына бұрылып:

– Сен шылым шегесің бе? – деп сұрады.  
– Жоқ.

Ол ерге қырындарап отырған күйі аттың тізгінін тежеді де, қалтасынан бір пачка сигарет суырып алды. Аузын ашты да, маған ұсынды:

- Мә, үйрен.
- Өзің тарта бер, – дедім мен.
- Осы күнге дейін шылым шегуді үйренбей неғып жүрсің? – деді Сұлтан мені кінәлай сөйлеп. – Мә, тарт.

Алдым. Сұлтан оттық жағып ұсынды. Тұтаттым да, бүркүлдатып тарта бастадым. Аузыма тұтіннің жап-жаман ыс дәмі келеді.

– Ой, сауатсыз, – деді Сұлтан менің шылымды қалай шегіп келе жатқанымды көріп. – Сөйтіп те тарта ма еken. Жап-жақсы сигаретті босқа қор етуін қараши. Ішке тарт. Міне, былай. Аузыңа тұтінді толтырып ал да, жұтып кеп қал.

Бала десе бәрімізге тиеді, бізден өткен ақымақ жан жоқ қой. Кейде қайдағы бір залалды нәрсеге соның сол залалдығын біле тұра иттей әуес келеміз. Осы арада маған: көне, жұтсам жұтып көрейінші, – деген ой келді, – не болар еken.

Ал енді не болғанын бұл бақытсыздықты бастан кешірген болсаңдар, өздерің де біліп отырған шығарсыңдар. Аузымды тұтінге толтырып алып, жұтып кеп қалғаным сол еken, бір керемет улы газ өнешімнен шенгелдеп, ала кеп түсті. Тынысым бітеліп, қақалдым да қалдым. Көзімнен жасым ыршып кетті... Енді бір шақта көзім бұлдырап, жердүние төңкеріліп бара жатты.

– Ойбай, тоқта!

Аттан ауып түсіп, қылжия кеттім жол шетіне. Жүрегім лоблып, құса алмай қиналышп жатырмын.

Менің бұл аянышты халіме жаны ашудың орнына Сұлтан оңбаған мазақ етіп тұр:

– Қайран Қара Көжем-ай, ажалыңнан үш күн бұрын өлетін болдың-ау. Миллат апайға не бетімді

айтып барап екем. Тым құрыса жайлауға жетіп те өлмей, әуреге салатын болдың-ау.

Міне, содан бері темекіні аузыма алмақ түгіл иісі мұрныма келсе зытып жөнелемін.

### *окуши жана кейіпкер Дәулетпен танысады*

Құла дөненді желе аяңдатып отырып, түс ауа тау ішіне келіп кірдік. Бұл араның ауа райы мен жер келбеті төменгі жазыққа еш үқсамайды. Үзың еткен шыбын жок, сап-салқын. Беталдымыздағы тау аңғары жақтан қоныржай самал жел есіп қоя берді. Құбылып жайқалған жасыл шалғын, гүл-бәйшешек.

Ат үстіндегі ұзақ жүріс мені шаршатайын деді. Әйткені атқа екі адам мінгескенде, артқысы көп түйгіштеледі еken. Сұлтан болатын болса, күнге күйген желкесі қып-қызыл болып, кепкасын көзіне түсіре киген күйі бұлк ететін емес. Масатыдай құлпырган жер келбетін көргенде, бұлак жағасындағы көгалға менің рахаттанып, аунай кеткім келді.

– Сұлтан, осы араға ат шалдырып, демалып алсақ қайтеді?

- Шаршадың ба?
- Шөлдеп кеттім.

– Енді біраз жүрсек, малшылардың үйлері кездеседі. Қымызға жетіп, бір-ақ демалайық, – деді Сұлтан.

Айтқандай-ақ, келесі тұмсықты айнала бергенде, оң қол жағымыздағы беткейде бір киіз үй көрінді. Көне тартқан қараша туырлықтың үстіне әппак жана түндік жабылған. Есік алдындағы ши сөреде

жас құрт жаюлы түр. Үй маңы мал қызы, сары ала тепсен; ескі жұрт екені бесенеден белгілі. Әріректе желіде екі құлын байланыпты. Оның бірі кер құлын, таңы жарқырап, бауырын қүнге қақтап, тыптыр етпестен серейіп жатыр. Қасындағы қаракер құлын жерден тың тыңдағандай басын төмен салып мұлгіпті де қалыпты.

– Құдай тілеуімізді берді, қымыз ішетін болдық,  
– деп Сұлтан ат басын солай қарай бұрды.

Алдымыздан анталап үш ит үріп шықты. Үлкендігі танадай шұнақ құлақ, ақтөс қара тәбет қарлыққан қалың дауыспен арс-арс етіп кеп, аттың тура басына секіре бастады. Ал екінші бір сұңғыла қара қаншық үйге жібермеймін дегендей құла дөненнің қүйрығынан тартқылап жүр.

Сұлтекенің мінезі иттен де жаман. Қамшысын онды-солды үйіріп, иттерді одан әрмен өшіктіріп, азан-қазан шулатқан бойда есік алдына бір-ақ келіп тоқтады. Сол кезде үйдіңтүсірулі тұрған есігін серпіп ашып, жасы он бір, он екі шамасында секпіл бет сары бала шыға келді. Басында шекара шылардың жасыл картузы. Кең болғандықтан әлде қандай олақ қол оның артын қабыстырып, қара жіппен баттитып көктеп қойған.

Бөгде біреу келіп, иттер абалап үргендергі баланың дағдылы қызметі осы болу керек, ол бізге назар аудармастан дереу босағада жатқан ақ бақанға жармасты да, иттерді қуа бастады.

– Кет! Кет, Алыпсоқ. Жат орныңа барып.

Алыпсоқ тәбет баланы дереу тыңдады. Шабандап, көмейінен қырқ-қырқ барлығып сарқып үріп, бізге ала көзбен бұрылшақтай қарап, тайып отырды. Оған ілесіп өзге ит те жым болды. Бақан сүйреткен

бала бізге назарын енді аударды.

– Бұл кімнің үйі? – деп сұрады Сұлтан секпіл бет баладан ат үстінде тұрып.

- Жұмағұлдың үйі.
- Жұмағұл не істейді?
- Қой бағады.
- Кім бар үйде?
- Ешкім жоқ.
- Шешен қайда?
- Ана белдің астындағы сиырлы ауылға кетті.
- Қымыз бар ма?
- Қымыз жоқ. Бағана кісілер кеп ішіп кеткен.
- Түк қалдырымады ма?
- Қалған жоқ, – деп күмілжіді бала.
- Неге өтірік айтасың? Жүктің астында керегеге байлаулы тұрған бір мес қымызды қайда қоясың?
- Оны саған кім айтты?
- Жолда қой жайып жүрген Жұмекене кездесіп едік, сол айтты. Жүктің астында бір мес қымыз байлаулы тұр. Содан төкпей-шашпай бір-бір кеседен құйып ішіндер деді. – Сұлтан осыны айтты да, сыр берме деген ишарамен менің тіземді мытып қойды.

Көнтек ерні таңырқап ашылған қалпы секпіл бет таң-тамаша кейіpte тұрып қалды. Сұлтанның оспақ сөзі шындықтың төбесінен түскен болу керек. Мынау соның байыбына бара алмай тұр.

Секпіл беттің солқылдай бастағанын көрген Сұлтан:

- Түсейік, – деп ат басын мама ағашқа қарай бұрды. Түсіп, атты байладық та, үйге бет алдық. Секпіл бет әлгі орнынан тапжылмай мыналар қайтеді дегендей бізді көзімен бағып, көніліндегі құдігін не айтпай, не Сұлтанның айтқанына сене ал-

май дел-сал болып тұр.

Үй іші ала көленкелеу, салқын екен. Сұлтан тап бір нағашысынікіне келгендей төр алдына сұлай кетті де, үй иесі кіргенге дейін жүктің астын ашып жіберіп, қарап үлгерді. Тырсиган бір мес қымыз, шынында да, байлаулы тұр екен.

Бізден сескенгендей табалдырықты әрең аттап секпіл бет кірді. Босағадан озбай тұрып қалды. Жуанжуа шираған қалпы болса керек, үтіндегі көк сәтен көйлектің етегі тылтиып қарнына шығып кеткен. Ұшқыр мен екі аралықтан үрген доптай тырсиган тоқ қарынның бір шеті жылтырап көрінеді.

– Ей, атың кім сенін, – деп сұрады Сұлтан.

– Дәulet.

– Атың әдемі екен. Дәulet деген тамаша ат. Менің ағайымның аты да Дәulet.

Ағасы түгіл Сұлтанның сайтаны да жоқ еді. Өтірігімді шығарма деп, менің санымды тағы шымшып қойды да, сөйлей берді.

– Дәuletі мол, дастарқаны бай, алақаны кең болын деп қойған ғой. Ей, Дәulet, біз асығып отырымыз. Сен бізге бір-бір кеседен қымыз бер.

– Апам үрсады. Оны ауылға беріп жібереміз деген.

– Нені?

– Жүктің астындағы қымызды.

– Жұмекең өзі айтты ғой, бір-бір кесе құйып ішіндер деп. Экел, кесе әкелші.

– Апам үрсады...

– Ұрыспайды, біз саған ақша төлейміз.

Сұлтан қалтасынан қобыратып, бірнеше бір сомдық сарықұлақтарды сурыып алды. Дәulet шын ақша ма дегендей сүзіле қарап қалды.

– Иә, төлейміз, – дедім мен Сұлтанды қоштап. Ашық ауыз Дәuletті алдаң ішкеннен гөрі адамшылыққа бұл бір табан жақын еді.

– Апам кеп қалса қайтем?

Бұл Дәuletтің көнгені еді.

– Келмейді, – деп Сұлтан орнынан ұшып түрегелді.

– Қай жақтан келуші еді. Мынау, – Сұлтан мені нұсқады, – киіздің жыртығынан бақылап тұрсын. Екеуіміз тездетіп құйып жіберейік.

Дәulet қолын созды.

– Әуелі ақша бер.

– Мә, – деп Сұлтекен Дәuletке бір сомды ұстата берді.

– Мынауың жыртық, ескі ақша ғой.

– Ендеше, мынаны ал, мә, – деп Сұлтан оның қолындағыны шытырлаған су жаңа бір сомдыққа айырбастап берді.

Ақшаның сиқыр күші Дәuletтің шырайын құрт өзгертуі. Енді оның көзінде қуаныш ұшқыны тіріліп, бізге үйірсектеп қарай бастады.

Сұлтекенің қымылына көз ілеспейді. Жүктің астындағы месті дереу суырып алғып, аузын шешіп жатыр. Дәulet өрешенің ішінен бұрын ішіне қымыз құйылған кішірек бір көк кострюльді алғып шықты.

– Кәне, тос.

Сұлтекен сар еткізіп, орта кострюльден аса қымызды бір-ақ құя салды.

– Көп боп кетті! – деп шыж ете қалды Дәulet.

– Ештеңе етпейді.

Месті Сұлтекен көз ілеспейтін шапшаңдықпен орнына қайта байлап қойды. Екеуіміз кострюльдағы қымызды кесемен көсіп алғып, кезектесіп сіміре

бастадық.

Босаған кострюльді өреше ішіне апарып қойған соң Дәulet:

– Тағы бір сом бер, – деп қолын созды.

– Не үшін?

– Сендер екі кесе емес, көп іштіңдер ғой.

– Өй, жолың болғыр, – деп кейіді Сұлтан, – біз оны ішейік деп іштік пе. Анаң кеп қалса, сені құртады екен деп, саған жаңымыз ашыған соң іштік қой. Бекер ішкен екем. Қарнымды сыздатып кетті.

Дәulet не дерін білмей, бедірейіп қалды.

– Сен, онан да бізге жейтін бірдене бер. Қымыз ішімізді ашыта бастады, – деді Сұлтан.

Дәulet созған қолын енді ғана тартып алды.

– Нан жейсіңдер ме?

– Экеле бер. Май бар ма? Оны да әкел. – Сұлтан Дәuletпен қабаттасып, өрешеге бірге кіріп кетті. – Мына біреу піскен омыртқа ма?

Саудадан пайда тауып қалған Дәulet:

– Тамаққа да ақша төлеңдер, – деп ескертті.

Әлдекім шала мұжіп тастаған мойын омыртқаны қомағайланған тістелеп жатып:

– Жарайды, төлейміз, – дейді Сұлтан.

– Қазір төле.

Сұлтан Дәuletке тағы бір сом берді. Бір-бір жапырақ нанға май жағып, соғып алдық.

– Ал кеттік, – деді Сұлтан.

Дәulet менің алдымды тосқауылдай қалды:

– Бәкінің керегі жоқ па?

– Кәне, қандай бәкі, – дедім мен.

Дәulet қалтасынан бәкісін алып көрсетті. Темір сапты кішкентай арзанқол бәкі екен. Ұнатпадым.

– Белбеу керек емес пе?

– Қайсы?

Дәulet жейдесін түріп жіберіп, сапақ-сапақ кір қарның алдыма тосып, беліндегі белбеуін көрсетеді.

– Өзің қайтесің? Шалбарың түсіп кетпей ме?

– Тұспейді. Қайыспен байлап алам.

Мен Дәuletті неге екенін аяп кеткендей болым. Оның соңғы белбеуіне дейін торап әкету оңбағандық болар еді.

– Керегі жоқ, хош бол.

Дәulet амалсыз қоштасқандай ыңғай танытты.

– Хош болындар.

Дереу атқа қондық та, үш итті улатып-шулатып жөнеле бердік. Ақтөс төбетті аттың омырауына шапшып, сұңғыла қара қаншық құйрығынан тартқыладап, иттік мінездерін тағы көрсете бастады. Сұлтекен қара төбетті қамшымен тұмсыққа бір тартуға құштар болып, бастырмалатып келеді. Бірақ әkkі төбеттің онайлықпен ұрғыза қоятын түрі жоқ. Қамшының үші жетер-жетпес жерден арс-арс етіп, өршеленіп, қалмай келе жатыр. Мен артыма бұрылып қарасам, көкжасыл кепкасы қалқыып, жейдесінің етегі өрге қарай таңқия түсіп, Дәulet саудагер үй сыртында бізді көзімен ұзатып әлі қарап түр екен.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУДА

### **не жөнінде айттылатынын оқып шығып өздерін білесіндер**

– Қара Көже, қарашы мынаған.

– Мұны қайдан алдың?

– Тамаша малақай болмай ма?

Сұлтанның қолындағы көк қаракөл аспаннан түсті ме, қайдан пайда бола қалды?

Ұстап көрсем, жібектей мап-майдада. Илеуінде мін жоқ, ақ қағаздай.

– Эй, мұны қайдан алдың?

– Құдай берді.

Егер құдай тағала пендесіне бірдене бере қалғандай болса, ондай мейірімділігін Сұлтаннан бастай қоймас.

– Жөнінді айтшы, бұл қайдан пайда болды?

– Өзі үнай ма саған?

– Әдемі екен.

– Сұлтекен оны-мұны затпен әуестенбейді. Оны сен біліп қой.

Кенет алдымыздағы өзекшеде атын жаяу жетелеп, қой жайып тұрган қойшы көрінді. Сұлтекен менің қолымдағы қаракөлді жалма-жан жұлып алды да, артындағы былғары сумкаға сұңғітіп жіберді.

– Дымың ішінде болсын, Қара Көже.

Лұп етіп, қауіп көлеңкесі жүгірді менің көңілімде. «Мына қу бұны әлгі үйден жымқырып кеткеннен сау

ма екен?»

Қойшы соқпақ жолдың дәл үстінде тұр екен. Жақындаған келіп байқадық: бүйрек бет, шоқша сақал, орта жастағы адам. Басында күнге қүйіп көнерген ақ қалпағы бар.

– Салаумалайком, қария.

– Әлейкүмсалам. Балалар, оттарың бар ма?

Сұлтан қалтасынан сіріңке алып ұсынды. Шалдың жуан етіп орап, қалпағының бүкпесіне тығып қойған дайын шылымы бар екен. Соны жалма-жан тұтатты да, қомағайланып сорып-сорып жіберіп, демін бір-ак күрсініп шығарды:

– Үх, жетісіп қалдым ғой көсеген, көгергірлер. Сіріңкем таусылып қап, бағанадан бері қаңсып тұр едім. Қай колхоздың балалары боласындар?

Сұлтан мені шынтағымен тұртіп қалды да:

– Калининнің балаларымыз, – деп өтірікті соғып қалды. Мен таң-тамашамын. Неге өтірік айтады? Өзіміздің «Жаңа өмірді» неге атамайды?

Былайырақ шыққан соң Сұлтанның:

– Өй, «Калининнің балаларымыз» дегенің не? Неге өтірік алдайсың? – деп сұрады.

– Эй, ақымақ Қара Қоже. Қайдан білдің, мүмкін жаңағы біз қымыз ішкен үйдің қожасы Жұмағұл тап осының өзі шығар. Қаракөлін жоқтап іздей қалса, қуып кеп, өкемізді танытпай ма? Ал енді бізді тауып көрсін сонау Калининге барып.

\*\*\*

Менің мамам сауыншы болып істейтін бірінші бригада кезенді асып түскен жерде, Қабанды деп аталатын ну қарағайлы жалпақ сайдың аузында екен. Бұл өзі сырттан қарағанда бүтін бір ауыл тәрізді: бірнеше боз үй, жаппа, шатырлар

аралас он шақты тұтін шоғырлана қоныс теуіпті. Олардан оқшауырақ сырғауылдан жасалған мал қора-жайлары көрінеді. Төбесіне желбіреп қызыл жалау қадалған, қабырғаларына қызыл матаға жазылып, ұран, плакаттар ілінген вагонқос, сірә да, бригаданың кеңесі болуы керек. (Соңынан білдім, бұл әрі кеңсе, әрі қызыл бүрыш екен.)

Өзенге таман шеткерірек тігілген бір жаппаның қасында үш дөңгелекті мотоцикл тұр. Жүргім дір ете қалғандай болды. «Бұл тағы да Қаратай қу шығар. Дәу де болса, мынау мамамның жаппасы».

Ойлағаным келді. Мамам есік алдында самаурын қайнатып жүр екен. Бізді көріп, таңырқай қарап тұрып қалды. Сұltан онымен самбырлап амандаста келіп тоқтады.

– Амансыз ба, Миллат тәтей. Балаңыз ат таппай қара жаяу отыр екен. Міне, мінгестіріп алып келдім.

Есік алдындағы мотоциклді мен бірден таныдым – Қаратайдікі. Жаппаның ашық тұрған есігінен үп-үлкен керзі етік киген аяқ көрініп жатыр. Оның да иесі сол бір адам. Көсіліп жатқан аяқ біздің дабырымызды естіп, бүгіліп жинала тұсті.

– Лагерьге бармадың ба? – деп сұрады мамам менен.

– Жоқ.

Біздің мына ала бөтен жүрісімізді ұнатпады-ау деймін, мамамның қас-қабағы салқын еді. Сұltан соны андады ма, тұспеді.

– Ертең келем. Мен саған ат тауып әкелем, – деді.

– Мақұл.

Сұltан кеткен соң мамам:

– Өзіңе серік болатын адамды тапқан екенсін. Бұл сені бір күні батпаққа жығып кетер, – деді.

– Θз жөнімді мен өзім білем, – дедім.

– Иә, біліп жүрсін.

Жаппаға кірдім. Төр алдында шынтақтап Қаратай жатыр. Осылай қарай жұмыста жүріп, тартып отырған болу керек, үстінде май-май көне комбинезон. Бірақ тікендей болып, сояулап тұратын сақалы бүгін жып-жылмағай. Қаратай еңсесін көтеріп малдас құрып отырды. Әдетінше шекесін қасып-қасып алып, ұртына құлқі қыстыра сөйлеп, менімен жылы амандасып, іші бауырыма еніп барады.

– Жайлauғa демалайын деп келдің бе? Дұрыс болған. Мұнда қымыз мол, рахат емес пе, – деді.

Үшеуміз отырып, шай іштік. Шайдан соң мамам сиыр саууға дайындала бастады. Қаратай хош айтысты да, мотоцикліне отырып, кетіп қалды. Көк шалғынды жапыра қап-қара етіп із тастап, жолсызбен зырғып бара жатқан оның соңынан мен бірғауымға дейін қарадым да тұрдым. – «Япыр-ау, бұл неге келе береді? Не керек оған? Бәрібір мамам оған ешқашан да күйеуге шықпайды ғой. Ал егер шыға қалса...»

Бұл ойым маған құбыжықтай қорқынышты. Оны басыма жолатпауға тырысам. Аулақ. Аулақ жаман ой. Мен одан да алыста, таудың ар жағында қалған Жанарды ойыма алам. Жанар. Мен «Жанар!» деп дауыстағанда, сен әуелі үннің қайдан шыққанын білмей аңтарылып тұрып қалып едің... Жайлauғa қалай келіп жеткенімді айтып Жанарға хат жазсам ба екен. Қаратай ... тфу, қабаттасып ойымнан осы шықпайтын болды-ау. Бәлем, ойламаймын сен жөнінде, әдейі ойламаймын, қайтер екенсің...

## ОНЫНШЫ ТАРАУДА

**жаксымен жолдас болсан, жетерсін мұратка,  
жаманмен жолдас болсан, каларсын үятка**

Өзінің тырнақалды прозалық туындысын шағын повесть түрінде бастап отырғанын автор бір де минутке есінен шығармайды. Сондықтан да ол әр адамның басынан күнде кешетін тұрмыстың ұсақтүйек құбылыстарына онша жүгіне бермейді. Онда автордың бұл еңбегі мүмкін шағын повесть емес, кітап магазині полкасының белін қайыстыруға жарапрық нән романға айналар еді. Жоқ, Аяз әлінді біл, құмырсқа жолынды біл дегендей роман жазу қайдан бізге. Ол үшін құшақ-құшақ қағаз, құрығанда бірер бөтелке сия керек. Артынды столға желімдеп тастап, айлар-жылдар бойына тапжылмай отыруың шарт. Ал сосын сабакқа кім барады, үйге берілетін тапсырмаларды кім орындаиды? Бұзауды кім тауып әкеледі. Жо, жо, роман жазу менің жасымда тіпті қол емес.

Бұл сөз арасында айтылып жатқан жайлар. Енді әңгіме желісіне қайта оралайын. Біз жайлауға келгелі табаны трактордай бір ай шамасы уақыт өтті. Откенде көңілді өтті. Соның бәрі Сұлтекеннің арқасы. Бір де бір күн көліксіз болып көргем жоқ. Нелер жорға-жүйрік сәйгүліктерді сол тауып әкеледі. Ертте мынаны дейді, ерттеймін. Кеттік дейді, ілесіп берем. Қайда барамыз деп сұрамаймын да. Не ке-

рек, Сұлтекеңің арқасында ат мініп, асыр салып, жетісіп жүрмін.

Бір күні жайлауда малшылар күніне арналып, ұлан-асыр той болды. Той десе, қу бас домалайды. Ал Сұлтан екеуміздің басымыз піскен алмадай торсиган майлы бастар. Біз қалай шыдап қалайық. Тойдың дақпыртын естігеннен бастап-ақ дөлебеміз қозып, күтіп жүрдік. Көкпарға түсеміз деп, ат жаратқан боламыз.

Той болады деген күні таңертең мамам сиыр саууға кетіп, мен төсекте шынтақтап «Робинзон Крузоны» оқып жатыр едім. Есік алдына кеп қалған ат дүбірі, сонымен қабаттасып Сұлтанның айқайы естілді.

– Қара Көже, бармысың?

– Бармын.

Сұлтан аттан торс етіп секіріп түсіп, үйге кіріп келді.

– Ой, қара басқыр, әлі жатырмысың. – Сұлтан менің қолымдағы кітапқа жармасты. – Осы сенің-ақ қолыңнан кітап түспейді еken. Тастанышыбылай. Немене, бүгін той екенін үміттүң ба?

– Тоқта, тоқта, келген жерімді белгілеп қояйын.

– Мына бір мылтық ұстаған адам ба, албасты ма, осы бетке келіпсің. Жұз жиырма төртінші бет. Көне, түр жылдам. Киін, тойға барамыз.

Тойды сыпаттап жатуды және артық деп санаймын.

Әйткені оның қалай болатынын бәрің де білесіндер. Осы күні тойдан көп нәрсе жоқ. Мейрам күндер – той; біреу қызы ұзатса – той; бала туса – той; жоспар артығымен орындалса – той; шет елден мықты біреу келе қалса – той, шетел-

ге мықты біреу бара қалса – той, артиллерияшылар күні, флот күні, ұшқыштар күні, металшылар күні, құрылыштылар күні, физкультурашылар күні, тағы басқа аты атамаған толып жатқан қастерлі күндердің бәрінде той. Құдайға шүкір, әйтеуір тойдан кенде емеспіз.

Бір шеті сонау Алматы болып қылды дәрежелі қонақтар қатысқан, «ЗИМ», «ЗИС», «Волга», «Победа-лар» қаздай тізілген, («Москвичтер» мен Қаратайдың мотоциклі тәрізді үш дөңгелекті салдырлақ мотоциклдерді машина санатына қосып та отырған жоқпын) іргелес екі ауданның қара қорым малшылары түгел бас қосқан ұлы дүрмектің нағызы қызған шағы. Палуандар қүресі болып жатқан. Бір кезде ортадағы тойбасы тағы бір соны дабыл тастады:

– Ендігі кезек балалардікі. Балалар қүресін ба-стаймыз.

Бағанадан бері қүрескендерге қарап, делебем қозып түр еді.

– Мен қүресемін, – деп ортаға жүгіріп шықтым.

– Кел. Жүрегінің оты бар бала көрінесін, – деп тойбасы арқамнан қағып, мақтап қойды. Қүрес аудан мен аудан болып жүріп жатқан. Тойбасы қарсы жаққа дауыстады:

– Ұйғыр ауданы, шығарындар палуандарынды.

Ұйғыр ауданы бойы сорайған, менен де өткен қап-қара, қонқақ мұрын бір баланы шығарып еді. Мына жақта түрғандар жамырап кетті.

– Өй, мыналарың бала емес, жігіт қой.

– Қаршадай балаға жігіт шығарғандарың қалай?

– Өз теңін әкеліндер!

– Бұл әділдік емес.

Басы-көзі өрттей қызырып, лепіріп түрған тойба-

сы бұған құлақ аспады:

– Күш атасын танымайды. Кәне, күресіндер, – деп қонқақ мұрын екеумізді құшақтастыра салды.

Мен іштен қайыра шалып жығуға машық едім. Әу дегеннен-ақ сол әдісіме салуға тырысып бақтым. Бірақ қонқақ мұрынның ұзын сирақтары көстіп анадайда жатыр. Аяғымды шолтаң-шолтаң сермен генмен жуымайды.

Менің пиғылымды түсіне қойған қонқақ мұрын аяғын онан әрмен алып қашып, денесінің бар салмағымен үстіме шойырылып жатып алды. Олай-бұлай ырғап көрсем, қозғалта алар емеспін. Ал оның бар сенгені қол күші болу керек. Мені көтеріп алып, қойып қалмақ болады. Бірақ қалай тастаса да тарбыиپ, аяғыммен түсем.

Кенет менің ойыма бір құлық әдіс сап ете қалды. Үлдиға таман ынғайланаңып келдім де, бір жамба-сыма жата қап, қонқақ мұрынды лақтырдым. Әлгі байғұстың мұны күтпегені соншалық, тартынуға мұршасы келмей қалды да, асып барып, мойны астынан кеп, гұрс ете түсті. Бұл беріп, үстіне қона кеттім. Халық ду ете қалды.

– Ой, жарайсың?

– Міне жігіт!

– Жасың ұзак болсын!

Тойбасы бәйгіме деп, Гайдардың екі томдық жинағын қолыма ұстата берді.

Екі езуім екі құлағымда, көнілім тасып, әлгіндегі орныма қарай жөнеле бердім. Тойбасы айқайын салып, күреске басқа балаларды шақырып жатыр. Кенет өкпе тұсымдағы иін тірескен халықтан маған қарай ақ қалпақты біреу жүгіре шығып келеді. Мен оған мән де бере қоймап едім, әлгі келген бетте

білегімнен шап беріп ұстай алды:

– Э, залым бала! Қолға түстің бе!

Басқа ештеңе деместен іс-міс жоқ әлгі мені қаңбақтай ұшырып, сүйреп әкетіп барады. Беті-жүзі өйтеуір бір таныс секілді. Бірақ қайда көргенімді жөпелдемеде есіме түсіре алмадым.

– Не...Не... керек сізге?

Топтың сыртына шыққаннан кейін шоқша сақалы ашудан дір-дір етіп, тістеніп, әлгі менің алқымнан қылғындыра ұстап, сілкіп-сілкіп жіберді.

– Мойныңды үзіп жіберейін бе! Баламды ал-дал, қымызды рәсуга етіп ішкендеріңмен қоймай, қаракөлімді неге үрлайсындар?

Арқамнан тасбақа сырғанап түскендей, дір ете қалдым. Көзінен ашу шатынап түрған ақ қалпақтыны енді таныдым. Бұл анада бізден шылым тұтатып тартатын, жол үстінде кездескен қойши еді.

– Ақсақал, қаракөліңізді мен алған жоқпын, – дедім жалынышты үнмен.

– Енді кім алды?

Мына масқара оқиғадан мен өзімді деруу ақтап алуым керек болды. Шынымды айттым.

– Қасымдағы бала алыпты.

– Ол қайда? Ол кім дегеннің баласы? – деп әкірендейді шоқша сақал.

– Сұлтан деген бала, анда...ана жерде тұр.

Шоқша сақалды ертіп, әлгінде Сұлтан екеуміз түрған жерге келдім, жоқ. Сұлтаным зым-зия зытып отырған түрі бар.

– Қайда? Кәне?

– Әлгінде осы арада түрған.

Сол арада бірталай әуесқой жүрт: не болды? Не? Бұл не істеді? – деп, күресті қойып, бізге на-

зар аудара бастады. Өлімнен үят күшті дегендей, не істерімді білмеймін.

– Сұлтан! Әй, Сұлтан! – деп дауыстаймын. Кенет біреудің:

– Сұлтан әне, атына мініп, зытқалы жатыр, – деген үні саңқ ете қалды.

Ол нұсқаған жаққа жалт бұрылып қарасам, Сұлтекең ат үстіне қонып та қалған екен.

– Сұлтан! – деп айқайлап жібердім. Бірақ ол тыңдамады, атына қамшыны бір басып, тік төмен қарай құйғытып, тартып отырды.

– Кетті! Әне кетті! – дедім шоқша сақалға.

– Қап...

\*\*\*

Баяндалған оқиғадан кейін менің қандай халғе түскенімді сезіп отырған боларсындар. Тойға мамам да барып еді. Абыыр болғанда, шаршы топтың алдында жалғыз ұлының қандай масқараға душарланғанын ол көре қойған жоқ. Ол кезде мамам артистер ойын қойып жатқан жақта болатын. Кірмегенім қара жер, өзім өз болғалы еңсем мұндай түсіп көрмеген шығар. Той-думан жайына қалды, ұрыдай сусып келіп, атыма міндім де, Сұлтанның соңынан тартып отырдым.

Мен қазір Сұлтанды көзіме көріне қалса, жеп қойғалы келе жатырмын. Оның опасыздық қылышына қалай ыза болмайын. Қолмен істеген нәрсесін мойнымен көтеруге жарамау ер адам үшін неткен пасықтық. Мен Сұлтанның мұншалық жаны тәтті жарғанат екенін біле қойған жоқ едім.

Жақсымен жолдас болсан, жетерсің мұратқа. Жаманмен жолдас болсан, қаларсың үятқа, – деп

қазақ атам осындаидан айтқан екен ғой.

Жүрген бойда жылқылы ауылға келдім. Сұлтанның өзі тұрғай ізі де жоқ. Одан өзіміздің фермаға келдім. Мұнда да тырс еткен пендे көрінбейді. Жұрттың бәрі тойда жүр. Атымды мама ағашқа байладым да, жаппаға кіріп, сұлай кеттім. Ех, шіркін өмір. Неткен қызық нәрсе едің. Біресе шаттандырып құлдіресің, біресе бұлдіресің. Соның бәріне адам өзі кінәлі.

Мазасыз ой тепкісінде басым қатып жатып, қалғып кеткен екемнін.

– Эй, шық бері! – деген қаһарлы дауыстан селк етіп, шошып ояндым. Атып шықсан, Сұлтанның әкесі Сүгір жылқышы келіп тұр. Астында түйедей қызыл ат, білегіне іліп алған құрығы бар.

– Сұлтан қайда?

– Білмеймін.

– Неге білмейсің? Өй, ант атқан алаяқ немелер! Бірін-бірі табуын бұлардың.

Сүгір мені домбытып қойғысы келді ме, жоқ әлде шынымен ұрмак болды ма, атын тебініп, қамшысын тік көтеріп, ұмтыла берді. Жалт беріп, жаппаға қайта сұңғіп кеттім. Ойнақшыған қызыл ат жаппаны омырауымен қағып, енді бір тебінсе басып, таптап өтуден тайынар емес.

Сүгір босағаны қамшымен сарт еткізіп, бір тартып қалды.

– Ерін ал да, қоя бер ана атты!

Маған берген бүйріғын Сүгір өзі орындағы. Мама ағашта байлаулы тұрған аттың ерін алды да, анадай жерге тарс еткізіп тоқымын шашып, лақтырып тастады. Сонан соң аттың жүгенін сыпырды да, сауырға бірді салып, айдал жіберді. Еркіндік

алып рахатқа батқан ат құйрығын желбірете тігіп, пырт-пырт жел шығарып, қуана кісінеп, ойнақтап тартып отырды. Қарына ілген құрығы жер сзып, оның соңынан алды-артына қарамастан Сүгір жосалтып жөнелді.

Жығылған үстіне жұдышық – зығырданымды қайнатқан Сұлтанның қылығына мынау қосымша болды. Қара жаяу қалды деген осы.

Мамама сыр бермейін деп, ер-тоқымды әкеп босағаға жиып қойдым.

Кешқұрым мамамдар келді. Ол әлі ештеңе сезе қоймаса керек.

– Сендер неге ерте кетіп қалдыңдар? – деп сұрады.

– Шаршадық, шаршаған соң кетіп қалдық...

### *менін ауылға кайткан сапарым баяндалады*

Ойламаған жерден жайлау қызығы осылайша та-  
мам болды. Мұнда көліксіз күнің күн емес, серіксіз  
одан да жаман. Қожекен соның екеуінен де жүрдай  
болды. Бірер күн ферма басында боламын деп,  
зерігуден ішім жарылып, өліп кете жаздадым. Бар  
бітіргенім, бір ғана «жауынгерлік листок» шығарып  
бердім. Оның өзін парторғ оқып көріп, түкке жа-  
ратпай тастады. Кілең өлең-сықақпен толтырып  
жіберіпсіндер, маңызды бір де бір саяси мақала  
жоқ, осы да газет пе деп, парша-паршамызды  
шығарып сынады. «Газет деп, ана екінші бригаданың  
газетін айтындар. Барып оқып көріндерші. Міне,  
«жауынгерлік листокті» солай шығару керек. Солар-  
дан үлгі алыштар» деді.

Парторғ кеткеннен кейін мен әдейі ол мақтаған  
газетті көрмекке екінші бригадаға бардым. Сөйтсем олар бүйтіпті: «Социалистік Қазақстанның»  
«Мал шаруашылығын өркендете берейік» деген  
бас мақаласын алышты да, бастан-аяқ сықыртып  
түгел көшіріп жазыпты. Оның соңында редак-  
легия мүшелері деп, үш адамның фамилиясы тұр.  
Одан төменгі бұрышта пошта жәшігінің суреті са-  
лынып: «Жолдастар, қанша ескертсе де, бір де  
біреулеріңіз мақала бермейсіздер. Келесі нөмірге  
мақала беріңіздер» деген сөз жазылған. Одан

төменірек газетті бекіткен кнопкa. Міне, бұдан басқа мен ештеңе де көре алған жоқпын. Парторгке осы газеттің соншалықты несі ұнағанын мен, әрине, біле бермеймін. Ал, менің ойымша, біздің газет бұл газеттен он есе артық. Бұл, әрине, менің өз пікірім, ал парторгтің пікірі әлгіндей. Мен бұған таңдана да қоймаймын, өйткені пікір қайшылығының ешбір ақиқаттың беті ашылуы мүмкін емес деген сөзді бір ақылды кітаптан өз көзіммен оқығаным бар. Нәкты қай кітаптан оқығанымды ұмытып қалыптын, ол үшін оқушыдан кешірім сұраймын.

Бір кеште мамам:

– Балам, босқа сенделмей ауылға қайт. Ана өзге балалар қатарлы колхозда жұмыс істе. Осы қыдырыуың жетер, – деген сөз айтты.

– Өзім де қайтам, – дедім мен.

Ертесіне өзіміздің колхоздың екі тонналық бір машинасы жем алып келе қалған еken. Шофері Қайыпжан дейтін ақ көңіл жақсы жігіт. Соның қасына кабинаға отырып, жайлаумен хош айтысып, тартып отырдым.

Жұпар атқан кең жазықтың төсінде жұмсақ қара жолмен жүрдек машина барынша зырлап келе жатқанда, ұшқыр қиял шіркін де тұғырында тоқырап қала алмайды-ау. Қанатын қағып-қағып жіберіп, дауылпаздай шарқ ұрып, ол да самғап ұшады. О, ата мекенім, қазақ жері. Сенің шет-шегіне қиялдан өзге не жетіп үлгереді. Сол алып өлкенің бір пүшпағын ыстық көзбен, бар адал сезіміммен аймалап, елеусіз бір перзентің мен келе жатырмын. Мынау асқар тау, жасыл жазық, мөлдір өзен, қалықтаған анау ақша бұлттар, тұнық аспан – осының бәр-бәрін егер құшағым жетсе, ең қымбат, аяулы анамдай аймалап

құшар едім, сүйер едім. Япыр-ай, неге сонша ыстық болдың, туған жер!

Мен табиғатты сүйемін. Мен шынайы поэзияны сүйемін. Абай мен Қасымды қанша оқысам да менің сусыным қанбайды. Қайталап оқи бергім келеді, оқи бергім келеді. Мен Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлерін тыңдағанда өзімді-өзім ұмытып кетемін. Махамбет жырының әр сөзінің астынан дүрсілдеген ат дүбірін, қарыш-құрыш сілтескен наиза, қылыш үндерін естігендей болам. О, қасиетінен айналайын, қазақ жері. Осының бәрі сенің топырағында өсіп, өнген кереметтер емес пе?..

Машина жолы кезеңнен біздің ауылға қарай тұра аса алмайды. Тұзкөлді айналып жүреді. Бұл төте жолдай емес, әлдеқайда ұзак. Бірақ жүрдек машина жер апшысын қуырып, шыдатар емес. Әлгінде ғана мұнартып көз ұшында көрінген қара тұмсық енді міне, сырғанап артта қалып барады. Жол шетіндегі телеграф бағаналары бірін-бірі қуалап, қарсы жүгіріп келе жатқандай болады. Әне, алдан Тұзкөл көрінді жалтырап. Қара жол соның сортан жиегімен өтеді. Бір мезетте көл де сырғып кейін қалды. Жол қасқайып шығысқа қарай тұра тартты. Спидометрдің қылт-қылт еткен жебесі шұғыл ойысып елуге тақап барды. Одан да асынқырап, алпысты шоқыр-шоқымас болып, дірілдеп тұр.

Кенет бір белеске көтеріле беріп, Қайыпжан машина маңдайын жолсызben тауға қарай бұрды.

– Аға, қайда барамыз?

– Мынау сайда шөпші балалар бар. Соларды ауылға ала кетеміз, – деді Қайыпжан.

Бұл сөз менің жаңыма онша жайлы тие қойған жоқ. Майқанова да осында болу керек, Жантас та.

Менің оларды қазір көргім, дұрысырақ айтқанда оларға көрінгім келмейді. Анада олар бәрі шөпке кетіп бара жатқанда, менің бармай қалғаным оқушыға мәлім. Майқанова мені көрісімен мүйіздел ала жөнелуі айқын. Ех, жалған, бір басыңа бір машинаң болмаған соң құрысын да.

Тау сағасына жете бергенде, алдымызда сарқырама шағын өзеншешің бойында бір боз үй және бір шатыр көрінді. Боз үйдің төбесінде кішірек қызыл жалау желбіреп тұр. Индиялықтар тәрізденіп қара қайыстай болып күнге күйген бір топ бала волейбол ойнап жүр. Машина қостың деңгейіне келіп тоқтады. Өзен арнасы теңкиген қой тастарға толы, шұңғыл еді. Көпір көрінбейді. Қайыпжан машинадан шығып:

– Эй, балақайлар, мынадан қалай өтуге болады?  
– деп дауыстады.

Бір топ бала бері су бойына жүгіріп келді. Бұлардың ішінде биыл жетіншіні бітірген атақты палуан Батырбек, менімен бірге оқитын, отряд советінің председателі болған Темір бар еді. Әне, Жантас қу жүгіріп келе жатыр. Газеттен пилотка жасап киіп алыпты.

– Өткел төменде қалды. Бұл арадан өте алмайсыз, – деп шуласты балалар.

– Олай болса, жығындар үйлерінді. Бері тасып әкеліп тиендер машинаға.

Батырбек бригадир екен балаларға. Жалаңаш білегіне қызыл шүберек байлаған бір балаға ол:

– Кезекші, бригаданы сапқа тұрғыз! – деп команда берді.

Кезекші жүгіріп шатырға кіріп кетті де, күнге шағылысқан аппақ горнды құйқылжытып ойнап,

қайта шықты. Сол сол-ақ екен, доп ойнап жүрген балалар ойындарын дереу доғарып, әп-сәтте шатыр алдындағы сызықшаны бойлап сап түзей қалды. Өз көзіме өзім сенбегендей, мен таң-тамашамын. Тәртіп деп осыны айт. Құдды әскер тәрізді.

– Жолдас бригадир! Бригада мүшелері сіздің бүйрығыңыз бойынша сапқа тұрды, – деп кезекші Батыrbектің алдында қаздыып, рапорт беріп тұр.

Балалар жапырлап киіз үйді, шатырды жығып жинай бастады.

Мен болсам, кабинаның есігіне жабыса түсіп, ешкімнің көзіне шалынбауға тырысып, мықшиып отырмын. Бас-аяғы бірнеше минуттың ішінде ғана көз алдында болған әлгі әсерлі көріністер бір жағынан бойымды шымырлатып, делебемді қоздырса, екіншіден өкіндіреді. Қап, анада жайлауға барғанша, осылармен бірге шөп шабысқа неге келмедім?

Балалар әлдекайдан жалпақ бір қалың тақтай тауып әкеліп, арнаға көпір салды да, соның үстімен жүкті таси бастады. Өзгеден бұрын мені Жантас күбайқап қалды:

– Сен қайдан жүрсін, дезертир?

– Шаруаң қанша?

Абыыр болғанда, мұғалімдерден мұнда ешкім жоқ екен. Майқанова ертемен ауылға кетіп қалыпты. Әп-сәтте жүк тиеліп болды. Рюкзактарын арқалап, улап-шулап балалар машинаға мінді. Кабинадағы орнымды аспаз қыздарға беріп, мен де кузовқа шықтым. Машина жайлап бұрылып, әлгінде келген ізімен төменгі жолға қарай тартып отырды.

Ауылға әндетіп, думандатып келіп кірдік. Колхоз кеңесінің алдында ішінде артель председателі бар

бірнеше адам бізге қарап әңгімелесіп тұр екен. Машина солардың қасына келіп тоқтады. Сабырбаев председатель қолын шаттана көтеріп:

– Ой, еңбеккерлерім, амансыңдар ма? – деп жарқын қарсы алды.

Бұл өлкедегі жүрттан өзгешелеу, күзеген байталдай шұнтыып киінген қалпақты ашаң қараторы жігіт мойныңдағы фотоаппаратын оңтайладап, қарбаласып жатыр:

– Балалар, машинадан түспей тұра тұрындар:

Айдаладағы ыреу өзі тіленіп суретке түсіргелі жатса, аямыз ба тұмсықты. Мен кузовтың орта шенінде едім, кимелеп алға қарай шықтым да, тұра қалдым қасқайып. Бейтаныс жігіт бір емес, екі рет шырт еткізіп, суретке түсіріп алды.

### «Жанар, сені сағындым» дейтін өлеңнің дүниеге келу тарихы айтылады

Жол бойы менің ойымнан Жанар шықпады. Мен оны көрмегеніме бір ай емес, көп уақыт өткен тәрізді. Қазір ол қайда екен? Үйінде ме екен, әлде екінші кезектегі лагеръге кетті ме екен?

Машинадан тұсken бойда мен әдейі орағытып, Жанар үйі тұрған көшемен өттім. Міне, олардың үйі. Қоражайдың төңірегін қаулап өскен қалақай, алабота басып кетіпті. Қақпаның маңдайшасында бірнеше сұық торғай қонақтап жырлап отыр. Тырс еткен пенде жоқ, жым-жырт.

Қораның сырт жағын айналып көз тастадым, есікке құлып салынбаған. Қабырғаға шапталған жас тезектер бұл үйдегі қытымыр қара кемпірдің осында екенін баяндап тұр. Кенет құлағымның дәл түбінен:

– Кімді іздел жүрсің? – деген сұық үн саңқ ете қалды.

Жалт қарадым, Жантас қу. Жүргегім су етіп, сасып қалдым.

– Неғыласың? – деген сөз аузымнан абайсыз шығып кетті.

Жантастың бір иығында ауыр рюкзак. Қағаз пилотканың астынан қоңыр көздері жылт-жылт етеді. Қентиіп жарылып кеткен еріндерін жалап

қойып:

- Сағынып қалдың ба? – дейді.
- Кімді? Нені? – деп Жантасқа айбаттана бұрылдым. Жантас қу саусағын жебеп тайқи берді.
- Білем, білем кімді қарап тұрғаныңды...
- Білсөн, біле бер.

Ох, бұл сөзді мен қалай батыл айтып салдым десенші. Қай мағынада айтқанымды андап өзім селк ете қалғандай болдым. Не болса, со болсын, бұным ерлік болды. «Мейлі, Жантас қуға сол керек».

Сонынан білдім. Жанар ауылда жоқ екен, лагерьге кетіпті. Құлазыған далада жалғыз қалғандай болдым. Екі иінімнен зіл батпан көнілсіздік басты.

Түн. Төргі бөлмеде өлең дәптерімді алдыма жайып қойып, жападан-жалғыз өзім отырмын. Бірнеше жынды көбелек қалдыраңдап, айнала ұшып, шамның шынысына соғылады. Келші бермен, шабыттым! Қайдасың! Қеудем толы сезімді сүйкетейін жыр етіп. Бүгінгі жырымның тақырыбы – Жанар. Жол ортасына әдемілеп «Жанар, сені сағындым» деп жазып қойдым. Бірінші шумақ көкейімде күндізден сайрап жүр еді, мөлдіреп түсе қалды заматта:

Жанар, сені сағындым,  
Келші, келші тезірек.  
Жатпай-тұрмай ойлаймын,  
Іші-бауырым елжіреп.

Бірнеше қайталап оқимын, жаман шықпаған тәрізді. Мүмкін, көркемдігі пәлендей жүйрік бола қоймас, бірақ шындық бар, сезім бар. Әлде көптен қолыма қalam ұстамағандықтан қеудем жырга толып кеткен бе, әлде Жанарға деген сағыныш сезімнің

тасқындаған құйылған түрі осы болды ма, шүпілдеген екі бет өлеңді тапжылмастан ешбір қиналыссыз жазып таstadtым. Өте-мөте сәтті шыққаны соңғы қорытынды шумағы болды:

Жанар, сендей жан тумас,  
Туса, туар, артылmas.  
Бір өзіңнен басқаға,  
Сағынышым айттылmas.

Шіркін-ай, мойынға алған жұмысынды тындырып тастап, рахатқа бататын кездерің де болады-ау! Сондай бір жетісken халде орнымнан түрегелдім, сағатқа қарасам, он бір болып қалыпты. Ұйықтайтын уақытym болған екен. Тысқа шығып келдім де, жатып қалдым. Бірақ мұндайда үйқы келе қоя ма. Жанар шықпайды ойымнан. «Мақтаншақ Қожа. Мен енді сені бұдан былай мақтаншақ Қожа деп атایмын». Осыны айтып, қолын қуана шапалақтап, Жанардың дөңгелене жөнелген кейпі көз алдыма келеді. Жаңағы оған арнап жазған өлеңім түп-түгел тілімнің ұшында түр. Жатталып қалыпты. Қаранды үйде шалқамнан жатып алып, соны бастан-аяқ сықпыртып, мылқау фильм тәрізді үнімді шығармай тақпақ етіп айтам.

Жанар, сені сағындым...

Кенет өлеңнің соңғы шумағын көкейімде тағы бір қайталап айта бергенімде, «тоқта» деген бір сұрақ көмейіме көлденен тұра қалғандай болды. «Бұл өлең сенікі емес тәрізді ғой?» дейді әлгі сұрау шүбәланып. «Енді кімдікі?» «Ойланып көрші». Ойланамын. «Иә, шынында да... кенет көзім бақырайып, тынысым бітіп қалғандай болды. Мәссаған! Әкем-

ау, мынауым Абай өлеңі ғой! Дәл өзі. «Айттым сәлем Қаламқас» деп басталатын Абай атамыздың өлеңі.

Әркімнен ұрлап-қарлап ақын болу деген менің ойым түгіл түсіме кірмейтін сүмдық нәрсе. Өзімнің мына қылығыма тәбе шашым тік тұрып кеткендей болды. Әрине, ұрлық дейді бұның атын. Жай ұрлық емес, әдеби ұрлық. Оны әлгі...не деуші еді... бірдене деген термині де бар.

Әлгі арада ұшып түрегеліп, Абай атамнан ауысып кеткен шумақты сыйып тастамақ болып бір түрдым да, тағы ойға қалдым. Бұған, біріншіден, дәптер былғанады. Ал, екіншіден, Абай болса, ұлы ақын. Мен тәрізді жас талапкер оның бір шумак өлеңін кәдеге жаратқан еken, одан ұлы ақынның шалқар мұрасы, немене, азайып қала ма? Мен оны бәрібір, баспаға ұсынып жатқан жоқпын. Сайып келгенде, Абай кім, мен кім? Екеуміз де қазақпыз, екеуміз де ақынбыз. Ақын – ақынға қарайлласпасын, жәрдемдесспесін деп еш жерде жазылмаған.

## ОҢ ҮШІНШІ ТАРАУДЫ

### «Кызыл бұзау» деп атаса да болар еді

Оқу жылы басталатын мезгіл жақындаپ қалды. Биыл алтыншыға барамын. Орта мектепті бітіргенге дейін әлі де болса төрт, төрт емес-ау сойылдай бес жыл бар. Ой, қандай үзак. Адам болып шығу деген ойлап отырсаң машақат нәрсе екен ғой.

Оқулықтарымның бәрін дайындаپ қойдым. Мамам Қайыпжан шоферге ақша беріп жіберген екен, Алматыдан ол су жаңа форма әкеліп берді. Амандық болса, бірінші сентябрь күні Қожекең жарқ етіп, көшеге бір-ақ шығады сонымен.

Енді оқу жылының басталуын шыдамсыздана күтемін. Адам деген қызық қой. Оқып жүргенде, демалысты аңсайсың. Енді міне, демалыста жүріп, оқуды сағына бастадым. Жаздығүні қыс болса екен дейсің, қыста жазды көксерісің. Бұл неліктен, а? Адам баласының бабын қалай табуға болады.

Дегенмен менің оқуды аңсауымда сап-салмақты себеп бар. Оқу басталды деген сөз – Жанармен бірге боламын деген сөз. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой. Бүгін лагеръдің жабылатын күні деген. Олай болса, Жанар келеді. Ура, Жанар келеді! Жанар!

– Қожатай, үйдемісің?  
– Мүмкін, үйде шығармын. Қарап көріңіз, – деймін қыздардай сыйылған үнмен.

– Үйде болсан, әлгі қызыл бұзауды тауып әкеп, қораға кіргізіп қойшы. Мына ыстықта енді ол жайылар деймісін.

– Егер үйде болмасам қайтем?

– Үйде болмасаң да бар, – деп әжем шорт кеседі. Мен оның қитығына тие тұсуге құмармын.

– Үйде болмасам, қалай барам? Сіздің жұмсағаныңызды естіген жоқпын ғой?

– Эй, қылжақтамай бар деймін, бар деген соң.

– Айталақ бармадым, әже. Онда не болады?

– Бармасаң тоқмаш жейсін.

– Піскен тоқмаш па, шикі тоқмаш па?

Менің қылжағым тойғыза бастағандықтан әжем енді үндемейді.

Бұзаулар жайылатын жаққа қарай жайлап басып келе жатырмын. Лұп еткен леп жоқ, қапырық. Құннің бір шоқ ыстығы менің шекеме жабысып қалғандай күйдіріп, тесіп барады. Қызған жерді сипап, басып-басып қоямын. Шошқаның жалындаі сояу қайратты шашым алақаныма ып-ыстық болып басылады.

Селоның шетіне шығып қалып едім. Сол кезде қарсы алдыннан шаңды бұрқыратып зырлап келе жатқан жүк машинасы көрінді. Кузовы толған бала. Галстуктері желбіреп, шулап өлеңдетіп келеді. Машина жақындалап келгенде таныдым – лагерьден қайтып келе жатқан өзіміздің балалар екен. Әне, анау Жанар. Мандай шашы желбіреп, маған қарап жайлап күлімсірейді. Екі қолымды бірдей жебелеп, мәз-мейрам болдым да қалдым.

– Сәлем, Қожа!

– Қара Қеже!

– Қожа! – деген бірнеше дауыс қатарынан жамы-

рап, ағызып өте шықты.

Жанардың төбесін бір көргенім өлшеусіз бақытқа кенелгеммен пара-пар болды. Машина соңынан далбақтап тұра жүгіруден өзімді-өзім әзер ұстап қалдым.

Осы кезде қабақтан маңқыып келе жатқан өзіміздің қызыл бұзауды көрдім. Іс-міс жоқ тырағайлатып қуып ала жөнелдім. Қолды-аяққа түрмайтын бейне бір құйын тәріздімін, бұзауды басып озып, жосылтып, о жағынан бір, бұ жағынан бір шығам. Не боп қалғанын түсіне алмай сасқалақтаған қызыл бұзау тасырлатып, шеткі бір үйдің қорасына қойып кетті.

Қызыл бұзауды одан жетелеп алып шықтым. Сол арада сап етіп, басыма бір ой келе қалды. Егер де қызыл бұзау адам тілін түсінетін болса, мен оның мойнынан аймалап, алдына тізерлеп отыра қалып, өтініш жасаған болар едім, сүйкімді қызыл бұзауым: мен қазір сені тағы да тұра қуған болайын. Сен ұстаптай қашқан бойда Жанар үйінің қорасына кіріп кет. Соңынан мен жетейін қиқулап. Мен оны бір айдан бері көрген жоқпын ғой. Мен оған бірдене айтармын, ол да маған бірдене айтар. Жанармен сол арада біраз сөйлесіп, сұхбаттасып қалайын.

Қызыл бұзау бұны қайдан үқсын. Қоя берсем болды, үйге қарай безгелі тұр. Жоқ, үйді қоя тұр. Сен маған әүелі қызмет істе. Мен бұзауды ноқтасынан жетелеп, Жанар үйінің алдына әкелдім. Ешкім қарап тұрған жоқ па деп, төңірегіме көз саламын, тым-тырыс. Ашық тұрған қақпадан бұзауды қораға қарай айдасам, бөтен аулаға жолағысы келмейді. Сол арадан жінішке бір шыбық тауып алдым да, сауырға аямастан осып-осып жібердім. Шіркінге

жан керек екен, төргі бұрышқа бір-ақ барып жетті. Сүйеулі тұрған легенді құлатып, итті абалатып, ауланың әлек-шәлегін шығарды. Ойлағаным болып, сол кездे үйден Жанар жүгіріп шықты. Адам сасқанда не айтарын білмей қалады екен ғой.

– Жанар, ана бұзауды бері қуып жіберші, – дептін. Бұдан басқа ештеңе айта алмадым. Иттен үркіп, тырағайлас шыққан бұзаудың соңынан қуып кете бардым.

## ОҢ ТӨРТІНШІ ТАРАУДА

### **менін республика жүртшылығына калай танылғаным жайы айтылады**

– Үа, кім бар?

Дауыс пошташы Көштібай қарттікі еді.

– Мен бар! – деп жүгіріп шықтым есік алдына.

Мен жыл сайын бірнеше газет-журнал жаздырып аламын. Қажет болса, атап берейін: «Пионер» журналы, «Қазақстан пионері», «Пионер правдасы», «Лениншіл жас» газеттері. Ал мамам «Қазақстан әйелдерін» алдырады. Мен әуелгіде бұны әйелдер журналы болғаннан кейін онша менсінбейтін едім, сөйтсем нағыз қызық журнал сол екен.

Көштібай маған «Қазақстан әйелдері» журналы мен «Қазақстан пионері» газетін ұстата берді.

– Басқа газеттер келген жоқ па?

– Жоқ.

Есік алдындағы орындыққа отыра қалып, әуелі «Қазақстан пионеріне» көз жүгірте бастадым. Менің газетті соңғы бетінен бастап оқитын әдетім бар (басқалар да сөйтетін шығар деймін). Өйткені қызықты әнгіме, фельетондар, сықақ өлеңдер соңғы бетке басылады. Бұдан соң үшінші, екінші беттерге аудиомагнитофон аудио кассетасын жазылғанын тақырыбын оқып-ақ біліп аламын.

Осыған қарап мен газет шығарып отырған

құрметті ағайлар оқушының мұддесін ескере бермей ме деп ойлаймын. Әйтпесе газеттің ең соңғы бетіндегі материалдарды бірінші бетіне, ал бірінші беттегіні ең соңғы бетіне басса, қандай тамаша болар еді. Газетті алған бетте төңкеріп әуреленіп жатпас едің. «Қазақстан пионерінің» соңғы беті мені біраз бөгеп қалды. Аты мәлім. С.С. дейтін балалар жазушысының «Көркейген көшелер» дейтін әңгімесі басылыпты. Атына қарағанда және суреттерінің аңғартуынша балалардың көшеге ағаш отырғызыу айтылатын тәрізді. Иә, маңызды тақырып, керек тақырып. «Көркейтейік көшениң» дейтін менің бұл тақырыпқа жазылған өлеңім бар.

Тағы бір сырқақ өлең, жұмбақтар, қытай халқының әзілдері басылған еken. Одан соң кейін қарай сырғып, келесі бетке (газеттің үшінші бетіне) ауystым. Жоғарыдағы бір сурет көзіме жылы ұшырап барады. Шатырлы үйдің бір пүшпағы, жүк машина, кузов толған, қолдарына айыр-тырма ұстаған жарқын жүзді балалар. Астындағы жазуына көз жүгірте бастадым да, орнынан атып түрегедім жынды адамдай. Сосын ас үйге қарай тұра жүгірдім.

– Эже, ау әже!

– О, не?

– Қарашы, газетке менің суретім шығыпты. Қарашы. Міне, мынау ортада тұрған менмін. Міне, міне.

Әжемнің көзі онша жетіңкіремейді.

– Қайсы? Мынау көп адам тәрізді ғой жыптыраған.

– Мен мынау...ең алда тұрмын ғой қасқая қарап. Осы менмін. Дәл өзім.

– Басқалар кім?

– Өзіміздің балалар. Мынау міне, Темір, мы-

нау қолына тырма ұстаган Батырбек, мынау басы қылтиып түрған Жантас... Көрдініз бе. «Жана өмір» колхозы жеті жылдық мектебінің оқушылары жазғы демалыстарында артель шаруашылығына айтулы көмек тигізді. Суретте колхоздың шөп шабу науқанында үлгілі еңбек еткен бір топ оқушы...»

Ім...м...м...суреттің астындағы жазуды әжеме да-уыстап ақырып оқып берсем де, кенет тілімді тістеп алғандай болдым. «Мәссаған! Мен бұның байыбына бармай, мақтан көріп жатырмын. Ұят-ай! Қандай үят іс болған! Шөп шабыс науқанына мен қашан қатыстым? Қашан үлгілі еңбек еттім?». Өлімнен үят күшті деп бекер айтылмаған ғой. Осы оймен қабаттасып, бетіме қаным теуіп шыққанын сезінемін. Суретке қайта қараймын, сол қалпы. Бәрін бір өзі тындырғандай қақ ортада қасқиған баяғы Қожа. Батырыңың ойына түк кіріп шықсашы. Танауы деддиіп, көріндер мені дегендей кеудесін алға то-сып, қасындағы басқа балалардан өрескел түр. Әй, сығыр, өзімнің де онатын қылышым жоқ қой. Тым құрыса, бір жақ шетіне таман қағаберіс тұрсамшы. Кимелеп алға шығатын не әкемнің құны бар десенші. Қысылғаннан мандайымнан бүрк етіп, тер шығып кетті. Енді балалар басы Жантас қу болып, мені құлкі ететін болды.

Кенет басымда қуанышты бір ой жалт ете қалды. Ура! Ақыл табылды. Суреттің астындағы жазуын сиямен танылмластай етіп, өшіріп тастаймын. Соңан соң құйынша зырлап, бүкіл ауылды аралап көрсетіп шығуға болады. Тфу, неткен ақымақпын. Газет осы бір ғана дана болып шығып па екен? Қазір оны балалардың бәрі алып, оқып жатқан шығар.

Айтып, айтпай не керек, осы сурет мені талай

тәлкекке жем қылды. Бірақ біраздан соң мен де мойымайтын болып алдым. Балаларға: «бәлем, енді мені жазда колхозда жұмыс істеген жоқ деп, айтып көріңдерші. Айта алмайсыңдар. Менің жұмыс істегеніме «Қазақстан пионерінің» өзі куә», деп кеудемді қағамын.

Республика жүртшылығына мен осылай таныладым.

### **менін Жантасты құйрыкка бір тебуімнін жай-жапсары айтылады**

Бүгін сентябрьдің бірі. Парадтағы солдаттай жаңа формамды қатып киініп, мектепке келе жатырмын. Қолымда су жаңа сары портфель, мойнымда желбіреген қызыл галстук. Кепкамның қалай тұрғаны тәуір болар екен деп өлгінде айна алдында бірталай машақат шегіп, ақыры оң жақ шекеме таман сырғытып киіп едім. Соны байқамаққа көлеңкеме көз қызығымды салып қоям. Көлеңкем үп-үзын болып, созыла түсіп, қалмай келе жатыр. Оның бір аяғы екінші аяғынан қысқа. Кепкамның сиқы да пәлендей әсерлі емес, төбесі қодырайып шығып кеткен.

Әне, алдымда Жанар үйі көрінді. Жүргегім лүпілдеп бүлкүна соғып кеткендей болды. Жанар мектепке кетті ме екен, кетпеді ме екен. Бұл үйдің алдынан үкімет басшылары тұрған трибуналың қасынан өткендей кеудемді кере түсіп, сіресіп өтіп барам. Қайдан білейін, мүмкін терезеден Жанар қарап тұрған шығар. Жок, көз қызығымды тастап байқаймын, Жанардың қарасы көрінбейді.

Алдымдағы көлденен қөшеден папка қолтықтаған ақ көйлекті бір қыз шыға келді. Майқанова. Ойламаған жерден кездескен соң абдырап қалдым. Құзге дейін кім бар, кім жоқ деп, елемей кететін оқу

жылының аяғы емес. Басымдағы кепкамды жұлып алып амандастым.

– Сәлеметсіз бе, тәтей.

– Қалай Қадыров, жақсы демалдың ба, – деп сүрады Майқанова.

Ішім қылп ете қалды. Қазір ол Сұлтан екеуміздің жайлаудағы масқара қылықтарымыз жайлыштын шығар.

– Жаман емес, – деп күмілжідім.

– Сен жазда қайда болдың?

– Жайлауда болдым.

– Бәсе, жайлаудан келгенің көрініп-ақ түр. Құнғе жақсы күйіпсін, – Майқанова құле сөйлеп, – нағыз Қара Қожа енді болыпсын, – деді.

«Үх» деп демімді шығарғандай болдым. Майқанова ештеңе сезбейтін тәрізді.

Мен онымен қатарласып келе жатып, өзімнің мықты өсіп кеткенімді байқадым. Бойым Майқанованың бойымен деңгейлесіп қалыпты. Элде Майқанова аласарып кетті ме? Жоқ, мүмкін емес. Қайта оның қазіргі киіп келе жатқаны биік өкше туфли. Жіңішке қисық аяқтары майман-маймаң етіп, көйлегінің етегі сирағына оралғыштап келеді.

Мектепке кірдім. Бірінші кластан бастап оқып келе жатқан осы мектеп маған туған анамдай ыстық та бауырмал. Жаңадан сырланған мұнтаздай еден, терезе жадырап күліп түрған тәрізді. Мынау біздің класс, әлі ешкім келе қоймаған түрі бар. Орынды қай жерден алсам екен деп, біраз ойланып түрдым. Мұғалімнің қарсы алдына отырсам, қалай болады? Жоқ, одан да ең арты тиімді. Сабак зеріктіріп жібергенде, партаны ашып қойып, кітап оқып

отыруыңа немесе өлең жазуыңа болады. Бірақ, әдетте, артқы парталарға сабакты нашар үлгеретін балалар өүес келеді. Өзіне сенімі күштілер қасқайып алда отырады. Немене, мен солардан кеммін бе? Ең алға, мұғаліммен бетпе-бет отырайын деген шешімге келдім.

Менің ендігі күткенім Жантастың, (тфу, бұл оңбағанның аты аузыма қалай түсіп кетті) Жанардың келуі. Қасымдағы орынды оған ұсынбақпын. Сосын жыл бойы Жанар екеуміз қатар отырамыз.

Балалар біртін-біртін келіп, кіріп жатыр. Жанар жоқ. Есік алдынан қыздардың үні естілсе, сол шығар деп ойлап қалам. Бірақ ол болмайды.

Бір кезде Жантас оңбаған кіріп келді. Оның үстінде де жаңа форма, көрдіңдер ме дегендей аяғын ширатыла басады. Жантас қолын көтеріп:

– Сәлем еңбек еріне! – деді. «Қазақстан пионеріне» суретім басылғалы бері ол мені өстіп тәлекек етуді шығарған. – Қасың бос па, Қара Көже.

Кекесін дауыспен:

– Саған сақтап отырмын, – дедім.  
– Қамқорлығыңа рахмет! – деп Жантасым елпендей келеді. Партаның шетіне қарай сырғып, тосқауылдай қалдым.

– Бос емес.

– Кім бар мұнда?

– Түсінемісің қазақша айтқанды. Бос емес.

– Жанарға сақтап отырмысың.

Ал енді, қымбатты оқушым, кінәласаң кінәла, кінәламасаң өзің біл, мен өзімді бұдан әрі ұстай алмадым. Жантастың шақпа тілі бір ғана сәттің ішінде мені үш рет түйреп үлгерді. «Еңбек ері» деп, бір көкітті. Оның артынша «Қара Көже» деп, атым-

ды тәлкек етті. Жанарды және қыстырып отыр. Зығырданым қайнап кеткені соншалық, орнынан үшіп түрегелдім де, Жантасты иығынан ұстап, жалт бұрып, «жұмсақ жеріне» әдемілеп бір тептім.

Койсанышы, еркек болғаны құрсын да Жантастың. Маған біреу әлгіндей істесе, әлім келсін-келмесін сол арада қолында өлем. Сондай бір ашынғандық Жантастан да шығар деп ойладап едім. Мен онда бәлемнің түте-түтесін шығарып, жеп жіберуім қақ еді. Бірақ Жантас өйтпеді, сазарып үндемей қалды. Бар тіс жарып айтқаны:

– Мен ойнап айтсам... – дейді. Байғұстың дауысы да бір түрлі бейшараланып шықты. Қайрат, қарсылықтан жүрдай еді.

Осы кезде класқа Жанар кіріп келді. Басында маған ғажап ұнайтын қызыл береткасы. Менің онымен мынадай әбігер халде тұрып, амандасуға да мұршам келмеді. Жанар орта шендерінен басқа бір партага отырғалы жатыр.

Онбаған Жантастың кесірінен жоспарым құлталқан болды.

## ОҢ АЛТЫНШЫ ТАРАУДА

**Сұлтан екеуміздің кайта табысып, татуласуымыз,  
Карасудан балық аулауымыз сөз болады. Тарадын  
аяғы**

**сергтесүмен тынады**

Мен Сұлтанды жайлаудан келгелі бері көргенім жоқ. Қайда екенін де білмеймін. Төңіректің төрт бұрышының Сұлтекене бәрі мекен, бәрі өріс. Бірді бірге ұрып, жүрген болар жосылтып.

Әй, Сұлтан, Сұлтан. Сенің бойында кісі қызығарлық өнер-қабілеттер толып жатыр-ау. Асауға шалманы қалай дәл тастайсың. Неше саққа жүгіртіп, құйқылжытып, қалай тамаша ыскырасың. Бие сауғанда шөпілдетіп жібересің. Жолдасыңа қоң етінді ойып беруден тартынбайтын батылсың да, жомартсың. Бірақ арамдығың да бар: өтірік айтасың, ұрлық істейсің. Егер оқуды тастамасан, әлгі айтылған лас қылықтарыңдан ада болсан, сенен түбінде жаман азамат шықпас еді.

Менің Сұлтан жөніндегі пікірім осындей.

Сұлтанды мен жиі ойлаймын. Одан ажырасқалы бері өзімді жартыкеш қалғандай, бірденем жетіспейтіндей сезінемін. Ал Сұлтекенің қасында уақыттың қалай зымырап өткені білінбеуші еді.

Бір күні мен мектептен қайтып келе жаттым. Қора бұрышын айнала бергенім сол еді, бір ит оқыстан «ыр-р-р» деп, ала кеп түсті тақымымнан. Баж етіп,

артыма жалт бұрылдым. Қарасам, ит түгіл сайтан да жоқ, шидің түбінен сылқ-сылқ күліп, Сұлтан шығып келеді!

– Ой, мықтап бір қатырдым-ау, Қара Көже. Нағыз сұжүректің өзі екенсің ғой. Үйге барып, тезірек шалбарынды ауыстыр. Ха-ха!

Мен Сұлтаннан мұндай көнілді келісті күтпеп едім. Жайлаудағы тойда оны Жұмағұлға ұстатып бермек болған «опасыздық» қылышынан кейін ол маған тісін басып жүрген шығар, бір ыңғайын тауып, бәлем, әкемді танытар ме еken деп, қауіптенетін едім. Жоқ олай емес, бұрынғы жолдастырымыз сол бәз-баяғы қаз-қалпынан бұзылмағандай, қаймағы шайқалмағандай. Сұлтаным құлкіге шашалып, сықылықтап тұр. Ренінен жаулық ойлағандай ештеңе танылмайды. Бұны көріп, мен бойымды тез жинап ала қойдым. Сұлтанға көнілімде дық сақтап жүрген адамдай өнімді сүйкә салып:

– Сен менен аулақ жүр, – дедім.

– Не боп қалды, Қара Көже?

– Анада мені неге тастап қашып кеттің? Соның адамгершілікке жата ма?

– Жә, жә, Қара Көже. Соны әлі үмітпай жүрмісің? Жұмағұмен мен есептестім. Оған мынау деген әдемі күміс темекі сауыт апарып бердім. Бері қара, одан да сен қазір балыққа баrasың ба, соны айт. Сонау жоғарыдағы Киікбайдың өткелі тұсынан ар жақтан мен ғажап бір қара су таптым. Балық деген саған өтірік, маған шын, бықып жүр. Бардық болды, сүзіп аламыз.

– Торың бар ма?

– Диірменші Иванның торын аламыз. Ол менің досым, береді.

Балық аулау тәрізді жаным құмар істен бас тартуға маған қын еді.

– Жарайды, мен тамақтанып алайын, – дедім.

Сұлтан қанжырдай бір тор атты біздің қораға кіргізіп байлап қойыпты. Соған баяғыша екі ерді ерттедік те, мінгесіп алып, тартып отырдық. Шіркін, рахат-ау ат үсті. Еңсем көтеріліп, көңілім бірден гүл-гүл жайнап кеткендей болды. Жолдан диірменге соқтық. Диірменші Иван қарт Сұлтанмен шұрқырап көрісті. Екеудің темекі тартысып, бір-бірінен жаңалықтар сұрасып, жетісіп қалды.

– Сіз бізге ауынды беріңізші. Балық аулайық деп едік, – деді Сұлтан. Иван ләм-лим деп қарсы бір ауыз сөз айтпады.

– Ау, әне, үйдің үстінде тұр. Ала бер, – деді.

Ауды алып ап, әрмен қарай жөнелдік. Қалың тоғайдың ішіндегі ескі сүрлеумен сыпсыладып келеміз. Кей жерлерден бөстектей үйысып бұлдірген сабактары ұшырасады. Сол сабактардың ара-ара-сынан қып-қызыл боп, маржандай жылт-жылт етіп, бұлдіргеннің өзі көрініп қалады. Түсе қап, теріп жегім келіп, аузымның суы құрып кетеді. Бірақ оған Сұлтан көнбейді, оның жаны балыққа жетпей жай табар емес.

Сұлтан айтқан қара су жыныс тоғайдың ішінде екен. Арнасы шұнғыл, тор салуға қолайлы. Атты анадай жерге талға байлап қойдық та, өзіміз жаяулап, аяғымыздың ұшынан басып келдік. Бықып жүрген балығы қайсы деп енкейіп, мой-нымды созып қараймын. Сол кезде Сұлтан «кис!» деп, пробка тәрізді серіппелі жағаны бір теуіп қалып еді, кілең бір үп-ұзын қара балық өріп шыға келді. Зу-зу етіп, жоғары-төмен

безіп-безіп барады.

– Ту! Көбін-ай балықтың! – дед айқайлас жіберіппін.

– Тс-с-с, айғайлама! – деді Сұлтан.

Екеуіміз тепе-тез шешіндік те, қара судың аяқ жағынан бастап сүзуге кірістік. Маған Сұлтекен бір қылтаға торды ұстасып қойды. Өзі ұзын ашабас шыбықпен судың астан-кестенін шығарып, күмпілдегі келеді.

– Көтер!

Ботала-топан лай судың ішінен торды жалма-жан тік көтеріп алдым да, ап-ауыр күйінде көгалдың үстіне сүйретіп тастай бердім. Бірін-бірі сабалап шоршақтаған көп балық шүпірлеп үйіліп түсті.

– Ура!

Қара судың басы онша алыс емес, төбешіктенген саздан шығады екен. Бас-аяғы бір сағаттай уақыттың ішінде сүзе-сүзе көмейіне жеттік. Ұстаған балығымыз бір шемеле болды.

Енді міне, Сұлтан екеуміз пейіштің нақ төрінен орын алғандай отты маздатып жағып тастап, жетісіп балық пісіріп жеп отырмыз. Нан, тұз, балық асып жейтін ыдыс ала келмегенімізге өкінеміз. Сұлтекен кепканы теріс айналдырып киіп алған. Бір жақ қабырғасы қап-қара болып, қарылып піскен ыстық балықты қүйелеш-қүйелеш ұртына жөнелтіп жатып:

– Қара Көже, айтшы, осылай өмір сүрген жаман ба, – деді. Мен ойымдағыны айттым:

– Рақат, нағыз рақат.

– Ендеше, оқу оқып не азабым бар. Таста оқуды.

– Онда мені мамам өлтіреді.

– Өлтірмей қалсын. Kіci өлтірудің оңайын-ай, ә. Бұрнағы жылы жәкем де маған: оқуды тастайтын

болсаң, жота терінен таспа тілмесем неғылсын, онда екі қолымды төбеме қойып беземін сенен деп, ант су ішуші еді. Сол да түк істеген жоқ қой. Белбеуімен жотама екі осқанда, ойбай-ай, бұйтіп, өмір сүргенше, суға ағып өлейін деп, өзенге қарай тұра жүгіріп ем, екі көзі шарасынан шығып, өзінің зәресі ұшты. Артымнан қуып жетіп, құшағына алып: оқымасаң оқымай-ақ қой, әйтеуір, тірі жүр қу жалғыз деп, аймалап, сүйіп, үйге әкелді. Ал егер мамаң саған қол тигізетін болса, онда милицияның тура өзіне жүгір. Баланы ата-анасы ұрсын деген заң жоқ бізде. Бұл үшін олардың көкесін танытып жібереді.

«Мамам мені өлтіреді» дегенім, әрине, жай сөзім. Мүмкін, сәби кезімде ұрса, ұрған шығар. Бірақ ес білгелі ол маған қол тигізіп көрген емес. Қандай реніші болса да сөзбен айтады, қас-қабағымен білдіреді. Қымс етсе, «әй тоқмаш жейсің», «тоқмаш берем!» деп күш көрсететін ол әжемнің әдеті ғой. Бірақ оның «тоқмашы» да жапырайған аузынан ұзап көрген емес.

Оқуды тастау менің пәреуейімде жоқ нәрсе.

– Жоқ, мен оқуды тастай алмаймын, – дедім үзілді-кесілді.

– Оның да дұрыс екен, – деп иланды Сұлтан.  
– Сен оқуды тастасаң, маған ілесіп таstadtы деп, екеумізді бірдей құдалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бірі болып шығарсың. Сонда маған шапағатың тиер. Машинаңды бере тұршы деп барсам, қалайша бермейсін.

– Мен бастық болмаймын, – дедім.

– Енді кім боласың?

Мен өзімнің үлкейгенде жазушы болатындығыма қаміл сенемін. Бірақ тап қазір Сұлтанға немесе басқа біреуге солай деп айтып көрші, – жатып кеп келеке қылады.

– Кім болатындығымды өзім білемін.

Біраз қаужаңдап әлденіп алғаннан кейін Сұлтан екеуміз балықтарды соя бастадық. Құн кешкіріп, тоғай ішін көлеңке басып кетті. Ұзындаған біз тұмсық сармасалар көбейді. Балықтың ішін жарып жіберген бетте Сұлтан оның торсылдағын алғып, тарс еткізіп, маңдайына бірді соғып қалады. Өстіп-өстіп оның маңдайы сап-сары ала болып боялды.

Сұлтан кенет:

– Қара Көже, қарақшы болғың келе ме? – деп сұрады.

– Қайтіп?

– Осы араның бір жерінен көрінбейтін етіп күркे жасап аламыз. Балықты мол етіп кептіріп жайып та-стаймыз. Кейде мүмкін, жолға шығып, кісі тонаймыз. Бұрынғы қарақшылар қайтіп өмір сүрсе, біз де сөйтеміз.

– Біздің ыдыс-аяқ, мылтық ештеңеміз де жоқ қой?

– Оның бәрін үйден әкеліп аламыз, – деді Сұлтан.

– Бұл бір керемет болар еді ғой.

– Мен оқуды қайтемін?

– Оқуынды оқи бер. Біз күндіз емес, тұнде қарақшылық істейміз.

Сұлтанның идеясы мені қызықтырып жіберді. Иә, бұл шынында да, ғажап болар еді-ау. Шіркін, бір тұнде Жанарды да үрлап әкелер едік. Ол бізге ас пісіріп, кірімізді жуып берер еді.

Балықтарды соғып болғаннан кейін әдемілеп

тұрып шыбыққа тіздік. Содан кейін маңайдан құрке жасайтын ынғайлы жер іздей бастадық. Ондай ынғайлы жер судын дәл жағасынан табыла кетті. Ит тұмсығы батпайтын жыныс көк талдың арасы. Талдың желкілдеген үштарын шырмап, айнала тоқып тастап едік, іші үядай ғана өдемі қуыс пайда болды. Оның оймақтай аузынан бір кісі еңбектеп әзер сияды.

Үңгірге Сұлтан рақаттанып қарап тұрып:

– Қараши, Қара Көже, тамаша емес пе. Бұл арада жүз жыл тұрсан да, төбеңнен дәл келіп түспейінше, жан адам таба ала ма? – дейді.

– Таба алмай қалсын. Тіпті дәл келіп түскен адамның өзі бұның асты қуыс деп еш ойламайды.

– Қатып кетті.

– Өмір деп, міне осыны айт. Мылтық әкелеміз. Менің келіскең финкам бар, оны әкелеміз. Ех, Қара Көже. Өмір бойы көрмеген рақатыңды көрсететін болдым-ау. Бірақ, Қара Көже, біз мынаған келісейік: ендігәрі бір-бірімізге жаздағыдай опасыздық істемейік. Шын адал дос болайық. Қарақшылар бірі үшін бірі жанын қиоға тиіс. Кәне, әкел қолыңды!

Сұлтан екеуміз қол алыстық, шынашақ ілмелестірдік. Сұлтан оны сол қолының алақанымен қырынан бір қойып үзді де:

– Тоқта, біткен жок, – деп шөпшек ағашпен жерге дөңгелек сыза бастады.

– Бұл не?

– Бұл қызыл ошақ. Кім де кім сертті бұзатын болса, о дүниеде дозақта шыжкырылады.

Дөңгелектің ортасын айқастыра Сұлтан сзықтар жүргізді. Соңан соң етпетінен жата қалып, сол сзықтардың түйіскең жеріне маңайын тигізді. Бұл ырымды мен де істедім.

## ОН ЖЕТИНШІ ТАРАУДА

**жан сезім құбылысының әр окушының басында  
кездесуі ықтимал бір сәтті кезі сипатталады**

Кешегі күні бойғы әрекеттен кейін түяқ серіппей қатып үйиқтап қалыптын. Әжем жұлқылап оятты.

– Қожа, Қожатай. Әкем-ау, сен бүгін сабағыңа бармаушы ма едің?

Көзімді ашып алып, қабырға сағатына қарасам, сегізге он бес-ақ минут қалған еken. Атып түрегеліп, тез киіндім де, беті-қолымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тік тұрған күйде қотара салдым. Кеше титықтап келіп, сабақ қарауға мұршам болмап еді. Бүгінгі болатын пәндерді сумкама асығыс салып алдым да, мектепке жүгірдім.

Қоңырау соғылып кетіпті. Бірінші сабақ орыс тілі болатын. Анфиса Михайловна класқа жаңа кіріп барады еken, тасырлатып жүгіріп келе жатқан мені көріп, тоқтай қалды. Мұғалімдердің ішінде бұл өзі алтын адам. Былтыр біздің мектепке педучилищені бітіріп келген. Жазда барып, институтқа сырттай окуға түсіпти.

– Қадыров, немене, үйиқтап қалғансың ба? Тоқта, галстугінді түзе.

Омырауымды сипалап таппаған галстугім, сөйтсем, иығыма шығып кеткен еken. Бұрып әкеп, орнына қойдым да, зып беріп, класқа кірдім. Бала-лар дүр етіп түрегелді. Маған емес, әрине, артымда

келе жатқан оқытушыға құрмет көрсеткендері ғой. Бірақ мен оны басқаша қабылдадым. Бір секундқа кідіріп, мұрнымды көкке шүйіріп, маңғаздана қалдым да, қолымды қеудеме қойып, тәжім еттім. Бұным балалардың құрметіне сыпайыгершілікпен қайтарылған жауап болды да шықты. Балалар ду күліп жіберді. Анфиса Михайловнаның қас-қабағын андамаққа, артыма жалт бұрылып қарап едім, оның құлімсіреген жүзін көрдім. «Әй, Қадыров, шығармайтының жоқ-ау» дегендей Анфиса Михайловна жымысып, басын шайқап қойды.

Адам жаңын ол керемет түсінеді.

Мақтанғаным емес, кластағы орыс тілін тәуір біледі дейтін оқушының бірі менмін. Өткен жылдың барлық тоқсанында да бұл пәннен ауызша, жазуша ылғи «бестік» бағалар алдым.

Анфиса Михайловнаның мені тәуір көретіндігіне, мүмкін, бұл да себеп шығар.

Жаңа сабакты түсіндіріп болғаннан кейін ол:

– Ал, балалар, Пушкиннің «Қысқы кешін» жаттап келдіңдер ме? – деді.

– Жаттап келдік.

– Тәтей, мен айтайыншы!

– Мен айтам!

– Анфиса Михайловна, менен сұраңыз, – деген дауыстар бірін-бірі баса көктеп, жамырасып кетті.

Сендер дәл осы сәттегі Қожекеннің халін білсөндер етті. Менің кеше сабак қарауға мұршам болды ма? Үйге ел орынға отыра келіп жеттік. Одан кейін Сұлтан ат тұсап келейік деп, жайылымға ертіп барды. Содан соң Хасеннің Мәрзиясын қай жігіт айналдырып жүргенін білеміз деп, ел жатқанға дейін-бостан-босқа Хасеннің үйін торуылдадық.

– Кім айналдырса, сол айналдырысын. Бізге оның керегі қанша? – деймін Сұлтанға.

– Керегі бар, – дейді Сұлтан.

– Не керегі бар?

Жауап беру орнына Сұлтан ауыр күрсінеді.

– Қара Көже, саған бұны түсінуге өлі ерте, – дейді. «Бопты, сен-ақ түсін».

«Қысқы кешті» жаттап келмек түгіл мен ондай тапсырма берілгенін ұмытып та кеткен едім. Есіме мұғалім айтқанда ғана түсіп, бүйірімнің түп жағы қылп ете қалды. «Масқара! Сұрай қалса, масқара болдым-ау!»

Анфиса Михайловна тақтаға шақырып сұрай бастады. Әуелі «Балабекова» деп Жанарды атады. Жанар сабаққа дайындалмай келуші ме еді.

Буря мглою небо кроет,  
Вихри снежные крутя, –

деп бастады да, сыдыртып, тоқталмай айтып шқыты.

– Жарайсың Балабекова, отыр.

Жарайсыңды Жанарға ішімнен мен де айтып жа-тырмын. «Япыр-ай, енді мені шақырып қалмаса игі еді. Жазған басым, кеше осы өлеңді бір жапырақ қағазға көшіріп, балыққа ала кетсем ғой, ерігіп, демалып отырғанда, теп-тез-ақ жаттап алам».

– Тұрсынбаев, – деді мұғалім.

Менің желкемнен қылқып, арт жағымда отыратын Жантас орнынан түрегелді.

– Буря мглою...

– Тақтаға шығып айт.

– Бәрібір емес пе?

Ох, сүмпайы Жантас. Сүмпайысын қарай гөр. Партаның астына кітапты ашып қойып, бір көзі мұғалімде болса, бір көзімен соны сығалап түрмәқшы ғой. Өйтіп көрген күнім құрсын да. Жантастың пасық құлығына жем бола қоятын адам Анфиса Михайловна емес.

– Тәртіп жүрттың бәріне бірдей. Тақтаға шығып айт, – деп ол дегенінен қайтпады.

Жантас мұрнын үқалап, тырп-тырп басып, тақтаға шықты.

– Ал енді айт.

– Буря мглою... – Жантас осыны айтты да, жым болды.

– Даљше?

– Мұғалім, мен жаттамай келіп едім...

– Неге жаттамадың?

– Диірменге барамын деп... уақытым болмай...

Анфиса Михайловна Жантасқа біраз қарап тұрды да:

– Мүмкін, орныңа барып айтатын шығарсың? – деді. Біз ду күліп жібердік.

– Отыр, Тұрсынбаев. Осымен, міне, екінші рет «екілік» баға алып отырсың. Үйге берілген тапсырманы орындаамай келгеніңмен қоймай, құлыққа басып, мұғалімді алдамақ боласың. Бұның жаман. Бұдан былай мұндан қылышыңды маған көрсетпейтін бол. Білсөң, білемін де, білмесөң, білмеймін деп, шыныңды айт.

Сол керек залым Жантас. Кірмегенің қара жер, сауап болды. Біреуді атыстырып, зымияндық ойлағанша, сабағыңды оқысаң болмас па еді.

Бір ойым осылайша Жантасты табалап, жетісіп отырса, екінші ойым төбемнен тас құлауын

күткендей үрейлі халде. «Қазір тақтаға сені шақырса қайтесің? Сен не деп сылтау айтасың. Сұлтан екеуміз балық аулап, қарақшылық өмірдің қамын жасаумен болдық демекшімісің?»

– Жақанов, – деді мұғалім.

Тағы бір қатерден жаным қалғандай «Уһ» деп демімді шығардым. Менің байқауымша, әр мұғалімнің сабак сұрау тәсілі әр түрлі. Мәселен Майқанова тізімнің басынан төмен қарай қуалап сұрайды. Онысы біз үшін рақат. Өзіңе дейін неше оқушы қалғанын, сенен қашан сұрауы мүмкін екенін біліп отырасың.

Ал Анфиса Михайловна өйтпейді. Алфавитті қуаламай, тәртіп сақтамай сұрайды. Қазір тізімнің басындағы біреуді атаса, одан соң соңғы жағынан біреуді атайды. Бүгін сұраған адамнан ертең тағы да сұрауы мүмкін. Қысқасы, ол кімнен сұрағысы келеді, содан сұрайды. Оның ой-пиғылын құні ілгері андау мүмкін емес.

Меніңдігі бір үмітартқаным қонырау үні болды. Шіркін-ай, сол сыңғырлап қоя берсе, жаным қалар еді-ау. Келесі жолы «Қысқы кешті» қатырып жаттап келіп, бірінші болып айтар едім. Әне, мұғалімдер бөлмесінің есігі ашылғандай болды. Дәу де болса, бұл шыққан кезекші әйел. Жұдырықтай ғана сүйкімді сары жез қонырау соның қолында. Қазір сыңғырлап қоя береді.

Жоқ, бұл шыққан кезекші емес көрінеді. Басқа біреу болды. Япыр-ай, қырық бес минут үақыт ендігі өтсе керек еді ғой. Бұл мұнша неғып созылып кетті? Әлде кезекші әйел тысқа шығып кетіп, біреумен сөйлесіп, тұрып қалды ма? Әне қонырау... Жоқ, бұл арба екен өтіп бара жатқан.

Жақанов та зулатып айтып шықты. Бұның бәрі бүгін тез айтқыш болып кеткен екен. Мұғалім еңкейіп, оған баға қойып жатыр. Жаңым қылпылдарап тырнағымның ұшына келді. «Енді кімді шақырап екен?»

– Қадыров...

Төбемнен шатыр етіп, жай түскендей болды. Не істерімді білмеген меніреу халде орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бүрқ етіп, сұық терім шығып кетті. Ох, шіркін-ай. Адам өмірінде сыпаттап айтуға тілің жетпейтін неше алуан бақытты минуттар бола береді-ау. Соның бірін мен дәл осы сәтте бастан кештім. Мен ләм деп үлгергенше, дәлізден қоңырау үні сыңғырлап қоя бергені. «Уh».

– Жарайды. Отыр Қадыров. Сенен басқа жолы сұраймын, – деді Анфиса Михайловна.

Буын-буынымнан әл кетіп, орныма сылқ ете қалдым.

## *повестегі ен кішкентай тарау*

Мектептен келе жатып Сұлтанды көрдім. Біздің қашаға сүйеніп, қолына бұқтеп ұстаған дырау қамшыны етегіне ұрғыштап, тықыршып, менің жолымды тосып түр еken. «Жоқ, тоғайға бүгін бармаймын, – деген ойға келдім. – Сабак оқимын. Ертең «Қысқы кешті» жаттап баруым керек. Одан басқа да тапсырмалар толып жатыр».

- Қара Көже, таста кітабыңды. Кеттік.
- Мен бүгін бара алмаймын.
- Неге?
- Сабакқа дайындаламын. Үйге тапсырманы сондай көп берді.
- Ой, Қара Көже. Сол да сөз бе еken. Жүрші, мен саған не әкелгенімді көрсетейін. – Сұлтан мені қораға ертіп кірді. Тор ат байлаулы түр. Жепжеңіл бұктеме шиті мылтық ердің қасында ілулі түр. Тенкіген былғары қоржынның екі басы толы картоп, нан. Қанжығада дөңгелек қара шелекше. – Міне, не керектің бәрін тауып әкелдім. Оқ дегенің жетеді. – Сұлтан қалтасынан шүпілдеген бір қорап оқ алып көрсетті. – елу оқ. Тағы біреу жұз оқ тауып берем деп уәде қылды.

Мен солқылдай бастады. Мынаның бәрін көре тұрып қалайша солқылдамассын.

- Онда біз кешке ертерек қайтып келейік. Мен

үйге берілген тапсырмаларды орындауым керек.

– Жарайды, орындарсың.

Тор аттың сып-сып еткен аяқымен тоғай ішіне келіп кірдік. Қоян, қырғауыл көрінсе атпақшы болып, Сұлтан мылтығын оқтап, дайын ұстап келеді. Бірақ, сауысқаннан басқа ештеңе кездесе қоймады. Сұлтан екеуміз кезектесіп ат үстінен сауысқан атқылай бастадық. Тигізе алмадық.

Мынау, міне, кешегі балық аулаған қара суымыз. Аттан түсіп, тал үңгірімізге кірдік. Торымыз бен ұстаған балығымыздың барлығын кеше осында қалдырып кеткенбіз. Мәссаған, талға тізіп қойған балығымызды қи-сыпыр етіп, бір нәрсе түгін қалдырмай жеп кетіпті. Бас сүйектер мен қылтанақтың жұғын-жұрнағы ғана шашылып жатыр. Не жеуі мүмкін? Ит пе, құс па? Қасқыр ма, тұлқі ме? Басымызды қанша қатырып ойласақ та, байыбына бара алмадық. Әйтеуір адам алмағаны ақиқат. Адам бүйтіп, бүкіл балықты шикілей жемеген болар еді және ол торды да қоса әкетер еді. Ойламаған жерден жолыққан бұл жағдай бізді секемдендіре түсті.

Шешініп тастап, тағы да тор сала бастадық. Міне қызық, кешегі өріп жүрген көп балық бүгін көрінбейді. Азайып қалғаны ма, жоқ әлде басқа жаққа ауып кетті ме? Еңбегіміз жанбады ма, мардымсыз азғантай ғана балық ұстадық. Бірақ оның рақаты кешегіден артық болмаса, кем болған жоқ. Жылымсыған тұzsыз құр балықты отқа пісіріп жегендей емес, картоп турал, қатырып сорпа жасап іштік.

– Балық болса, жоқ. Енді не күн көреміз? – дедім Сұлтанға.

– Қоян, қырғауыл аулаймыз.

– Ол да жоқ қой.  
– Неге жоқ. Осы төғайдың арасы толған қоян мен қырғауыл. Тіпті елік те бар. Бірақ оларды не таң азаннан, әйтпесе кешкі салқында жайылымға шыққанда аулау керек. Құндіз олар қыбыр етпей бұта-бұтаның түбінде, шіліктің арасында жатып алады.

Біз мынаған келістік: ертең күн – сенбі. Төсеніп-жамылатын бірденелерімізді алып, қонуға осында келеміз. Түней жатып, кешінде төғайдан аң аулаймыз. Түнде қара жолға шығып, қарақшылық істейміз – жүргіншілерді тонаймыз.

– Келістік қой?

– Келістік.

## ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУДЫ

### *бір сөзбен «қызғаныш» деп атаса да болар еді*

Майқанова науқастанып қалыпты, сабағы болмады. Бұған, әрине, біз пәлендей қайғыра қойған жоқпыз. Қайта жек көретін мүғалім ауырып, сабакқа келмей қалса, балаларда одан үлкен қуаныш бар ма? Кластың іші мәз-мейрам улап-шулаған дауысқа толып кетті. Добымызды алып, дүркіреп, волейбол алаңына қарай жүгірдік. Класта бірімен-бірі бақас екі команда бар. Орын-орнымызға тұра қалдық та, ойынды дереу бастап жібердік.

Егер сенбесендер, келіп көрулеріңе болады, мен волейболды жаман ойнамаймын. Ал бұл жолы ерекше бір шабытпен ойнадым. Талай қыңыр до-птарды қыырдан қағып алып, жалт-жұлт етіп, жан таптай жүрмін. Мүмкін, тобымен келіп, біздің ойынымызға қыздар қарап түрғандықтан осылай шығар. Жанардың алдында нашар ойнауға менің қандай қақым бар? Кейбір шебер қымылдарым өзге түгіл өзімізді де сүйіндіреді. Бір рет қын бір допты жығылып жатып алғанымды қайтерсін. Етпетімнен төрт тағандап дік ете қалдым, бірак, до-пты аспандата қағып та үлгердім.

- Өй, жарайсың.
  - Өлме, Қара Қожа!
  - Молодец! – деген дауыстар жамырап кетті.
- Орныман лып етіп, тез түрегелдім де, қыздар

жаққа көз салдым. Олар да мәз. Жанар... Япыр-ау, Жанар қайда? Мыналадың ішінде Жанар жоқ қой. Бағанадан бері мен Жанар қарап түр екен деп, жа-нымды пида етіп ойнап жүрсем...

– Сегіз де – сегіз. Тепе-тен. Допты оң жақ береді.

Доп беру менің кезегім екен. Аяқ астынан еңсемді әлдеқандай көңілсіздік басты да, қалай болса, со-лай ұра салдым. Доп торға барып тиді.

– Өй, саған не болды?

– Не қара басты, Қара Көже?

– Мұның не-ей. Аш өзегіңе түсіп кетті ме?

– Қолымнан шығып кетті, – деп сылтаураттым.

Біздің команда ұтылып қалды.

– Мен ойнамаймын, – дедім. Орныма жүгіріп ба-рып, басқа бір бала тұра қалды.

Жанар қайда? Оның класта орнынан тапжыл-май кітап оқып отыратын бір әдеті болушы еді. Қолымның шаңын шарт-шұрт қағып, мектепке қарай бет алдым. Кластарда сабак жүріп жатыр. Жетінші кластың есігі сәл ашық түр екен. Тарихшы Оспановтың дауысы саңқылдап естіледі. «Аз ұлттар тенденсік алғысы, өздерінің ұлттық қасиеттерін сақтап қалғысы келсе, бірігулері керек. Қорқау империали-стер онсыз олардың дыбысын да шығармайды..»

Өзіміздің класқа кірдім. Кірдім де, сілейіп тұрып қалдым. Көргенімнен де менің мұны көрмегенім артық еді ғой. Класта Жанар мен Жантас екеуі ғана отыр. Басқа ешкім жоқ. Отырғанда жайдан жай отырған жоқ. Бір партада – Жанардың партасын-да біріне-бірі тақала түсіп, әлдеқандай бір суретті журнал оқып отыр. Беріліп оқып отырғандары соншалық, бастары түйісіп кеткен. Маған бір-бір көз тастады да, екеуі өздерімен өздері бола берді.

Оқып отырған Жантас еді.

– Не оқып отырсыңдар? – деп мен қастарына келдім. Назар аудармайды. Көзімді салып байқасам, олардың мұнша қадалып отырғандары чех саяхатшылары Зигмунд пен Ганзелктің Африка туралы жазған очерктері еken. Барын салып, мәнерлеп, құбылтып оқиды Жантас қу. Жанар оны үйип тыңдалап отыр.

Не істерімді білмей, сілейіп тұрдым да қалдым. Ішімде әлдеқандай бір отты құйын көтерілгендей болды. Мен Жанармен бір де бір бұлай отырып көрген жоқпын. Неткен ақымақпын десенші, сабақ болмай қалғанда, өстіп қызық бір журнал тауып әкеліп, Жанарға оқып беру бұған дейін ойыма неге келмеді еken. Жантастың қуын...

– Жүр, волейбол ойнаймыз, – деп Жантасты иығынан жұлқыдым. Сол кезде Жанар шытына қарап:

– Қожа, бөгет жасамашы, – дегені бар емес пе. Мәссаған керек болса. Мен оның аузынан осындағы сөз естімін деп ойлад па едім. Төбемнен ыстық су құйып жібергендей жидіп түстім.

Өз орныма бардым. Портфелімді алып, ақтара бағыттадым. Не іздегенімді өзім де білмеймін. Журегім дүрс-дүрс етіп, қабына соғады. Мисызыбын-ау, ми-сызыбын! Ештене ойлад табуды білмеймін. Қашан да басқалардың ісіне қызығып, қызғанып тұрам. Менің де басым жұмыс істейтін заман болар ма еken, болмас па еken.

Портфелімді орнына қайта қойып, сыртқа шығып бара жатырымyn. Жанар мен Жантас әдейі қарамауда, оларға мен де назар аудармауға тырыстым. Дегенмен, есіктен шыға беріп, көз қиығымды

бір тастап өттім. Дәл осы минутта Жанардың да маған қабағының астымен сүзіле қарап қалғанын аңғардым. Көздеріміз бір сәтке түйісіп өтті. Қателеспесем Жанар күлімсіреген тәрізді болды. Маған күлімсіреді ме, әлде тыңдалып отырған очерктің қызығына елтіді ме. О жағын мен талдап, пайымдай алған жоқпын. Жанар күлімсірегенде, мен ашу шақырып, қабақ шытқандай бір қыр таныттым да, есікten сыздалап, тығылып шығып кеттім.

## ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУДА

### *екі нәрсенің жазудың киындығы айтылады*

Жоқ, мен Жанарға айтуым керек. Мүмкін ол менің оған шын не екенімді... Япыр-ай осы бір сөздің қорқынышы-ай... Мейлі, ауруды жасырғанмен өлім әшкере қылады дейді ғой. Бүгін жасырғанмен, ертең есейген кезде бәрібір әшкере болады. Сондықтан не де болса оқушыға турасын айтуға тиіспін. Менің оған шын...ғашық екенімді, мүмкін, Жанар білмес. Білсе ол Жантаспен неге солай отырады. Сондықтан мен оған айтуым керек бәрін де. Үлкейгенде кім болатындығымды, менен басқа ешкімді Жанар сүймеуі керектігін – бәр-бәрін жасырмай айтуға тиіспін. Айтамын. Тап қазір сабактан тарасымен онымен үйге бірге қайтамын да, жолжөнекей: – Жанар, ғафу ет. Менің саған айтатын сөзім бар. Ол мынау... – деп түк қалдырмай айтып берем. Немене, қолымнан келмей ме? Келеді. Мен сұжүрек емеспін. Айта алмасам бар ғой...не деп ант су ішсем екен.

Міне, соңғы сабақ та аяқталды. Жанарды иықтап, сыртқа қатарласып-ақ шықтым. Жүрегім лүп-лүп етіп, артыма қарасам, Жантас қу ілесіп келеді екен. Оның көзқарасы маған: айт, айтам деп кіжінген соң, айтпайсың ба енді? Батыр болсаң айт! – деп, әрі келемеждеп, әрі аңдып келе жатқандай көрінді. Бойым тітіреп, дірілдеп кеткендей болдым. Жан-

тас қана емес, балалардың бәрі Жанар екеуімізге қарап, бұлар не сөйлер екен деп құлақ түріп бара жатқан тәрізді.

«Жоқ, одан да, хат етіп, жазып берейін. Міне, осым жөн, осы дұрыс» деген ойға келдім. «Ауызша айтқанда, мүмкін, бірденелерді ұмытып, айта алмай қалармын. Ал хатта қатырып, тәптіштеп тұрып, бәрін де жазуға болады».

Күн райы бүгін бұзылыңқы. Күз болғанын білдіргісі келгендей желдетіп, қабақ түйіп тұр. Талайдан бері мәлдіреген ашық еді, сірә, жауатын түрі бар. Жасарын бұрынырақ жасап болып, үзіліп түскен бірлі-жарым қуан sarғыш жапырақтар байқалады көшеде.

Мен тамақтанып отырғанда, тысырлап күн жауа бастады. Жынды бір құйын есік алдына зыр қағып, ана босағаға бір, мына босағаға бір соғылды, шаңдатып жіберді. «Мына қан жауғыр қайтеді» деп әжем есікті жабуға ұмтылып еді, құйын оны одан бетер ызalandырмақ болғандай лезде аяғының дәл астынан келіп шықты да, көйлегін дөңгелентіп кеүектей түріп жіберді.

Кешегі уәдеміз бойынша Сұлтан келіп қалар деп күтіп едім. Келмеді. Тап қазір оның келмегеніне мен қуанбасам, ренжігем жоқ. Төр үйге кіріп, столыма жайғасып отырдым да, Жанарға хат жазбақшы болдым. Сағат қазір бір жарым.

Сағат екі болды...

Екі жарым болды...

Үш болды...

Столымның үсті қиқымдалып жыртылған қағазға толып кетті. Осының бәрі Жанарға жазылған хаттар. Жазамын, ұнамайды, жыртамын. Тағы жа-

зам, тағы жыртам, бір дәптерді тауысуға айналым. Жай сөзбен де жазып көрдім, өлеңдетіп те жазбақшы болдым. Болмайды, көнілімдегі лықсып тұрған көрікті ой қағазға түскенде өңезіп, өні қашып кетеді. Жай ғана әсерсіз бірдене болып шығады.

«Жанар, мен сені керемет жақсы көрем!»

Тфу, осы да сөз бе. Жақсы көрудің кереметі, керемет емесі бола ма екен?

«Жанар, мен сүйем сені!»

Қандай тұрпайы – құдды кинодағы секілді.

«Ж... Қозы мен Баян секілді болайық».

Жо, бұл да емес. Іс-міс жок, түйеден түскендей етіп, бұл ненің қисыны. Әуелі бас жағын былай...жүқалап жазу керек емес пе. Содан біртін-біртін дамытып... Сонда қалай жүқалап, қалай дамытпақшымын?

Екі нәрсені жазудың қыындығына менің көзім әбден жетіп болды. Бірі – қызға хат жазу, екіншісі – шығарма. Өлең жазғандай емес, мұның машақаты да жетерлік көрінеді. Мінекей, осы повесті жаза бастағаным екі-үш айдың жүзі болды. Қашан аяқтаймын, немен аяқтаймын, ол жағы маған әлі мәлім емес. Не де болса, бір тиянаққа тезірек келіп, бас-аяғын көмкеріп, ал халайық, ендігі төрешісі өздерің болындар. Мен қолымнан келгенін істедім, бағасын өздерің беріңдер, деп жүртшылық талқысына ұсынғанша асықпын-ақ.

Әрине мен бұл повесті ойдан шығарып, немесе басқа біреу туралы жазып отырсам, онда тағы қанша жазарымды, оның немен тынарын да күні ілгері түспалдап білген болар едім. Менің қазіргі мүмкіндігім ондай емес. Өз басымнан кешкен оқиғаларды тізбектеп отырған хатшы тәріздімін.

Бірақ сол іркес-тіркес оқиғаларды біріне-бірін қалай болса солай матап, жапсыра бергенмен ол көркем шығарма бола ма. Әрине, болмайды. Сыншылар айтатында, оны жазушылық елекten өткізіп өндегуім, сұрыптауды, бір желінің бойына маржандай етіп тізе білуім қажет. Творчествоның еңбектің осы нәзік жақтары менің қолымнан келіп жатыр ма, келмей жатыр ма? Құрметті оқушымды жалықтырып жіберген жоқпын ба, неғұрлым ілгерілей түскен сайын мені осы жай қатты толқытып, жүрексіндіреді.

Бірақ, достарым, бейнетсіз еңбекте зейнет бола ма? Арзанның жілігі тати ма? Қыындыққа құлаш сермеу біздің салтымыз емес пе? Бастап қалған екенмін бұл еңбекті – жеті қабат терім сылынса да, аяқтап шығуға міндеттімін.

## ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУДА

### ***біздін каракшылық өміріміздін бірінші және ен сонғы күні сыйпатталады***

Кеше кешке дейін күннің көз жасы тыйылмады.  
Біз тоғайға келе алмадық. Бүгін таңертең тұрып  
қарасақ, аспан мөлдіреп тұр.

– Кеттік! – деді Сұлтан.

– Кеттік.

Тор атқа баяғыша екі ер ерттеп міндік те, жөнеп  
бердік.

Екеуміз де қаруулымыз. Мен Сұлтанның мүйіз  
сапты кездігін беліме тағып алдым. Ал Сұлтанның  
тақымында шиті мылтық. Құдай жолды онғарса  
деп, бұл біздің аң аулап шыққан бетіміз.

Тұске дейін сандалып, ештеңе де ата алмадық.  
Бірер жерден қоян кездесіп еді, орғып безіп бара  
жатқанда, адам тіпті көздел ұлгеретін емес. Әйтеуір  
бетке алып, тұспалдалап атқан оғымыз лағып, тимей  
кетті.

Ұнжырғамыз түсіп, шаршап келе жатсақ, өзен  
жағасында бір топ қаз жайылып жүр екен. Бұл ара  
ауылдан алыстау, едәуір жер. Сұлтан оқтаулы келе  
жатқан мылтығын кезеп:

– Мына қаздың біреуін жалпасынан түсірейін бе?  
– деді.

– Қой, пәлесіне қаламыз.

Сөйткенше болмады, Сұлтекен басып салды.

Қаздың бірі жалп етіп құлап қалды. Тыптыптып етіп, тұра алмай жатыр. Аяғын серейте қарыстырып бір ышқынды да, қаз өліп қалды.

– О, құдай атсын! Пәле болды ғой. Енді қайттік?

– Ешкім көрген жоқ. Құркеге апарып, пісіріп жейміз.

Қазды алып, соқтырып отырып, құркемізге келдік. Келсек, мына қызыққа қараңыз, құркеміздің іші тағы да әптер-тәптер. Азық-түлігімізді салып, аузын буып, тығып кеткен дорбамыз пәре-пәресі шығып, жыртылып жатыр. Бірдене нанымызды жеп, картобымызды шашып кетіпти.

– Бұл, мен білсем, тұлкі сүмпайының істеп жүргені, – деді Сұлтан.

Қарнымыз әбден ашып кетіп еді, ас істеп ішудің қамына кірістік. Сұлтан бүркүлдатып қаздың жүнін жұла бастады. Мен шөпшек теріп, от жақтым.

Қаз семіз екен. Сұлтекең теңқитіп, сирағынан ұстап, үйітіп отыр.

Кенет дәл беталдымыздығы талдың арасынан сумаң етіп, бір салт атты шыға келді. Сұлтан екеуміз қазды тықпақ түгіл, қас қағып та үлгермей қалдық. Салт атты мектеп директоры Ахметовтың әкесі Ахмет шал еді.

– Оу, балалар, бұларың не?

– Жай...мына бір қазды атып алып едік, пісіріп жейік деп отырмыз, – деді Сұлтан.

– Қайдан атып алдындар?

– Ұшып бара жатқанда атып алдық, – деп Сұлтан аспанға қарап қойды.

– Қой, сендер қаз атып алсандар...мынау жабайы қаздай емес, үлкені ғой тегі.

– Әдейі үлкенін таңдап аттық, – деді Сұлтан.

Шал біздің шашылып жатқан ыдыс-аяқ, киім-кешегімізге, аузы үнірейген күркемізге, осы араны сары қоныс етіп, жайлап алған тұрімізге қарап, одан бетер шубәлана түсті.

– Сендер өздерің осы араны жайлап алған түрлерің бар ғой?

– Бұл біздің балық аулайтын жеріміз, – дедім мен.

– Тұсаулы жирен ат көздеріңе түспеді ме?

– Жоқ, байқамадық.

Аттың басын бұрып, кете беріп, шал:

– Сүмпайылар, әлдекімді сорлатқан екенсіндер.

Мыналарың атып алған жабайы қаз емес. Қаз атып алу сендерге қайдан келсін. Егер қазым жоғалды дейтін пенде болса, мен сендердің сазайларынды бергіземін, – деді.

Пәле болды деген бір қауіп менің ішімде қып ете қалды.

Осы араны қорда етіп, қарақшылық істемек болған «тапқыр» ойынымыздан табанда бас тартуға тұра келді. Ондай көсіптің неге апарып соғуы мүмкін екенін жаңағы Ахмет шалдың тап болуы аңғартып кетті. Қыырдағы барса келмestің аралына бекініп алғандай ауылдың дәл іргесіндегі тогайдан күрке сайлап, оны жан адам таба алмайды деп жүрген біз неткен ақымақтармыз... Жалпы қарақшы дегеннің өзі осы кезде ақылға сяя ма. Қарақшылар бұрын байларды, көпестерді тонаған. Біз кімді тонамақшымыз. Тонамақ түгіл осы күні біреуге қолынды көтеріп көрші. Милиция апарып, көзінде жылтыратып, қамап қойсын.

Қарақшылық өмір жайында Сұлтан екеуміз енді осылай топшыладық.

Семіз қаздың еті бір-ақ асуға шелегімізге сыймады. Екі бөліп, әзер жеп тауыстық. Арасында балық ауладық. Сүға да тұстік. Бұлдірген теріп жедік. Сонымен күнді батырдық та, ыдыс-аяқ, торымызды артынып-тартынып, қас қарада үйге келдік. Бұл біздің қарақшылық өміріміздің бірінші және ең соңғы күні болды.

**бака мен каздын шуы, жайлаудан мамамның келуі,  
әжемнің мені корғауы сөз болады**

«Бір айналдырғанды құдай шыр айналдырады» деген сөз бар. Соңғы екі-үш күннің ішінде басымнан кешкен оқиғалар мені есімнен тандырды. Майқанованы талдырып түсірген бақаның шуына Әbdібайдың шатағы ұласты. Біз жеген қаз дүкенші Әbdібайдікі еken. Оның көкбет қатыны келіп, біздің үйдің әлегін аспанға шығарды. Шіркіннің айтпаған сөзі, атпаған оғы қалсашы. «Ұрысың! Қарақшысың! Баскесерсің! Қаршадайыңнан осыны істеп жүрсің, жүре бара кім болам дейсің? Әлі біреудің басын кесіп, сотталасың. Ит жеккенге айдаласың». Мен өзімді онша білінкіремей жүреді екем, Әbdібайдың қатынының айтқандарына қарап, тәбе шашым тік тұрыпкетті. «Япыр-ай, шынымен-ақосындеймын ба?» деген ойға қалдым.

Әйелінің соңынан тұтігіп Әbdібайдың өзі келіпті. Жұрт оны жұмыртқадан жұн қырыққан Әbdібай, қу бастан қуырдақтық ет алған Әbdібай, шық татырмас шығайбай Әbdібай – деп бекер айтады деймісің. – «Қазым – қаз емес еді. Асыл тұқымды қаз еді. Ондай қазды бұл аудан түгілі облыс көлемінен таптайсың» деп, оның төлемі үшін біздің бағлан қара қозыны алып кетті. Бұнымен де тынбады, мені желкелеп

директорға алып барды.

Ахметов қатал адам. Шынымды айтсам, мен оның алдына барған сайын қалтырап тұрам. Сусылдаған қызыл-күрең шашы желп-желп етіп қабағы тұксиіп, шүйлігіп қарағанда сұп-сұық көздері адамның өнменінен өтеді. Майқанованы талдырып түсірген бақаның кесірінен мен кеше осы кабинетте бір сағаттан артық болып, жарты өмірімді беріп шығып едім. Енді міне, тұн айналмай тағы бір шүрқан арқалап және мөлиіп келіп тұрмын.

Әбдібай қайдағы жоқ пәлені көкітіп, қаздың оқиғасын есірте баяндал берді. Ахметов сыйданған қалпы, үнсіз отырып тыңдады. Оқта-текте көзін ғана бұрып, маған қарап қояды. Мен еріксізден жерге қараймын.

Әбдібайды тыңдал боп, Ахметов стол үстіндегі телефонның тұтқасын бұрай бастады. Жайлауды сұрады. Одан сатылап сүт фермасы, бірінші бригадамен жалғасты. Телефонға мамамды шақырып алды.

– Бұл кім? Саламат боларсыз, Миллат апай. Шаруаңыз күйлі ме? Бұл Ахметов қой, мектептен. Аманшылық, түгел аман. Миллат апай, сізге айтайын дегенім мынау еді: сіз ертең қалайда ауылға келіп кетсөніз. Маңызды бір шаруа болып тұр. Қожа жайында. Біз ол жөнінде өзінізді қатыстыра отырып, педсоветте арнаулы мәселе қарамақшымыз. Балаңыз нағыз бір онбаған жолға түсіп алған....

Менің өзегіме шыжылдап қайнап тұрған ыстық майды қотарып құйып жібергендей болды. Арқабасым шымырлап, терлеп кетті. Тап қазір алдындағы жер тесік болса, көзімді шарт та жұмып, құмп берген болар едім...

Ахметов ұзақ сөйлесті мамаммен. Сонан кейін трубканы орнына қойды да:

– Жайлаудан шешен қеледі, сонан соң сөйлесеміз, бар, – деді маған.

Мектептен құр сулдерімді сүйретіп шыққандай болдым. Байғұс мамам, «әлгі әңгімеден кейін қандай қүйге түспекші. Ішкені ірің, жегені желім болды ғой. Онсыз да көнілі жарым адамды азапқа салып өлтіретін болдым-ау. Қожа өйтіп қойды, Қожа бүйтіп қойды. Қожа бұлдірді деп, былтыр жыл бойына Майқанова оның құлағын талай сасытып еді. Енді міне, оқу басталғанына бір ай болмай жатып, тағы басталды...

Біздің қоранаң тәбесінде жуырда ғана үйілген жас жонышқа бар еді. Келген бойда үйге кіrmesten соның үстіне шықтым да иттің ұсынадай шұқырлап алып, етпетімнен жатып қалдым. Ешкімді көргім, ешкімге көрінгім келмейді. Сан-сапалақ ойлар басыма бірі кіріп, бірі шығады. «Педсоветте қарағанда, не айтпақшы? О, тәнірім, осы бір шұрқан-шулығаннан құлағым демалыс алатын, менің де тыныштық табатын құнім бола ма, жоқ па. Осы аурудан жаным қалса, ендігі аурудың алдымен кетер едім, деген еken біреу. Сол айтпақшы, осы жолы бір жайлы болсам, бұдан былай қой аузынан шөп алмайтын момақан болып жүрер едім-ау».

Осындайда сүйеу болудың орнына Сұлтан досым қарасын көрсетпестен тағы да зым-зия жоғалды. Оңбаған өтірікші дірменші Иванның торын әкеліп берем деп алып еді, апарып берген де жоқ, тор әне, біздің үйдің тәбесінде жатыр. Адамшылық деген-нен жүрдайсың-ау, Сұлтан. Енді сенің маңыңа жолай қоймаспын.

Әрқыл мазасыз ой тепкісінде қалжырап жатып, үйиқтап кеткен екенмін. Тұмсығымның дәл астынан трт-трт-трт-трт деген дауыстан селк етіп ояндым. Көзімді ашып алса, төнірек ала көлеңке, кеш батып қалыпты. Мен жатқан кез бесін шені еді. Қалай көп үйиқтағанмын.

Есіктің дәл алдына босағаны тірер келіп тоқтаған үш дөңгелекті мотоциклді көрдім. Одан екі адам түсіп жатыр. Бірі еркек, бірі әйел. Мотоциклдің иесін танып, әлгіден бетер селк ете қалдым, Қаратай еді. Қасындағы менің мамам.

Көше жақтан қолына ошақ ұстап, әжем келе жатыр.

– Миллатпысың. Ат-көлігің аман ба?

Мотоциклге мініп келген адамға әжемнің «ат-көлігің аман ба» деуі маған сөкеттеу көрініп кетті.

– Мына ошағыңыз не? – деп сұрады мамам.

– Балалар тиіскен бе, бір сирағын түсіріп тастапты. Соны бағана ұстаға апарып тастап едім.

– Эй, жарықтық-ай, не керегі бар мұның. Пайдаланып жатпаған соң тастамайсыз ба лақтырып.

– Неге тастаймын. Мұлік емес пе. Экем марқұмнан қалған бір көз ғой. Жайша келдің бе?

– Жұмысты тастап, жайша адам келуші ме еді. Әлгі жер-әлемді шулатып, өрт қойып жүрген бұзақы баланың әлегі.

– Бұзақы болып ол не істепті? Ел тонап, кісі өлтіріп пе? – деді әжем.

– Біреудің қазын үрлап сойып жеу – ел тонаған емес пе екен. Сабак ұстінде мұғалімді шошытып талдырып жыққан адам тұра бара кісі өлтіруден де тайынбас.

– Бақа әкел деген өздері көрінеді ғой. Бір Қожа

емес, осында өзге балалар да мұғалім әкел деді, со-  
ямыз деп, көлшіктен бақа ұстап алып жүрген. Енді  
соның бәріне баяғы аты шулы Қожа кінәлі.

– Сонда әкелген бақаны оған мұғалімнің сумка-  
сына салып қой деп пе?

– Әдейі салды деймісін, тарбандаған неме өзі  
кіріп кетті де.

Онбай кетейін, әжемнің сөзі мені елжіретіп  
жіберді. Балапаның қорыған мекиендей шыр-шыр  
етіп, сотқар немересін қамқорына алуын қараши.  
Әй, жаңым әжем, қайырымды әжем, менің кінәлі  
екенімді біле тұрып өстесің-ау.

– Балаға қоруыш болғанның жөні осы деп, оның  
терісін де дұрыс, дұрысын да дұрыс деп, сіз бұлдіріп  
жүрсіз. Бір мезгіл жазғырып, қатал ұстасаңыз ол  
мұнданай жолға түспеген болар еді, – деді мамам.

– Менің Қожашым тірі болса, ешкімнен кем  
болмайды. Өсе келе өзі-ақ түзеліп кетеді. Сабыр-  
бек нағашысына тартқан. Ол да жас кезінде осы  
секілді шығаннан шыққан сотанақ еді. Бұл қайта  
оку оқып, мұғалімдердің айтқанын орындал, кейде  
әтіншік боп жүр ғой. Ал Сабырбек нағашысы осын-  
дай күнінде молданы қақ басқа таяқпен бір салып  
қашқан болатын. Кейін есейіп, балалы-шағалы бола  
бастағанда өзі-ақ түзеліп кетті. Қожатай да сөйтеді.  
Бала күнінде баланың бәрі тентек, – деп әжем  
шұбыттып ала жөнелді.

– И-и-и-и, жарықтық-ай, – деп мамам қолын бір-  
ақ сілтеді. – Сіздің мына өситетіңізді тыңдал өскен  
бала қалай онсын.

## ЖИЫРМА ҮШІНШІ ТАРАУДА

### *кітаптағы ен бір қайғылы тарау болар деймін*

- Келесі сабақта қайсың бақа ұстап әкелесіңдер?
- деп сүрады зоология пәнінің мұғалімі Оспанов.
- Мен әкелем, – дедім.
- Қадыров, сен әкелесің. Ұмытып кетпе бірақ.
- Ағай, неше бақа әкелейін?
- Бір... екеу әкелсең жетеді.

Мен бір, екеудің орнына тіс порошогінен босаған қаңылтыр қобдишаға толтырып, бес қара бақа әкелдім. Оның біреуі ғана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай ұсақ бақалар болатын.

Бірінші сабақ қазақ тілі. Класқа Майқанова кірді де, класс журналы мен сумкасын менің алдыма стол үстіне қалдырып, өзі тысқа шығып кетті. Қоңырау әлі бола қоймаған. Сол кезде сап етіп, басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сұңгіттім де жібердім. Не болар екен?

Қоңырау соғылды, сабақ басталды. Тізім шақырып болғаннан кейін Майқанова сумкасын ашып, қол орамалың суырып алды. Сол кезде кішкентай қара сұр бақа қол орамалмен қоса секіріп шығып, секемшіл мұғалімнің қолының дәл үстіне қонбасы бар ма. Майқанованың шаңқ еткен даусы бір-ақ шығып үлгерді. Өні құп-құ болып, сылқ етіп құлап бара жатты...

Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр. Бүкіл мектепті даңғаза қылған бақа оқиғасының мән-жайы міне осындаі.

...Көз байланып кетті. Жоңышқаның төбесінде дөңбекшіп әлі жатырмын. Не істеймін? Қалай көрінемін мамама. Мынау Қаратай деген... мұндай да жабысқақ пәле болады екен. Қөлеңкеше еріп, мамамның соңынан бір қалар емес. Япыр-ай, мамам осыған шынымен-ақ күйеуге шықпақшы ма? Жоқ, мүмкін емес.

Біrsыпира уақыттан кейін үйден Қаратай мен мамам шықты. Қаратай мотоциклін от алдырып, тұмсығын көшеге қарай бұрды. «Кет. Жоғал. Тезірек кет» деп мен оны көніліммен желкелеймін. Бірақ Қаратай кете қоймады, мамаммен сөйлесіп тұрып алды. Олардың сөздерін трт-трт еткен мотор үні маған жөндеп естіртпейді. Сөйлесе тұрып, Қаратайдың қалқиған денесі мамама біртін-біртін жақындалап, тақала түсетін тәрізді. «Тоқта! Қайда кимелеп баrasын?» Мен Қаратайды желкеден бұріп үстаймын да, бар күшіммен жүлкылап, лақтырамын көшеге қарай. Өлген мысық тәрізденіп көшенің майшаңына барып, ол топ ете түседі.

Бұл да менің ойымда болып жатқан құбылыс.

Қаратай әрең дегендеге «хош сау бол» айтысып, мотоцикліне отырып зырғыта жөнелді. Мамам оның соңынан біраз үнсіз қарап тұрды да үйге кіріп кетті.

Әр нәрсенің шегі бар, мен қашанғы жата берейін. Тәуекел деп, үйге кірмекші болдым. Қораның арт жағынан түсіп, үстімнің шөбін қағып, бойымды тәртіпке келтіріп алдым. Жүргегім лүп-лүп етіп, алқымыма тығылады.

Есікті аша бергенімде тынысым мұлде бітіп жүргегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірденеге үқсар деймін. Ауыз үйден әжем ұшырасып:

– Сен қайда қаңғып жүрсің? Шешен қелді, – деп төр үйді нұсқады. Соңан соң құлағыма сыйырлап: – Байқа, шешен саған ашулы, – деді.

Төр үйге кірдім. Мамам киімшең қүйі өз төсегінде бір уыс болып, әрі қарап, бүк түсіп жатыр.

– Мама.

Мамам жауап қатпады. Мен жақындай түсіп, оның уысында көзіне басып алған қол орамалы бар екенін көрдім. Жүргегімді біреу ұстарамен тіліп жібергендей болды.

– Мама, сен жылап жатырмысың?

Мамам басын жайлап көтерді де, маған қарай бұрылды. Жасқа шыланған қоңыр көздері бір түрлі бөтен, суық.

– Иә, жылап жатырмын, – деді ол. Даусы қарлығып, бітіп шықты. – Қайтейін жыламай. Құдай бағын ашпаған мен сорлыға жылаудан өзге не бұйырған. Қу жалғыз, сенің-ақ қүйігінді тартып өлетін болым ғой. Осы сен не боп барасың күннен күнге. Бұл не сүмдыш? Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барасың ғой. Ұялмайсың ба бір мезгіл елден-жүртттан. Қу жалғыз-ау, айтшы, не болды мұнша саған бұзылып. Өлтірдің ғой мына сорлы анаңды. Неге тыныш жүрмейсің. Осы саған не жетпейді?

– Маматай, қойши. Ендігәрі...

Мамам менің жалбарына созған қолымды қағып жіберді:

– Жолама. Мама деуші болма мені. Құдайдың

сендей бала беріп, азапқа сап қойғанынан да, құ bas тастағаны артық еді ғой.

– Қойшы маматай... Ең соңғы рет кешірші. Ант етемін...

Мамамның тізесін құшақтай жығылған қалпым еңіреп жылап жібердім.

# ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУДА

## **Педсовет жайлы сөз болады**

Жұмыр жер күндеңі дағдысы бойынша тынбастан зырлап, кіндігін және бір айналып шықты. Тарих тағы бір тәулікке үзарды. Осы бір тәуліктің, яғни жиырма төрт сағаттың ішінде мынау ығы-жығы құнаһар дүниеде кімнің басынан не көшіп үлгермеді дейсін. Қанша адам өмірге жаңадан келіп қосылды, қанша адам оларға орын босатып, о дүниедегі мәңгілік мекендеріне сапар шекті. Осы бір тәуліктің ішінде қаншама бақытты қеудеде қуаныштың оты маздап жанбады, қатал тағдыр қаншама басы жұмыр пен десін қайғының қара суығында бүрсендеппеді. Осы соңғы топқа мен де қосыламын.

Мен өзімнің он үш жыл өмірімнің ішіндегі ең бір катыгез күнді бастан кештім.

Тыста қараңғы, ауыл үсті тыныштық. Ақымақ иттер ғана әр жерден әуп-әүп үріп басылады. Көшенің басынан бір ит шәу ете қалса, соңынан оған басқа бір ит үн қосады. Соナン соң үшінші, төртінші иттер әупілдесіп, о не, не бол қалды, дегендей ауылдың бүкіл иті улап-шулап кететін сәтте болады. Оның ішінде айбарынан да айғағы көп, шіңкілдек күшік үндері, маңтөбеттердің қарлықкан қалың дауыстары, қаншық иттердің құлақ кесетін ащи шанқылдаулары – бәрі аралас. О, иттер. Қалың иттер. Мұншама көп боларсыңдар ма. Түрлі-түрлі

боларсыңдар ма. Бей-берекет үргенди, тақымнан үндемей келіп ала түскенді қашан қояр екенсіндер.

Мамам екеуміз мектепке педсоветке келе жатырмыз. Күздің салқын кеші тоңазыта ма, жоқ әлде үрейленуден бе, іші-бауырым қалтырап келеді.

Мектептің алдында біреу шылым шегіп тұр. Мен оны көкшіл аспан айнасындағы келбетінен ана-дайдан таныдым – Ахметов. Галифе шалбар ки-ген жіңішке аяқтары сидиып, шашы қақ жарыла желбіреп, қаздыып тұр. Сізді күтіп отырмыз деп, мамамды қолтықтап дереу ішке әкетті. Маған өзіміз шақырамыз, осы арада күте тұр деді.

Саябанға көтерілдім де, сол арадағы тақтай орындықта тосып отырдым.

Осы кезде үй пүшпағынан біреудің келе жатқан тысыры естілді. Тырп-тырп басқан аяқ дыбысына тық-тық қадалған таяқ үні қабаттасады. Қөп үзамай аяқ пен таяқтың қожасы да көрінді. Мектеп қүзетшісі Сәйбек қарт. Сәйбек кілт тоқтай қалып, шекарадағы сақшыдай қatal үн қатты:

- Бұл кім?
- Мен ғой, ата.
- Менің кім?
- Мен, Қожамын.
- Мұнда неғып отырсың?
- Педсоветке келдім.
- Онда сенің не шаруаң бар?
- Мен жөнінде мәселе қарап жатыр.
- Мәселе. Қандай мәселе? Сені мұғалім етеміз дей ме?
- Директор етеміз дейді.
- Онда тіптен жақсы. Жалақың көп болады. – Сәйбек менің қасыма келіп отырды. – Эй, Қожа.

Сенің әкең марқұм азамат еді ғой. Оған тартсан, директор түгіл, одан үлкені боласың. Бірақ оған тартпағансың.

Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Мениң мой-нымда оның тыын емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. Қалай дейсің ғой. Міне былай, алғаш колхоздасқан жылдың күзінде мен, – оның келіскең бір жорға күрең аты бар еді, – ол кезде жүрттүң көбі қара жаяу, – соны диірменге мініп барып, сазға батырып, өлтіріп қойдым. Суып, қаңсып түрған атты суармай отқа қоям деп, өзімнен болды. Аяғы шідерлеулі еді. Су ішем деп барып, оппаға түсіп кетіпті. Ертесінде қарасам, суға сұнгіген үйректей арт жағы ғана көрініп, тоңқайып жатыр. Он шақты жігіт жабылып, арқан сап әрен суырып алдық. Міне, басқа біреу болса, соны қынқ еткізбестен төлетіп алар еді ғой. Ал Қадыр марқұм кеңпейілдігі соншалық, сіз қас қып өлтірген жоқсыз ғой, ажалағы солай тұра келген шығар деп, үнсіз қоя салды. Міне, әкең осындағы парасатты, ақылды жігіт еді. – Сәйбек осыны айтты да, сәл ойланып барып: – ал, сен... сен ғана емес-ау, қазіргі осы оқып жүрген балалар, көбің ақымақсың, – деді. – Неге дейсің ғой. Ақымақ емей немене, тәртіпті жүр, оқуынды жақсы оқы, адам бол десе, сендер соның бәрін керісінше істейсіндер.

Осы кезде іштен Оспанов шығып:

- Қадыров, қайдасың? – деп дауыстады.
- Бар, әне шақырып жатыр. Эй, сотанағым...

Директор кабинетіне осы мектепте бір оқушы ең көп бас сұқса, сол мен болармын деймін. Майқанова талай сүйреп әкеп, ендігәрі қой аузынан шөп алмай жүргүре талай рет уәдемді берген үйреншікті

орын ғой. Бірақ бұл жолы мен мұнда шын мәнінде күйзеліп, тебіреніп кірдім де, босағадағы сұық голлан пешіне сүйеніп тұрып қалдым. Төрде сарғыш шашы қақ айырыла желбіреп Ахметов отыр. Түсі өрт сөндіргендей, қасының арасындағы қатарынан тіке тартылып тұскен екі сзық әдептегіден терең де қалың.

– Берірек кел, – деді ол қолындағы автоқаламымен бөлменің ортасын нұсқап. Алдында қақпан құрулы тұрғандай жыбырлап бір-екі аттадым. Екі жақ қабырғада тізіліп отырған мұғалімдердің барлық көзі жан-жағымнан наизадай түйреп, қадалып барады. Әсіресе, он жақта, директорға таман отырған Майқанованың сұсы қatal да сұрапыл көрініп кетті.

– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе? – деді Ахметов.

– Білемін, – дедім.

– Не үшін шақырып отырмыз?

– Тәртіпсіздігім үшін шақырып отырсыздар.

Екі-үш жерден мырс етіп күлген үндер естілді.

– Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Бұдан былай оқығың келмей ме? – деп сұрады Ахметов.

– Жоқ, оқығым келеді.

– Ендеше неге қоймайсың тәртіпсіздікті?!

Ахметов «неге» деген сөзді бар даусымен шегелей айтып, столды үлкен ауыр алақанымен сарт ұрып, ұшып түрегелгенде, мен ғана емес, бүкіл отырғандар түгел селк ете қалды.

– Қоямын енді... кешірініздер...

– Бұл нешінші... Жұзінші рет үәде беруің бе? – деп киіп кетті Майқанова.

– Бұдан былай ешқашан да тәртіп бұзбаймын.

Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік

қылықтарымның қай-қайсының да себебі бар. Қазды атқан мен емеспін, Сұлтан. Ал бақаны мен сумкаға Майқанова талып жығылсын қалсын деп, оның соншалық шошымалы екенін біліп салған жоқпын. Тіпті, бұның ақыры не болады деп, ойлап та жатпадым, салғым келді – салдым. Осындай бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алғып, соңынан бармағынды тістейсің.

Осының бәрі осылай бола тұрса да, мен өзімді ақтап, бір ауыз сөз айтпадым. Ақталудың тіпті қисыны бар ма? Бәрін мойындадым. Бар айтқаным: Кешіріңіздер. Соңғы рет тағы бір рет кешірім жасап, сынап көріңіздер. Бұдан былай қарай тәртіпсіздік істейтін болсам, қандай жаза қолдансаныздар да ризамын!

– Жок, Қадыров түзелмейді. Ол уәдесін бізге талай берген. Қадыровты оқудан шығару керек, – деді Майқанова.

\*\*\*

Маңдайдан буым бүркырап есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желпініп, ойланып тұрмын. «Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма? Онда не істеймін?»

Қайта барып, есіктегі кілттің орнына құлағымды тосып мұғалімдердің не айтып жатқанын тыңдағым келеді. Әрине Майқанов мені құрту, оқудан шығару жағында болар. Ал басқа мұғалімдер не айтады? Анфиса Михайлова, Оспанов, Дәүірбаев, бұлар мені жақсы көретін мұғалімдер емес пе? Ахметовтың өзі де осыдан он шақты құн бұрын ғана аудандық оқу

бөлімінен келген инспекторға мені: «Мынау біздің мектептің ақыны, болашақ Сәбит Мұқановымыз», – деп дәріптемеді ме? Сөйте тұрып, мені оқудан қалайша шығарады?

Есікке барыптыңдағаным жарамас, мұғалімдердің біреуі шыға келуі мүмкін ғой деген оймен, үйді айналып, педсовет өтіп жатқан бөлменің терезесіне келдім. Үйдің бұл ойпаң тұсы, фундаменті биік. Терезеге бойым түгіл ұсынсам қолым әзер жетеді. Форточка ғана ашық тұр, не сөйленіп жатқаны күмбірлеп жөнді естілмейді.

Терезенің тұсында мектептің бағы бар. Осыдан бес-алты жыл бұрын өз қолымызбен отырғызылған қайын, теректер бү күнде қолдың саласындағы тізіліп, асқақтап тұр. Шарбақтың көп кетігінің бірінен зып беріп осы баққа кірдім де, бір теректің басына маймылша өрмелеп, шығып алдым. О, бұл арадан мұғалімдер үйінде не болып жатқаны сайрап көрінеді: әне, Ахметов сөйлеп тұр. Екі қолын кеңінен сермеп, ара-тұра жұдышырығымен столды ұрып та қояды. Басын біресе онға, біресе солға бұрып сөйлейді. Егер мен оның желкесінен қарап отырmasам, не айтып жатқаның мүмкін емеурінінен түсінген болар едім.

Ахметовтың сол жағында Оспанов столға жабысып алып сүйкетіп жазып жатыр. Бас алмай жазуына қарағанда тегі мәжіліс хат жүргізіп отырған болар. Осындағы да осындағы, пәленінші жылы, пәлен айдың пәлені күні, пәлендей бір мәжіліс болды. Онда алтыншы класс оқушысы Қожа Қадыровтың тәртіпсіздік қылықтары туралы арнайы мәселе қаралып пәлен-пәлендер сөйлеп, мынаны-мынаны айтты... Бірнеше адамның қолтаңбасы

қойылып бекітілген осы мәжіліс хат қатырма тысты жуан папкалардың біріне тігіледі де, тарихқа жөнелтіледі. Архивтің алтын қорына айналады. Зырғып жылдар өтеді, дәүір көшіп, заман өзгереді. Мен жөнінде жазылып жатқан осы мәжіліс хаты күндердің бір күнінде әдебиет зерттеуші, ізшілердің бірінің қолына тұседі. Сонда ол жерден жеті қоян тапқандай мәз болып қуанады десейші. Газеттер ең семіз деген әріптерімен дүрілдетіп хабарлар басады: «Атақты жазушы Қожа Қадыров жөніндегі жаңа деректер!» Кітаптар жазылады мен жөнінде, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалады. «Қадыров Қожа және оның үстаздары», «Қадыров Қожа және Майқанова», «Қадыров Қожа және бақа оқиғасы», «Қадыров Қожа және қаз оқиғасы» т.т.с.с. Әдебиеттану ғылымының шалқар қорына мұншалық бағалы қазынаның қосылуына сонда осы жазылып жатқан мәжіліс хат мұрындық болады. Оспанов ағай! Сіз сондықтан да асықпай-саспай, тыңғылықты етіп жаза көрініз. Тарих үшін қандай ұлы жұмыс атқарып жатқаныңызды білініз.

Бұл айтылғандар менің басыма кейіннен келген ойлар еді. Ал қазір қонақтаған қарғадай ағаш басында секиіп отырып, қыырдағы келешекті шарлап, қиялданбай қалайын. Осы сәттегі менің назарым да, ойым да мұғалімдер бөлмесіндеңі көріністе. Ахметов әлі сөйлеп тұр. Мылқау фильм тәрізді мен оның қимылын ғана көремін, сөзі естілмейді. Бірақ соның өзінен де не айтып жатқаны аңғарылатын тәрізді. Әнене, ол столды тағы бір қойып қалды. Тұсінікті – «бұл бұзақыны мектептен қуу керек!»

Ахметов сөзін бітіріп отырды. Мамам түрегелді.

Балажан байғұс анам, мен үшін отқа да, суға да түседі шырылдап. Оның қазіргі кейпі: айналайындар, баламды оқудан шығара көрмендер, тағы бір кешірім жасандар деп, жалбарына сөйлеп тұрған тәрізді.

Мен мамамды ғажап аямын. Ойпыр-ай, неге мұндай тынымсыз, сотанақ болып тудым! Темір секілді жер қозғалса да қозғалмайтын, маңқып жайына жүретін момын болып неге тұмадым?

Майқанова сөз алды. Оның не айтатыны маған былай да белгілі: «Қадыровты шығару керек мектептен!» «Мұндай баукеспе оңбағанға біздің тату коллективіміздің арасында орын болмауға тиіс!» Отырғандардың бәрі күлді. Тісі жарқырап, мамам да езу тартты. Неге күледі? Иығы селк-селк етіп, Анфиса Михайловна басқалардан өзгеше мәз. Мысыққа ойын, тышқанға өлім деген осы да.

Тағы да мамам тұрып, басын изеп, мақұлдап бірдене айтты: «Шығарсандар, шығарындар мектептен! Кетсін қаңғып. Менің де жүйкемді жұн етіп, құртып бітті бұл оңбаған!»

Сөйлеушілердің не деп жатқанын мен өзімше осылай жорамалдаймын.

Педсовет аяқталды, жұрт тарай бастады. Мен ағаштан тезірек түсіп кетпекші болып едім, бәтіңкем екі бұтақтың арасына кептеліп қалып, шыға қойсыншы. Жұлқи тартып қалғанымда, мәссаған, табаны дыр етіп, қақырап түсті...

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрған теректің тура түбінен өтіп бара жатыр.

– Қадыров түбінде адам болатын бала, – дейді Майқанова.

– Оты бар, – деп қостады Ахметов.

Екеуі былай ұзай беріп, мен жөніндегі тағы бірденеңдерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Әлгі естігенімнің өзі қолқа жүргегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дүшпаным санаپ жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала!» деп, директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ...

## ЖИЫРМА БЕСІНШІ ТАРАУДА

### класс жиналышы сөз болады

Мен байыбына бара алмаған жұмбактың шешуін үйге келгеннен кейін мамам айтты:

– Балам, сен класс жетекшіңе бекер ренжисің. Майқанова маған өш, мені жек көреді, қыр соңыма түсіп алды дегенінің бәрі бос сөз, – деді мамам.  
– Жек көрген адам саған педсоветте жаны ашып, қорғап сөйлемеген болар еді. Ол сені жек көрмек түгіл жақсы көреді, осыны біл. Оған ұнамайтыны сенің тентектік қылықтарың. Жасында жетімдік өмірдің тауқіметін көп тартып, жүйкесі жүқарып өскен адам тарынғыш, ашуланшақ болады. Сендердің әрбір жөнсіз қылықтарың оның миына инедей қадалып тұрады. Майқанованың шыж-быж етіп ұрса жөнелетіні осы себептен. Мінезі әлгіндей адамға сендер секілді жүгендіз асаулармен арпалысу женіл тимейді. Сен ақымақтар осыны түсінулерін, мұғалімді аяуларың керек.

Мамамның Майқанова жөнінде айтқандары маған ой салды. Шынында да, оның менімен өш боларлықтай алты аласы, бес бересі бар ма? Шырылдаса, ұрысса, бізді адам болсын, жаман жолға түсіп кетпесін дейтін шығар. Иә, мамам айтпақшы, біз бала деген ақымақ халықпаз, шолақ ойлаймыз.

Мен Майқанованың жетім өскендейгін білмеуші едім. Енді оған бір түрлі аяныш қөзбен қарай

бастағандаймын. Бәсе, денесі де сондай нәзік, киімі де жұпымыны, қыстап бүрсендеп, жұқа пальто мен шықты. Оқу бітіргеніне бір ғана жыл болған, қайтсін енді. Сонымен тақасып, әй, Қара Қожа, ақымақсың, шикісің әлі. Қарбызыңың ішінде судан басқа дәнене жоқ.

Менің Майқанова жөніндегі пікірімнің оны – сол, солы – оң болып өзгерे бастады.

– Педсовет, педсовет немен тынды?

– Сабыр ет, оқушым, қазір айтып берем. Педсоветтің тиянағы мынадай: Қадыров жөніндегі мәселе класс жиналысында қаралсын. Егер алтыншы класс оқушылары Қадыров Қожаның бұдан былай ешқандай тәртіпсіздік істемеймін, түзелемін деген уәдесіне сеніп, дирекция алдында кепілдік беретін болса, онда Қадыров осы мектепте сынға қалдырылсын. Ал егер олар ондай кепілдік бермесе, Қадыров Қожа осы аудандағы өзге мектептердің біріне ауыстырылсын.

Педсоветтің мен жөніндегі қаулысы осындей.

Класс жиналысы дүйсенбі күні сабақ сонынан шақырылды. Ахметов өзі де қатысты. Жиылсты ашып, басқарған Майқанова. Ол оқушыларды педсоветтің қаулысымен таныстыруды. Сонан соң мені алға шығарды да:

– Мына жолдастарыңа не айтасың? – деді.

Не айтушы едім, педсоветте айтқанымды мұнда да қайталадым: ең соңғы рет кешірініздер. Бұдан былай тәртіпсіздік істесем, не шара қолдансаныздар да ризамын, – дедім.

Бұдан соң сөз оқушыларға берілді.

Класта кім маған кім дос, кім қас – өзіме аян. Кім не айтуы мүмкін екенін күн ілгері топшылаймын. Со-

ным, негізінен, тура шықты. Класком Темір сөйлеп, әүелі мені сынап алды да, сөзінің соңында түзеледі деген сенім білдірді.

– Егер біз Қадыровты бұл мектептен шығаратын болсақ, онда біз кім болғанымыз? Оған осы отырған бәріміздің ешқандай ықпал жасай алмағанымыз ба? Жоқ әлде жолдасқа жаңы ашымайтын тасбауыр болғанымыз ба? – деді Темір. Сөздері кітап сөзіндей мығым, әсерлі шықты.

– Біз Қадыровты тәрбиелеуіміз керек, менің ұсынысым оған ең соңғы рет қатты сөгіс берілсін. Мектепте қалдырылсын, – деді Темір.

Бұдан кейін үш-төрт адам сөйлеп еді. Бәрінің сөз сарыны осыған сайды. Темір оларға жол сызып, арна тартып кеткен тәрізді.

«Іс онына басты» деген оймен мен жадырап сала бердім.

– Тағы кімнің сөйлегісі келеді?

– Мен.

Қол көтерген Жантас еді.

Жантас орнынан түрегеле беріп, сампылдай жөнелді:

– Қадыровты оқудан шығару керек. Ол уәдесін бергенмен орындармайды, былтыр да талай рет уәде берген. Майқанова апайды шошытып, өлтіріп қоя жаздады... Ол... ол... қыздарға хат жазады...

Соңғы сөз менің жүргегімді қақ айырып тіліп түскендей болды. Бүкіл класс мені жаңа көргендей аңтарыла маған қарап қалыпты. Не істерімді білместен дуылдап, өртеніп бара жатырмын.

– Қай қызға хат жазады? – деп сұрады Майқанова.

– Білмеймін... Басына «Ж» деген әріп қойып, «екеуіміз Қозы Көрпеш пен Баян сұлудай болайык»

деп жазып отырған.

Мен есімді жаңа жиып:

– Өтірік! – деп дауыстап жібердім.

– Өтірік емей-ақ, рас. Әнеугүні сабак үстінде, партаның астына жасырып жазып отырғансың.

– Өтірік!

Мен Жанарға жазған хатымның бірін Жантас құқына түсіріп алған еken ғой деп шошып едім. Олай болмағанға «үһ» деп, өзіме-өзім келгендей болдым. Жанар жаққа көз тастап едім, оның жүзін байқай алмадым, маңдайын қос қолдап таянған қалпы төмен қарап отыр.

Абиыр болғанда, хат жайына ешкім мән бермеді. Сірә, өсекші Жантастың тағы бір зу еткізгені деп ойлад қалса керек.

– Тағы кім сөйлейді? – деді Майқанова. Басқа сөйлеуші болмады.

Ақыры мәселе дауысқа салынды.

– Бірінші ұсыныс: Қадыров мектептен шығарылмасын, ең соңғы қатты сөгіс беріліп, қалдырылсын!

Көпшілік.

– Екінші ұсыныс: Қадыров мектептен шығарылсын! Бір ғана адам қол көтерді, ол – Жантас.

## ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ТАРАУ

### *жиырма жетінші тарауға бастап апаралы*

Астын-үстін келтіріп, дауыл сапырған көк теніздің тепкісінде жалғыз қайықшы қанғалақ ойнайды. Бірін-бірі тықсырған арқырауық ақжал толқындар әлгіні бірде жаңқадай ұшырып, аспанға алып шығады да, біресе теніздің шынырау түбіне тастап келіп жібереді. Қайықшы байғустың қайраты сарқылған, амалы таусылған. Төніп келген қатерге бақырая қарап тосып алғаннан басқа шарасы жоқ. Тағдырының немен тынарына көзі жетпей жегідей жеген күйзеліс минуттары...

Мен өзімнің соңғы күндері бастан кешкен халімді көз алдыма осылай әкелемін. Дауыл сапырып өтті, жан қалды. Енді ес жиып ойлануыма, өзіме-өзім есеп беріп, толғануыма болады.

Әрине, бәріне өзім айыптымын. Осының бәрі тәртіпсіздіктің, мінез-құлқымның нашарлығының кесапаты. Әйтпесе, ана Темір құсап өзімді-өзім үлгілі ұстап, тек жүріп, тек тұрсам, мұндай жағдай болар ма еді. Аяулы алтын мамам арып-талып жайллаудан жұмысын тастап келер ме еді! Қасірет шегіп, қапаланаң ма еді? Жоқ, жетеді! Ақымақтықты енді доғаруым керек! Түзелуім керек.

Бұл менің түзелемін деп өзіме-өзім бірінші рет уәде беруім емес. Талай рет уәде бердім, шындал

бердім. Бірақ қанша тыныш жүрейін деп тырыссам да, олай болмай шығады. Не етқызуыммен, не басқа бір себеппен тәртіпсіздік істеп қойғанымды өзім де байқамай қалам. Жоқ, енді олай болмауға тиіс!

Таңертең мамам жайлауға қайтпақшы болды. Атын әкеп, ерттеп бердім. Ол менің басымнан сипап тұрып:

– Ал, Қожатай, ақылың бар баласың. Бәрін өзің түсінуің керек. Егер сен тағы бір шулыған шығаратын болсан, онда маған өкпелеме. Осы көрген азабым да жетеді, өмір бойы сенің күйігінді тартып жүре алмаймын енді мен. Экеңнен қалған үй мұлікке өзің ие бол, мен бұл үйден кетемін, – деді.

Бұл сөзді естігенде, менің көз алдыма жағал мотоциклімен Қаратай елестеп келе қалды. Ол маған мұртынан құліп, масаттана қарайды: иә, әкетемін, маманды. Сен әжең екеуің осы үйді бағып қаласындар.

Мамамды құшақтай алдым:

– Жоқ, маматай, кетпеші, кетпеші, жаным мама. Ендігөрі тәртіпсіздік істесем, онбай, көгермей кетейін... – көңілім босап, көзіме жас қаймақшып келіп қалды.

Мамам қолын иығыма салды:

– Сен жақсы жүрсөн, мен ешқайды да кетпеймін.  
– Күиеуге тимеші, маматай...  
– Адыра қалсын күиеуі... Мен үшін сенің адам болғаныңнан артық ешқандай да бақыт жоқ, – деді мамам.

Мамам жайлауға жүріп кетті. Мен мектепке келе жатырмын. Көңілім көтеріңкі, бойым сергек. Мамамның: «Адыра қалсын күиеуі. Мен үшін сенің адам болғаныңнан артық ешқандай бақыт жоқ», –

деген сөзі құлағымнан кетер емес. «Сенші маған, маматай. Адам боламын, қалай да адам болам. Мынау деген жазушы болып шықпасам неғыл дейсің. Мен енді кешегі Қожа емеспін, басқа Қожамын. Өзгерген Қожамын. Бүгін менің жана өмірімнің бірінші күні!».

Нұрила кемпірдің үйінің алдында қара қаншық сүйек кеміріп жатыр. Оған байқатпай, жерден жұдырықтай тасты іліп алдым. Тұсынан өте беріп, қаңқ еткізіп дәл бүйірден жіберіп қалмақшымын. Кенет сап етіп, бір ой келді басыма: «Япыр-ау, бұл ит маған не істеді? Мен оны неге ұрамын? Сосын үйдің иесі шықпай ма жүгіріп. Қарғап, тілдемей ме мені? Тәртіпсіздік деген міне осындаидан туады еken ғой.

Қолымдағы тасты былай лақтырып тастанап, өзімді-өзім іштей сөгіп, жөніме кете бардым.

Келесі көшеге бұрылғанда, алдында Жанар кетіп бара жатқанын көрдім. Қоңыр көйлектің етегі дөңгелене төгіліп, шағын бойына жарасып барады. Басында мен ұнататын қызыл беретка. Қолтығымнан қанат біткендей жеделдей басып, Жанарды лезде қыып жеттім. Ол менің сыйбысымды естіп, жалт бұрылып қарады.

- Саламатсың ба, Жанар?
- Амансың ба.

Жанардың сол жақ иығына жүққан болмашы әк көзіме шалына кетті.

- Жанар, иығыңды былғап алыпсың ғой?
- Кәне?
- Міне.

Шертіп-шертіп жіберіп едім, әк кетіп қалды. Және сүрткілеп жатырмын. Жанардың жұп-

жұмыр әдемі иығы алақанымға біліне түскен сайын айырылғым келмейді.

– Рақмет, – деді Жанар.

Екеуміз қатарласып келе жатырмыз.

– Кеше сен қорықтың ба, оқудан шығарады екен деп?

– Неге қорқам, шығарса Сартогайдагы нағашымдікіне барып оқитын едім. Сен білесің бе, ондағы мектептің қандай екенін?

– Қандай?

– Екі этажды. Физкультура залын көрсөң ол мектептің...

Не болса соны сөйлеп бара жатқанымды сезе қойдым.

Біраз мұдіріп, төңірегіме қарап алдым да, кенет:

– Жанар, – дедім.

– Не?

– Менің кешегі хатты кімге жазғанымды білесің бе?

– Қай хатты?

– Жиылыста Жантас айтқан хатты...

Жанардың жүзі қып-қызыл болып кетті.

– Кімге жазып едің?

Өкпем аузыма тығылды.

– Жай...ойнап айтам... – дедім.

## ЖИЫРМА ЖЕТИНШІ ТАРАУ

### **Құпия кенес жайы сөз болады, повесть осымен аяқталады**

Кешкі астан кейін төр үйге кіріп, стол шамды жақтым да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп, терезе перделерін түсірдім. Бұрышта кісі бойы үлкен айна тұр. Столымды соның дәл алдына тақап қойдым да, дүниені шулатып, сойқандап жүрген қылмыскер Қожамен бетпе-бет келіп отырдым.

– Қадыров Қожаның жеке бас құпия кенесі ашық деп жариялаймын. Құн тәртібінде бір-ақ мәселе – тәртіпті, үлгілі оқушы болу үшін мен бұдан былай не істеуім керек?

Құн тәртібін протоколға мәнерлеп жаздым да қылмыскердің жүзіне қарадым.

– Ал сөйле, батырым?

Ол арсыз бұның бәрін қалжың деп ойлайтын болу керек, күледі маған қарап. Көзін бағжитып, ернін шығарып, аузын қисайтып, келекелейді өзімді. Оның бұл қылығына менің ызам келіп, ашуым қайнап кетті. Қабағымды қарс түйіп, Ахметовке еліктеп, столды тарс еткізіп қойып қалдым:

– Түрегел!

Батырыңа жан керек екен, ұшып түрегеледі.

– Отыр!

Қайта отырды.

– Неге шақырдың, Қожатай? – деп әжем кіріп

келе жатыр.

- Шақырғам жоқ, ары барыңыз.
- Дауыстағандай болдың ғой?
- Сізге емес...жайша. Мұнда құпия кеңес өтіп жатыр. Бөгет жасамаңыздар.

- Кеңесі несі?
- Кеңес дегеннің не екенін түсінбейсіз бе? Жиылышы, жиылышы өтіп жатыр.

Әжем бір сәтке аңырып, үркे қарап қалды.

- Экем-ау, мынау не айтады? Жиылышы несі?
- Столды айнаның алдына неге қойдың?

– Ту, жарықтық-ау, – деп кейідім мен, – өзіңізге тиісті емес нәрседе не шаруаңыз бар? Мен құпия кеңес өткізіп жатырмын. Өзім, өзім туралы мәселе қарап жатырмын. Сізге қатынасуға болмайды.

Әжем менің қасыма келді. Шарасы қызығылттанып, жасаураған қоңыр көздері өнменімнен өтіп барады.

– Қожатай, шыбыным... сен...бисмилла деші. Бисмилла деші, шыбыным... Тұнде де үйиқтап жатып, жиылыш ашық, талқылаймын деп, бірденелерді айтып шығып едің, шошымалданып жүрсің ғой деймін. Бисмилла деші...

Үіза болғаным соншалық:

– Бисмилла! Бисмилла! Бисмилла! – деп, нығарлап үш рет айттым. – Болды ма? Жоқ тағы қайталайын ба?

– Шыбыным... жалғыздан жалғыз отырып та адам жиналыс өткізе ме екен? Тұн болса, сарылып көп оқисың. Осы сениң үйқын қанбай жүр ғой деймін?

Мен орныман ұшып түрегелдім.

– Айналайын әжетай, барыңызшы. Бөгет жасамаңызшы.

Тартыншақтағанына болмай әжемді шығарып

жібердім де, есікті іліп алдым.

...Құпия кенес бір сағаттай уақытқа созылды. Ақыры төмендегідей тұжырымға кеп, бір ауыздан қаулы қабылданды.

**ҚАУЛЫ.** Қадыров Қожаның жеке бас тәртібіне байланысты мәселені талқылай кеп, құпия кенес мынадай қаулы алады:

«**БІРІНШІ.** Тәртіпсіздік кісіні жексүрын көрсетіп біtedі еken. Оған көзімәбден жетті. Эрі бұл адамның келешегі үшін зиян. Тәртіпсіз болсан, комсомолға да алмай қоюы мүмкін. Сондықтан қалай еткенде де тәртіпті болуым керек. Ол үшін:

а) Бұдан былай ешкімге тиіспей жайыма жүремін. Досым болсын, қасым болсын, бейбіт қатар өмір сүрге тырысамын.

**ЕСКЕРТУ!** Егер тиісуші мен болмай, басқа болса, оған: «Аулақ жүр, жақсылық көрмейсің» деген тәрізді ескертпелер жасауым керек. Онда да тыңдамай баса-көктеп келе жатса, мұндай жағдайда, қажет деп тапсам, қол да жұмсау арқылы қорғануға еріктімін деп санаймын.

б) Осыдан былай ешқандай тәртіпсіз, түрпайы сөзді аузыма алмаймын. Үлкенді аға, кішіні іні деп тұрам.

**ЕКІНШІ.** Эрбір тәртіпсіздік қылығым үшін дер кезінде аяусыз жазаланып тұруым тиіс. Жазаның түрі төмендегіше болады:

а) Егер біреуге өзім тиісіп, шатақтассам, ол күні бір мезгіл ас ішпеймін.

б) Біреуді жазықсыз тілдейтін болсам, кезекті демалысымда ешқайда қия басып шықпаймын, үйде

отырам. Яғни өзімді үйге қамаймын деген сөз.

в) Сабақ үстінде тыныш отырмағандықтан мұғалімнен ескерту еститін болсам, ол жолғы үзілісте тысқа шықпай, орнымда отырамын.

г) Егер біреу-міреудің лақ-қозысы, тауық, қазы, іті біздің үйдің маңына жолап кетсе, аямай ұрып қуалайтын жыным бар. Алмастың қызыл қоразын сөйтіп өлтіріп қойдым. Бұным да жарамайды, жай айдал жіберуіме де болушы еді ғой. Ендігәрі бұндай қылықтарым қайталанса, жоғарғы тауық базға дем-алмastaн екі рет жүгіріп барып келем.

**ҮШІНШІ.** Сұлтанмен жолдастық қарым-қатынасым бұдан былай үзіледі. Ол екеуміздің сертіміз бүгіннен бастап күшін жояды. О дүниедегі қызыл ошақ жайына келетін болсақ, мен құдайға сенбеймін, сондықтан мені дозақ оты сескендіре алмайды.

**ТӨРТІНШІ.** Сабақты жақсы оқу – ұлгілі оқушының бірінші белгісі. Мен осы тоқсанның ішінде қалай еткенде де озат оқушылардың қатарына қосылуым керек. Ол үшін:

а) Сабақтан бір сағат та себепсіз қалмаймын.

б) Үйге берілген тапсырманы мезгілінде орындалап отырам.

**БЕСІНШІ.** Жоғарыда қабылданған міндеттемелердің мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін күн сайын үйшіктар алдында өзіме-өзім есеп беріп, жақсы, жаман қылықтарым-ды осы дәптерге тізіп жазып отырамын.

Осы айтылғандарды жүзеге асыру мен үшін ұлы сын.

Егер осы сыннан өте алмайтын болсам, онда маған бұдан былай оқу оқып қажеті жоқ. Анам

байғұсқа күйігімді тартқыза бермей адам болатын басқа бір жолды іздең жоғалуым керек».

Қаулы бір ауыздан қабылданды.

Осы кезде ауыз үйден тысырлаған аяқ сыйбысы, біреулердің сөздері естілді. Есікті тартқылап қаға бастады.

– Қожатай, аша ғой, шыбыным...

Тұрғеліп барып есікті аштым. Әжем мен Әубәкір шал тұр. Көзқарастары бір түрлі үрейлі, жұмбақ.

– Салаумалейком, қария.

– Саламат бол, балам. Сен немене, жападан-жалғыз есікті іліп алып отырғаның?

– Жайша... Сабақ оқып отырғаным ғой.

– Қожатай, мына атаң тамырынды ұсташы, шыбыным, – дейді әжем. Шошып қалдым.

– Неге? Не бопты?!

– Тұнде үйқысырап, сөйлеп шығып едің. Кім біледі... Мына атаң ұстап көрсін тамырынды. Өнің де бір түрлі балбырап тұрған тәрізді.

Мен еріксіз күліп жібердім.

– Әй, әжетайым-ай, қаранды әжем, мені ауру ғой деп тұрмысыз. Ауру түгіл дәненем де жоқ. Сапсаумын.

Әжемнің әжімді мәндейнан шөп еткізіп, бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді. Ай жарық. Аспанның түп-тұнық кек жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдарап ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда көремет бір жігер оты лапылдарап, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған күміс көпір белдеуlep, бет алдымда, ауылдың дәл іргесінде өзен жатыр жарқырап. Мөп-мөлдір мына ғажап дүние... «Ұш!

Самға!» деп, қолтығымнан қанат бітіретін, арман нысанасына қарай алып ұшатын тәрізді. Лаула! Лаула жігер оты! Самға қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да ертеңгі болашағым.

*Москва, 1956 ж.*

*Алматы, 1959 ж*

# ЖЕКПЕ-ЖЕК

ХИКАЯТ



Көктемнің аяқ шені «Қызылшекара» жауын-шашынды болып тұр. Жаңбыр кейде аспанның түбі тесілгендей екі-үш күн бойына үзілмей жауады. Аяқтан калош, үстен плащ түспегелі талай күн.

Осындай мазасыздықтың салдарынан колхоздың жер жырту науқаны созалаңдап, әлі бітінкіремей тұр.

Бірақ соған қарамастан шаруа баққан жүрт бұл көктемге дән риза. Егін мен шөптің мол шығатын құт көктемі деп атап жүр.

Бүгін сол жылаңқы көктемнің кенет сергіп жадыраған кезінің бірі, таңертенгі мезгіл. Тыста талайдан бері байқалмаған шуақты күн бар. Көше шеті мен үй-үйдің арасындағы алаң жерлерде тығыз қаулап жетіле бастаған балғын көк көкпенбек таза реңмен көнілді жарқырайды. Өріске айдалмаған лақ, қозы, жас бұзаулар шырын көкті қадала шымшып үзіп, сағынып көріскендей бас алмай жайллады. Жаңбырлы талай күнді сыз қапас қыста өткеріп сыз соқты болған тауық, иттерге дейін есік алдындағы күн шуаққа шығып, жадырасып бой жазып жүр.

Мұрат ертеңгі шайды ішіп болып, төр үйде сабақ қарап отыр еді. Кенет көше жақтан балалардың шулаған дауыстары естілді. Аласа столға сүйеніп, төр алдында сабақ жазып отырған орнынан үшып тұрып, терезеге қараса, бірнеше бала тәмен

қарай жүгіріп барады екен. Жалма-жан терезенің жартысын ашып жіберіп дауыстады:

– Садық, ей Садық! Қайда жүгіріп барасындар?

Үстінде қағылған шибарқыт костюмі бар, дембелше келген сұрлау бала жауап берді:

– Эскерлер ат ойнатып жатыр!

Бұл ара Жетісу өлкесінің шекаралы бір тұсы. Қыстақтан тәменіректе, су жағасында шекара қүзететін застава бар. Жүгіріп бара жатқандардың бет алысы сол болып шықты. Заставаның дәл қасында әскерлердің жазғы уақытта ат ойнататын ойын алаңы бар. Олар сонда әр кезде өздерінің жаттығу ойындарын өткізеді. Бөгеттерден ат секіртеді, қылышпен шыбық шабады. Шауып бара жатып, ат үстінде әрқылы өнер-қимыл жасайды.

Бұның бәрі «Қызылшекараның» балалары үшін қанша көрсө де жалықтырмайтын, құдды цирк ойыны тәрізді мәз-мереке көрініс.

Әке-шешесі үйден үзатып, қия бастырмайтын Мұратқа биыл көктем туғалы бері шекарашибардың бұндай тамашасын көрудің сәті бір түспей жүрген. Тап қазір оның делебесі қозып кетті. Кітап-қағаздарын тез жинастыра салды да, ауыз үйге шығып, жайдақ шайды бағана сілтегеннен әлі сілтеп отырған анасынан:

– Апа, әскерлердің ойынын көріп келейінші? – деп өтінді.

– Сонау застапқа бармақсың ба? Қой! Әскердің ойынын көрмел пе едің? Үйде отырып, сабағынды оқы.

– Балалардың бәрі кетіп барады, – деп қылды Мұрат. Мөлдіреген қап-қара әдемі көздері аянышты, мұңайып тұрып айтты.

– Қой дедім ғой! Бір жерінен шаншу ұстап қалады.

Бозарыңқы саусағымен Мұрат терезені нұсқады:

– Қарашы, далада күн жып-жылы. Жарқырап тұр.

– Күн жарқырап тұрғанмен жел бар. Түсін айтқанды. Көкке шығып желігетін кез емес қазір.

Әңгіме осымен тынған еді. Анасының илікпесін көрді де, Мұрат жым болды. Шытынған кейіс жүзбен төр үйге қайта кіріп кетті.

Сабадай жайылған мол қарның сипалай отырып, Ұлжан шешей шайын ұзак ішті. Шәйнектің бар қызылы таусылып, самауырдағы қайнақсу сарқылғанда барып қана үһ деді. Құмардан әбден шыққаның танытып жадырай жөтеліп алды, терін сұртінді. Сонда ғана төр үйде жым-жырт болған баласы оның есіне түсті:

– Мұратжан!

Үн жоқ.

– Мұрат!

Тым-тырыс.

«Әлгі үйиқтап қалды ма», – деп күбір етті де, Ұлжан шешей жер таянып орнынан түрегелді. Есік перделерін сыйдырып, төр үйге бас сұғып қарады. Мұрат көрінбейді. Енді байқады – көше жақтағы терезенің жартысы ашылып қалыпты. Салқын жел соғып, терезе перделерін кеуектей желліп тұр.

Ұлжан шешейдің жүрегі су ете қалды. «Мына антүрган терезеден шығып кеткен бе?!

Төсек астын, үй ішіндегі қалтарыс жерлерді түгел қарап, Ұлжан шешей баласын таба алмады. Мұрраттың ілуі түрған фуфайкасы көзіне түскенде:

– Сығыр алғыр, тым болмаса, киінбей кеткенін қарашы, – деді, не істерін білмей абыржи түсіп.

Он үш құрсақ көтерген Ұлжан шешейдің Мұрат сүт кенжесі.

Одан басқа ер жетіп адам болған екі қыз, бір ұлы бар еді. Қыздарының екеуі де күйеуге шығып, өз алдына үйлі-баранды болып кетті. Олар екеуі де бұл маңайдан жырақта тұрады.

Ал Мұрattan он екі жас үлкен Әбдібақас деген ұлы нағыз көкжал жігіттің өзі еді. Колхозда бригадир болып істеп, аты шығып жүретін. Соғыс басталысымен өзі тіленіп майданға алынды да, сонда мерт болды.

Әбдібақастың қайғысы Ұлжан шешей мен Батыrbай қарттың шымбайына кезінде ерекше батты. Ет жүректерін жидітіп, еңселерін күрт түсіріп жіберді. Қаншама ыстық жас көл болып төгілмеді, қаншама рет жүрек қабы қақ айрылып сөгілмеді... Әбдібақастың атын атап, естеріне алғанда, жүректері жаралы, көнілдері қаралы қос ата-ана осы кездे де құм болып егіліп кетеді...

Енді міне көптен қалған сарқыттай олардың көз алдарында қалқып жүрген тек Мұрат қана.

Өткеннің қайтып оралмасына, өшкеннің жанбасына көздері жеткен екі қарт енді соны медет етіп, тілеуін тілейді. «Құдай, енді осыма, қарайған осы шыбыныма өмір бер, қызығын көрсет», – деп таңды мінәжат етумен атырады, күнді мінәжат етумен батырады.

Қоруыш қарт ата-ана жанымыз Мұрattың үстінде шықсын деп тұрады, аяларынан шығарғылары, көзден таса еткілері келмейді. Мұрattы олар

қолдарынан байқаусызыда түсіріп алса, жарылып қалатын нәзік жұмыртқадай көреді.

Дүние жүзінің бар қауіп-қатері ылғи да Мұратты торуылдап жүретіндегі сезіледі оларға. Арқандаулы аттай қып, не қыста, не жазда олар Мұратты үй маңайынан ұзатып ешқайда шығара қоймайды.

Өшіккен балалардың Мұратты кейде «үйкүшік» деп ызаландыратыны да осыдан.

Терезеден секіріп түсіп, балалардың соңынан ілесе жөнелген Мұрат еркіндік өмірдің рақатын бірден сезінгендей болды. Көктемнің мөлдіреген сап-салқын таза ауасы алдынан жел боп есіп, тынысын ашып жіберді. Қолтығына қанат біткендей шабыттана сілтеп, балалардың бірінен соң бірін басып озды. Өзінің тәуір жүгіретіндігіне масаттанып, өкпесі өше бастағанына қарамай, өршелене түсті.

Бір-екі рет артына бұрылшақтап қарап еді, ашық қалған терезесі қалқып бейқам тұрған өздерінің қоңыр тамын көрді. Ауыз үйде шешесінің қаперсіз күйде шай ішіп отырған кейпі көз алдына елестеді.

Әскерлер ат ойынын өткізетін алаңының дәл бүйірінде алыстан қарағанда төңкерген қазан тәрізденіп көрінетін тәмпешік бар. Балалардың тамашалап қарайтын дағдылы орны осы ара. Алдыңғы кеткен үш-төрт бала соның үстіне енді шығып үлгіргенде, оларды өкшелеп, ентелең Мұрат та жетті.

Солдаттар бұл кездे шыбық шауып жатқан.

Кезек астында ойнақшыған биік ақ боз аты бар шекарашиба келді. Қолындағы жалаңаш қылышы мен жасыл фуражкасының күнқағары жарқ-жүрқ етіп, саптан алғарақ озып шықты.

- Старшина!
- Николай Трофимович!
- Ох, ол қазір көрсетеді! – деп, балалар оны танып, шулап қоя береді.

Ақ боз аттың әсемдігі көз тойғысыз. Мойның аққудай иіп, көлденендең билеп тұр. Үстіндегі старшина тебініп қалған кездे алдыңғы екі аяғын көкке сермей атылып, бір сәтке шаншылып тұрып қалды да, содан соң шолақ құйрығы желбіреп, құйғытып шаба жөнелді.

Аралары он бес-жырма метрдей етіліп орнатылған бағандардың басына қадап-қадап қойған солқылдақ жінішке көк шыбықтар тұр. Застава старшинасы украин Денисенко басқалардан ерекше өнер көрсетіп, әлгілердің біреуін қалдырмай турап өтті. Әдемі турап өтті! Оңды-солды дәп сілтенген алмас қылыштың соында көк шыбықтар бірінен соң бірі сол тіке тұрган қалпында болмашығана дір ете қап, қылышып түсіп жатты.

Басқаларға ұқсап жаралап кету, тигізе алмай кету деген болмады.

Ең соңғы биіктеу екі бағанның біреуінің басында ішіне нығарлап шөп тығылған тығыз дорбаша тұр еді. Старшина оны қылышын шүйілтіп әкеп, дәл бүйірден қорс еткізіп түйреп түсірді. Ал одан кейінгі ең ақырғы бағанда ілулі тұрган темір шенбер бар еді. Әлгіні құйғытып бара жатқан екпінімен аспандата қағып, ұшырып жібергенде, шенбер әуелеп бірталай жерге шырқап барды.

- Ой, жаса, старшина!
- Эне, көрдің бе оны!
- Ол сондай!
- Ол керемет! – десіп, балалар әлгіден бетер

шуласып, рахатқа батып жатыр.

Мұрат таңдайының балын сора сүйініп:

– Шіркін-ай, мен де осындай командир болсамшы! – деп дауыстап жіберді.

Мектеп директоры Тоқмоданың баласы едірең Садық Мұраттың жүзіне бажырая қарады.

– Командир болмай қал! Сен үйкүшікті өуелі солдатқа да ала қоймас.

– Неге?

– Солдаттар әне, дәу-дәу, мықты. Ал сен болсан үтірің мынау, күнде ауырып қаласын.

– Өскенде ауырмаймын, – деді Мұрат сөзден ұтылғысы келмей.

– Өспей қал! – деп Садық Мұратты итеріп кеп жібергенде, бейқам отырған ол еңіске қарай тыраң етіп құлап қалды.

Балалар ду күліп, мәз болысып жатыр. Елден ерек Садық мәз.

Мұраттың оған бұдан бұрын да бір-екі жерде есесі кетіп еді. Қазіргісі тіпті қорлық болды. У үстіне у тамып, Мұраттың жанын қүйдіріп жіберді.

– Сен не? Неге интересің? – деп ол Садыққа тұра ұмытылды. Отты көздерінен шынайы ашу шатынап, түйіліп алған.

– Итерсе не? Ал не іstemексің? – деп Садық мығымдана түрегеліп, өр кеудесін Мұраттың алдына тосты.

– Мен сені ұшырып жіберем! – деді Мұрат тістеніп.

– Ұшырмай қал!

– Ұшырам дедім, ұшырам!

– Қане, ұшыр!

Тұтап келе жатқан тәбелес сөніп қалмасын деп,

басқа балалар тұс-тұстан жел бере бастады.

– Мұрат, қорықпа!

– Садық, өзін тыраң еткізші.

– Үрит соқ, көк қасқа! – деген дауыстар жамырап кетті.

Қара күші Мұрattan басым екенін Садық жақсы біледі. Арқаланып тұрғаны да сол білек күші. Ал Мұрattың сұрланып, ашынып алған жүзінде оның пысын басқандай айбат оты, өткірлік бар еді. Сол себепті де Садық бірінші болып қол жұмсауға бата алмай тұр.

Егесken қораздар тәрізденіп  
ол екеуінің құр секендей  
тұрып алғандарына өзгелер тіптен риза емес.  
Қызыл шеке төбелестің өзі болмағанмен, одан бергі бірденесі бүрк ете түссе екен деп, бірімен-бірі жарыса өрекпиді:

– Ендеше күресіндер!

– Кімнің күшті екені сонда белгілі болады!

– Ал ұстасындар!

– Жығылғанды жер көтереді!

– О, су жүрек, қорқып тұр!

– Қатын!

Бұл сөздер егесken екеудің ешқайсысын да жетістірmedі. Шымбайларына батыра қамшымен осып-осып жібергендей болды. Екеуі шап ұстасып, тіресіп қалды. Өзгелер ортаны ашып, серпіле берді. Сөйткенше болған жоқ, тырмысқанына болмай үйіріп әкеліп, Садық Мұrattы жерге топ еткізді. Онымен де қоймады, намысына тиетіндей тағы бір жаман ырым сөзді айтып, «...күшің маған» деп, Мұrattың басынан аттап кетті.

Шекарашибардың ойыны әлі аяқталған жоқ.  
Бөгеттерден ат секірту болып жатыр.

Балалар төбешіктің үстіне жайғасқан күйі әлі сол улап-шулап, тамашалап қарауда.

Мұрат басқалардан артқарақ оқшау отыр. Мүйізделген сиырдай жырылып шығып, қораштанып, бүгіле түскен. Көзі шекарашибардың ойынында болса да, көнілі басқада. Әлгінде Садықтан тапқан жеңілісі титықтатып, намысын шоқтай қарып, күйіндіріп отыр.

«Япыр-ай, осыншама әлсіз болып, нәзік болып туармын ба? Күшті болып, Садықтай болып неге тумадым? Соңда мен оған танытар едім».

Ауылдың солтүстік-батыс жағы қырат, жота. Жауын-шашын көбінесе сол түстан келеді. Аспан жарқырап тұрғанның өзінде теріскейден бір жел тұрса болғаны, жентектелген сұр бұлттар иек артпадан жөңкіліп шыға-шыға келіп, сатырлатып қүйіп өтетін дағдысы бар. Ауа-райының сол шалдуар мінезі оқыстап тағы біліне бастады. Аю тұлғалас қап-қара бір бұлт Өмекені тұра асып, екпіндең келеді. Сонында тіркес-тіркес тағы да бұлттар көрінеді.

«Болындар! Қозғалындар тезірек! Мына қыстақтың адамдары үйді-үйлеріне тығылып, жасырынып үлгіргенше төгіп-төгіп жіберейік» деп, бірін-бірі ығыстыра итерісіп, асығып келе жатқан тәрізді. Ойын қызығына еліккен шуылдақ балалар бұны елейтін де, байқайтын да емес.

Батыстан ызғырық жел тұрып, жер бетін көленке басып, аз уақыттың ішінде ауа-райы құбылып шыға

келді.

Манадан бері қарай жедің өтіне қақталып, көйлекшөң отырған Мұрат кенеттен селк ете қалды. Сол жақ қолтығының астынан біреу ине сұғып алғандай болды, жаман шаншып кетті. Дәл осы кезде балалардың біреуі үрейлі дауыспен:

– Күн жауып келеді, – деді. Аспан да зенбірек атылғандай күр-күр етті.

Балалар орындарынан шулай түргелісті. «Қап бәлем, байқатпай бас салайын деп едім, болмады-ау» деп ызалаңғандай, күннің күркіреуі үдеп-үдеп барып басыла бергенде, найзағайдың отты қамшысы шатыр ете қалды.

Сатырлаған ап-ауыр тамшылардың астында балалар үріккен қойдай тырағайлап, қыстаққа қарай бей-берекет жүгірісті.

\*\*\*

Сыртта тасырладап жаңбыр жауа бастағаның көргенде, Ұлжан шешейде ес қалмады. «Қап, өлді-ау, өлгі, өлетін болды-ау!» – деп Мұраттың фуфайкасын ұстап, жүгіріп шықты. Есік алдындағы тезектердің үстін жабамын деп тағы да біраз бөгеліп қалды. Одан енді жөнеле бергенде, көзіне Батыrbай қарияның бағана өзі жуып, қораның шетіне жайып қойған жейдесі тұсті. Оны ол күйінде тағы да тастан кете алмады. Жейдені үйге кіргізіп, ашық қалып бара жатқан есікті құлыптап үлгіргенше жаңбыр екілене тұсті.

Енді тіпті өрт шығып жатса да, бөгелуге оның мұршасы жоқ еді. Ауыр денесі іркілдеп, құнжыңдай басып, заставаға қарай жүгіре жөнелді.

Шомылатын адамдар табылды дегендей жаңбыр ышқына-ышқына құйып кетті.

Сүме-сүме болған бірнеше бала Ұлжан шешейдің алдынан қарсы жүгіріп келеді.

– Эй, балалар, Мұратты көрдіңдер ме?

– Арт жақта келе жатыр.

Нөсер асқына, қарбаласа түсті. Көше бойы бір демнің арасында жарқыраған көлшіктерге толып кетті. Сатыrlаған тамшылар көлшіктердің бетінде шоршақтап би билеп, айналада шұп-шұбар көбіршіктер өріп шыға келді.

Мұрат үйге тезірек жетпекші болып, әлдекімдердің бау-бақшасын аралай тұра тартып еді. Бұнысы жолды қысқартудың амалы болатын. Бірақ ол мықтап алданды. Бақшаның жуырда айдалған қара топырағына бір-екі аттап үлгермес-тен толарсағынан кіріп-кіріп кетті де, қайтадан кері жүргуге мәжбүр болды.

Содан талай бұлтарыс жасап, қорықтардан секіріп өтіп, әрен дегенде көшеге қайтадан шықты.

Сабынға ұқсап езіліп, көше де жетісіп түрған жоқ еді. Бір рет тайғанап жығылып, жамбасымен сырғанап түсті де, бүкіл бір жақ қапталын ластап алды.

Өстіп ел баспаған жерлерді басып, машақат кешіп жүргендे Мұрат өзін іздеп, алдынан киім алып шыққан анасымен кездесе алмай қалды да, сұры кете малшинып үйге жетті.

Келсе, есікте құлып тұр. Қайтерін білмей сасқалақтап, өзге паналар жер таппағаннан кейін жүгіріп барып сыз қораға кірді.

Жаңбыр ұзаққа бармады, шалағай аттай арындар арындар алды да, сарқыла қалды. Тағы біраз

уақыттан кейін аспан жадырап ашыла бастады. Қарсыдағы үйдің қабырғасына ала шұбар бұлттың жыртығынан жарқыраған күн сәулесі тұсті.

Бір кезде өкпесі аузына тығылып, «аһлап, уһлеп», Ұлжан шешей келді. Аяғы толарсағынан саз балшық. Үсті-басы малмандай су...

Қорадан тісі-тісіне сақылдап, Мұрат шығып келеді. Екі беті көкқайыстанып, жақ жүні үрпийп кеткен. Топшысынан оқ тиген құстың қанатына үқсан екі иығы сөмпиіп, екі жеңі салбырап, қалш-қалш етеді.

— Көтек, мынау қайдан шыға келді. Ойбай сорлыай! Өлдің-ау! Ұскының кетіп қалыпты ғой, бейшара!

Мұрат анасының жүзіне кінәлі көзben жәутендең қарай берді.

#### 4

Батыrbай қария колхозшылардың жекеменшік сирын бағады. Мал дегенде қолқа-жүрегі елжіреп тұратын адам. Сиырлартойынсын деп, кеш батқанша жаятын әдеті. Бұғін де сол дағдысымен ауылға күн батар алдында ғана келді. Аттан түсіп жатып үй жаққа көз тастаса, тым-тырыс. Әншейінде, бұл кезде есік алдында бажылдап, буы бүркыраған ак самауыр тұратын еді. Ол да көрінбейді.

Су сініп, сірепсіп қалған қалың сулығын қаудырлатып, Батыкең ауыз үйге кіргенде, төр үйден Мұрattың қинала жөтеліп ентіккен сыйысы естілді. Батыкеңнің жүрегі шымыр етіп, үркіп қалғандай болды. Есікті шымылдықтап тұрған пердені қамшы сабымен сирып ашып қарап еді, ала көлеңке тарта бастаған үйдің ішінен төсекте жатқан баласын, оның қасында мелшиіп, салбырап отырған

кемпірін көрді. Бір түйір аяз зырқ етіп Батыкеңнің миын тесіп өткендей болды.

– Мынаған не болған?! Жайша жатыр ма?

Кеудесіндегі қапырықты Ұлжан шешей бір күрсініп шығарды да:

– Қайдан жайша болсын, – деп бүгінгі уақығаны баяндаپ берді.

Батыкең шешінді де, Мұраттың қасына келді. Алақаның оның мандаіына басып көрді. Еті лапылдаپ тұр екен.

– Докторды шақырдың ба?

– Лоқтыр не істеуші еді. Суық тиген балаға оның дәрісі ем бола ма? Одан да сой қазір қара марқаны. Теріге салмаса болмайды.

Мұратқа анық ем боларына көзі жетсе, Батыкең қара марқа түгіл, астындағы жалғыз атын союдан да тайынбайды. Бірақ ол кемпірінен гөрі көзі ашықтау, жаңашылдау адам.

– Дегенмен көрсін. Дөсаны мен шақырып келейін, – деп бөгелмestен шығып кетті.

«Қызылшекараның» «лоқтыры» Дуся дейтін жас орыс қызы. Екі жылдық фельдшерлік мектепті бітірген білім-шарқы бар. Бірақ жар дегендегі жалғыз «доқтыры» сол болғаннан кейін бұл араның халқы оның білімін есепке алып жатпайды. Көрінгісі келгендері қандай аурумен ауырса да келіп, көріне береді.

Ауыл қазағының ырқына Дуся да көніп алған. Құн болсын, тұн болсын, ерте келсін, кеш келсін келгендерді қабылдай береді. Терезенің алдында шашылып жатқан азғантай дәрі-дәрмектен әйтеуір жұғымды деген біреуісін тегіннен-тегін беріп жөнелтеді.

Дусяның өз қолынан келері осы ғана.

Ал ауруы салмақты адамдар жәрдем тілесе, Дуся жолдама жазады да, аудандық емханаға бар дейді.

Сөз қайыруды, беттен алуды білмейтін биязы мінез Дуся қазақтарға ұнайды. Олар оны еркелеткен тәрізденіп, өз тілдеріне бейімдеп, «Дәса», «Дәсажан» деп атайды.

Батыкеңнің алдына түсіп алып, келте шашы дударланып Дуся келді. Мұраттың ыстығын өлшеп көрді, өкпесін тыңдады. Аузын аштырып «а!» дегізіп қарады. Содан кейін айтқаны:

– Аудан оны апарсы керек. Анікі өкпе сұық тиген. Сондай укол салады. Жазылады.

Екі қарт «доқтырдың» айтқанын үркे, үрпісіе тыңдады.

– Қой сойып, терісіне салсақ қалай болар еді? – деп сұрады Батыкең.

– Ой, ол булмайды. Менікі айтты анда аудан апарса керек деп. Сол дурус.

Дуся кетісімен Ұлжан шешей мен Батыкеңнің арасында керіс-тартыс басталды:

– Бол, сой марқаны, терісіне саламыз, – дейді Ұлжан шешей.

– Әлгі доқтыр болмайды демеді ме?

– Лоқтырың дым да білмейді.

– Дым білмейтін адамды өкімет доқтыр етіп қоя ма?

Бұл әңгімені естіп жатқан Мұрат ентіге сөйлеп:

– Теріге түспеймін, – деп азар да безер болды.

Ұлжан шешей райынан енді қайтқандай:

– Тым құрса, бүгінше жас сорпа қайнатып беріп көрейік. Сойсаншы, аяп қалдың ба ол неменде, – деді.

Марқа сойылды, сорпа қайнатылды. Бірақ «іше ғой, жей ғой, жазыласың» деп қанша жалынып-жалбарынғанмен, зекіп қыстағанмен Мұрат жарытып ештеңе ішіп-жемеді.

Ертеңінде ыстығы көтеріле түскенін көріп, Батыкең Мұратты ауданға алып жөнелді.

## 5

Мұрат ауруханада жатқанда халқымызды шаттықта бөлеген аса зор қуанышты оқиға болды. Соғыс бітті. Төрт жыл бойына елдің титікінә жетіп, қажаған апattyң үні өшті.

Жүрт әрқайсы өз білгенінше қуанды. Біреуді біреу бас салып сүйіп жатты. Салт аттылар көше бойымен шапқылап, әлдекімнің бейқам жайылып жүрген лақтары болса, көкпар етіп, тартып ала жөнелісті.

Бұл үшін оларды тергеп-тежеген ешкім де болған жоқ.

Қуанғаннан еніреп жылағандар да аз емес.

Осының бәрін аурулар аурухананың терезесіне жабысып көріп тұрды. Бұл кезде ыстығы қайтып, сергіп қалған Мұрат та солардың ішінде еді.

Мұрат ауруханадан шөлмектей болып бозарып, жүдеп шықты. От шашқан көздері ғана сол бұрынғысындай жайнап тұр.

Ол арбамен «Қызылшекараға» – ауылына келе жатып, айналадағы жаздығұнгі толықсыған үыз дүниеге жаңа көріп табысқандай аса бір сезімталдықпен қарап отырды.

Бұл – мектепте сабак бітіп, балалар емтихан

тапсырып жатқан кез. Мұрат емтиханға қатыса алмады. Бірақ ол кластағы үздік оқушының бірі еді, педагогикалық совет соны ескеріп, Мұратты келесі алтыншы класқа емтихансыз көшіруге тоқтам етті.

Мұрат үшін бұл аса қуанышты жай болды. Ауруханада жатқанда оның көптен-көп үайым шегіп біткені де осы оқу жайы болатын.

## 6

Бусанып семіз құз келді. Жаңа оқу жылының басталатын үақты жақындаған қалды.

Бір күні Мұратқа оның досы Шәкір жүгіріп келді. Екеуі ылғи да бірге ойнап, үақытты бірге өткізетін. Үйлері де көшениң ар жак, бер жағында, көрші. Бүкпесіз ашық мінезді Шәкір данғырлай сөйлемеді.

– Мұрат, ей, Мұрат! Сен білесің бе!

– Нені?

– Бізге физкультура мен орыс тілінен кім сабак беретін болғанын.

– Кім?

– Николай Трофимович!

– Ол кім?

– Николай Трофимовицтің білмейсің бе?

Заставадағы старшина. Әскерден босапты да, біздің мектепте мұғалім болып қалыпты.

– Е, қойшы?!

– Қойшы емей-ақ, рас. Сенбесен жүрші. Ол қазір Тоқмолда екеуі мектептің алдында жүр.

Жарысқан аттай ентігіп, Мұрат пен Шәкір жүгірген бойда келіп еді, Тоқмолда мен Николай Трофимович волейбол алаңының қасында сөйлесіп түр екен.

– Мына бір төбешіктің көзін жоғалтса, алаң кеніп кеткелі тұр. Оның топырағын апарып анау шүқырларға тәксе, ол ара да теп-тегіс болады, – дейді Николай Трофимович әлгі аталған жерлерді жүп-жұмыр саусағымен нұсқай шолып.

– Оны қалай жоғалтпақсың?

– Қазып, алып тастаймыз. Оқу басталғаннан кейін балаларды жауып жіберсе, қыын ба?

– Өйтіп азаптанбай-ақ, мына араларға ойнатсан да жетпей ме?

– Физкультура алаңын жасақтауға бұл ара тарлық етеді.

– Өзің біл, – деді Тоқмолда қысық көздері жыптылық-жыптылық етіп. Мән бермей, ойланбай айта салды.

Тоқмолда бойы тапалдау келген, жұмыр иықты, сұр адам. Жасы қырықтар мөлшерінде, бір жеті шамасында бір рет қырылатын көселеу сақалының нақ қазір өскен кезі. Иегінің тап ұшы мен шықшыт түптерінде ғана қолмен жапсырған тәрізденіп сирек шоғырланған қап-қара қылтанақтар бар.

– Оқу басталысымен мен осы жұмыстарды қолға алам, – деді Николай Трофимович.

– Жарайды.

Тоқмолда осыны айтты да, мектепке қарай жөнеле берді. Үстінде олақтау қолмен тігілген тік жағалы ақ жейде, оның сыртында қоңырлау пенжак. Бұтында солдаттың сары галифе шалбары. Аяғында жұлығына жамау түскен көне былғары етік. Басында тәйпиген көкшіл кепка.

Пішіні, тұр-тұсі әрқиылды осы киімдер Тоқмолданың үстінен әр қыырдан келіп, кездейсоқ бас қосып, қалай болса солай жабысып тұра-тұра қалған.

Әлгіндей әжүа түріне қарамастан Тоқмолда жуантық шағын денесін маңғаз ұстап, салмақты басып барады. Төнірегіне шекесінен қарап көз салады. Осы араның қожасы менмін дегендей кеуделі, арқалы жан екені сырт пішінінен білініп, танылып тұр.

\*\*\*

Николай Трофимович Тоқмолданың соңынан ілеспей тұрып қалды. Бет алдындағы алаңды көзімен шолып, қиялдап ойланып тұр. Ол орта бойлы, мығым, тығыз денелі, жуан мойын адам. Арт жағынан келіп қараған тосын кісі қазір ғана моншадан шыққан ба деп қалады. Мойны-басы құлақ шекесіне дейін қып-қызыл болып ылғи да қызарып жүреді. Қаны сыртына тепкен сау-саламаттықтың белгісі.

Галифе шалбарының қалтасына қол салып, Николай Трофимович рулетка суырып алды. Содан соң анадай жерде тұрған Шәкір мен Мұратты дауыстап шақырды:

- Балалар, бері келіндер!
- Екеуі жетіп келді.
- Сендер осы мектепте оқисындар ма?
- Иә, осында оқимыз.
- Қай класта оқисындар?
- Бесіншіні бітірдік. Енді алтыншыға барамыз.
- Дене шынықтыру сабағын сүйесіндер ме?
- Сүйеміз, – деді олар қабатынан.
- Сүйсендер, осылай бола ма? Мектептерінде физкультура алаңы жоқ. Спорт мұліктеріннен ештеңде жоқ. Сендердің дене шынықтыру сабағын сүйетіндіктеріңің белгісі сонда осы болғаны ма?
- Біз қайдан білейік, біз білмейміз ғой, – деді

Мұрат.

– Білмеу деген жаман нәрсе. Білу керек, ал білмегенді білуге тырысу керек. Дұрыс па?

– Дұрыс.

– Дұрыс болса, ұста мынаны, – деп рулетканың бір жақ ұшын ол Мұратқа ұсынды. Оны Мұрат шап беріп ұстай алып:

– Николай Трофимович, сіз енді бізге мұғалім боласыз ба? – деп сұрады.

– Сен менің аты-жөнімді қайдан білесің?

– Білеміз. Біз бәріміз де білеміз.

– Иә, мен енді сендерге орыс тілі мен дene шынықтыру пәндерінен сабак беремін.

– Ой, жақсы болды! – деген қуанышты сөз Мұраттың аузынан еріксіз шығып кетті.

## 7

Әлгі араны рулеткамен олай бір, былай бір өлшеп, әр жерге қазық қағып, Николай Трофимович көп қиялданды. Бірденелерді әлсін-әлсін қойын дәптеріне жазып та алады.

– Николай Трофимович, мұнда не болады?

– Мұнда ма, мұнда физкультура алаңы болады.

– Заставаның қасындағы алаңдай бола ма?

– Одан да әдемі болады. – Рулетканы жинап, қалтасына салып алды да:

– Ал, бүгінше осымен бітсін, – деді Николай Трофимович. – Жәрдемдескендерің үшін сендерге үлкен рақмет.

Мұрат пен Шәкір масайрасып жөнеле берді. Николай Трофимовичпен істес болып, нендей шаруа тындырығандарын басқа балаларға мақтана жеткізіп, айтып бергенше асығады.

Олар кеткеннен кейін де Николай Трофимович жалғыздан-жалғыз әлгі араны шолып біраз жүрді. Аяулы бір затын жоғалтып алғып, іздең таба алмай жүрген адам тәрізді. Сол араға жап-жақын жерде Дуся қызмет істейтін дәрігерлік пункт бар. Аяғын салмақпен басып, енді ол солай қарай келе жатыр.

Сырт көрінісінде қыстақтың өзге үйлерінен ешқандай айырмасы жоқ, бұл там қоржын тәрізді үш бұлыш жай. Ортадағысы да лан үй. Ал екі жақтағы бөлмелердің күншығыс жақтағы біреуінде Дуся өзі тұрады, күнбатыс жақтағы бөлмеде ауруларды қабылдайды.

Ауруларды қабылдайтын бөлмеде есік жоқ, оның орнына көне қоңыр жамылғы іліп қойған.

Ағылып келіп жатқан аурулар болмағаннан кейін Дусяның қолы бос уақыттары мол болады. Ондай кездерде ол көбінесе тәсегінің үстіне бүктүсіп жатып алғып, романдар оқиды. Тап қазір де солай болатын. Бір кісілік арзанқол көк керуettің үстінде қап-қалың бір кітапқа құныға қадалып жатыр еді. Сықыр етіп сыртқы есік ашылды. Одан соң бергі ішкі есік қағылды.

– Да!

Николай Трофимовичті көріп, Дуся үшып түрегелді.

– Рұқсат па екен?

– Рұқсат, кіріңіз.

Николай Трофимович табалдырық түбіне тәселген дымқыл шүберекке аяғын баппен сұртіп кірді. Едені жер, жасаусыз болса да бөлменің іші мұнтаздай тап-таза, көнілді, жарық. Екеуі қолдасып амандасты.

– Хал қалай, Дусенька?

– Хал жақсы, Николай Трофимович, сіздің погоныңыз қайда?! – деп Дуся шошып қалғандай болды.

– Погонмен қош айттыстық.

– Қалайша?

– Енді мен де бейбіт өмірдің басқалармен терезесі тең азаматының біреуімін, – деді Николай Трофимович.

– Демобилизованы?

– Да.

– Вот это сюрприз! – деп мәп-мәлдір кек көздері жайнай қарап, Дуся демігіп, бастырмалатып сұрады.

– Енді Украинаға, отаныңызға кетесіз ғой?

– Жоқ, кетпеймін.

– Енді қайда баrasыз?

– Ешқайда да бармаймын. Осындағы мектепте мұғалім болып қалатын болдым.

– Шын айтасыз ба?

– Мен сізге әр уақытта да шындықты сөйлейтін адаммын. Қалжың айтсам да шындалп айтам.

– Түсінбеймін?!

– Нені түсінбейсіз?

– Мұнда сіз неменеге қызығып қалмақшысыз? Ешқандай мәдениет, ештеңе жоқ, қыыр шет. Қазақтар...

– Мұнда сіз де тұрып жатқан жоқсыз ба?

– Мен тұрып жатсам, біріншіден, бұл араға аздық-көпті үйрендім. Екіншіден, менің басқа барал жерім жоқ. Ал сіз болсаңыз, енді өз еркініз өзінізде. Қайда барам десеніз де жол ашық. Әрі жақсы мамандығыңыз бар. Жоғары білімді мұғалімсіз, спортшысыз. Сіздің орныңыз қалада емес пе?

– Мен қалада емес далада еңбек етіп көруге

бел байладым. Сіздің қасыңыздан үзамайын дедім. Терезеніздің дәл тұсынан, әне, анау арадан физкультура алаңын жасақтайын деп жатырмын. Қазақ балаларын спортқа баулимый. Бұл деген қызық жұмыс емес пе?

– Отырыңыз, Николай Трофимович... мен тіпті әлі де сенбей тұрмын...

Николай Трофимович отырды.

– Сенбесеніз, мә, оқыңыз, – деп ол төс қалтасынан аудандық оқу бөлімінің бір жапырақ қағазға жазылған бүйрығын алып көрсетті.

Осы кездे үйге бес-алты жастар шамасындағы кішкене баласын жетелеген әйел кіріп келді. Баланың қолы шуберекпен орап тастаған қызылжоса қан. Ол әбден жылап, сілесі қатқандықтан селк-селк етіп, өкси береді. Екі көзі шыланған жас.

– Дәса, қарашы мына онбағанды. Пышақпен ойнаймын деп алақанын ондырмай кесіп алыпты. Киіз күйдіріп бассам да, тыйылар емес, – дейді әйел.

Қолының ауырғанына емес, «доқтырдың» алдына сүйреп әкелгенге баланың үрейі ұшып тұр. «Бұл енді не істер екен!» – деген оймен көздері шарасынан шығып барады.

Қарсыдағы бөлмеге алып барып, Дуся балаға ем жасай бастады. Алақанын ондырмай кесіп алған екен. Жарасын иод күйдірген бала «бәсе, бір сұмдықтың боларын сезген едім!» дегендей бар даусымен ышқына жылап, бақырып, әлек-шәлек қылды. Шіркіннің үні мұндай ащы болар ма:

– Ойбай! Өлдім! Өлдім-ау, ойбай! – деп жер тарпып, без-без еткенде, даусынан ел көшкендей еді.

Оқу жылы басталғалы бір жетідегі уақыт өтті.

Күн кешкіріп, салқын түсे бастаған кез. Мектептің бет алдындағы жазық алаңда қаптаған жоғарғы класс оқушылары. Қолдарында күрек, қайла, зембіл. Қауырт қимыл, қызу іс. Солардың араларында мәндайынан буы бүркүраған Николай Трофимович.

Осы топ, бірнеше күн болды, мектептің физкультура алаңын жасақтауда.

Содан бері қыруар жұмыс істеліп те қалды. Волейбол, баскетбол алаңдары қазірдің өзінде дайын. Гимнастика қалашығы жасақталатын участоктің тап ортасына көзге шыққан сүйелдей болып, әлгі бір тәмпешік дәп келіп еді.

Ер балалар сүймендеп қазып, соны талқандап жатыр. Қыздар зембілмен топырақ тасып жүр.

– Болыңдар, салыңдар! Толтыра салыңдар! – деп олар ер балалардың жандарын шығарып барады. Біреулері кетіп үлгіргенше, екіншілері жүгіре басып жетіп те келеді.

Үй орнындағы тәмпешік көз алдында шөгіп, таусылып барады.

Николай Трофимович кішкентайынан көзін енбекпен ашқан адам. Қандай іске болса да бір кісідегі икемі, қабілеті бар. Гимнастика қалашығына қажетті мұлік-дүниелерді ол өне өзі жасап жатыр.

Сырт қараған адам оны қазір мұғалім екен деп тіпті де ойламайды, көнігі балташы деп ойлады.

Ұп-ұзын үлкен бір бөренені сұлатып салып, Николай Трофимович лыптыған өткір ақбалтамен

қырлап шауып жатыр. Маңайы толған жаңқа-жұңқа, әр алуан ағаштар.

\*\*\*

Директордың кабинетіне мектептің шаруашылық ісін басқарушы Сәйбек қарт кіріп келді. Жүрісі екпінділеу. Тоқмолда жазу жазып отыр еді. Не бол қалды дегендей, басын кілт көтеріп алғып, көзін жыптылық-жыптылық еткізді.

– Мынау орыс мұғалімің ағаштан ағаш қоймайтын болды, – деді Сәйбек шағына сөйлеп, бір уыс бурылсақалы селтең-селтеңетіп, – директор рұқсат берген деп алғып бұлдіріп жатыр. Бел ағашқа деген әлгі екі бөренені бірдей ортасынан бөліп, турап тастапты. Одан басқа да бірталай ағашты бұлдіріпті.

Тоқмолда қаламын тастай салды:

– Жынды ма өзі. Шақырыныңшы, келсін!

Сәйбек кілт бұрылды да, тобылғы таяғымен еденді тықылдатып кете барды.

Ұстарамен шашын тақырлап алдырған қисық шекесін қаси түсіп, Тоқмолда мазасызданып отыр. Николай Трофимович келіп кірді. Соңында Сәйбек.

«Кел, отыр» деп орын ұсынып, сыпайыгершілік көрсетуге Тоқмолда қазір бейім емес. Николай Трофимович табалдырықты аттар-аттамастан ол сампылдап сөйлеп кетті.

– Николай, сенің мынау істетіп жатқандарың, немене өзі? Бүкіл даланы айғыздап қазып тастапсың. Бұл не әүрешілік, а? Соナン соң анау құрылысқа деген ағаштарды алғып, бұлдіріп тастапсың. Сен, немене, осы араға застап орнатып, балаларды солдат қып ойнатқалы жүрсін бе?

– Физкультура алаңын жасақтауды мен сіздің

өзінізбен келісіп едім ғой.

— Келіскенде, мен қайдан білейін сенің бүйтетініңді. Әлгі бір... Не деуші еді мынадайды... ортасында темірі бар екі ағашты... тұрнік деуші ме еді. Соны орнатса біtedі еken деп қалдым ғой.

Николай Трофимович мырс етіп құлді:

— Жағыз турникten физкультура алаңы бола ма екен?

— Кім, Николай. Сен осы аудандағы басқа мектептерде болып көрдің бе? Солардың бірде-бірінде осы сен істеп жатқандардың көлеңкесі де жоқ. Есіктерінің алдында әл-гіндей бір-бір тұрнік тұрады. Болды. Тіпті аудандағы мектепке барып көрсөң де сол ғана.

— Бұның бәрі солай екенін мен жақсы білемін, директор жолдас. Бұл дene тәрбиесіне мән бермеушілік, оның маңызын түсінбеушілік. Олар іstemегенді біз істеуімізге болмай ма? Бұл үшін бізді ешкім де жазғырып, жазаламайды. Қайта басқаларға үлгі боламыз, өнеге боламыз, әп-әсем етіп физкультура алаңын жасақтап алсақ ол деген тамаша нәрсе екенін, жолдас директор-ау, сіз қалайша түсінбейсіз?

Дене тәрбиесі жөнінде Тоқмолданың саяздығын сезе тұра соңғы сөзді Николай Трофимович әдейі оны желпу үшін айтты.

— Түсінемін, Николай, — Тоқмолда сөйлеуіне бөгет жасағандай гимнастеркасының үстіңгі түймесін ағытып, қысқа мойның онды-солды созғылап алды,

— Не істегің келсе, істе. Менің оған қарсылығым жоқ. Бірақ ағаш затының бұл арада қымбатшылық екенін сен өзің білесің ғой. Келесі жылы мектепке тағы да екі класс қосып салуға тиіспіз. Кесегіне

дейін құйып, дайындағ қойдық. Анау ағаштар соған деп жиған құрылыш материалдары. Сен енді бұлдірме оларды.

– Мен енді ағаш алмаймын. Жетеді осы алғандарым.

– Анау бел ағаш жасаймыз деген екі қарағайды бекер бұлдіргенсің!

– Жолдас директор, іске жараған нәрсе бүлінген бола ма екен?

– Бұдан былай қарай менің рұқсатымсыз ештеңе алушы болма. Жарай ма? Солай болсын. Егер осындағы он бір мұғалімнің әрқайсы өз бетімен ойына не келсе соны істейтін болса, онда мектеп мектеп болудан қалмай ма? Нені болса да ақылдастып, ынтымақтасып істейік.

Әңгімені осымен қысқартпақ боп, Николай Трофимович:

– Жарайды. Бәрі түсінікті, – деді.

## 9

Тоқмолданың дүмшелігін Николай Трофимович анық аңғарғандай болды. Директор бола тұрып, мектептің физкультура алаңының қандай болатынын білмеуінің өзі-ақ оның шама-шарқын әшкереlep тастады.

Бір Тоқмолда емес, осы мектептегі басқа мұғалімдердің де төрт аяқтарынан бірден басып, жетісіп түрғандары шамалы. Ең мақтағандары педучилище бітіргендер. Басқалары осы мандағы орта мектептердің кейі сегізінші, кейін тоғызынышы класын бітіріп, мұғалім болғандар. Маман мұғалімдердің жетіспеуінен өзірше бақыттары жаңып, кәсіп қылып жүрген нантабарлар.

Николай Трофимович осының бәрін көре, сезе тұра налымайды. Өжет ойынан ауытқымайды. «Бұның бәрі уақытша нәрсе ғой. Әлі реттеледі, өмір сабасына қайта келеді», – деп қарайды.

Ертесінде таңертең ол ерте тұрып, ауылдың төменірек жағындағы өзі бірталай жыл қызмет атқарған шекаралық заставаға келді. Бұл ара оған өз үйіндегі үйреншікті. Мұнара басындағы сақшы Николай Трофимовичті анадайдан танып, айқайлап амандасты:

- Сәлемет боларсыз, Николай Трофимович!
- Сәлем Иванов! Бастық өзінде ме?
- Өзінде.

Николай Трофимович бастыққа кірді. Сидиған үзын бойлы, құс мұрын, жас капитан оны орнынан тұрып қарсы алды:

- Саламат боларсыз, Николай Трофимович, төрлетіңіз. Бізді ұмытпағаныңызға қуаныштымыз.
- Сендер ұмытпасаңыздар, мен ұмытпаймын.

Хал-ахуал жайлы біраз әңгімелескеннен кейін Николай Трофимович келген шаруасының жайын баяндауды:

- Жолдас капитан, мен сізге өтінішпен келіп отырмын. Өтінішімнің мәні мынадай: менің спортшы екенімді, бұл істі жан-тәніммен сүйетінімді өзініз білесіз. Шамамның келгенінше бұл салада заставада біраз жұмыс жүргіздім.

- Біраз емес, көп жұмыс жүргіздіңіз. Біздің сіз дайындаған боксшыларымыз округтік жарыстарға дейін қатысты. Соның бәрі Сіздің енбегініз.

Мақтау сүймейтін Николай Трофимович сөзін тез жалғады:

- Мұндағы мектепте дene шынықтыру пәнінің

аты бар да, заты жоқ нәрсе екен. Бақыттыма қарай мен соған тап болыппын. Барлығын өзім бастап, өзім істеуіме тұра кеп отыр. Физкультура алаңы дегеніңіз атымен жоқ, тіпті бұрын-соңды болмаған нәрсе екен. Бірнеше күннен бері оқушылардың жәрдемімен соны жасақтап жатырмын. Бірақ та бірде бір спорт мұлкі-сайманы деген жоқ. Дүкендеріне барсам, онда да жып-жылмағай. Міне сіздің осыған жәрдемдесуіңізді сұраймын. Ат қораның қасындағы қоймада тізімнен өшірілген, ескіріп, ақауланған бірсыпты мұлік бар. Жөндеп, жамап-жасқаса, өлі де пайдаға асыруға болады. Мен оларды тұбі керекке бір жарап қаларсың деген оймен жиып, сақтап жүретін едім. Енді солар мына біз секілді кедей-кепшік үшін таптырмайтын асыл бүйым болғалы түр.

Жас капитан біреуге жақсылық істеуге бейім, ақ көніл жанның бірі еді. Николай Трофимовичтің өтінішіне құлап түсті.

— Алыңыз. Тізімнен өшірілген нәрселер болса, біз сізден айымыз ба? Алып игілігіңізге жаратыңыз. Онда да біздің заставадағыдай жемісті еңбек етуіңізге тілектеспіз. Тек қана бізді ұмытпай, оқтаектеке келіп тұрыңыз, — деді.

Николай Трофимович заставадан олардың өз арбасымен бір арба спорт мұліктерін алып қайтты.

## 10

Мансабы зордың беделі де зор. Соған сай әр елдің, әр ортаның ез еркесі мен серкесі бар.

«Қызылшекараның» тұрғындары үшін Тоқмолда осындағы санаулы серкелердің біреуі. Мектеп директоры деген лауазымның өзі-ақ ауыл

адамдарының арасында оның орнын әменде төрден сайлап тұрады.

Оның араласып, қораласатын адамдары колхоз председателі, ауыл совет председателі, дүкеннің сатушысы, ферма бастықтары тәрізді кілең ығай мен сығай таңдаулылар.

Сенбі күні түстен кейін Тоқмолда артель председателі Мырзабаевқа ілесіп, егіс басына кетіп еді. Сол сапарынан бүгін дүйсенбіде оралды. Жетінші кластағы бірінші сабағына үлгіру үшін жеделдетіп жеткен беті еді. Газетпен қапталған көне оқулықты қолтығына қыса салып, мінекей, мектепке келе жатыр.

Алдағы көшесымактың пүшпағынан бұрыла бергенде, мектептің физкультура алаңында пайды болған дар ағашы тәрізді бірдене Тоқмолданың көзіне оғаш шалына кетті. Әлгінің маңайында улап-шулап, топырласқан балалар. Тоқмолда оның не зат екенін таңырқап барып білді. Дәл осындай «дар ағашы» заставаның қасында да тұр, оқта-текте солдаттардың асылып, ойнап жатқанын көретін.

«Е, әлгінің қызыл танау болып, жасап жүргендері осы еken ғой», – деп ойлады Тоқмолда.

Ол аяғын сыптылдата басып, тұпадан тұра тартып, «дар ағашына» келді. Балалардың біреуі турникке асылып, біреулері салбыраған кендерін арқанға маймылша өрмелеп, мәре-сәре болып жатқан.

– Эй, эй, бұг не? Жанталасып сендерге не көрінді? Мойындарың үзіледі ғой! – деп Тоқмолда ақырып-бақыра келді. Тап осы кезде ол зәулім сатының сонау биік басынан аяқтары салбырап, тырбандаپ түсіп келе жатқан өз ұлын көргенде, зәресі жаман ұшып кетті. Қүйқа тамыры шымыр етіп, жаны

тырнағының ұшына келгендей болды.

– Өй, мына ит, қайда шығып алған! Ақырын, өй ақырын! Аяғыңмен тіре. Аяғыңмен тіре! Құлайды-ау, мынау! Өледі-ау! – деп Тоқмолда без-без етеді. Құлай қалған күнде Садықты тосып алатындей екі қолын тарбитаңып көкке созады.

Көлденең қараған адамға Тоқмолданың бұл мінезі құлқілі еді.

Құлау қайда, Садық тырбаң-тырбаң етіп, құлдырап келді де, жерге топ ете түсті.

– Ақырын! Қирады-ау!

Құйрығымен шоңқия түскен Садық қирамапты, тез түрегеп кетті. Тоқмолда оған бас салып ұрса бастады:

– Денің сау ма, сонша биікке өрмелеп! Құласаң не боласың! Құл-паршаң шықпай ма, ақымақ! Енді осыған өрмелегеніңді көрейін! Әй, арпалыспай түсіндер, түге! Қусирақтардың жетісуін, әне қоңырау соғылды, кіріндер кластарыңа! Барыңдар!

Балалардың бәрін мектепке қарай тырқыратып қуып жіберді де, Тоқмолда әлгі арада жалғыз өзі қалды. «Дар ағашының» ар жағына бір шығып, бер жағына бір шығып, қарап жүргенде құлағының дәл түбінен:

– Саламатсыз ба? – деген дауыс естілді. Жалт бұрылса, Неколай Трофимович.

– Е, Неколай, мыналарың не сүмдық! – деді Тоқмолда тұтыға сөйлеп.

– Несі сүмдық?

– Мыналарың... мынау бізге абыыр таптырмайды.

– Неге? Қалай? – деді Николай Трофимович ештеңенің байыбына бара алмай.

– Әлгінде, менің көз алдында ғана, бірнеше

баланың мойны үзіле жаздады. Мына сатының сонау басына өрмелеп шығып алышты. Сол арадан құласа, не болады? Өледі ғой! – Садықтың әлгіндегі тырбандаі салбыраған кейпі Тоқмолданың жүрегін әлі де болса сұтып, көз алдынан кетпей тұрған.

– Бұның өзі әдейі өрмелеп шығу үшін орнатылған саты емес пе?

– Қалқам-ау, сен балаларды солдат қып ойнатқың келе ме? Осы пәлелердің біздің мектеп үшін не қажеті бар?

– Қажеті сол – балаларды спортқа тәрбиелейміз. Ал спортың өмірде қаншалық зор маңызы бар екенін, оны директор жолдас, сіз менен гөрі өзіңіз жақсы білесіз.

Соңғы сөзді Николай Трофимович Тоқмолдаға қалай әсер етер екен деп, әдейі айтты. Тоқмолда егер түйсікті адам болса, бұл сөздің мағынасында мысқыл да бар еді.

Бірақ ол оны андамады. Өзін шынайы жоғары қойып айтылған сөз деп үқтуда, «менен гөрі өзіңіз жақсы білесіз» дегенге семіре қалды:

– Эрине, маңызы зор, мен оған дауласпаймын, – деді Тоқмолда, – бірақ балаларға жер бетіндегі спортты үйретсөң де жетпейтін бе еді? Мұншаның не керегі бар еді? Бұл ауылдың балаларын мына сен білмейсің. Ал мен болсам, жақсы білем. Олардың сыры маған жақсы мәлім. Онсыз да кітап бетін ашпайтын қусирақтарға мынау енді рахат болды. Ертеден қара кешке дейін арпалысып, үақыттарын енді осымен өткізбесе неғылсын, әлі талайының мойны үзіліп, пәлесіне қаламыз.

– Жолдас директор, сіз ол жағын уайымдамаңыз. Балалар қалай болса, солай алысып ойнамайтындей

тәртіп орнатамыз.

– Мынау арқан, дөңгелектерді, мына темір түрнекті, мұның бәрін қайдан таптың? Бізде бұлар жоқ еді ғой? – деді Тоқмолда.

– Бұларды заставадан алдыым.

– Застан оның бәрін бекерден-бекер бере салды ма?

Тоқмолданың көмейін түсінді де, Николай Трофимович әдейі:

– Жоқ, бекер берген жоқ. Бекер жатқан дүние бар ма? Бұлар үшін ақша төлейміз, – деді. Өнін байыпты қалпынан бұзбай, сендіріп айтты.

– Кім төлейді?

– Кім төлеуші еді. Мектеп төлейді де. Мен өз қалтамнан өтейді ғой дейсіз бе?

Тоқмолданың онсыз да жыптылық-жыптылық етіп тұратын кірпіктері билеп ала жөнелді:

– Мектепте шашылып жатқан ақша бар ғой деп ойлай-сың ба?

– Мұлік алуға деген ақша бар емес пе?

– Некалай, сен өзің қызық адам екенсің, – деп, Тоқмолда шындалп ыза бола бастады. – Директор дегенді сендер немене пешке секілді көресіндер ме? Мұндаидай нәрсені әуелі сөйлесіп, келісіп алу керек емес пе? Сендер өздерің қызықсындар. Биылғыдан бізде мұлік алуға деген бір тыын да ақша қалған жоқ.

Қалжынның арты насырға шауып бара жатқанын көрген Николай Трофимович күліп жіберді де шынын айтты:

– Қалжындаимын, директор жолдас. Застава бізге бұл мұліктерді тегін берді. Ескіріп ақауланған,

тізімнен өшірілген нәрселер.

— Осылардың-ақ аяқ астынан ойны келіп тұрады еken. Адамның жынына тимесендер жүре алмайсындар ма? — деп бұрқ-сарқ ашуланып, Тоқмолда кетіп бара жатты.

## 11

Дене шынықтыру пәнін бұдан бұл мектепте ешкім де пән санатына қосып көрген емес. Одан кім көрінген сабақ беріп келді. Басқа пәнді оқытуға қабілеті жетпейтін дүмшелер осыны «оқытатын».

Дүмшенің сабақ беру тәсілі, мәселен, мына тәрізді. Оқушыларды есік алдындағы тақырға алып шығады да сапқа тұрғызады. Соңан соң малын түгендеген бақташыдай «бір», «екі» дегізіп санатады. Санап болған соң: «На место шагом арш!» «Сол аяқ!» «Сол аяқ!»...

Оң аяқтан бөліп ап, жеке атағанға сол аяқтар екі есе биік көтеріліп, жерді екілене тебеді. Тақырдың шаңы бұрқ-бұрқ көтеріліп, қолқаны қаба бастайды.

Бұдан кейін «направо» «налево» деп, әрлі-берлі сартылдатып және біраз жүргізеді, сабақтың жарым-жартысы осымен өтеді. Қалған жартысында балалардың өз қалауы бойынша «мысық-тышқан» немесе «ақ серек пен көк серек» тәрізді ойындардың бірін ойнатады да, таратады.

Осы сабақ бірінші класта да, жетінші класта да дәл осы қалпынан айнымай өткізіледі, дүмшенің бітіретіні осы ғана, осымен сабақ өткіздім ат қылып, жалақы алып жүре береді.

Басқа мұғалімдердің сабағынадиректор мен завуч айтеуір бақылау жасағансып жүреді: күнделікті пән жоспарларын тексереді, сабақтарына қатысады.

Ал дүмше бұның бәрінен де азат, құдайдың нағызын еркесі. Оның не істеп, не қойып жүргенінде ешкімнің шаруасы болмайды. Өйткені жылдар бойына қалыптасқан тәртіп, дәстүр солай.

Озге сабактан кетіп қалуға батылдары жете қоймайтын қашқынқұмар балалар бұдан бұрын дene шынықтыру сабағы боларда зытып отыратын. Өйткені оны-мұны сылтау айта салса, бұл үшін ешқандай жаза тарта қоймайтынын олар жақсы білетін еді.

Ал енді биылғы жай олай емес. Мектепке Николай Трофимовичтің келуі дene шынықтыру саласындағы жылдар бойына қалыптасып қалған тымырсық жағдайдың астын үстіне келтіре бастады.

Бұл пән теңдік алған жалшыдай мықтап мінді күшіне.

Қосалқы сабак тәрізді елеусіз қалған қалпынан киіп-жарып қатарға қосылды.

Бір күні Николай Трофимович жетінші кластағы сабағына кірсе, он төрт баланың бес-алтауы ғана отыр.

- Басқалары қайда?
- Кетіп қалды.
- Қайда кетіп қалды?
- Үйлеріне.
- Неге кетіп қалды?
- Өздері кетіп қалды.
- Бұның алдындағы сабақта олар болып па еді?
- Түгелдей болған.

Қынжыла ойланып сәл түрдү да:

– Мен сендерге жарты сағат уақыт берем, – деді Николай Трофимович, – жүгіргеннен жүгіріп барып, кетіп қалғандарды шақырып келіндер. Кімде-кім

кеلمесе, соңынан маған өкпелеууші болмасын.

Оқушыларға бұл сөз үғынықты болды.

Арада он-он бес минуттай уақыт еткен шамада «қашқындардың» алды құғыншылардың желкелеуімен сүмірейіп бір-бірлеп келе бастады. Барлығы түгел жиналған соң:

– Ал, мырзалар, сабақтан неге кетіп қалдыңдар?  
– деп сұрады Николай Трофимович.

Қашқындарда үн жоқ.

– Сәрсенов, сен айт, сабақтан неге кетіп қалдың?

– Үйде бір жұмыс бол...

– Жұмыс болса, алдыңғы ана тілі немесе география сабактарының бірінен неге кетпедін?

Үн жоқ.

Николай Трофимович осылайша әр оқушыны жекелеп тексеріп, сұрап болғанша, сабақтың мерзімі де бітті. Әдемі сыңғырлап қонырау соғылды.

– Сабақтан жаңа кетпеген балалар, қашқын еместер, сендердің тарай берулерінде болады. Ал қашқындармен біраз жұмыс істеуге тура келеді,  
– деп Николай Трофимович қашқындардың қолдарына қүрек, кетпен беріп, физкультура алаңына қарай бастап алып жүрді.

## 12

Қонырау соғылды. Алтыншы класта дene шынықтыру сабағы. Тоқмолда кіріп келді. Балалардың біразы класқа әлі кіріп үлгірген жоқ еді. «Шақырыңдар сырттағыларды! Бол тез!» – деп жатыр. Балалар Тоқмолданы жаңылыс келді деп ойлап:

– Ағай, қазір сіздің сабағыңыз емес.  
– Бүгін бізде сіздің сабағыңыз жоқ.

– Қазір физкультура, – дей бастады.  
– Білем. Білем физкультура екенін, кітаптарыңды қалдырыңдар да, бәрің далаға шығыңдар.

Жыларман болған баладай тыста күн райы ойпайтыпа бұзылып келеді екен.

– Жүріндер! Кесек жинайсындар, – деп Тоқмолда балаларды мектептің сыртына қарай бастап әкетті.

Алтыншы класқа кіріп келген бойда Николай Трофимович состиып тұрды да қалды. Ешкім жоқ. Парталардың үстінде балалардың кітап, қағаздарығана жатыр.

Кіп-кішкентай бір сүр тышқан іргені бойлап жүгіргеннен жүгіріп барып, пештің артындағы сызат қуысқа зып берді.

«Япыр-ау, қайда бұлар?» Николай Трофимович осы оймен есік алдына шықты. Физкультура алаңы жаққа көз салды. Онда да бір жан көрінбейді. «Әлде менімен қалжындақсылары келіп, барлығы бірдей бір жерде тығылып тұр ма?»

Мектептің арт жағынан дабыр-шу естілгендей болды. Николай Трофимович солай қарай жүрді. Сөйтсе ол іздеп жүрген оқушылар түп-түгел осында. Қарбаласып кесек жинап жүр. Николай Трофимович жеделдей басып олардың қасына келді.

– Эу, бұларың не? Қазір сендерге менің сабағым емес пе?

– Иә, сіздің сабағыңыз.

– Директор ағай бізге кесек жинаңдар, деді.

– Қалайша?! – деп таңырқады Николай Трофимович. – Сабактың соңынан жинаңдар деген шығар?

– Жоқ, қазір жинаңдар деп, бізді өзі ертіп әкелді.

Балаларға жөн көрсетіп, басшылық етіп жүрген

Сәйбек еді. Николай Трофимовичтің қазақша жақсы білетініне қарамастан ол онымен қиқаландып орысша сөйлесуге құмар.

– Сынок, нимешай, деректір, ысқазал – нәшандік ысқазал. Он шорный аблака дosh буйдут. От еті же мокрым буйдут. Пропал буйдут, – деп Николай Трофимовичке түсіндірген болып жатыр. Онысы: «Бұл Директордың айттымен болып жатқан іс. Сен бөгет жасама. Директордың айтқаны біздің қай-қайсымыз үшін де заң ғой. Анау қара бұлтты көрдің бе, күн жауады. Күн жауса, мына кесектер су болады да, бүлініп құриды», – деген сөзі.

Оның айтқанын Николай Трофимович артығымен түсінсе де назар аудармады. Оқушыларға өкім ете бүйірып:

– Қане, тастаңдар! Барыңдар, класқа! – деді.

Бала деген лақ-қозы тәрізді ықтиярсыз халық. Кім қайырса, соның айдауына жүреді. Көтеріп келе жатқан кесектерін әр жерге қоя-қоя, тастай-тастай салып, алақандарының топырақтарын шарт-шарт қағып, мектепке қарай тырағайлай жүгірісті. Мал қайырғандай: «Ой, әй!» – деп Сәйбек таяғын көлденендей сілтеп, тосқауыл жасамақ болып еді. Онысынан түк те шықпады. Не анда, не мұнда жоқ көп кесек добалдай-добалдай болып, жол ортасында шашылып қала берді.

Тоқмолда бұл кезде кабинетінде жазу жазып отырған. Бір үйір жылқы шапқылап кеп кіргендей дәліздің бойы дүрлігіп, тасыр-тұсырға толып кеткенге, ол кабинетінен долдана ытып шықты:

– Тәйт! Не көрінді! Ана кластарда сабақ болып жатыр ғой! Лездің арасында кесектердің жинап болып-ақ қалғандарың ба?

- Жинап болғамыз жоқ.
- Николай Трофимович ағай класқа барындар, – деді!

Сәйбек пен Николай Трофимович балалардың соңын ала келе жатқан. Тоқмолда оларды терезеден көрді де қарсы жүрді.

– Некалай, бұ қалай? Мен мына балаларды кесек жинасын деп едім?

– Жолдас директор-ау, қазір бұл класта менің сабағым бар той?

– Сол сабағыңың орнына апарып кесек жинат. Құн жауып келе жатыр. Езіліп, бүлініп барады.

Тоқмолданың кесіп-пішіп бұйыра сөйлеуі Николай Трофимовичке ұнамады. Дене шынықтыру пәнін менсінбегенсін өстеді.

– Кесекті сабактан бос үақытта жинату керек емес пе?

– Құн жауайын деп келе жатқанын көрмеймісің?

– Онда әлгінде алдыңғы сабактардың бірінің орнына неге жинатпадыңыз? Жоқ әлде бұныңыз дене шынықтыру пәнін кемсіткендік пе?

Тоқмолданың кірпіктері жыпылықтап, өңі суып кетті.

– Ойпырм-ай, сен өстіп тақаса қалады екенсін. Сабак, сабак дей бересін. Осы сенде әуелі сабак өткізудің жоспары бар ма? Көрсетші маған. Сабак жоспарың болмаса, менің сені класқа кіргізбей қоюға правом бар.

Тоқмолда өзі директор болған талай жылдың ішінде дене шынықтыру пәні мұғалімінің сабак жоспарын бір де рет тексеріп көрген адам емес еді. Мына істеп отырғаны қиястық болатын. «Николай Трофимовичте сабак жоспары қайдан болсын.

Сол үшін бәлемді мықтап сілкіп алайын» деген ойда еді.

Бірақ Тоқмолданың көздегені болмай қалды. Николай Трофимович қолынан тастамай жүретін жұқалаң әскери сумкасын ашты да:

– Мә, көрініз, – деп Тоқмолданың қолына қатырма тысты қара дәптерді ұстата берді.

«Әкем-ау, мында шынымен-ақ жоспар бар болғаны ма?»

Тоқмолда дәптердің беттерін ашып қарай бастады. Оқу жылышын басынан бері өткізілген әр сабак маржандай тізілген әдемі жазумен қысқаша конспекті түрінде айы, күні көрсетіліп, мүқият жазылып отырылған екен. Бір беттен соң бір бет бәрі сондай сайрап тұр. Тоқмолда кейбіріне бөгеліп, міңгірлеп оқымақ болады, бірақ орысша жазылғандықтан тісі батпайды. Жар сүзгендей болып, оқи алмай тіреліп-тіреліп қалады.

– Сен мұны қазақша неге жазбайсың. Қазақ тілін жақсы білесің ғой, – деді Тоқмолда. Бұл оның өзінше тапқан міні еді.

– Ауыз сөзі болмаса, мен қазақшаға онша жетік емеспін.

– Үйрен, жетік болмасаң. Жетік емеспін деп, сен орысша жазсан. Неміс тілінің мұғалімі немісше жазса. Тағы біреу тағы бір тілде жазса. Мен сонда соның бәрін тексеріп қарау үшін дүние жүзінің барлық тілін білуім керек пе?

Тоқмолданың мына сөзіне Николай Трофимович іштей мырс етіп құлді. «Әй, қайдам, өзге тілді былай қойып, сен өзінің ана тілінді жөндеп біле ме екенсің!»

Балаларды кесек жинауға жіберді де, Николай Трофимович Тоқмолданың кабинетіне кірді. Планшеткасынан және бір дәптерді суырып алды да, стол үстіне қойды.

– Мектепте бірнеше спорт секцияларын ұйымдастырмақшымын. Мынау солардың іс жоспары, – деді.

«Секция» деген сөзге Тоқмолда түсінбеді. Дәптердегі қым-қиғаш жазуларға тайғанақтай қарап отырды да:

– Бұл не? – деп сұрады.

Николай Трофимович башайлап айтып, түсіндіре бастады. Женіл атлетика, волейбол, футбол ойындарының секцияларын құрғысы келетінін байымдап ұғындыруға тырысты. Сонда да болса Тоқмолдаға сіңіп жатқаны шамалы.

– Балалар сонда оқуды мұлдем қойып, тек осылармен ғана шұғылданбақшы ма? – Тоқмолданың үнінде кекесін де бар еді.

– Неге қояды? Мынадай тәртіл орнатамыз: әр оқушы өзі қалаған бір ғана секцияға мүше бола алады. Ал әр секция жетісіне екі-ақ рет жиналатын болады.

– Сонда осы жұмыстардың бәрін сен өзің жүргіземісің?

– Өзім.

– Міндетті сабағынан тыс уақыттарда ғой?

– Иә, сабактан тыс уақыттарда. Көбінесе, кешке қарай өткізіледі.

– Сонда бұл үшін мен саған ақшаны қайдан алып төлеймін?

– Бұл жұмыстардың жүргізгенім үшін мен ақша

сұрамаймын. Ол менің міндетім, – деді Николай Трофимович.

Әңгіменің мән-жайын таразылай алмай, Тоқмолда ыңырана түсіп, біраз ойланып отырды да, ымыраға келді.

– Жарайды. Әйтеуір балалардың сабак оқуына кеселдік келмейтін болсын. Және де мынаны ескертемін: егер осыдан біреу-міреудің аяқ-қолы сынып, жазым болатын болса, басыңмен жауап бересін.

Николай Трофимович бұған келіскендік білдірді де, дәпптерін планшеткасына жайлап салып алғып, шығып кетіп бара жатты. Тоқмолда оның мығым күшті иықтарына қарап ойладап отыр: япыр-ау, бұл неткен шаршамайтын адам! Темір ме өзі, немене? Басқа мұғалімдерге ғой кішкентай бір қосалқы жұмыс тапсырсан, без ете қалады. Тұяқтарының үшін қимылдағанға ақы сұрап қадалады. Ал бұл болса, мынау. Жан тыныштығын ойламайтын неткен пенде!?

## 14

Спорт секцияларына жиырма шақты ғана ер балалар жазылды. Қыздардан ешкім жазыла қоймады. Олар дene шынықтыру сабағының өзіне амалсыздан қатынасып жүргендер ғой. Бұндай «пәлеге» аяқтарын баса ма?

Николай Трофимович бұған абыржымады. Секцияға жазыл деп ешкімді қыстап, қолқалаған жоқ. Барымен базар деді де, әлгі жиырма шақты баламен жұмыс жүргізуге кірісті.

Әуелгі сабакты ол спорт жайында әңгіме етіп өткізді. Балалар үшін бұл ертегідей қызық, соны

боловп естілді де, бірден баурап алды. Спорт жетістіктерінен келтірілген мол фактілер әлі де ештеңе көріп-біле қоймаған көкқанат шәкірттерге кереметтей әсер етті.

– Спортын шұғылданған адамдардың дендері таза, жандары сергек, төзімді болады. Шынығып, шыңдалудың нәтижесінде оны-мұны кеселдерге бой бермейтіндегі дәрежеге жетеді. Міне, мына суретке қараңдаршы. Мынау адамдар қыстығұні ақ қар, көк мұзда суға шомылып жүр.

Николай Трофимовичтің қолындағы бояулы фотосурет әлдеқандай журналдың тысы еді. Қыстығұні. Өзен. Өзеннің екі шеті сірепе қатқан көк мұз. Он шақты тыржаланаш адам өзеннің дәл орта тұсында, ойықта суға кеуделерінен батып, шомылып жүр. Ал жағада бастарына малақай, үстеріне тон, аяқтарына пима киген әйел-еркегі аралас бір топ кісі әлгілерге қызықтап қарап түр.

Балалар ентелей қарасып, улап-шулап кетті.

– Ағай, бұлар қалайша тоңбайды?

– Тоңбайтын себебі бұлар әбден жаттығып, дағдыланған, – деді Николай Трофимович.

– Бізге де сейтіп жаттығуға бола ма?

– Болғанда қандай! Әбден болады.

Бұдан әрмен Николай Трофимович сумен шыңдалудың сала-сала шарт-талаптарын айтып үғындырды. «Жаттығуды жаздығұні құн жылыда бастаған жөн. Содан су біртін-біртін салқындей түскен сайын үзбей шомылып отырған адам, қыстығұні де шомыла алатындей дәрежеге жетеді».

«Ойпыр-ай, ә! Еш қындығы жоқ екен ғой», – десті балалар.

Бірсыпира әңгімені Николай Трофимович

спорттың еліміздегі табыстары жайынан айтты. Тәулік бойына судан шықпай алысқа жүзушілер: сонау қыыр шығыстағы Владивостоктан Москваға дейінгі әлейім қашықтықты велосипедпен жүріп өткен керемет төзімді комсомолецтер, сом темірді қамырша илеп, мойындарына галстук етіп тағатын балуандар тұрасында айтылғанда, балалар қас қақпай отырып тындағы. Қажымұқан дейтін аталарыңды білесіндер ме? – деп сұрады Николай Трофимович.

- Білеміз!
- Несін білесіндер?
- Күшті екенін білеміз.
- Балуан екенін білеміз.

Николай Трофимович бұдан әрмен үнгіп сұрап көрсе, балалар ол жөнінде де мардымды ештеңе біле қоймайды екен. Әйтеуір сондай бір мықты адам бар деп естіген дақпырт қана.

– Қажымұқан деген кісі дүниежүзіндегі атақты балуандардың біреуі. Француза күрестің дүниежүзілік чемпионы болған адам. Талай ірі мемлекеттерді аралап, даңқы шыққан. Ол Францияда, Англияда, Түркияда, Қытайда, Жапонияда болып, күрестерге қатысқан.

– Қажымұқан қазір бар ма, тірі ме? – деп сұрады бір бала.

– Бар, тірі. Оңтүстік Қазақстан облысында тұрады деп естідім. Жасы қазір сексенге тақап қалса керек. Балуандық өнерлерін сонда да тастамапты. Жалаңаш кеудесіне тас қойып сындыртып, иығымен рельс іп, жүк артқан арбаны тісімен сүйреп, жүртты тамашаға батырады дейді. Спортпен шұғылданудың пайдасы мінекей, осындаи болады, кәрілікке де

бой бермейді. Мен Қажымұқанды көрдім, – деді Николай Трофимович.

– Қашан көрдіңіз?

– Қалай көрдіңіз? – деген сұрақтар қарша жауып кетті.

– Сіз онымен күрестіңіз бе? – деді бір бала.

Николай Трофимович күліп жіберді.

– Қажымұқанмен күресетіндей күш қайда менде. Мені ол кісі бір қолымен алып, басынан айналдырып, лақтырып жіберер.

– Ағай, қалай көрдіңіз, соны айтыңызшы?

– Былтыр күзде, – деп бастады Николай Трофимович әңгімесін, – дәл осы уақытта Алматыға командировкаға барып едім. Алматыда, қаланың орта тұсында көкбазар дейтін бар. Онда әр түрлі жеміс, азық-түлік сатылады. Міне, сол көкбазардың қасынан өтіп бара жатсам, қазақтар даң-дуң болып, зор денелі бір адамды қоршап алыпты. «Бұ кім?» деп сұрасам, Қажымұқан балуан дейді. Біле қойдым да, көрейін деп, мен де бардым қасына. Бойы менің бойымнан мұншалық ұзын, жуан мойын, сом денелі, қарынды кісі екен. Үстінде омырауын ашып қойған жүқалаң шапан. Басында қазақ тақия. Аяғында жұмсақ хром етік. Шапанының ішінен кең етіп дабы жейде киген. Тұсі сұрлау, көздері кішілеу адам екен. Құлақ-мұрны, ерні жырым-жырым, беттерінің әр жері тыртық. Бұның бәрі күресте зақымдалған дейді. Саусақтарына қарасам, бір саусағының өзі менің мына үш саусағымдай бар екен. Қап-қалың еріндері сөйлегенде икемге келмей, сөзді добал-дап бұзыңқырап сөйлейді екен. Балаларым дегенді «балалалым» деп сөйлейді. Қошемет тұтқан жүрт Қажекенде анандай жерге апарып, астына көрпе

төсеп отырғызып, сырамен сыйлап, дуылдасып жатты.

Қажымұқан жаратылысынан күшті болып туған адам. Ал енді жаратылысынан күшті болып тумаса да, қажымай-талмай жаттығып еңбектенудін, спортпен табанды түрде шұғылданудың арқасында кереметтейкүшкеиеболғанадамдардатолыпжатыр. Мәселен, Сандов дейтін атлет жасында талдырмаш арық бала болыпты. Кейіннен ол жаттығудың, үйренудің нәтижесінде цирктің арыстанмен күресетін атақты балуаны болып шыққан. Салмағы екі жүз жетпіс килограмм арыстанды екі қолымен тік көтеріп алып, басынан асыра лақтырады екен. Ал Руссоль дейтін адам жаттыға келіп, иығымен бір тонна жүкті көтеріп кететін болған. Бір тоннаның қанша екенін білесіндер ме? Мың килограмм. Яғни он бес қап шамасы астық деген сөз. Он бес қап астықты адам түгіл түйе көтере ала ма?

– Түү, сүмдышқ-ай!

– Мынау бір жойт қой! – деп таңырқасты балалар.

– Адамның мүмкіндігі мен төзімділігінде шек жоқ, – деді Николай Трофимович, – Тибурин аралындағы және Мексикадағы индеецтер, Оңтүстік Африкадағы бушмен дейтін халық елікті, қоянды жаяу қуып жетіп ұстайды.

Әкесі діншілдеу бір бала осы тұста:

– Ұстапыралла! – деп жіберді. Жұрт бұған ду күлісті.

– Мексикадағы индеецтерде жиырмакилометрлік айналма жолда жаяу жарыс өткізетін әдет бар. Оған жұрт жаппай қатысады. Кейбіреулер әлгі айналманы он, он екі ретке дейін айналып шығады. Сонда бұл неше километрге жүгіреді деген сөз?

**Жиырманы он екімен көбейтіп көріндерші?**

– Екі жұз қырық километр, – деп арифметикадан жақсы оқитын Хадиша деген қыз сақ еткізді.

– Дұрыс. Яғни екі жұз қырық километрге дем алмастан жүгіреді деген сөз. Ойланғаршы, қаншама жер? Ешбір ат бұндай жүріске төзе алмаған болар еді. Ал адам бұған төзеді.

Осы тәрізді тағы да көп-көп кереметтерді айтып-айтып келіп, Николай Трофимович сөзінің аяғын осында отырған балаларға тіреді.

– Сендер жассындар. Осы бастан спортпен мықтап шұғылданатын болсандар әлі талай-талай тамаша спортшылар сендердің араларынан да шығуы мүмкін. Болашақ чемпиондар дайын күйінде аспаннан салбырап түспейді. Сендер тәрізді қарапайым адамдардан шығады. Ал спортпен шұғылданғандардың бәрі бірдей әлгіндей ғажап даңққа ие болады еken, спорт сол үшін ғана қажет еken деп ойлау және қате. Адамның денсаулығын күшетіп, шынықтыруда спорт таптырмайтын құрал. Олай болса, спортпен шұғылданбайтын оқушы болмауға тиіс. Біздің мектепте ұйымдастырылған спорт секциялары, мінекей, осы мақсатты көздейді.

## 15

Терезенің тұсында бірдене тасырлағанға Ұлжан шешей бұл немене деп қараса, Мұрат еken. Қорамен екі арада айнала зыр жүгіріп жүр. Ұлжан шешейге ол әуелде бірденені қуып жүрген тәрізді көрініп еді. Байқаса, жоқ, олай емес. Дәненені де қуып жүрген жоқ, өзінен-өзі.

– Әкем-аяу, бұнысы несі? – деген жұмбақ оймен

Ұлжан шешей ол тағы қайтер екен деп бақылады да түрдө.

Бір кездे Мұрат жүгіргенің қойды да, адымға көшті. Екі қолын тік жоғары созады да сылқ еткізіп қайтадан тәмен тастайды. Өстіп бірнеше рет қайталады. Бұдан соң ол жүрісті де қойып, тоқтады да, қолдарын алдына, тәбесіне, екі жанына созып, әрқылыштық қимылдар жасай бастады.

«Е, мұғалімдерінің үйреткені екен ғой. Аяқ-қолды тырбандағып, осы да өнер болды ма екен».

Ұлжан шешей кебісін аяғына ілді де тысқа шықты.

– Мұратжан-ау, бұның не, шырағым?

– Дене шынықтыру жаттығуларын жасап жатырмын, апа.

– Бұл неменеге керек?

– Бұның, апа, денсаулық үшін пайдасы зор. Адам шынығады. Денедегі қан айналымы жақсарады.

Мұрат енді екі қолын соза шалқайып, онан соң ағаш жарған адамдай пәрменімен еңкейіп, және бір соны қимыл істей бастап еді.

– Ой қалқам, жұлының үзіледі ғой! Өйтпе! – деп Ұлжан шешейдің зәресі ұшып кетті.

– Үзілмейді, апа.

– Қой, қой өйтіп зорланба! Сен жассың, әлі бұғанаң да қатқан жоқ. Жә, доғар жұлынбай, ана ел қарап тұр! Ұятты!

Мұраттың тағы бірсыныра жаттығулар жасамақ ниеті бар еді. Ұлжан шешей онысына мүмкіндік бермеді. «Осы істегендерін де жетеді. Жуынып, шайынды іш» деп еркіне қоймaston үйге алып кірді.

Ұлжан шешей дастарқан жасап жатқанда, Мұрат орамал, сабын, тіс щеткаларын алып, тысқа шығып кетті.

– Бол, тез жуын, тағы да жүріп алмай.

Дастарқанды жасап боп, Ұлжан шешей самауырды алып кірмекке есік алдына шықты. Мына сұмдықты қараңыз: Мұрат көйлек, майканы шешіп тастап, омыртқа-қабырғалары тыржыңтыржың етіп, тыр жалаңаш күйде арықтағы сұық сүмен малшынып, шомылып жатыр.

– Ой, бұның не? Ойбай-ау, жынданғаннан саумысың! Мұздай сүмен де кісі шомыла ма екен! Кіін тез, ойбай!

– Су адамды шынықтырады, апа.

– Кіін тез! Өй бүйтіп шыныққаның түссін! Ойбай-аи, мына ақымақ өлейін деп жүр екен! Таң атпастан арықтағы сұық суға шомылып?!

Мұраттың сүртінуге де мұршасын келтірместен Ұлжан шешей оны үйге құып тықты.

## 16

Жұмыс деген Николай Трофимовичтің басынан аса бастады. Құніне төрт сағат сабак береді. Одан кейін спорт секциясының екі сағаттық сабагы және бар. Кешкі уақытта оқиды, жазады, балалардың дәптерлерін тексереді. (Ол дene шынықтыру пәнімен қатар орыс тілінен де сабак береді ғой). Қысқасы, жексенбіден басқа құндері Николай Трофимовичтің тіпті сіңбіруге мұршасы келмейтін болды.

Бірақ бұны ауырладап, қиналып жатқан ол жоқ. Салмақты қымылдап жүріп-ақ осының бәріне үлгіреді. Күйіп-пісіп, шыж-кебек болып жатқаның және көрмейсің.

Ер балалардың дene шынықтыру пәніне, спортқа деген ынталысы күрт артты. Олар Николай

Трофимовичтің маңынан шықпайтын болып алды. Әнеугі жиырма шақты бала емес, бесінші, алтыншы, жетінші класс оқушыларының көпшілігі-ақ спорт секцияларына жазылды.

Кейбіреулердің спортқа деген қызығушылығы соншалық – әр оқушы бір ғана секцияға мүше бола алады деген тәртіпке наразылық білдірушілер де табыла бастады. Олардың барлық секцияға мүше болғылары, бірден бәрін үйреніп біліп алғылары келеді. Сондай ашқарақтың біреуі Мұрат еді. Әуелі ол жеңіл атлетика секциясына жазылған. Енді оны місі тұттай басқа секцияларды да жанамалап, қынқыл-сынқыл білдіріп жүр. Бірақ оған Николай Трофимович бағана айтатынын бір-ақ айтты.

– Спортпен шұғылдану – картоп түптеу емес: анасын бір, мынасын бір шұқылап, болдым деп өте шығатын. Әуелі бір секцияны мықтап менгеріп ал. Өнер-қабілетінді көрсет жақсылап. Содан соңғысын мен саған өзім айтамын, – деді.

Мұрат жым болды.

Ер балалар жағы спортқа қаншалық ынталы болса, қыздар жағы соншалық керенау. Бұл – қазақ қыздарының бойына тua біткен кесел тәрізді. Олар бұны әйел затына лайықсыз ұят нәрседей көреді де, табандап, беттерінен басып тұрады. Тіпті дене шынықтыру пәніне шалбар киіп келіңдер дегеннің өзіне де азарда-безер болады.

Николай Трофимович бұл жайды бұрыннан біletін. «Бұларға әкіренде, ұрсу керек емес, түсіндіру, үлгі көрсету керек», – деп ойлады ол. Осы тәсілмен ол қыздармен де ортақ тіл таба бастады. Осының нәтижесінде тап осы кездे үш қыз жеңіл атлетика секциясына, төрт қыз волейбол

секциясына қатысып жүр.

Ойға алған шараларының осылайша жедел дамып жүзеге аса бастауы Николай Трофимовичті, әрине, сүйсіндіреді. Өз ісіне деген сенімі мығымдалып, жігерін тасытады. Ол қазір ертеден қара кешке дейін мектеп маңынан, физкультура алаңының төңірегінен шықпайтын болып алды. Оны сол арадан, қол-сирағы күнге күйіп тотықкан қара домалақ балалардың арасынан көресіз.

Женіл атлетика секциясына қатысып жүрген Мұрат Батырбаев әуелгіде Николай Трофимович үшін елеусіз қораш қана біреу еді. Тұр-тұрпатынан спортқа бейімділіктің ешқандай да нышаны байқалмайтын. Бірақ бара-бара осы бала аңдағыш үстаздың көзіне дараланып түсे бастады. Оның қоп-қораш тарамыс арық денесінде үшқын атқан өжеттілік, от бар тәрізді. Нені болса да табанда үйреніп, игеріп алғысы келеді, көрсеткеннің бәрін жан салып, мұлтіксіз орындауға тырысады. Бұл әрекеті және табыссыз да емес. Білмегенін ынталанып, қадалып, бүгешігесіне дейін қалдырмaston сұрап алады.

«Осы өзі тегін бала емес!» деген тәрізді бір ой Николай Трофимовичтің көкейінде көктеп өсіп, бой көрсетіп келе жатты.

\*\*\*

Табиғаты тәртіпке бейім Николай Трофимовичті ұзақ жылғы әскери қатаң өмір болаттай шындаап тастаған. Таңертең сағат жеті болмай оянады. Оянды болды, ұшып тұрып киіну және салты. Содан соң орамал, сабын, порошоктерін алады да, өзі пәтерде тұратын диірменші Имамза қарттың

ауласынан шығып, өзенге қарай кетіп бара жатады.

Имамза үйғыр. Тікше зор денелі, жұрттан ақсан шаруақор, еңбексүйгіш адам. Ол Николай Трофимовичтен де ерте тұрып, бұл кезде диірменің маңында немесе өз үйінің іргесіндегі кең көлемді бақшасында кетпенмен жұмыс істеп жүреді.

Өзен бойының табиғаты тамаша, ауасы жұпар. Ел көзінен аулағырақ тал арасына кіреді де, Николай Трофимович күрт өзгеріп, бейне бір бала мінезіне түседі. Әрлі-берлі жүгіріп, асыр салып ойнайды. Әлденені нысана етіп, тас лақтырады, көкке аунап, мәре-сәре болады. Өзінің қыс болсын, жаз болсын күн сайын қаза жібермей істейтін дene шынықтыру жаттығуларын жасайды.

Бұдан соң да оның тоғай ішінен кete қойғысы келмейді, табиғаттың таңертеңгі жәрменке қүйін тыңдал, қашан шай дайын болды-ау деген уақытқа дейін әлгі арада сейілдейді де жүреді. Қоп-қою жұпар ауаны кеуде кере сіміріп, мойны-басы қып-қызыл болып, кішірек көкшіл торы көздерінен тән мен жанның саулығы от боп жанып білініп, осы бір тұп-тұнық әсем уақытта ол ерекше сергектенеді. Сондай бір шабытты шат көнілмен аяғын жайлап басып, қырға шығып келе жатады.

Ал егер Николай Трофимович шайға дөп келмей, бөгелінкіреп қалса, онда Имамзаның әйелі есік алдына шығып, өзеннің тікше қабағына келіп, орамалы селтиіп тұрып, жінішке қысқа даусымен айқай салады:

– Уай, Николай балам, жүрің, шай дайын болды, жүрің!

Сарқырап ақсан өзеннің шуы әйелдің даусын

Николай Трофимовичке түгел естіртпейді. Оның үні шіңкілдеп, үзік-үзік болып жетеді.

Бір күні Николай Трофимович осылайша өзеннен қайтып келе жатыр еді. Жарқабақтың жоғарырақ тұсынан бір бала ылдига қарай зымырап, бар екпінімен жүгіріп тұсті. Сол бойда өзен жағасына келді де, жалма-жан шешіне бастады. Шешінді де, күмп беріп суға қойып кетті. Суға түсісі қаншалық тез болса, судан ытқып шығысы да соншалық тез болды. Ап-арық денесі бүрісіп, қалтырай түсіп, дереу қайтадан киініп жатыр. «Опыр-ау, бұл кім? Таң атпастан суға түсіп жүрген кім болды еken?» – деген оймен Николай Трофимович әлгі балаға қарай жүрді.

– Эй, тоқта! Бері кел!

Николай Трофимовчті көріп, бала сасып қалғандай болды. Қасына келді. Бесінші класс оқушысы Мұрат Батырбаев еken. Тоңғандықтан екі бетінің түгі үрпіп кеткен. Шашының арасынан аққан су маңдайы мен самайын құлдилап айғызығыз болып, тамшылап тұр.

– Бұның не?

– Жай... Шомылдым, – дейді Мұрат қолға түскен ұрыдай жыптықтай қарап.

– Шомылғаның осы ма, тоңып кетіпсің?

– Ештеңе емес, қазір жүгіріп жылынып алам.

## 17

Қасы-көзі қыраулап, сұық құз келіп қалды.

Тоқмолда үйден шықса, күн райы бұлышырып, шытқыл еken. Батыс жақтан ызғар жел леп беріп тұр. Өріске кетіп бара жатқан сиырлар бауыр жұндері қыраулап, бүрсендей басып барады. Бақташы

Батыrbай қарт басына тұлкі тымағын, үстіне сырма шекпенін киіп алған. Қайыру бермеген сиырларды қatal зекіп дауыстап, қамшымен сауырға шарт еткізіп салып қап, арық-арнадан мертіктіре жаздал, өңмендете айдал барады.

Тоқмолда әдетінше ертелеп, мектепке басқа мұғалімдерден бұрынырақ келе жатыр. Басында қөнетоз қара малақай, үстінде қалың сырып тіккен қара фуфайка. Бұтындағы әскери сары галифе шалбар оның келте бойына ұзын келгендіктен екі жақ дедимесі етік қонышына салбырай түсіп кеткен.

«Қыс та тақап қалды» деген оймен келе жатыр еді Тоқмолда. Ұп-ұсақ бірнеше қар қырышығы жеңінің үстіне бірінен соң бірі келіп қонды. Тоқмолданың ойы селт ете қалды. «Қар жауайын деп тұр ма?»

Мектептің алдында Сәйбек қарсы ұшырасты. Ол екеуі бірге жатып шыққан адамдай ешуақытта да амандаспайды. Сол әдетпен Тоқмолда бірден:

– Сәке, қыс түсіп келе ме, қалай. Күн райы бұзылынқы ғой, – деді.

Қыс аспан жақтан бейне бір ұзын сатының бойымен түсіп келе жатқандай Тоқмолда қараған биікке Сәйбек те көзін тігіп:

– Мезгілі болып қалды ғой. Енді кешікпес, – деді.

Оқу ісін басқаратын Роза Асанова келе жатыр. Педучилищені бітірген, институтта сырттан оқытын, дене бітісі дөнмендей, кекселеу қыз. Ол бойына шақ емес, нәп-нәзік үнмен:

– Саламатсыз ба, Тоқа, – деп Тоқмолдамен ғана амандасты. Сәйбекті адам құрлы көрмейтін тәрізді.

– Тоқа, кластарға қашан от жаққызасыз? Суып кетті ғой. Мұғалімдер шетінен тымауратып, сабак оқыта

алмай жүр.

– От жағуға әлі ерте емес пе? Қыс түспей жатып отынды тауысып алсақ, қыстығұні не жағамыз?

– Енді кластардың бәрі сүйп кетті ғой. Тоңып отыру мүмкін емес.

– Сүйп кетсе, шешінбесін. Балаларды да шешіндірмесін. Аз қунде от жағамыз. Шыдасын соған дейін, – деді Тоқмолда.

Тоқмолда кабинетке кірді. Азынап тұр, сұық. «От жақса да болар еді», – деп ойлады. Өткен жылы да ноябрьді туғызып барып жаққызып еді. Бірталай отын артылып жазға ауысқан. Отын жетеді. Сонда да болса, қоруыштық мінезі Тоқмолданың кежегесін кейін тарта береді. «Артылса, артылсын. Келер қыстағы отынның жайы қалай боларын кім біледі», – дейді. Биылғы сұықта тоңып отырып, келесі сұықтың қамын ойлайды.

Николай Трофимович кірді. Үстінде атты өскерлер киетін қынама бел ұзын сұр шинель. Екі иықтағы погонның орны қоңырлау тартып, таңбаланып тұр. Не айтасың дегендей, Тоқмолда оның жүзінен көз аудармай қарап қалған.

– Директор жолдас, құн болса сұытып кетті. Қыс түсіп келеді. Сабак өткізіп, секция жұмыстарын жүргізетін зал керек. Онсыз болмайды, – деді Николай Трофимович.

«Сен келсөң бір тықырды тақай келесің» дегендей, Тоқмолда жарата қоймаған ажармен:

– Зал керек болса, бос тұрған зал көрсөң, бар да иемдене бер, – деді.

– Отын тұрған үйді босатып берсөңіз, сол бізге жарап жатыр.

– Отынды көшеге шығарып тастаймын ба?

– Жоқ, неге көшегешығарасыз. Отынды мектептің алдына жинау керек. Шетінен кесіп жарғанға да сол ара қолайлы.

– Айдалада жатқан отынды әркім бір жаңқадан үстап кетсін, – деді Тоқмолда.

– Отын үрлады деген сүмдышты мен бұл ауылдан естіген жоқпын. Жүрттың барлығының отыны далада, есіктерінің алдында жатыр. Сіз өйтіп орынсыз қоруыштық істеменіз. Сол секілді әп-әдемі үйді пайдаға асырмай отын жинап қою деген мүлде дұрыс емес.

Николай Трофимович айтып отырған үй мектептің дәл артында ғана. Бір кезде, соғыстан бұрын колхоз бұны клубқа арнап салған екен. Содан соғыс басталып кеткен де, бітпей қалған. Еден төсемеген, пеш салынбаған. Іші-сыртының қара сылағы ғана сыланып, есік-терезе орнатылған қалпында иесіз қалған үй екен. Соны Тоқмолда иемденеді. Мектептің анау-мынау қоятын қоймасына айналдырып алады.

Николай Трофимовичтің соңғы айтқан сөздері Тоқмолданың тәніне шоқ түскендей әсер етті. Көздері әдеттегіден де шапшаң-шапшаң жыптылықтап, қүйгелектене қалды.

– Қымбаттым, осы сенің ақыл айтқаннан басқа да билетінің бар ма, а? А? Қашан да мені үйрете, жөн сілтей келесің. Сол білімділігінді осыдан осылай қалтаңа қатып ұстасаң қайтеді. Мен өзіме тиесі жұмысты өзім білем. Ешкімнен сұрамаймын. Ертең қыс аяғы созақтап кетіп, отынның берекесі ұшып, кластар сұыта бастасыншы. Қайтер екенсіндер сонда. Сол күні мына сен бірінші болып, мениң үстімнен тоқымдай етіп акт жазасын да, балаларды

таратып жібересің. Оған ешқайсының ештемелерің кетпейді, ал мен болсам басыммен жауап беруім керек.

– Менің айтып отырғаным да бәрімізге ортақ жұмыс. Бұл үшін де алдымен сіз жауап бересіз.

– Мен жауап берсем... Құдайдың анау кең даласты жетпей ме? Апар да ерсілі-қарсылы шапқылата бер. Осындағы он бір мұғалімнің ішінде сенің бабыңды таба алмай-ақ қор болды ғой.

Николай Трофимович езу тартып күлді:

– Далада өткізуге болатын да, болмайтын да сабақ бар. Түсінсөнізші.

– Түсінсем де, түсінбесем де, мен саған жоқ залды жерден қазып таптаймын!

Тоқмолда столының тартпасынан бір тал папирос алды да, темекі тығыздалған жерін қысып-қысып босата бастады. Одан соң соратын жақтағы түтігін ішіндегі қиқымынан арылтпақ болып, үрлеп қалып еді, – ашу үстінде қатты үрлеп жіберіпті – бүкіл темекісі бұрқ етіп ұшып кетті де, шытырлақ жұқа қағазы ғана қалды. Николай Трофимович бұған күле жаздал, әрең тежелді.

Осы кезде сабаққа кіруге қонырау соғылды. Тоқмолда кітап, қағаздарын қолтықтап алды да, Николай Трофимовичті тастанап, жөнеле берді.

## 18

Сабак соңынан Николай Трофимович Тоқмолдаға және барды. Ол кірісімен Тоқмолда алдымен өзі сөйлеп кетті:

– Ол үйде пеш жоқ. От жағылмайды. Даладай сүк үйде ойнаттың не балаларды, далада ойнаттың не, бәрібір емес пе? – деді.

Әңгіме отын тұрған үй жайында еді.

– Пешті де, бәрін де өзім істеп алам. Тек сіз босатып беріңізші, – деді Николай Трофимович құлімсіреген жұзбен. – Балалар секциялардың сабағына ынталанып, өте жақсы қатынасып жүргенін өзініз білесіз. Бірсыптыра нәрселерді үйренейін деп те қалды. Енді соның бәрін бастап үлгірмей жатып, үй жоқ деп аяқсыз тастан кеткеніміз бола ма? Естіген жүрттан, аудан басшыларынан ұят қой.

Соңғы сөзді Николай Трофимович әдейі қосып қойды. Өйткені басшылардың аты аталған жерде Тоқмолданың құлағы елеңдей қалатыны оған жақсы мәлім.

– Мм... м... – деп жуан қызыл қарындаштың түқыл жағымен шекесін қасып, Тоқмолда сәл отырды да:

– Жарайды, ойланайық ертеңге дейін, – деді.

Оның «ойланайығының» ар жағында «Сәйбекпен ақылдасып көрейін» деген сөз жатыр еді. Бұл тәрізді шаруашылық мәселелерін Тоқмолда Сәйбексіз шешпейді.

Асылы, осы мектепте Тоқмолданың сенетін де, сүйенетін де бір-ак адамы бар деп айтуға болады. Ол өзінің оң қозіндегі көретін Сәйбегі. Тіпті ұсақ-түйек мәселелердің өзін Сәйбекпен ақылдасып шешу Тоқмолда үшін ғанибет.

Сәйбекті Тоқмолда кабинетіне шақыртып алады да:

– Сәке, Зағипа ертең бір күнге рұқсат сұрайды. Диірменге барып келейін дейді. Және көлік сұрайды. Қалай етеміз? – дейді.

Зағипа – үй сыпыруши әйел.

– Өзің білесің де, – дейді Сәйбек босағадағы дағдылы орнына жайғасып отырып жатып. Ол

ешуақытта да Тоқмолдаға жақын қанаттас барып отырмайды. Бастықты осы арадан тыңдауды лайық көреді.

– Оның кластарын Құлсін мен Айшаға тапсыра түрсақ? – дейді Тоқмолда.

– Болады, – деп келіседі Сәйбек.

– Ал көлік жағын қайтеміз?

– Көлік жағын кім біледі? – деп Сәйбек салмақ бір өзіне түскендей ойланып қалады. Осы кезде оның да, Тоқмолданың да ойында мектептің сары аты тұрады. Бірақ та олар оны өздерінен басқа жан адамға беріп көрген емес. Басқа біреу бұт артса, белі үзілетіндей көреді.

Сол себептен сары атты атауға да ешқайсысының ауыздары бармайды. Ақыры бір кезде Сәйбек:

– Байтасқа қағаз жазып берсен, жағдайластырап, – дейді.

Байтас колхоздың бригадирі.

Тоқмолда Сәйбектің айтқанын істейді.

Директор мен совхоздың шаруашылық мәселелерін талқылау тәсілдері, мінекей, осы тәрізді.

Тоқмолда Сәйбекті шақыртып, бала жұмсал жіберіп еді. Неге екені белгісіз, ол кешігіп жатыр. Тоқмолда оның келуін шыдамсыздана тосып, тамаққа да бармай бөгеліп, терезеден сыртқа қарап тұр.

Әнене, Сәйбек те көрінді. Омырауын жүре түймелеп, қалбалақтап ұшып келеді. Тоқмолданың бір түйікқа тірелгенін сезіп, қол ұшын бергенше жаны қалмайтын тәрізді.

Мұндайда қашан Тоқмолда өзі сөз бастағанша, Сәйбек одан неге шақырдың деп сұрамайды.

– Сәке, бір қын іс болып тұр. Көресіні мынау физкультура пәнінің мұғалімінен көрдім. Отын түрған үйді босатып бер, қыстай сонда бала ойнатып шығам дейді.

– Е, отынды қайда қоймақпыз?

– Отынды мектептің алдына әкеп жиып қойсак, үрлап берекесін ұшырып жүрмес пе екен!

– Е, кім үрласын. Ұрлай қоймас.

– Онда ана үйді босатып береміз бе?

– Қажет десе, берейік босатып.

Тоқмолда Сәйбекті ертіп тысқа шықты.

– Отынды, мінеки, мына араға жиғызысақ.

Негұрлым мектепке жақынырақ жатқаны дұрыс қой. Әрі терезеден көрініп тұрады.

– Сәл былайырақ жиналса да ештеңе етпес. Терезенің дәл түбінде дырылдатпай-ақ кесіп-жарғанға оңашарақ болғаны қолайлы ғой.

– Ешкім үрлай қоймас, ә, Сәке? – деп Тоқмолда және де пысықтады.

– Ұрлай қоймас.

## 19

Бір күні «Қызылшекараға» арбасын салдыратып көшпелі кино келе қалды. Ауыл совет председателі мен Тоқмолда енді бұны қайда қоямыз деп, дал болып түрғанда:

– Физкультура залына қоюға болады, – деді Николай Трофимович.

– Айтпақшы, сол бар екен ғой. Қалай, онда жылды ма? – деп, осыдан екі жеті шамасы бұрын босатып берген үйді Тоқмолда енді есіне алды.

– Жүрініздер, көрейік, – деді Николай Трофимович.

Тұрғандар мектептің арт жағындағы үйге келді.  
Николай Трофимович есікті ашып:

– Кіріңіздер, – деді.

Табалдырықты бірінші болып аттаған Тоқмолда қалшиып тұрды да қалды. Өңім бе, түсім бе деп, сенбей тұрған кейпі бар. Бір кезде бұл залдың іші адам қарағысыз еді, іші отынға толып ыбылысып, өрмекшінің үясы мен шаңға малынып тұратын.

Енді содан ешқандай із қалмай өзгеріпті. Жарқыраған кеп-кең әсем зал. Қабырғалар әппақ болып ақталған, еден су себіліп, мұнтаздай етіліп сыпypyлған. Босағада темір бөшкеден ойып істелген пеш дүрілдеп әуендетіп жаңып тұр. Залдың қақ ортасына кәдімгі тыстағыдай етіліп темір турник орнатылған. Тоқмолда аты-жөнін біле қоймайтын тағы да бірсыпира снарядтар (мұліктер) пайда болыпты. Қабырғаларда спорт плакаттары ілінген.

Терезе жақтауларының сываттары ұқыпталып қағазбен желімделіп, үйдің іші тап-таза, жып-жылы болып тұр. Бір шетте жазу столы. Оның үсті толған кітап-қағаз. Николай Трофимович бұны өзінің жұмыс орнына айналдырып алған тәрізі бар.

Тоқмолда сүйінгенін жасыра алмады:

– Экем-ау, мына үй тамаша бол кетіпті ғой, – деді.

– Әзірше, осы болды қолымыздан келгені.

– Бұның ішін кім сылап, ақтады?

– Балалардың өздері.

– Қазір кім сыпypyл, тазалап тұрады?

– Секцияға қатысатын балалардан күнделікті кезекшілер тағайындеймыйз. Солар сывypyл тазалайды.

– Мына темір пешті қайдан алдың?  
– Таптық.  
«Сен таппайтын зат болмас» – деп ойлады Тоқмолда.

Мектептен скамейкалар әкеп қойылып, кино осында көрсетілді. Джек Лондонның «Мексикалық» дейтін әңгімесі бойынша жасалған өз халқын жаңтәнімен сүйетін патриот боксшының спорттық ерлігі, табандылығы жайында фильм екен.

Спортшы болсан, шіркін, осындай бол!

Кино бітіп, жұрт тарағанмен балалар тарай қоймады. Олар Николай Трофимовичті қоршап алып, боксты сөз ете бастады. «Қандай спорт бұл өзі?», «Қалай үйренуге болады?», «Мұрын ауырмай ма үрганда?» деген секілді ынтызар сұрақтар қаптап кетті.

Олай болатын себебі бокс жалпы бұл ауданға әлі күнге дейін жете қоймаған спорт еді. Жұрт оны кинодан ғана көреді, газет-журналдардан оқып біледі.

Николай Трофимовичтің өзі де фильмнен балалардан кем әсерленбеп еді. Соғыстың алдындағы жылдар Харьков физкультура техникумында оқып жүргенде оның бірден-бір сүйіп шұғылданған спорты осы болатын. Бірінші разрядты боксшы дәрежесіне дейін көтерілді. Онан соң соғыс басталды да, армияға алынды. Осындағы заставада қызмет атқара жүріп те, ол ұмытпады боксты. Бокс үйірмесін ұйымдастырып, бірсыныра солдаттарды тәп-тәуір боксшы етіп шығарды.

Осының бәрін еске түсіріп, әңгімелеп беруі мүн екен спортқұмар балалар:

– Николай Трофимович, бізге де бокс үйретіңізші.

- Бокс секциясын ашыңызыш! – деген өтінішті қардай боратты.
- Құп болады. Ашалық, – деді Николай Трофимович.

## 20

Сөйтіп, мектепте және бір спорт секциясы жұмыс істей бастады.

Бұған жазылғысы келгендерді Николай Трофимович дәрігерлік тексеруден өткізіп, қатаң сұрыпта алды. Денсаулығы мықты, жақсы өсіп жетілген балаларды ғана қабылдады.

Бокс өнерін үйренуге құштарлық білдіргендердің біреуі Мұрат еді. Бірақ ол қабылданбады!

– Сен жақсы жеңіл атлетсің! Тамаша жүгіресің. Саған лайығы осы жеңіл атлетика, – деді Николай Трофимович.

Мұрат жабырқап, жасып қалды.

Әйткені онымен бірге оқытындардан бокс секциясына Садық пен Шәкір қабылданып еді. Сонда Мұраттың олардан кем, ал аналардың артық болғаны ма?

– Сен секілді шибұттарды бокс босағасынан да қаратпайды. Осы тойғаныңмен бар енді, – деп тосырандал Мұратты Садық қорлай түсті.

Бұл сөз Мұраттың зығырданын одан бетер қайнатып жіберді. «Ух, осының-ақ ызасы өтіп болды-ау!»

\*\*\*

Класқа екі танауы делдиіп Садық кіріп келді. Ол әкесі Тоқмолда тәрізді төртбақтау, етжеңді тығыз бала. Жуан қарын сумкасын

партаның үстіне атып ұрып, біреулерді кимелег алға шықты ентігіп:

– Ей, ей балалар! Кеше Николай Трофимович бізге бокс үйретті! Міне, қараңдаршы, былай!

Садық жын ұрған адамдай төнірегіне жалтақ жалтақ қарап алды да, Сәрсен деген баланы бір түйіп қалды. Оны ыңқ еткізіп және бір балаға ұмтылды. Одан соң Әшен деген дөңмендей бір қызды желкеден соғып, етпетінен түсіре жаздады Өстіп кластағы балаларға аяқ астынан бүйідей тиіп улатып-шулатып жіберді.

– Енді дедеңің кім екенін біліп жүретің болдыңдар! Бір қойсам кімді болса да ұшырыг жіберем!

Садық тағы кімге соқтығарын білмей жұдышығын салмақтап, аласұрып жүргенде класқа Мұрат кіріп келді. Бір қолына сумкасын, бір қолына малақайын ұсталап, қаперсіз кіріп еді. Садық бұрыла беріп, оны дәл көкіректен бар пәрменімен періп кеп қалғанда Мұрат қалпақтай түсті. Сумкасы мен малақайын ұшып-ұшып кетті.

Мұрат тынысы бітіп, есендіреп барып, әрет дегенде есін жинады. Кластағы у-шу асқына түсті.

Мұғалім кіріп келгенде, Садық пен Мұрат жағаласып төбелесіп жатыр еді.

– Ей, ей, не болды! Не көрінді сен екеуіңе!

## 21

Бұл декабрь айының бас шені. Аязды күндердің бірі еді.

Сабактан Мұрат пен Шәкір бірге қайтып келे жатыр. Бұлардың үйлері де бір көшениң бойында аралары жақын. Ал өз аралары одан да жақын

көнілдес достар. Ешкіммен жауласуды білмейтін салдырлақ ақ көніл Шәкірді Мұрат жолдастарының бәрінен артық көреді.

Көкіргінің бағана Садық үрган жері әлі де ауырып, Мұратқа намысқой ойлар туғызып келе жатқан.

– Шәкір, – деді Мұрат бір кезде, – сен Николай Трофимовичтің, бокс секциясында үйреткендерін үйге келген соң маған үйретіп тұршы. Жарай ма?

– Жарайды. Бірақ қолғапсыз қалай болады?

– Қолғап табылады. Өзіміз жасап аламыз.

Батыкеңнің қой терісінен істелген ескі қолғаптары болушы еді. Мұраттың ойға алғаны солар. «Сонымен бокстасып үйренуге болмас па еken?» – деген ой басына мана сабакта отырғанда келіп, нық орнап алған.

Ол қолғаптар ауыз үйдегі кәкүр-шүкір салған ескі әбдіраның ішінен оңай-ақ табыла кетті. Мұрат киіп көрді, іші қалың жұн, жұп-жұмсақ. «Шіркін-ай, осындай тағы бір пар қолғап болса!»

Шәкір бұл кезде өз үйіне кетіп қалған еді. Қолғапты алып, Мұрат тысқа шықты. «Бұның бокстасуға болатын, болмайтының қалай сынап көрсем еken?»

Қарны шермиген сынық мүйіз қара сиыр алдыңғы екі аяғын қораның қабырғасына артып, адамша бүкіл денесімен созылып, шөпті жалмап жеп жатыр еken. Тыным бермей ызасы өтіп жүрген сұғанақ сиыр еді. Мұрат соны көрді де, қолғапты дереу киіп алды. Соナン соң, лездің арасында зырлап келіп, қара сиырды бүйіріне түйгіштеп жіберді. Торсылдатып кәдімгі боксшыларша ұрды. Ашқарап сиыр бір асам шөпті суырған қуйі өңқ-өңқ етіп қаша

жөнелді. Мұрат оны бірталай жерге дейін қуалап үрып, құмардан бір шыққандай болды.

«Бокстасу деген осы емес пе? Бұның не қындығы бар? Өстіп өзім-ақ үйреніп алмаймын ба? Содан соң бәлем, Садық, танытармын әкенді!»

Мұрат бұл ойлап тапқан ақылы үшін өзіне-өзі риза болып қалды.

Николай Трофимовичтің «еңбек пен жаттығу жеңбейтін ешнәрсе жоқ» деген сөзі оның көкейіне мықтап орнаған сөз болатын. «Жаттығып, үйрене берсем, солардан кем қала қоймаспын», – деп ойлады Мұрат.

«Солар» деп отырғаны – бокс секциясына жазылған балалар.

Ашық қораның ішінде қамауда қара қошқар күн шуақтап тұр. Кішкене қоңыр көздерін Мұратқа қадай қарап, жұп-жуан мүйіздерін сес етіп тосқандай, «кел, мықты болсан, менімен бокстасып көр» дегендей кейпі бар. «Бокстасса, қорқады деп ойлайсың ба?»

Мұрат қашадан секіріп түсті де, боксшыларша сығалай басып, қара қошқарға қарсы жүрді. Қара қошқар сүзеген болатын. Бірақ Мұратты иесі болғандықтан сұзбейтін. Ауылдың басқа балалары жайшылықта оның шеніне жоламай қашатын.

«Кел, келе бер!» дегендей, қара қошқар тапжылар да, жасқанар да емес.

Мұрат оны қақ маңдайдан, қос мүйіздің ара тұсынан жылдамдата қойып-қойып жіберіп еді. Қолдары тасқа соғылғандай тарс-тарс етіп, онбай ауырып қалды. «Ойыны ма, шыны ма, мынау қайтеді» дегендей, тұмсығын жиыра түсіп, қара қошқар бұрышқа қарай шегіншектеп барады.

– Мұратжан-ау, не істеп тұрсың?!

Дәл желкесінен оқыс естілген үнге Мұрат селк етіп, жалт қарады. Анасы еken. Осы кезде бір пәрменді нәрсе оны жамбастан періп кеп жіберді. Мұрат ұшып тұсті.

Оны «нокаутқа» жіберген кектесін болған қара қошқар еді.

## 22

Секцияға қабылдамаса қойсын, Мұрат бокспен шындаپ шұғылдана бастады. Шәкір оған үйретуші ұстаз болып алды. Секция сабағында Николай Трофимович не үйретсе, сонынан кеп ол оны Мұратқа үйретеді.

Бұлардың жаттығатын орындары – қораның іші. Қолғаптары кәдімгі қой терісінен істелген, жабайы қолғаптар.

Бірақ бұның ынғайсыздығы да бар еді. Тұмсықтарына қатаңдау тиіп, мұрындарын қаната берді. Беттері мен маңдайларының әр жеріне көгеріп, таңба түсіп қалатын болды. Кейде олар жұмсақтау болу үшін қолғаптарының сыртынан шүберек орап та алады. Бірақ бұл тез ұрысып қимылдағанда, шешіліп қетіп, әурелей берді.

\*\*\*

Оқушылардың үй жұмысы дәптерлерін тексеріп, Тоқмолда кабинетінде жалғыз отыр. Бір аяғының шұлғауы табанына таңертенген бері батып, мазалап бітіп еді. Көзір де аяғын қозғаған сайын соны сезініп, көнілі бөліне берді.

«Осындаі ешкім жоқта, шұлғауымды түзеп орап, жөндеп киіп алайыншы», – деген ой келді

Тоқмолдаға. Столынан артқа таман шегіне түсті де, ол пимасын шешіп алды. Шұлғауын қайтадан орап үлгіргенше, дәлізде тысырлаған сыйыс естілді де, есікті жұлқып ашып, Мұратты дедектетіп жетелеген Батыrbай қарт кіріп келді. Сасып қалған Тоқмолда шұлғауы шала оралған күйде аяғын пимасына сұға қойды.

– Директор жолдас, қарашы мынаның мұрнына!

Мұраттың бір танауы қанға боялып қалған еken. Ар жағынан жылтылдап көрінген қанды ол жиі тартып қойып, ағызбай тұр. Бірнеше тамшы ерні мен иегіне жүғыпты.

– Шәкір деген бала екеуі қолдарына добалдай етіп, шүберек орап алып, біздің қорада бірін-бірі қойғылап жатыр еken. Бас-көз демейді, былшбылш соғады. Өй, не көрінді, бұларың не десем, ойын дейді. Аты немене еді әлгі... бірдене деген сабағымыз. Мектепте үйретеді дейді. Осындаида ойын, осындаида сабак бола ма еken? Әлгі бір Николай Трофимович деген орыс мұғалімдерің үйретеді дейді. Жеті атам көрмеген бұл нендей ойын? Осындаидай да тәрбие бола ма еken? – деді Батыкең сампылдай сөйлеп.

Тоқмолда құлағымен емес, аузымен тындағандай аңқиып қарапты да қалыпты. Бокс секциясының үйымдасқаны жайында ол хабардар еді, Николай Трофимович келіп айтқан болатын. Бірақ бұның нендей спорт екенін Тоқмолда жөндеп ұқпаған. «Жарайды, әйтеуір қажетті нәрсе болса, үйрете бер», – деген де қойған.

Тоқмолда соны енді түсінгендей болды. Бокс жайындағы азын-аулақ білетіндері есіне келді. Ол бұны спорт емес, жан түршігерлік сұмдық деп

қарайтын. «Япыр-ай, балаларға бұл соны үйретіп жүр ме?» – деген оймен шошып та кетті.

– Ей, оларың немене ойын? – деп сұрады Тоқмолда Мұраттан.

– Бокс қой, ағай.

– Физкультураның мұғалімі сендерге соны үйретіп жүр ме?

– Мен өзім Шәкірден үйреніп жүрмін. Ал Шәкір секцияға қатысады. Оларға Николай Трофимович үйретеді.

Тоқмолда ерні жыбырлай түсіп, сәл отырып қалды да:

– Кәрия, мен физкультураның мұғалімімен өзім сөйлесем. Оның бұл ойынына тыйым салам. Ал сіз мына балаңызға тыйым салыңыз. Одан да сабағын оқысын үйде отырып. Мен бұның ылғи да желігіп жүргенін көрем, – деді.

– Рас айтасың, ойынқұмар болып барады. Бізді тыңдауды қойып алды. Сабактан келгеннен кейін бұрын үйде отырушы еді. Енді анауым бар, мынауым бар мектепте деп, ұшты-күйді жоқ болып, зыrlай жөнеледі. Бәлем, ендігәрі сенің бүйтіп покус-сокус ойнағаныңды көрейін мен!

Батыrbай кәрия Мұратты жетектеген күйі шығып кетті.

## 23

Бұлар кетісімен Тоқмолда әлгі шұлғауы шала оралған пимасын шешіп, қайта жөндең киді. Соңан соң өз-өзінен «безобразия» деп, орнынан түрегелді. Столының тартпасын суырып қалып, не іздегенін өзі де біlmей, сарт еткізіп қайта жаба салды.

Ұсқынсыздау қара пимасын сүрете тырп-тырп

басып, мектептен шығып, ол, әне, физкультура залына қарай кетіп барады.

Бұл кезде мұнда Николай Трофимович пен аға пионер вожатый Жолдыбек екеуі отыр еді. Жолдыбек – жасы он сегіздер шамасындағы балаң жігіт. Осы мектепте география, тарих пәндерінен сабак беретін Иманқұлов дейтін мұғалімнің інісі. Осыдан бірер жыл бұрын жетінші класты бітірген де, әрмен қарай оқи алмай қалған. Білім шарқы шамалы момындау бала болса да, мұғалім ағасының сүйемелдеуімен биыл осы қызметке орналасып, нан тауып жеп жүр.

Жолдыбекті Николай Трофимович секция жұмыстарын басқаруға баулып, қанатына алғалы бірталай болды.

Екеуі қазір алдағы қысқы каникул кезінде оқушылардан шаңғы жорығын үйымдастыруды жоспарлап, соның жай-жапсарын сөз етісіп отыр еді.

Тап осы кезде есікті жұлқып ашып, сыздап Тоқмолда кіріп келді. Оның жақсылықпен келмегенін кейпінен бірден аңғаруға болушы еді.

Анадағыдай емес, залдың ішінде тағы да біраз соны мүліктер пайда болғанын байқады ол. Қабырғада шегеде ілулі тұрған бірнеше пар бокс қолғаптары көзіне шалынғанда, Тоқмолданың зығырданы қайнап-ақ кетті.

- Сен мына бір пәлелерді қайдан тауып жүрсің?!
- деп шүйілді Тоқмолда.
- Несі пәле болыпты? – деп Николай Трофимович таң тамаша қалды.
- Балалар бірінің-бірі мұрның бұзып, көзін шығарып жатса, пәле еменде немене? Бүгіннен

бастап мен бұған тыйым саламын! – деді Тоқмолда алақанының қырымен алдындағы ауаны көлденең тіліп тастап.

– Ашуланбаңыз, директор жолдас. Айтсаңызшы не бол қалғанын?

– Әлгінде маған осындағы бірнеше ата-ана арыз айтып келді. Балаларымызды тәбелеске үйретеді екенсіңдер. Үйге барған соң да тәбелесіп, бірін-бірі мұрның бұзып, көзін шығарып, қойғыласады да жатады. Бұл не сүмдүк? Бүйтетін болсандар, балаларымызды мектепке жібермейміз деп кетті.

– Кімдер олар?

– Кімдер екенін ертең тиісті жердің алдында жауап бергенде білесің. Ал қазіргі айтарым – жоғалт көзін мыналарыңын! – деп Тоқмолда қабырғадағы бокс қолғаптарын нұсқады. – Егер сен бүгіннен бастап балаларға бұны үйретуінді қоймасан, онда мен сенімен басқаша сөйлесем.

Тоқмолданың едіреңдей келген қалпы Николай Трофимовичке ұнамады. Оның бүрк етіп қозғалған ашуы алқымына келіп тірелді. Төзе алмай кетті:

– Директор жолдас, сіз менің жыныма әбден тиіп болдыңыз. Өзіңіз ештеңе білмейсіз де, шолақ қамшыдай шартылдап маза таптырмайсыз. Егер бұл мінезіңізді дотармасаңыз мен де сізben басқаша сөйлесуге мәжбүр боламын, – деді.

Шолақ қамшыға теңелуі Тоқмолданың жанына батып кетті де, су тамған қайнақ майша шырт ете қалды.

– Не? Не дейсің? Шолақ қамшы дейсің бе, сен мені? Мен саған көрсетемін кімнің шолақ, кімнің ұзын қамшы екенін! Жолың әне, бар қайда барсаң!

– Байқаңыз! Менен бұрын сол жолмен өзіңіз

кетіп қалып жүрменіз.

Тұкірігі шашырап, Тоқмолда қалшылдап кетті:

– Босат мектепті. Арызданатын жеріне барып, арыздан!

Николай Трофимович орнынан түрегелді де, қызыға қырындағандай қоразданып тұрып сөйлемеді:

– Мектеп – бұл сіздің әкеңіздің жекеменшігі емес, мемлекет мекемесі. Ал мені мұнда мұғалім етіп сіз тағайындаған жоқсыз. Олай болса, сіз босата да алмайсыз.

– Мен босата алмасам, босататын адам табылады! Не сен қаларсың осы мектепте, не мен қалармын! Көріп тұр.

Қынама бел қара тонының етегі желбен өтіп кілт бұрылды да, жөнеле берді Тоқмолда. Кетіп бара жатып босағадағы темір пештің кернейінен қол тигізіп көріп еді, ып-ыстық екен. Саусағының басы қүйіп қала жаздады. «Отынды әкесінің отынындағы аямай жағуын!» Ауыр есікті Тоқмолда бар пәрменімен серпіп жапқанда терезенің әйнектері сыңғыр ете қалды.

## 24

Тоқмолда директор болғалы қол астындағы ешбір мұғалім оның бетіне бұлайша тіке келіп көрмеген еді. «Тоқа» деп, шетінен жорғалап тұратын. Директордың айтқаны олар үшін бұлжымайтын заң болушы еді. Бойы соған әбден үйреніп алған Тоқмолда өзімнен басқа мықты жоқ деп жүргенде, Николай Трофимовицтің жаңағы қылығы шектен шыққан бейбастақтық тәрізденді. Ашуы сақардай қайнап, «бәлем, сенің көзінді жоймасам ба!» деп, ол үйіне жарылып кете жаздап келді.

Бұл ойын жүзеге асыруға оның сенімі де бар еді. Аудандық оқу бөлімінің менгерушісі Көккөзовті Тоқмолда өз адамым деп есептейді. Соған барып айтса, өтінсе, ол Тоқмолданың сөзін жерге тастай қоймайды. Бір қисының келтіріп, Николай Трофимовичті бұл мектептен тайдыруға Көккозовтің амал-айласы қалай да жетеді.

Тоқмолда келген бетте қатынына дігір салып, айқайлай келді:

– Эй, үйдемісің! Бол тез, менің ерімді алып шықшы!

Тоқмолданың биік көркем тұлғалы жекеменшік торы аты бар. Құндыздай болып, құлпырып қорада шөpte тұрады. Қатыны алып шықсан ерді ерттеп, жарбия мініп алды да, тасырлата желіп мектепке келді. Отын кескен екі әйелдің қасында таяғына сүйеніп күзетшідей қақайып Сәйбек тұр.

– Сәке, мен ауданға кетіп барам, бір тығыз шаруамен. Сізге айтайын дегенім: анау Николай деген мұғалімге енді бір жаңқа отын беруші болмаңыз! Түсінікті ме? Берменіз, тұқ берменіз, – деді.

Сәйбек неге деп сұраған жоқ, мақұл деп басын изеді де, қала берді.

Тоқмолда қыстақтан бері ұзап шыққаннан кейін ғана атының басын тежеді. Күн бұлынғыр тартып тұр. Кешкірген мезгіл. Қыстығунгі елсіз жол алдында көнілсіз болып сұлық жатыр. Аудан қарасы шалғайда, бұл арадан жиырма километр шамасы. «Әрт тигендей дүрлігіп, тұнделетіп барғаным лайық бола ма? Аз күнде тоқсан аяқталады. Балалардың қыскы демалысы басталады. Мұғалімдердің январь конференциясына барамыз онсыз да. Бұл мәселені жата-жастана сонда сөз етsem болмай ма? Қазір

жетіп барғаныммен Көккөзов оны іс-міс жоқ, табанда жұлып тастар деймісін. Тоқсан аяқталып қалды, соған дейін шыдаңыз дер.

Тоқмолданың басына енді осындаі ойлар орала бастады. Атын ілбітіп және біраз жүріп отырды да, артына бұрылып қарады. Ешкім жоқ. Қарғатұншығып бозалаң тартқан сұық дала. Бұлынғыр тұман арасынан шоқтай болып қызырып, зорая дөңгеленіп, күн батайын деп барады. Жайшылықтағы қалпынан бертіндең келіп, көз көрім тұстан ғана батып бара жатқан тәрізді.

Тоқмолда атының басын кілт бұрды да, қайтадан қыстаққа қарай желе жөнелді.

## 25

Таңертең Николай Трофимович физкультура залына келсе, бір жаңқа да отын көрінбейді. Әдетте үй сыйырушы әйелдер класс-класқа отын тасығанда, мұнда да әкеleiп тастайтын. Содан соң Николай Трофимович пешті қашан қажет еткенде өзі жағатын.

Бұл Тоқмолданың қылышы екенін Николай Трофимовицтің іші сезе қойды.

Ол Сәйбекті іздең тауып:

– Сәке, физкультура залына отын кіргізілмепті, бұл қалай? – деп сұрады.

– Бұл солай. Директор ысқазал – нашандік ысқазал.

– Бүгін менің онда сабағым бар. Қалай болады? – деді Николай Трофимович.

– Тоқмолда приказ давай. Мен быполнай, сынок. Басқа нишауда низнаю.

«Иә, бұның қолында не билік бар? Айтқанды

істейді де».

Малақайының бір құлағы түрулі, бір құлағы салпаңдал, мектептен Тоқмолда шығып келеді. Ол Николай Трофимовичті көріп, бейне бір жыртқыш аңмен кездескендей қипақтап қалды. Жалт бұрылып, мектепке қайта кіріп кетуге ебін таппады.

– Директор жолдас, – деді Николай Трофимович оған қарсы жүріп, – физкультура залына отын бергізбей қойған сізбісіз?

– Көшедей кең зал түгіл, кластарды жылдытуға да отын жетіспейді.

Тоқмолда осыны айтты да, жалт бұрылып кетті.

Николай Трофимович ойланып тұрып қалды. Екі көзі кетіп бара жатқан Тоқмолдада. Тоқмолда мектептің бұрышына дейін жүріп барды да, бірдене іздеген адамдай арғы көше жаққа қарады. Одан соң кібертіктең бұрылып, бермен қарай жүрді. Николай Трофимовичтің көзқарасынан оның тынысы тарыла түскендей болды. Қашан мектепке кіріп тасаланғанша, бейне бір прожектордың жарығына тап болғандай пысынап, жайсызданып бітті.

«Не істеу керек? – деп ойлап тұр Николай Трофимович, – Бар жағдайды айттып, аудандық оқу бөліміне жазсам? Адам келер, тексерер. Бірақ директормен пәленше сиыспай жүр деген сөз қандай жаман».

Біреумен айттысу, тартысу, пәлеқұмарлық жолға түсу деген Николай Трофимовичтің иттей жек көретін нәрсесі. Осындай болуы мүмкін-ау деп ойлағанның өзіне жүргегі айнып сала берді.

«Тфу, неткен дәрменсізбін, – деп ойлады Николай Трофимович, – бір пешке отын тауып жағу да бас қатыралық іс болғаны ма?!»

«Қызылшекараның» халқы отынды осыдан он бес шақырым шамасы таудан тасып жағады. Ойқарағай деп аталатын ну орманды сайдан бөрене күйінде атқа тіркеп, сүйретіп әкеледі. Бұрын бұл атпал жігіттердің сыбағасындағы жұмыс болса, басқа түссе баспақшыл деп соғыс жылдары бұған әйел, бала-шағаларға дейін машиқтанып алды. Жарамды көліктегі болса болғаны, белдеріне қара балталарын қыстырып алып, шауып барады да, кешкүрим бір-бір кебу нән қарағайларынызды дынылдатып сүйретіп әкеледі.

Ертең демалыс. Николай Трофимович қасына аға пионер вожатый Жолдыбекті және жетінші кластың ересек екі оқушысын алып, төртеуі төрт мықты атпен таңертең тауға аттанды. Бұл аттарды Николай Трофимович кеше кешке жақын барып, шекаралық заставаның бастығынан сұрап алған еді.

Отынға баратын жол Сүмбениң сайын өрлеп, өзенді бойлап жүріп отырады. Өзен суы – мемлекеттік шекара. Арғы жағы Қытай жері. Жолдан жалт беріп, судың шығыс жақ бетіне шауып етіп шыққан адам біздің елде емес, шекара бұзушы қашқын.

Өзеннің ар жағынан келіп, қытайлықтар су іshedі, мал суарады. Бер жағынан біздің колхозшылар.

Бұл араның тау-тасы, орман-тоғайы Николай Трофимовицтің талай шарлаған жерлері. Оған әр жыра-жылға, әр соқпақ жол таныс деп айтуда болады. Оның бастан өткермеген бір ғана ісі – таудан қарағай жығып әкеліп көрмеп еді. Бұндай мұқтаждық оның басына бұдан бұрын түспеген.

Бұл бірақ баланың да, шағаның да қолынан келіп жатқан іс болғандықтан, Николай Трофимович «не

қындығы бар дейсің» деп ойлайтын.

Сөйтсе, оның бұл ойы астамшылық екен. Оған тауға барғанда көзі жетті. Машықтанып, үйренбекен адамға таудан отын әкелу деген – нағыз азап екен.

Біріншіден, отындық кебу қарағай етекте кездесе қоймайды екен, оны іздеп таудың қия басына шығу керек. Атпен шықпайды екен, жаяу шығады екен. Аттарды бекер қинамас үшін тұсап, етекке қалдырып кетеді екен. Содан соң омбы қарды белуардан кешіп, жаяу өрлейді екен. Бір кісідей-ақ мықтымын деп жүретін Николай Трофимович осы арада бірден сыр білдіріп алды. Алқынып, өкпесі аузына тығылып, қасындағы балаларға ілесе алмай қалды. Ал аналар болса, олай емес, әккіленіп алған құлар. Тау ешкідей өрмелеп, қиядан-қияға жүйткіді. Сонадай көз шалым жерден байқаған кебу қарағайға аршындалп бір демде жетіп барады.

Бұрын үйренбекен адам үшін таудан отын алудың екінші бір қындығы – қарағайды балтамен жығуда екен. Біріншіден, мұнда қарағайдың қалай жығылатындығын біліп алу керек екен де, дәл сол жағынан шабу керек екен. Айналдыра шабуға болмайды екен. Айналдыра шапса, қарағай былғандап, жығылар жағынан айнып кетуі мүмкін екен. Бұл оның түбінде түрғандар үшін қатер нәрсе. Қарағай олай жығылады, былай жығылады деп сасқалақтаған адам оның астында қалып, жазым болуы да мүмкін екен. Ондай оқиғалар отыншылар арасында кездесіп тұрады екен.

Түйе беліндей жуан тік қарағайды балтамен кесіп жығу және де онай емес қой. Сондықтан да оны ығын тауып, әдістеп шаба білу керек екен. Құр құшке салып тоқпақтай бергенмен өнімі аз болады

екен де, титықтап босқа шаршатады екен.

Үшінші бір қынышылық: кесіп, бұтағын аршып, даяр еткен қарағайды етекке айдал түсуде екен. Егер қарағай сәтімен дұрыс бағытталып жіберілсе, еңіске қарай садақтың оғындаи бол зулаған қалпында етекке бір-ақ барып жетеді екен. Ал сәтімен жіберілмесе немесе жер беткейі ойлы-шұқырлы келіп, жолында көлденең жығылған тосқауыл ағаштар көп болса, онда әр жерде тұрып қап азапқа салады екен. Тоқтап қалған қарағайды сүймендеп қозғап, алдын көлдененен аршып жетелеу қажет болады екен.

Осының бәрі үйренбеген адамға машақат, азап болса, үйреніп, төселіп алғандарға түк емес тәрізді. Оны Николай Трофимович қасындағы балаларға қарап білді. Сақылдап күлісіп, бірін-бірі қармен атқылап, ойнап жүріп, бәрін солар тындырды. Ал Николай Трофимович болса, өзінің ұстаздық ересектік қалпын сақтап, сыр бермеуге тырысады. Жұмыстың ауырын өзі арқаламақ болады. Сөйтіп жүріп ол қашан тәрт аттық қарағайды түгел дайындалап, етекке айдал түскенге дейін мылжа-мылжа болып шаршады. Екі алақанының да әр жерлері қолдырап ойылып қалғанын ол енді ғана байқады.

Әбден кеш бата бұлар бір-бір жайын қарағайды арттарына тіркеп алып, ауылға қарай бет түзеді. Жол қатқақ, еңіске қарай атқа да жеңіл. Николай Трофимович ең алда бірінші болып келе жатыр. Аттың тағалы тұяғы шыны қарға кірш-кірш қадалады. Сүйретіліп келе жатқан қарағай арт жақтан әдемі сыңғырлап, әуендеткендей болады. Еңбектің ауыр азап, қиналысы кейін қалып, енді соның

жемісті қуанышы көнілді шалқытады. Әлгінде, жұмыс үстінде қасқырдай ұлып мазаны алған қарын шіркін де енді сол қуанышты сезімге бөленіп, алданыш тапқан тәрізді. Сондағыдай жалақтап жанды қинамайды.

Ат аянымен тербеліп, сондай бір рахат халге түскен Николай Трофимович өзінің сүйікті ұлты украин халқының әсем сазды созылмалы бір әнін ыңырысып айтып келе жатты.

## 26

Алтыншы класта сабақ өткізіп тұрып, Тоқмолда көше жақ терезеге қарап еді, физкультура залының мүржасынан будақтап шығып жатқан көк бүйра түтінді көрді. «Бұ не? Отынды бұл қайдан алды?» – деп ойлады Тоқмолда. Сабақты аяқтауға оның тағаты жетпеді де:

– Мен қазір келем, – деп сыртқа шығып кетті. Ізделені Сәйбек еді.

– Сәке, ана физкультураның мұғаліміне бір жаңқа да отын берменіз демеп пе едім мен?

– Мен оған ештеңде де берген жоқпын. Ол кеше қасына балаларды ертіп тауға барыпты да, төрт қарағай сүйретіп әкепті. Есігінің алдында жатыр, көрші, – деді Сәйбек.

Мына хабар Тоқмолда үшін төбесінен тас құлағанмен тең болды. «Ой пәле-ай, бұл пәлені женіп болмассың!» – деп ойлады ол. Ертегілерде айтылатын суға салса батпайтын, отқа салса құймейтін кереметтің нақ өзі ғой бұл пәле!»

Николай Трофимович әкелген қарағайларын көрмекке ынтығып, Тоқмолда мектепті айналып физкультура залына келді. Төрт нән қарағай

қолдың саласында болып, тап іргеде тізіліп жатыр. Біреуінен арамен бір шөлкедей ғана кесіліпті. «Япыр-ай, осылары шын қарағайлар ма» дегендей Тоқмолда шетінен теуіп көріп, кеудесінде қызғаныш оты тұтанып түр еді. Залдың ішінен осы кезде көп баланың ду етіп құлген мәз-мейрам құлкісі естілді. Тоқмолданың тұла бойы дір ете қалды. Іштегілер оны мазақтап құлген тәрізді.

– Сәке, бұл ит көлікті қайдан алып жүр?  
– Көлікті өзінің заставынан алыпты. Ондағы нашандік те, бәрі де бұның достары емес пе?

Класына қайтып келе жатып: «Осы пәлені қайдан таптым», – деп өкінді Тоқмолда. Николай Трофимовичтің мұнда мұғалім болып қалуына мұрындық болған өзі еді.

Сол үшін бармағын тістеп, тағы да аудандық оқу бөлімінің менгерушісі Көккөзовті есіне алды. «Құсеке, бұл пәледен мені енді сен ғана құтқара аласың. Өтінемін! Осының көзін бұл мектептен жоғалтшы. Жәрдем етші, Құсеке. Амал-айлаң көп еді ғой мұндайда! Тым құрса, басқа мектепке ауыстырып, қарасын батыршы, қараң батқырдың!».

Ертең ауданға барғанда айттар сөздерін Тоқмолда көкейінде осылайша жаттап, Көккөзовке қиялымен жалбарынып келе жатыр.

## 27

«Уақыт бәрін көрсетеді» деген қарапайым сөз бар. Қарапайым болғанмен данышпандық сөз.

Біреулер «уақыттың өтпеуі-ай», – деп налиды. Таңды атыра алмай, күнді батыра алмай қор болады. Ал енді біреулер «Уақыт қалай тез өтеді», – деп назаланады. Бір күнім бір жылдай, бір жылым бір

ғасырдай болса екен деп тілейді.

Тоқсан аяқталып, қысқы демалыстың келуіне Тоқмолда әр күнді бір, екі деп санай жүріп, өзер жетті. Ал Николай Трофимович болса, бастан асқан мол жұмыстың дүрмегімен жаңа жылдың қалай зыр етіп келіп қалғанын байқамай да қалды.

... Кең қанатты үлкен шанаға жегілген қос торы ат сар желіп, қыстақтан шығып келеді. Шанада үйме-жүйме болып «Қызылшекара» жеті жылдық мектебінің мұғалімдері отыр. Арапарында директор Тоқмолда ғана жоқ. Мұғалімдердің бұл ауданға, январь конференциясына кетіп бара жатқан беттері.

Ат айдаушы Николай Трофимович.

... Тоқмолда: «Мен арттарыңынан қуып жетем», – деп қалып қойған еді. Бір кезде оның да қарасы көрінді. Тор атқа колхоз председателінің көк ала қашаба шанасын жегіпті. Малақайының екі құлағы дедие желбіреп бір тұтам қысқа бұтын шірене созып, соқтырып келеді. Кілем төсеп, оның жартысын қашабаның арқалығынан асырып, жайып жіберген. Өзінің басқа мұғалімдерге қарағанда мәртебелі екенін ауданға өстіп көрсете барайын деген тәрізді.

Торы ат жануар желісті мал. Делбені сілкіңкіреп қойған сайын бауыры жазыла түсіп, жел қайықтай есіп-есіп жөнеледі. Артқы аяқтарының тұяқтары алдыңғы аяқтарының тұяқтарынан асып түсіп, адымы есік пен төрдей жерді бір-ақ қамтиды. Тұяқтардан ұшқан шыны қар қашабаның тосқауыл тұсына тас лақтырғандай тарсыладап соғылады. Қамыс құлақтарын қайшылап қойып, кекіл-жалы алдан түрган боранмен жалаудай желбіреп ауыздықты қарш-қарш шайнап аршындей жүйткігендे, атының

осыншалық өнері барлығына Тоқмолда іштей масаттанады. Женіл қашаба қатқақ жолдың бетіне бірде тиіп, бірде тимей, қалқып келе жатқандай əсер алады.

Алда кетіп бара жатқан шананы Тоқмолда бел асырмaston қызып жетті.

Директордың өзгеше салтанатты кейпін көргенде, шанадағы әйел мұғалімдер бір-бірін түртісіп, пыш-пыш сөз етісіп жатты.

– Тоқаңның шіренуін көрдің бе?

– Председательдің қашабасын сұрап жегіпті.

– Конференцияға емес, қыз алуға бара жатқан секілді.

Әйелдердің жыбыр-сыбыры өзі жөнінде екенін сезсе де, Тоқмолда олардың не деп жатқанын ести алған жоқ.

Мұғалімдердің соңынан салпақтағанды намыс көргендей Тоқмолда бір кездे орағытып, оза бастады. Делбені сілкіп-сілкіп жіберіп, омбы қарды есіп, қос аттық шанамен деңгейлесіп келді де, оқу ісін басқарушы Асановаға дауыстап:

– Роза, кел, менің шанама ауыс. Біз бұрынырақ барып, жұмыстар бітіре берейік, – деді.

Өзінен үлкенмен де, кішімен де қалжындаса беретін кексе қыз Роза:

– Соңынан сіздің шанаңызға отырғанымды естісе, жеңгей төбеме құй қазып жүрмей ме? – деп құлді.

– Бастықтардың бәрі бірдей бұқарадан қол үзбекші ме. Роза бізбен барады, – деді сөзшен әйелдің біреуі.

Ал еркектер жағы:

– Бар, бар, Роза, – деп, шананың бір адамға болса да женілденуін тілеп, одан құтылууды қалады.

Үстіне ауыр ішік киген дөнмендей Роза түйенің жарты етіндей болып, Тоқмолданың қасына келіп отырғанда, қашабаның бір жағын омбы қарға батырып жіберді.

## 28

Аудан орталығына ене беріп, Тоқмолда Розадан:

– Сен қайда түсесін? – деп сұрады.

Роза түсетін үйін айтты.

– Өзініз қайда түсесіз? Сәкібай құданыздікіне баrasыз ба?

– Сәкібай құда ма, басқа ма, бір жөні болар, – деп Тоқмолда күмілжіп жауап қайтарды. Өйткені оның бүгінгі нысананаға алып келе жатқаны жайшылықта үйіне жиі келіп түсе беретін Сәкібай құдасы емес, басқа еді. Аудандық оқу бөлімінің менгерушісі Көккөзовтің нақ өзі болатын. Оны Розаға айтып күнілгері мәлімдеп жатқысы келмеді.

Розаны апарып тастағаннан кейін ол ат басын тұпадантура Көккөзовтің үйіне бұрды.

Көккөзов қыстақтың орта тұсында, оқу бөлімі кеңесімен жапсарлас үйде тұрады. «Менен де басқа келіп түскен қонақ бар ма екен?» – деп, Тоқмолда ауланың ішінен бөгде ат, шана іздел, анадайдан барлап қарап келеді. Ештеңе байқалмайды. Тоқмолда бұған іштей қуана түсіп, дәл бүгін Көккөзовтің үйінде өзінен басқа қонақтың болмауын құдайдан жалбарынып тіледі.

Тоқмолда сырыйлатқан бойда ат басын қақпаға тірер тақап тоқтады. Бұрын да әр кезде келіп-кетіп жүретін үйі болғандықтан қақпаны өзі ашып, торатты жетелеп кіргізіп, жайғап жүр.

Қораның артқы тұсындағы күресін жақтан етегін

сілкіп түсіріп, Қеккөзовтің әйелі шыға келді. Ұзын бойлылау қатпа қара қатын. Тоқмолда онымен шұрқырап амандасты:

– Келін, аман ба? Бала-шаға тегіс аман ба? Қалай, денсаулығың жақсы ма? Құсықен қалай? Әлгі кішкентайларыңың дені-қарны сау ма?

Қеккөзов пен оның әйеліне Тоқмолда бұрын да жалбақтап тұрушы еді. Бұл жолы тіпті майысып қапты. Сезінгіш әйел соған қарап: «Мына бейшараға бір тықыр тақалғаннан сау ма екен, елжіреп, іші-бауырға кіріп бара жатқанына қарағанда», – деп ойлады.

Қолына добалдай етіп нан ұстап, үйден Қеккөзовтің алты жасар шамасындағы баласы шығып еді, Тоқмолда онымен де мәре-сәре бол қалды:

– Ой, мынау Жақатай ма? Амансың ба, Жақатай. Ер жетіп, жігіт болдың ба? Ой маладес! Жігіт бопты, қарашы!

Тоқмолда қалың, киінген кеспелтек қорбан, дenesімен Жақатайды құшағына алып бетінен сүйіп жатыр.

Пысық әке-шешеден пінә болған Жақатай жуз таныс Тоқмолданың бұл үйге тап қазір жайылып жастық, иіліп төсек болып тұрғанын тез аңғарды. Қармақты қай кезде салуды білетін залым бала екен.

– Ағатай, үш сом берші! – деп енді Тоқмолданың мойнына ол өзі асыла кетті.

– Тәйт, әй ұтсыз! – деп шешесі оны бетінен қаққан болып жатыр. – Оны неғыласың үш сомды?

– Деп зекуінің аяғын табанда жұмсартып та жіберді.

– Кәмпіт алып жеймін, – деді Жақатай тайсалмастан.

– Үш сом дейсің бе? Үш сом түгіл мен саған не әкелгенімді көрші, міне.

Тоқмолда қашабадан ат көрпеге оралған үп-үлкен бір зат алып, орауын жаза бастады. Онысы Жақатайдың мінсе, бұты азар жетерлік ойыншық арғымақ ат екен. Жабысқақ Жақатай атты ала салып:

– Ағатай, енді үш сом берші, – деуін тағы қояр емес.

– Үш сом ба? Берейін, – деп Тоқмолда ақшалығын ақтарып, үш сомдығы бола тұрса да тілемсек балаға жап-жаңа бес сомдықты ұстадты.

– Ағатай, ақшаң көп қой! Тағы біреуін берші?

– Тәйт ұтсыз! Сол жетеді! – деп шешесі бұл жолы балаға қатаңдау зекіп таstadtы.

Қашаба орындығының астынан Тоқмолда салмақтылау қап-дорба алып, әйелге ұсынды:

– Мә, келін. Мынау жеңгеңнің сендерге, Құсекен екеуінде деген сыбағасы еді. Ауылға келмейсіндер.

Мейіздей боп қатқан сүрдің иісі бүрк етіп қара келіншектің мұрнына келді. «Бұл неғып шала шабылып жатыр. Әй, дәу де болса бір тықыр тақалған-ау» деген оймен ол қап-дорбаны қақшып алды да, біреу-міреудің көзіне шалынбас үшін тез басып, үйге кіріп кетті.

## 29

Күлше ұстап келген Тоқмолда бұл күні Көккөзовтің үйінде ерекше шыраймен күтілді. Оның тілегені болып, мұнда басқа ешкім қонаққа да келмеді.

Көккөзов өзі кешірек қайтты қызметінен. Әйелі оны есік алдында тоқтатып алып:

– Тоқмолда директорың тыныштық па еді? Бір қап сүр, Жақатайға үлкен ойыншық ат алып кепті,

– деді.

– Е, бопты әкелсе.

Көккөзов Тоқмолдаға ешқандай тықыр тақалмағандығын жақсы білгендіктен, оның бұл мол қолдылығын жай ғана жағынуы, әлдеқалай заман болады деп, алдын алып жатқаны ғой деп ойлады.

Бұл үйде аса бір сыйлы, дәрежелі деген қонақа ғана дастарқан төргі бөлмеде жасалады. Әйтпесе ас ауыз үйдегі столда ішіліп, желінеді де, төр үйге содан соң демалып, мәжілістесу үшін кіретін.

Көккөзов пен Тоқмолда шайды төргі бөлмеде ішіп отыр. Астарына қалың етіп көрпе төсөлген. Қос-қостан жастық тасталған. Аласа дөңгелек столдың үстіне осы үйде бар пісілі-күйікті тамақтан қойылмай қалған бірі жоқ. Солардың бәрінен озып, мойны сорайып, бір бөтелке «ақмағанбет» те тұр. Көккөзов одан аз-аздалап құяды да:

– Тоқа, келіңіз, – деп шайдың ара-арасында алдырып қояды.

Көккөзов қызғылт өнді, күлуінен жымиою қөп жылпос адам. Бір көзінің әлсін-әлсін сулана беретін кінәраты бар. Соны бірде қолының сыртымен, бірде қол орамалымен дәйім сүртіп тастап отырады. Қимыл-құбылысы тез, жылдам. Ішкі құлығы да осылайша жалт-жұлт етіп, лыпyp тұратын, сөзінен де, ісінен де оңайлықпен ұстаптایтын зымиянның нақ өзі.

Мінезіне орай, Көккөзовтің жұмысқа деген іскерлік, пысықтығы да жетіп жатыр. Сонысымен ол ауданбасшыларыната масжігерлі қызметкерретінде танылып алған. Бүйрекінің түкпірінде бұғып жатқан өзімшілдігі мен арамдығы да зіл қара тас. Бес тының пайда түсетін жерде бес батпан әділдікті сатып жүре

береді және ол үшін өу деп арланбайды да, күйзел-мейді де.

«Қалай етсөң солай ет, жақсылап өмір сұру керек. Амал-айланды осыған жұмса. Жылпос бол, қу бол – жұрттан артық тұрсаң – ол күнә емес», – деп қарайды

Көккөзовтің мұғалімдерден пара алатын сұғанақтығы және бар. Бірақ кімнен алууды, қалай алууды біледі.

Көккөзов осындай адам.

Шай үстінде Тоқмолда көніліндегісін оған айта алмады. Жәй оны-мұны, ертеңгі конференция жайын сөз етіп отырысты. Николай Трофимовичтің атын аузына алмауға тырысты.

Шайдан кейін ол төр үйде Көккөзовпен екеуі оңаша калып еді. Қара келіншек ыдыс-аяқты алып, ас үйге кеткен. Тоқмолда өңешінде тікендей қадалып тұрған әңгімені баяндауға ең қолайлы мезгіл осы болар деп ойлады. Бірақ қалай деп бастарын білмей қиналып, жөтеле берді де, қасында сылдырмақпен ойнап, бәу-бәу деп, өзінше қызық сөйлеп отырған сәбиге көніл аударды.

– Мынау не деп отыр? Келе қойшы, – деп Тоқмолда сәбиді алдына алды. – Бақытжан, бәу-бәу деп, не сөйлеп отырсын, а? Өзі адамды жатырқамайды еken?

– Жатырқамайды, – деп қостап қойды Көккөзов.

– Құлші, Бақытжан! Құлші. Жымиуюын қарай гөр. Бақытжан, қашан ер жетіп, ел аралауға жарайсың? Біздікіне қашан қонаққа келесің?

«Бұл сөзді оған емес, маған айтқаның ғой, – деп ойлап қойды Көккөзов. – Бір барып қайтатын кезім келген еken аулыңа».

– Кел, Бақытжан. Папаң мен маманды ерте кел. Сені мен біз Барақ-тарақтың түкімі боламыз, туысқанбыз біле білсөн, – деді Тоқмолда.

«Парақ-тарағыңды сайтаным білсін бе, әйтеуір қайткенде де мені өзіне жақындастып алудың айласы ғой», – деп ойлады Кеккөзов.

Тоқмолда енді Кеккөзовке қарап сөйледі:

– Мен, Құсеке, бала деген затты жанымдай жақсы көрем. Бұлар, айналайындар, періштер емес пе? Біреуге жаманшылық істеу дегенді, құлық-сұмдықты біле ме? Не пәле шықса да, үлкен құлардан шығады ғой.

Кеккөзов Тоқмолданың бұл пікірін тапқырлық деп қарамаса да, көніл үшін қостап, біраз толықтырулар айтқан болды.

– Құсеке, – деді Тоқмолда бір кездे сәбиді алдына жайғастырып отырғызып, жүзін күрт жүдегетіп, – мен өзім аңқылдақ адал адам екенімді, текten-тек ешкімге де жаманшылық тілемейтінімді сіз жақсы білесіз. Кейде алды-артымды ойламай, өз басыма өзім өүре тауып алатын аңқаулығым және бар. Құзде әлгі Денисенко деген солдатты маған мұғалім етіп берініз деп, өзім сұрап алған едім. Сөйтсем, солдаттың аты солдат екен. Мұғалім болып ол мені жарытпады.

Тоқмолда Николай Трофимовичті тілінің жеткенінше жамандай бастады. «Балаларды ол солдатқа айналдырысы келеді. Сабак оқуларына мүмкіндік бермейді, ойынқұмар етіп жіберді. Мектептің басты мақсаты оқушыларға білім беру екенін түсінбейді. Елге де, мұғалімдер колективіне де сыйымсыз. Директорға бағынбайды, айтқанды орындаамайды. Өз алдына құдай, өз алдына төре.

Бірдене айтсан, арс етіп беттен ала түседі» деген секілді көп-көп кінә тағып, Николай Трофимовичті сүйкімсіз дөрекі біреу етіп көрсетті.

Көккөзов Денисенконы «Қызылшекараға» мұғалім етіп жіберерде ғана бір рет көріп еді. Ол жөнінде басқадай ешнәрсе білмейтін.

– Соның өзінде мұғалімдік атtestat яки диплом ештеңе бар ме еді осы? – деп сұрады Тоқмолдадан.

– Пизкультураның техникумын бітіріпті ғой, – деді Тоқмолда.

«Онда қыындау екен, байқамаса болмайды», – деп ойлады Көккөзов.

– Сонда не істе дейсіз, Тоқа? Оны басқа мектепке ауыстырып дейсіз бе?

– Ол тегі мұғалім болып барқадар таптыратын адам емес. Құйрыққа бір теүіп қуып жіберсөн, тіпті де сауап болар еді. Әйтпеген күнде...

Тоқмолда сөзінің аяғын айтып тауыспай селт ете қалды. Алдындағы сәбиді көтеріп алып қараса, кіш етіп қойған екен...

Ертесінде таңертең сағат онда басталады деген конференция ырғалып-жырғалып сағат он екіде басталды. Конференцияны алып бару үшін он бес адамнан жұмыс президиумы сайланбақшы болды. «Кімде ұсыныс бар?» дегендеге, күн ілгері өзірлеп қойған біреу «менде ұсыныс бар!» деп, ұшып түрегелді. Бір парапқ қағазға тізіп жазып алған екен. Он бес адамның аты-жөнін, қызметін атап, оқып шықты. «Басқа ұсыныс бар ма?» «Жоқ». «Қарсы бар ма?» «Жоқ». Тізім дауысқа салынды да, сайланды. Сайланғандар сахнадан орын ала бастады. Іштерінде Тоқмолда.

Тоқмолда жарбия келіп Көккөзовтің қасына

отырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе: – 1945–1946 оқу жылының бірінші жартыжылдық қорытындысы және алдағы міндеттер. Баяндамашы аудандық оқу бөлімінің менгерушісі Көккөзов жолдас.

Көккөзов столдың шетіне таяу отырған. Кінәраты бар көзін жүре сұртініп, мінбеге қарай бетtedі. Үстінде костюм, аяғында калошты ақ пима. Аса зор жауапкершілік сезінген адамдай қабағын маңыздана түйіп алған. Аудан мұғалімдерінің төрт көзі түгел жиналып отырған жерде бұнысы өзін-өзі осылай қыр көрсете, таныта ұстағаны еді.

Баяндама кәдімгі жүрт құлағын сарсытып мезі қылатын көп баяндамалардың біреуіндей еді: оны-мұны газет-журналдардан көшіріп алған арынды кіріспесі бар; одан соң жетістіктер деп аталатын тізбек-тізбек цифrlар мен проценттер; мақтаулы біраз дежурный фамилиялар; сонына таман тұздық ретінде алынған азын-аулақ кемшіліктер, бірер мұғалімдердің аты-жөні.

«Мектептердегі дene тәрбиесінің жайы-күйі турасында не айтар еken?» деп, Николай Трофимович қадағалай тыңдал еді. Ол турасында бір ауыз да сөз айттылмады. Баяндама біткеннен кейін «сөйлеу керек» деген ойға келді Николай Трофимович.

Ол бір жырттым қағазға: «Сөз берулеріңізді сұраймын. «Қызылшекара» жеті жылдық мектебінің мұғалімі Денисенко», – деп жазды да президиумға жөнелтті.

Қолдан-қолға секіріп, бұл қағаз Көккөзовтің алдына келіп түсті. Ол оны оқып шықты да, Тоқмолдаға бұрылып қарады. Тоқмолда қаперсіз

отыр. Көккөзов әлгі қағазды үнсіз сырғытып, Тоқмолданың алдына қойды. Тоқмолда оқи бастады. Қағазды қолына алып үнілді. Орысша жазылған сөздерді ежелеп оқып әрең түсінді. Түсінді де, абыржып Көккөзовтің жүзіне қарап, ақыл-кеңес тілегендей болды. Қолындағы бір жыртым қағазды – қағаз емес бір түйір қызыл шоқ ұстап отырғандай – не істерін білмей берекесі қашты. Өз-өзінен пысынап, терлеп те кетті.

Тоқмолданың бұл күйін әккі Көккөзов жақсы түйсінді де, ішінен мырс етіп, мысқылдай күлді. «Денисенкоға сөз берейін. Тоқмолда жамандағандай-ақ әумесер біреу ме еken, қандай адам еken. Байқайын», – деп ойлады.

Тоқмолданың қолындағы қағазды Көккөзов алды да, сөйлеушілердің санатына қосып қойды.

Тоқмолда одан бетер састы.

Үзіліс болды. Жұрт тамақ ішуге тарады. Тоқмолда Көккөзовтің қасында келе жатып:

– Әлгі біздің солдат сөйлемеп не мәз таптырады дейсін. Шатып-бұтып, аузына не келсе, соны сандырақтар, – деді.

Көккөзов Тоқмолданың көмейін түсінді:

– Не айтса да, ол сөз сұраған соң бермеске болмайды.

Үзілістен кейін үш-төрт адам сөйледі. Кілең мектеп директорлары – сақалар.

– Келесі сөз «Қызылшекара» жеті жылдық мектебінің мұғалімі Денисенкоға беріледі.

Тоқмолданың жүргегі шымырлап кетті.

Николай Трофимович залдың артқы түсінан көтерілді де, отырған жұрттың арасымен сахнаға қарай бетtedі. Клубтың ескіріп, талай жамау-

жасқауды бастан кешіп, әр тұсы шөгө бастаған едені оның салмақты аяқ басысынан солқ-солқ етеді. Мұғалімдердің көпшілігі Николай Трофимовичті білмейді. «Бұл қандай шешен тағы да! Кім бұл!» – деген көзқараспен олар жапырлай қарап, назар тігісіп жатыр.

Николай Трофимовицтен Көккөзов те көз алар емес. Сабырмен қасқайып келе жатқан түріне қарап, ол оның біртоға, өжет мінезін танығандай болды. «Арқалы, жігерлі адам тәрізді», – деп ойлап қойды.

Ұш жағы қайқыштау келген шағын мұрның бір ұстай, әдемі таралып жатқан күрен шашын алақанымен сипап-сипап қойды да, Николай Трафимович:

– Жолдастар! – деп сөзін бастады.

Оның үні осы отырған зал толы жұртқа берілген командаға ұқсап мығым шықты. Мұғалімдер түгел елең етіп тыңдасты. Залдың арт жағындағы бұрышқа таман үш-төрт әйел бастарын еңкейте тоқайластырып, әлгіден бері пыш-пыш әңгіме соғып, әредік жырқ етісе қалып, маңайындағыларға маза бермей отыр еді. Николай Трофимовичтің саңқ еткен даусынан шошынғандай, олар да еңселерін көтеріп-көтеріп алдысты.

Николай Трофимович алдындағы мінбені тыпты еткізбейін деген адамша екі ернеуінен шенғелдей ұстап тұрып, ешқандай қағазсыз сөйлемді:

– Мен сөзімді бір ғана мәселеге – оқушыларға дene тәрбиесін беру мәселесіне арнаймын.

Ол қысқашалап дene тәрбиесінің мән-мағынасына тоқталды. Маркс, Лениннің айтқан сөздерін келтірді. Одан сырғып аудан жағдайына көшті, мектептерде оқушыларға дene тәрбиесін

беру ісі төзгісіз жағдайда екенін сипаттады.

Николай Трофимовичтің сөз сарынына қарап Тоқмолда оның ақырғы шүйлігері өзі боларын сезді. Атым қашан аталар екен деп, қипақтап отыр. Николай Трофимович «Қызылшекара» жеті жылдық мектебіндегі халге көшті. Өзінің басынан кешкен жайлардың ыстық-сұығын тәптіштеп сарапқа сала бастады.

Тоқмолданың аты енді аталды.

– Біздің мектептің директоры мынау отырған Тоқмолда Егімбаев жолдас, – деп ол президиумда отырған Тоқмолданы саусағымен нұсқай көрсетіп алғып, оның дене тәрбиесі саласынан дым сезбейтін адам екенін әжүә тілмен бетіне басып тұрып айтқанда, залдағы жұрт күлкіден қырылып қала жаздады. Тоқмолда шаңқылдал бір-екі рет оған қарсылық айтпақ болып еді.

– Бөгет жасамаңыз, Егімбаев жолдас!

– Сөйлесін!

– Президиум, Егімбаев жолдасты тәртіпке шақырыңыз! – деп жұрт улап-шулап, оны басып тастады.

Көккөзов Николай Трофимович жайында: «Пәле екен, шешен екен», – деп ойлап отыр. Сонымен қатар одан іш жиып сескенеді. Бұндай азуы бар адам күндердің бір күнінде аудандық оқу бөліміне тіс жұмсауы да мүмкін ғой.

Тоқмолда жайлы пікірін Николай Трофимович:

– Осы тәрізді ой-өрісі шорқақ, таяз адамның талай жылдан бері мектепте қайтып директор болып істеп келе жатқанына, оған аудандық оқу бөлімі бұл жауапты жұмысты қалай сеніп тапсырып отырғанына мен таңқаламын, – деп тұжырымдады.

– Бұндай директорлар көп! – деп залдан біреу дауыстап жіберді.

Ең соңында Николай Трофимович дene шынықтыру пәнін оқытуды жақсарту шараларына тоқталды.

Ол сөзін бітіріп, түсе бергенде-ақ Тоқмолда:

– Маған сөз беріңіз! – деп орнынан ұшып түрегеді. Қүйгелектеп, үні қалтырап, тәбелеске шығатын адамдай ашынып алған. Оның бұнысы жұрт көзіне тіпті ыңғайсыз болды. Залдағылар:

– Сөз берілмесін!

– Сөйлесе, кезек алып сөйлесін! – деп тағы да шуласып кетті.

Бірақ оны тыңдайтын Тоқмолда емес. Ол мінбеге өздігінен алқынып барып та қалған еді. «Тоқа, тоқтаңыз, бері келіңіз», – деп Көккөзов те тежеп жатыр. Соның бәріне қарамастан Тоқмолда:

– Жолдастар! – деп сөзін бастауға да кірісіп еді. Залдағы айғай-шу көбейіп, тақтай тарсылдалап, жұрт оған ызаланғандық білдірді.

Жағдайдың насырға шауып бара жатқанын көрген Көккөзов қатты дауыстап үзіліс жариялады.

Тоқмолда сөйлей алмай қалды да, біресе президиумға, біресе залға қарап, бірдемелерді қүйгелектеп айтып жатты.

## 30

Конференцияда Тоқмолда да сөйледі. Николай Трофимовичті жамандады. Ол жөнінде Көккөзовке айтқан ғайбат сөздерін түгелдей қайталады.

Бірақ жұрт оның сөзіне мән де бермеді, ықыластанып тыңдамады да. Өзін сынаушының бетінен алып бажалақтау бейшаралық деп қарады.

Залдан бірнеше рет реплика тастанап, берекесін қашырып бітті.

Сөзінің аяғында Тоқмолда:

– Мен Денисенко жолдаспен бір мектепте қызмет істесе алмаймын. «Қызылшекара» жеті жылдық мектебінде не ол тұруы, не мен тұруым керек, – деді.

Кешінде де ол Көккөзовтің үйінде отырып:

– Құсеке, мені сол пәледен қалай да құтқарыныз,  
– деумен болды.

Көккөзов оған оп-оңай қолшоқпар бола кететін аңғал адам емес. Бірденені іstemес бұрын үңіліп ар жағына қарайды. Терен зерттеп, барлап алып, содан соң қимылдайды. Итеріп қалса құлай кететіндей Денисенконы ол оңай жау көріп отырған жоқ. Қол астында ондай азұлы мұғалімнің болуы Көккөзовтің өзіне де үнай қоймайды. Тәйт десе жайылып, шәйт десе жусайтын қой мінезді жуас мұғалімдерді үнатады ол. Оларға не істесен де болады, қынқ етпейді. Көлшік суды еркін жайланаң жайындаі Көккөзов бірнеше жылдан бері осы аудандағы халық ағарту саласында өзінен азұлы ешкімді кездестірмей, ондай адам бар-ау деп ойламай келіп еді. Енді ол бағана Николай Трофимовичті тыңдай отырып, кәдімгідей іш жиып, сақтана түскендей болды.

Тоқмолдаға Көккөзов шын ойындағысын айтты:

– Тоқа, былай болсын. Мен Денисенконы ертең шақырып алып сөйлесейін. Осындағы орта мектепке ауыс дейін. Немесе басқа мектептердің біріне ауыстыру жағын қараптырайын. Көнсе, солай болсын. Ал көнбесе, онда өзірше басқа істер шара жоқ. Оқу жылының аяғына дейін сіздің мектепте

істеп шығады. Ал содан соң жазғы демалыс кезінде, мен оны жөнін табам да, сіздің мектеп түгіл осы ауданнан мұлдем тайдырам. Барып өзінің Украинасына мұғалім болсын, мұнда біздің жергілікті өз кадрларымыз да жетеді.

\*\*\*

Көккөзов Николай Трофимовичпен оңаша отырып, іші-бауырына еніп әңгімелесті. Оның конференцияда кешегі сөйлеген сөзін өуелі мақтап алды.

– Біздетурасынайту керек, осындай большевиктік өткір сын жетіспейді. Сол сынды дамытуымыз керек, – деді.

Тоқмолданы да жаманданқырап койды. «Таяз, білімсіз адам екенірас, бірақ талай жылдан бері істеп келе жатқаны бар. Біздің ауданың жағдайында ондай адамды орнынан қозғай қою оңайға түспейді, – деп Николай Трофимовичті ұйыта сөйлемеді.

– Сіздің Егімбаев жолдаспен енді істесе алмайтыныңға біздің көзіміз жетіп отыр. Басқа мектептердің біріне ауыстырсақ қалай болады? – деді Көккөзов.

– Қыс ортасы қырауда мен басқа мектепке ауысып жүрмеймін. Мен онда бірсыныра жұмыстарды жана-жана қолға алып істей бастадым. Енді оларды аяқсыз тастап кете алмаймын. Не қыншылықтар көрсем де биылша істеп шығам, – деген сөзді Николай Трофимович айтты.

Оның мызғымасын көрген Көккөзов әңгімені әрмен қарай қозғамады.

Конференциядан Тоқмолда тауы шағылып қайтты. Николай Трофимовичтен құтылуудың реті келмеді. Астыртын ор қазып, омақата салмақшы еді, оның сәті түспеді.

Осыдан осылай ол Николай Трофимовичпен кісі өлтіріскендей қатынасқа көшті. Онымен амандаспақ түгіл жүзіне қарамайтын болып алды. Не істеп, не қойып жүргенімен шаруасы және жоқ.

Бұған Николай Трофимович қиналмақ түгіл қайта қуанышты еді. Директордың мазасыз ызыңынан құлағы тынып, жетісіп қалды. Бар білетіні сабағы мен секция жұмыстары. Тек қана бұрынғыдай емес, кешқұрым дәрігерлік пункттегі Дусяға баруы жиілеп кетті.

Дуся бұл кезде бұрынғыдай жалғыз өзі тұрмайды. Ауданнан қартаң шешесі қолына келген. Сол екеуі тұрады.

Күнде кешке жақын бұлардың үйіріне Николай Трофимович келіп қосылады да, үшеу болып отырады.

Бір күні Дуся осындаған көнілді кештің соңынан Николай Трофимовичті ұзатынқырып салмақшы болды да, шешесінен ұлықсат сұрады. (Оның бұл күндеі әдетті.) Шешесі бара ғой деді. Дуся содан әдеттегісінен кешеуілденкіреп оралды. Екі беті қызарып, тоңып та қалыпты. Аяғындағы қара пиманың қонышы мен пальто етегінің екі аралығынан жұп-жұмыр әппак балтыры тоңазып қызарып көрінеді.

– Қызыым-ау, көп жүріп тоңып қалдың ғой?

Тоңып тұрса да, Дусяның түрі ерекше шат еді, пальтосын жас балаша апыл-ғұптыл сыпыра шешіп,

іле салды да, жүгіріп келіп апасының мойнына асылды.

– Мам, шыныңды айтшы, Николай Трофимович саған өте ұнай ма?

– Ұнайды, сәулемешім.

– Олай болса, мен оған күйеуге шығамын.

## 32

Қыраулы қыс сырғанап артта қалды.

Май мерекесінің қарсаңында «Қызылшекара» жеті жылдық мектебінде бұрын-соңды бұл өнірде болып көрмеген керемет бір оқиға болды. Оқушылардың бүкілмектептік спартакиадасы өткізілді. Бұл ешкімнің де қамшылап қарап қабылдауымен емес, Николай Трофимовичтің өзі істеген нәрсе еді.

Оқу жылы басталғалы бері өгіздей өрге сүйреп, жанын салып жүргізіп келген көп қарекеті қандай нәтиже бергенін ол өстіп бір екшеп, байқап өтуді өзіне міндет санады.

Бұл спартакиада сонымен қатар дene тәрбиесі мен спортты оқушыларға тамаша насиҳаттау болып табылатынын және оларға естен кетпестей әсер қалдыратынын Николай Трофимович айдай айқын түсінеді.

Николай Трофимовичтің тағы бір ойы мынадай еді: егер ол дәм айдал бұл арадан басқа бір жаққа қаңбақтай ауып кетіп жүрмесе, осы мектепте бұдан былай да қызмет істейтін болса, онда оқушылар спартакиадасын жыл сайын өткізіліп отырылатын дәстүрге айналдырмақшы. Сол үшін қатырма тысты бір әдемі дәптерді арнап, дайындаған қойды. Әр спартакиаданың болған мерзімін, спорттың қандай түрлерінен жарыстар

өткізілгенін, класс-класс бойынша кімдердің чемпион болғанын, олардың көрсеткіштерін тәптіштеп жазып отырмақ. Сөйтіп, жылдардан жылдар ауысқан заманда мектеп тарихында сондай бір ізгі дәстүр, із қалса деген қастерлі арман еді.

Ниетің қабыл болсын, Николай Трофимович, дегендей, сол күні ауа-райы ерекше ашық болды. (Бұл демалыс күні еді.) Көктемнің ерке күні балбыратып нұрын төгіп тұрды. Көк қаулап, арықтарда мөп-мөлдір су сылдырап, тамылжыған жас дүние. Мектептің физкультура алаңы су сеуіп сыптырылып, тазартылып, бабына келтірілді.

Спартакиада болардан бірнеше күн бұрын қыстақтағы көше-көшениң бұрыштарына, колхоз, ауыл совет кеңселерінің, дүкеннің, почтаның алдына әшекейлі жарнамалар ілініп, үлкен бір мерекелі күн тәрізді жүртшылыққа кеңінен хабарландырылды. «Ата-аналар да келіп балаларының нендей өнер үйреніп жүргенін көрсін», – деп ойлады Николай Трофимович. Және сол кезде жиылған жүртқа арнап, өзі әсерлі етіп сөз сөйлеуге әзірленді.

«Бұл өзі не дабыра?» – деп қызықтап келген адам ол күні мектеп маңына қаптап кетті. Ал оқушылардың тіпті бірі де қалмады десе болады. Мұғалімдердің де көпшілігі осында еді. Тоқмолданың ғана қарасы көрінбейді. «Әлгі неме жер дүниеге жар салып, не істегелі жүр? Барып басы-қасында болыңыз да, көрген-түйгенізді айтып келініз», – деп ол Сәйбекті жұмсал жіберіп, өзі атына мініп, сейілдеп кетіп еді.

Күні бұрын жоспарланып жаттыққан тәртіп бойынша спартакиада салтанатты түрде ашылады.

Жарысқа қатысушылар мектеп алдындағы көгал жазықта отряд-отряд болып сапқа тұрды. Әр отрядтың отряд советінің председателінің қолында желбіреген жалауша. Аға пионер вожатыйы Жолдыбектің команда беруімен олар горнданып, барабандатып, физкультура алаңын бір айналып шықты. Бұдан соң Жолдыбек жарыстың бас төрешісі Николай Трофимовичке дружина атынан рапорт берді. Спартакиадаға қанша отряд, қанша пионер қатысып отырғанын айтты.

Жылғандарға арнап Николай Трофимович сез сөйлемді. Бүкіл мектептік бірінші спартакиаданы ашық деп жариялады. Физкультура алаңының төбесіне желбіреп жарыс туы көтерілді.

Жарыс басталды.

Бірінші кезекте женіл атлетика жарысы еді. Ер балалардың жүз метрге жүгіруі болды. Алтыншы класс бойынша Мұрат озып шықты.

Ал мектеп бойынша оның көрсеткіші екінші еді. Жүз метрге жүгіруден мектеп чемпионы деген атаққа жетінші класс оқушысы Жақан Текесбаев деген бала ие болды.

Класс чемпионы деген атақ та Мұраттың тақиясына тар келіп жатқан жоқ еді.

Бұдан соң биіктікке, ұзындыққа секіруден жарыстар өткізілді. Ер балалардан кейін қыздар жарысты.

Волейболдан алтыншы класс пен жетінші класстың командалары кездесіп, ересек балалар емес пе, жетіншілер үтты.

Қазақша курестен жетінші класс оқушысы Батыrbек деген балуан балаға ешкім тең келмеді. Ол мектеп чемпионы деген атақ алды.

Гимнастикадан да жарыс болды.

Ең соңынан бокс жарысы өткізілді.

Бірінші кезекте жетінші кластың екі оқушысы бокстасты. Екеуде бокс секциясына қатысып жүргендер. Салмақтары да шамалас. Бұл айқаста Әмір деген бала үтып кетті.

Алтыншы кластан Садық пен Сұлеймен деген бала кездеспекші екен. Сұлеймен келмей қалыпты. Садықпен кездесуге басқа ешкімнің ыңғайы болмай тұрғанда:

– Николай Трофимович, – мен үрысып көрейін, – деп Мұрат өтініш жасады.

Николай Трофимович оның жүзіне таңырқаған кейіппен қарады.

– Сен қайтып... Боксты білмейсің ғой. Қайтып үрыспақсың?

– Білем! – деп құлышынды Мұрат.

– Қайдан білесің?

– Мен үйде Шәкірден үйреніп алғам. Сіздің үйреткеніңіздің бәрін де білем.

– Иә, ол біледі. Бәрін біледі, – деп Шәкір қостап жатыр.

Мұраттың отты көздеріне тесіле қарап тұрып: «Осы өзі тегін емес», – деп ойлады Николай Трофимович. Оның арық денесі болат сымдай шымырланып, түйіліп алған екен.

– Жіберіңіз!

– Үрысып көрсін!

– Көп болса, таяқ жер!

– Баланың меселін қайтарманыз! – деп рингті қоршап төніп тұрған әуесқой жүрт шулап кетті. Оларға кіммен кім үрысқаны бәрібір. Тек қызық көрсе болғаны.

– Жарайды, ұрысып көр, – деп Николай Трофимович рүқсат етті.

Қуаныштан Мұраттың жүргегі дәнбекшіп түскендей болды. Жену, жеңілуді ойлап жатқан ол жоқ еді. Боксер болып айқасқа түскеніне, шынайы бокс қолғабын қолына кигеніне мәз. Гонг сыңғыр ете қалды. Айқас басталды.

– Кәне, тайсалма!

– Соқ! Мұрнынан соқ!

– Тағы! Тағы бірді! – деп шулағандар құлақ тұндырады.

– Жолдастар, тыныш! Рингке ентелеменіздер!

– деп Николай Трофимович оларға басу айтқан болады.

Оның екі көзі тап қазір Мұратта еді. «Соншама құлшынғандай бұнда не өнер бар екен!»

Шабуылды Мұрат бастады. Көз ілеспейтіндей жылдамдықпен Садықты шекеден қойып-қойып жіберді. Денесін бокшілерше ұстау қалпы Николай Трофимовичке бірден ұнаған еді. Қымыл құбылысы пісіп қатқан. Николай Трофимович әрі ғажаптанып, әрі сүйініп қалды.

Садық Мұраттан таяқ жермін деп тіпті де ойламаған еді. Кектесін болып, тістеніп ұмтылды. Екі жақтан бірдей сатыр-сұтыр қойғыласу басталды.

Бетіне, мәңдайына соққы тиген сайын: «Ұh, жаным-ай, талайдан арман еткен шынайы боксқа қолым жаңа жетті-ay!» дегендей, Мұрат сүйіне түсті.

Бірінші раунд аяқталды. Ұпай саны тең шамалас болды. Көруші үлкендердің раундпен де шаруасы жоқ.

– Тоқтатпа!

– Төбелесе берсін!

– Біреуі жеңіліп тынсын!

– Әттегене-ай! Қап! – деп күйіп-пісіп тұр.

Екінші раундта да Мұрат жаман ұрыспады. Бірақ шаршаңқырап қалды. «Жігері бар, әлі жоқ, қайтынай!» – деп ойлады Николай Трофимович.

Үшінші раундта екі жақ та бокстың тәсілдері дегенді былай тастап, жабайы төбелеске көшіп кетті. Тигені тиғен жерге ұрады.

– Тоқтаңдар! – деп команда берді Николай Трофимович.

Мұрат дауысты естіп жалт бұрылып қарай бергенде, соққы иегінен қаға тиді де, жалп етіп, құлап қалды.

Азан-қазан, у-шу!

Мұрат тез тұрып ұмтылса да, Николай Трофимович тоқтатып тастады. Айқас осымен тынды.

Жеңуші Садық болды.

– Жарайсың! Сен де жігіт екенсің! – деп Николай Трофимович Мұратты арқадан қақты.

Спартакиада зор мереке, дүрмекке айналып өтті.

### 33

Ертесінде Мұрат класқа кіріп келгенде:

– Әнегіздеңің!

– Мұрат, тақтаға қараши! – деп балалар шулап кетті.

Мұрат тақтаға қарап, бормен салынған суретті көрді. Оның мазмұны мынаңдай еді: бір боксшы ілгері адымдай ұмтылып соғып қалғанда, екінші боксшы тыран етіп құлап жатыр. Біріншісінің астына «Садық», екіншісінің астына «Мұрат» деп жазылған. Тырайып құлап жатқан Мұраттың бет-бейнесі де

соншалық ұсқынсыз: аузы-мұрны бір жағына қарай қисайып, қасқа тістері опырылып сыйып кеткен.

– Кім салды мұны? – деп сұрады Мұрат.

Балалар суретті салған Садық екенін айтты. Садық мұғалімнің орнында рақаттанып күліп отыр еді. Мұрат сумкасын партасының қуысына қоя салды да, көздерінен ашу ұшқыны шатынап, түйіліп жетіп барды:

- Сен салдың ба, мына суретті?
- Нокаут болғаның өтірік пе?
- Нокаут болмай-ақ менің аяғым тайып кетті!
- Аяғың таймай-ақ соққыдан ұшып түстің.
- Сөйлемесің! Аяғым тайып кетті! Егер Николай Трофимович болмағанда, мен саған танытар едім!
- Танытпай қал!
- Танытам! – деп Мұрат жұдырығын Садықтың танауына иіскетті.
- Тарт ары! – деп Садық оның қолын қағып жіберді де орнынан түрегелді. Бір тәбелестің бүркүлдап қайнап келе жатқанын көріп, балалар да ентелеп жетісіп тұр еді. Осы кезде біреудің:
- Ағай келе жатыр! – деген үні саңқ ете қалды да, енді болайын деп толғағы жетіп тұрған тәбелес амал қанша, болмай басылып қалды.

\*\*\*

Үзіліс болысымен Мұрат тағы да Садықтың қасына келіп:

– Сен мықты болсан, менімен жекпе-жек оңашада бокстасасың ба? – деді.

– Бокстасам.

– Өкел қолыңды?  
Екеуі қол алысты.

Ұлжан шешей әлденені іздеп, төсектердің астына үңіліп жүріп, газетке оралған қомақты бір затты тауып алды. Бұл не екен деп бері алып ашып қараса, добалдай-добалдай торсиган бірденелер. Бұл үйде жоқ зат. «Япыр-ай, Мұраттың әкеліп жүргені-ау. Таппайтын пәлесі болмай кетті-ау бұл сығырдың!»

– Мұратжан!

– Әу, о не, апа?

– Бері келші. Мына бір сүмдықтарың немене?

Мұрат төр үйге жүгіріп кірді.

– Апаратай... тыс... ешкімге айта көрменіз.

– Не боп қалды?

– Бұл бокстың қолғаптары ғой.

– Не дейді, осындаидай да қолғап бола ма екен?

– Бұл сүйкта киетін қолғап емес, жұдырықтасып ойнайтын қолғап.

– Әлгі Батыrbайдың айтып жүргені осы қолғап па? Әкем-ау, бұнымен ұрыссандар бірінді-бірің өлтірмейсіндер ме?

– Бұл, апа, онша қатты тимейді. Ішінде аттың қылышы бар. Мінекей, ұстап көріңізші.

Ұлжан шешей қолғаптарды қызықтап айналдыра қарап тұр.

– Апа, сенбесеніз киіп мені ұрып көрші.

– Тарт ары! О не дегені!

– Апаратай, жаңым апаратай, қатты тимейді. Киіп, соңан соң менің басыма бүйтіп ұрып көрші.

Мұрат жалынып жатып, шешесінің екі қолына бокс қолғабын кигізді де, бауларын тартып байлап берді.

– Ал енді ұрыңыз мені?

– Қалай ұрам?  
– Міне, бүйтіл.

Ұлжан шешей қызық көріп, Мұратты шекеден бір нүкіп қалды.

– Тағы да, тағы ұрынғызы, апатай. Қаттырақ ұрынғыз.

– Жә болды. Ал, мә. Мына неменді немене ғып тастағансың, шешілмейді ғой.

– Мені қатты-қатты ұрмасаң шешіп алмаймын, – «Кемпірлерді де бокстастырса қандай қызық болар еді», – деген әжуалы ой басына үйіріле қап, Мұрат сылқ-сылқ күледі.

– Шешіп ал деймін!

Осы кезде сыртқы есік ашылып, үйге біреу кірді. Мұрат кім екен деп қараса, әкесі.

– Жәке, қараңызы, апам да бокс үйренем дейді.

Ұлжан шешейдің қолындағы бокс қолғаптарын көргенде, Батыrbайдың көзі шарасынан шығып кете жаздады.

– Ой, саған не көрінді? Жын ұрды ма?

– Мына онбағырдың істеп жүргені емес пе, болмастан кигізіп. Шешіп ал деймін-ей!

## 35

Қыстақтан жоғары өрлеп, Беларықтың бойымен үш бала келе жатыр. Бұлар Мұрат, Садық, Шәкір еді. Мұрат пен Садықтың қолтығында газетке орап алған бокс қолғаптары. Ал Шәкірдің қолында түбі түскен ескі шелек. Ол оны әлгінде бір үйдің арт жағында жатқан жерінен тауып алған еді, тамаша гонг болады деп, әдейі әкеле жатыр.

Бұлар өзен бойына түсті. Сүмбенің суы бұл тұста тарам-тарам болып ағады. Соның бірнешеуінен

өтіп, үкілі бастары майысқақтап желкілдеген нұтоғайдың қалың арасына келіп кірді. Табиғаттың сылаң ұрып толықсыған дер кезі. Әлдеқайдан тамылжытып бұлбұл ән шырқайды. Ағаштан-ағашқа қонақтап сауысқан шықылықтап ұшады. Сонау қырат жақтан, биіктен шыр-шыр еткен бозторғай үні келеді. Жұпар атып, балбырап, тамылжып тұрған жас дүние. Балалар шалғынына із түспеген шағындау бір алаңқайға келіп тоқтады.

– Осы арадан артық жер таппаймыз, – деді Мұрат.

– Төнірек түгел қоршау. Мынау деген нағыз ринг!  
– деді Шәкір.

– Болады, – деп құптады Садық.

Ескі шелекті Шәкір бір талдың бұтағына салбырата байлап, әлгінде жолдан тауып алған жіліктің қу сүйегімен ұрып көріп еді, даңғұр-дұнғыр етіп, даусы бүкіл тоғайға жайылып кетті.

– Не деген тамаша гонг!

– Ал сағатсыз қалай болады? – деді Садық.

– Бәсе, сағат жоқ, енді қайтеміз?

Балалар әлгінде Мұраттың үйіндегі оятқыш сағатты ала келмегендеріне өкінді.

Былай етейік, қашан біреулеріміз жеңілгенше ұрыса берейік, – деді Мұрат.

Бүкіл кластың алдында келемеждеп, суретін тақтаға салып, Мұрат менен нокаут болып жеңілді деп мақтанып жар салған қылышы үшін Садықты ол жеп жіберуге әзір еді.

Басқадай амал болмағаннан кейін Садық та осыған келісті.

Труси, майқадан өзге киімдерін екеулері де шешіп таstadtы. Қолғаптарды киді. Айқастың төрешісі де,

екі боксшының секунданты да Шәкірдің бір өзі.

– Ал, дайынсындар ма?

– Дайынбыз.

Гонг сыңғыр ете қалды. Айқас басталды.

Өзіне қарағанда нәзік бола тұрса да, Мұраттың осал дүшпен емес екенін Садық өткен жолы байқаған. Сондықтан көзсіз кимелемей, сағырақ соғысуға тырысатын тәрізді. Ал Мұрат болса, «бәлем, танытпасам ба саған!» дегендей, тістеніп алып, шүйліге шабуылдап жүр.

Екеулерінде де аянатын пиғыл жоқ.

Алғашқы бір-екі минут үстін-үстін қойғыласумен өтті. Әуелгіде Мұрат Садыққа қарағанда самдағай, пысық еді. Енді ол тағы да тез алқынып, біраздан соң шаршағандығы біліне бастады. Ал Садық болса, әлі тың. Тығыршықтай шомбал денесі түйіліп алған қүйінен айнып емес. Мұрат шабуылға шыққан сайын зілдей қолдарымен оны қарсы төпеп, ұрып-ұрып жібереді де, түк сезбегендей болып мойнын алқымына тыға түсіп, тағы да аңдыса қалады.

Біраздан соң Мұратты тер басып, бүкіл денесі еріп кеткендей бұлғалаңдай бастады, шаршады. Қолдары өзіне бағынудан қалды. Енді Садық шабуылдай бастады. Кең рингтің пайдасын Мұрат осындауда көрді. Айнала қашып жолатпайды. Садық тықсыра берді. Мұрат досының жеңілейін дегені Шәкірге де батып барады. Бірақ амалы жоқ, не істейді. Нендей жәрдем көрсете алады?

– Стоп! – деп команда берді ол. Садыққа бірдене деп мін таққан болды. Бұнысы Мұрат аздап та болса, дем алып алсын дегені.

– Бокс!

Жеңіліп бара жатқанына Мұраттың да көзі айқын

жетті. Үзадан қүйінген ол ең соңғы бар күшін жиып, тым құрыса нығарлап тағы бір үрмақшы болды. Қарсы ұмтылып, тістеніп, жұдышығын сілтеп кеп қалғанда, Садық жалт берді де соққы оған тимей кетті. Мұрат тәлтіректеп барып, өз екпінімен өзі омақаса құлады...

## 36

Николай Трофимович түк ойламастан физкультура залының есігіндегі құлыпты ашып жатыр еді. Ап-айқын болып іштен тысырлаған дыбыс естілді: «Бұл не?» – деп секем алғып қалды да, ол есікті ашып жіберіп кіріп келді. Сөйтсе біреу терезенің тәменгі көзінен кептеліп шығып кете алмай жатыр, екі аяғы тырбаң-тырбаң етеді. Басы мен қолы ар жақта.

– Эй, кім бұл? – деп Николай Трофимович дауыстап жіберіп еді, терезеге кептелуші қымылсыз сұлқ жатып қалды.

Николай Трофимович келіп, әлгіні бері, ішке қарай сұрып алды. Қараса, Мұрат Батырбаев.

– Бұның не? Не істеп жүрсің.

Сөйлеуге шамасы келмей Мұрат қалш-қалш етеді.

– Айт, не істеп жүрсің деймін? Терезеден мұнда неғып түстің?

– Кешіріңіз, Николай Трофимович, біз бокс қолғаптарын алғып едік...

Мұрат ақтарылып, бар шынын айтып берді. «Садық мені нокаут болып женілдің деп, қорлап ыза қылды. Содан соң екеуіміз оңашаға барып, жекпе-жек бокстасып көрмеші болдық».

– Иә, кім женді?

– Тағы да Садық женді, – деп Мұрат аянышты

жүзбен мөлиіп, жерге қарады.

Николай Трофимович біраз үнсіз тұрды да:

– Иә, терезеден түсіп, қолғап үрлау деген – бұларың үлкен әдепсіздік. Бұл үшін мен сендермен әлі сөйлесемін. Ал сен ертеңнен бастап, бокс секциясының сабағына келетін бол. Бар, – деді.

Мына сөзді естігенде, Мұраттың еңсесі бірден көтерілді. Көзінде қуаныш үшқыны жарқылдап кетті.

– Николай Трофимович, сізге үлкен раҳмет!

Мұрат физкультура залынан жүгіре шықты. Әлгінде терезенің сырт жағында тұрған Садық пен Шәкір есікте құлып сылдырлап ашыла бастағанын көргенде, өз бастарын сауғалап зытып жөнелсе де, не болар еken деп, ұзамай осы маңда жүрген. Қылмыс үстінде қолға түскен Мұраттың сүмірейіп шықпай, жайнап шыққанын көргенде, олар таңтамаша қалды. Екеулең ортаға алып:

– Не болды, ұстап алды ма?

– Ұрысты ма? – дейді өндөрі қашып.

– Николай Трофимович маған ертеңнен бастап бокс секциясының сабағына қатыс! – деді.

– Ол біздің бокс қолғаптарын алғанымызды білген жоқ па?

– Білді. Мен бәрін де айтып бердім.

– Не деді?

– Бұларың әдепсіздік, мен бұл үшін сендермен әлі сөйлесемін, – деді.

– Соған мәз болып, жетісіп тұрмысын?

– Мәз болмағанда! Бокс секциясына қатысқан соң, бәлем Садық, соナン соң көріп тұр.

Оқу жылы аяқталды. Балалар тарап кетті. Мектеп маңындағы абыр-дабыр су сепкендей басылды.

Бір күні Тоқмолда Николай Трофимовичті шақырып алып:

– Қарағайлы сайдан колхозаралық пионер лагері ашылғалы жатыр. Бастық болып сонда барасың. Демалысты күзде аласың, – деді.

– Жарайды.

Мектептің алдында қос-қос аттан жегілген екі арба тұр. Лагерьге баратын оқушылар киім-кешектерін көтеріп келіп, соларға жайғасып жатыр.

– Түгел келіп болды ма? – деп сұрады Николай Трофимович Жолдыбектен.

– Батырбаев келмей жатыр.

Бір кезде оның да қарасы көрінді. Әкесі мен шешесі қабатынан ілесіп, үшеу болып келе жатыр. Екі басы тырсыған үп-ұлken қоржынды Батыкең иығынан асып, теңkitіp көтеріп алған. Мұраттың қолында кішірек қол чемоданы.

– Кәрия, бұларыңыз не? Лагерьге үй-іштерінізben көшіп бара жатқаннан саусыздар ма? – деп күлді Николай Трофимович. – Мына қоржындағыңыз немене зат?

– Мұратжанның киім-кешек, азық-тұллігі ғой, – дейді Батыкең.

Николай Трофимович қарап көрсе, қоржынның бір басы толы пісі күйік тамақ: құрт, май, ет, бауырсақ.

– Ақсақал, қажеті не бұлардың? Онда балаларға төрт мезгіл тамақ беріледі ғой?

– Бұрын түзге шығып көрмеген бала. Қазына тамағына көндіге ала ма? – дейді Ұлжан шешей.

– Айттым ғой, керек емес деп. Алмаймын! Түк те алмаймын! – деп Мұрат без-без етеді.

Николай Трофимович енді қоржынның екінші басын шешіп қарады. Етік, пальто, малақай секілді толған жылы киім.

– Мыналадың қажеті не?

– Тауда бұл жердегідей емес, ертеңді-кеш күн сүйк болады. Киімсіз тоңып қалады ғой, – дейді Батыкең.

– Апыр-ай, жарықтық-ай, балалардың барлығы жеңіл киімдерімен-ақ кетіп барады ғой. Онда бір қыс түтеп, боран соғып тұр деп ойлайсыз ба?

– Етіктің де, пальтоның да керегі жоқ. Плащым мен фуфайкамнан өзге түк те алмаймын, – дейді Мұрат.

Лагерьге баратын балалар өздерімен бірге не аулары қажет екенін Николай Трофимович күн ілгері түгел ұғындырып айтқан. Батыкең мен Ұлжан шешей соған қарамастан осыны істеп отыр. Тіпті олар Мұратты лагерьге жібергілері келмей қаншалық кер тартып бақты. Бірақ бұл жолы Мұрат та қайыспады. Жібермейтін болсаңдар, балалардың сонынан жаяу қашып кетем дегенді айтты. Оның бірбеткей міnezі ата-анаға жақсы мәлім еді.

Батыкең мен Ұлжан шешей бұл сөзден жаман сескенді де, амалсыздан рұқсат берді. Соның өзінде:

– Таудың мұздай сүйк сүнина шомылма. Дереу ауырасың! Жалаң аяқ, күн ыстықта жалаң бас жүрме, – деген секілді будақ-будақ көп ақылдарын Мұраттың құлағына сан қайтара құйып, ол тап бір көз көрмес, құлақ естімеске кетіп бара жатқандай-ақ тұнделетіп азық әзірлең, жік-жапар болып,

шаршап-шалдығып, әрең үлгеріп жеткен беттері осы еді.

Николай Трофимович Мұратқа ең қажет деген жеңіл киімдерінен өзге ештеңе де алғызбады.

Ұлжан шешей тіпті болмаған соң қоржыннан кесек-кесек піскен ет, бауырсақ алып: – Жолда же, қарның ашады. Бара салысымен сендерге тамақ өзір тұр дейсің бе. Мынаны барғаннан кейін же, – деп Мұраттың қойын-қоншына тықпалап жатыр.

Арба ауылдан ұзап шыққаннан кейін ғана Мұрат үх деп, еркіндік алғандай болды.

\*\*\*

Арада екі-үш күн өткен шамада лагерьге қаракер атын митың-митың аяңдатып, Батыrbай кәрия келіп тұр.

- Неге келдің, жәке? – деген Мұратқа:
- Саған келдім, – дейді.
- Маған неменеге келдің?
- Әлгі шешен, бар, барып, көріп-біліп кел деп жан таптыраң болмады.

Осыны айта тұрып, Батыкең қойын-қоншынан Ұлжан шешейдің беріп жіберген сәлем-сауқаттарын сұырғыштап жатыр. Онысы: кәмпіт, құрт, піскен ет.

– Мыналарды алмаймын. Мені аш жүр деп ойлай ма? – деп Мұрат кәмпіттен басқасын Батыкеңе кері қайырып берді.

Және бір төрт-бес күн өткен соң артынып-тартынып Ұлжан шешейдің өзі келіп тұр. Мұрат оны ыза болып қарсы алды:

- Апа, неге келесін?
- Балам-ау, сондай да сұрақ бола ма екен. Саған келдім ғой.

– Жуырда ғана жәкем келді. Енді сен келіп отырысың. Бұдан былай ешқайсын да келмендер.

– Е, сағынсақ, келмей қайтіп шыдаймыз? – дейді Ұлжан шешей.

Бұдан кейін лагерьдегі балалар осылай қарай келе жатқан, әйтеуір, салт атты біреудің қарасы көрінетін болса, Мұратты:

– Мұрат, әкең келе жатыр!  
– Мұрат, шешең келе жатыр!  
– Саған құрт-май әкеле жатыр! – деп ызаландыратын болды...

Дегенмен лагерьде болған бір ай Мұрат үшін ерекше көнілді өткен уақыт болды. Үйге қайтатын күнді ол кейбіреулер құсап, поезды тосқан жолаушыдай сарғая күткен жоқ. Көрікті табиғаттың құшағында еркін сауық-сайран салып, іштей де, сырттай да бір түледі. Және бір ғажабы бұрын тамаққа кінәз Мұрат енді нағыз тамақсаудың өзі болып алды. Өзіне тиесілі асқа жалақтап онша тойыңқырамай да қалады. Кейде ұлмастан қосымша сұрап ішетін болды.

Осының нәтижесінде Мұрат лагерьден бес кило салмақ қосып, кәдімгідей жұмырланып өсіп, қонайып қайтты.

Оның былтырдан бергі көкейтесті бір арманы – сүйк сумен шынығу еді. Николай Трофимович көрсеткен әлгі бір бояулы сурет – қыстығұні ақ қар, көк мұзда өзенде шомылып жатқандар – осы күнге дейін Мұраттың көз алдынан кетпейді. «Шынығып, Дағдыланған жағдайда әркім-ақ осылардай бола алады», – демеп пе еді Николай Трофимович. Бұл сөз оның құлағынан кетпейді.

Былтыр Мұрат ата-анасынан жасырып, қашан

сүйк күз түскенге дейін өзенге шомылып жүрді. Бірақ бір күні қатты тымауратып жығылды да, амалсыздан онысын қойып кетті. Жаз шыққалы бері шынығуды және бастап еді. Лагерге келген соң тіпті рахат болды. Тап іргеде сарқырап тау өзені ағып жатыр. Ақылшысы Николай Трофимович өзімен және бірге. Сүйк сумен қалай шынығу қажет екенін Мұрат енді ғана жөндеп түсінді.

Қазір ол ертеңді-кеш өзенге бір шомылып шығуды өзіне парыз тұтып, әдеттеніп алған.

### 38

Николай Трофимович лагерьде екі маусым істеп, ауылға август айының жиырмасы күні оралды. Содан соң Тоқмолда оған октябрьдің жиырмасына дейін тиесілі екі айлық демалысын берді. Дуся мен Николай Трофимович сейілдеп, сергіп қайтпақшы болып, Алматыға кетті. Омбыда Дусяның күйеуге тиген әкпесі тұратын еді. Алматыдан әрмен жолаушылар соған барды. Содан бас-аяғы бір жарым ай дегендे олар жақсы демалып, сергіп, жаңа күш, тың жігерге молығып, «Қызылшекараға» қайтып келді.

Николай Трофимович мектепті сағынып қалған еді. Келісімен жуынып-шайынды да, солай қарай барды. Физкультура алаңына анадайдан көзі түсіп, жүрегі дір ете қалды. Кендір арқанға байланған дөңгелектер салбырап тұруши еді. Жым-жылас болыпты. Оның қасындағы өрмелейтін сырғауыл шолтиып сыйнып қапты.

Қасына келді. Гимнастика қалашығының үстінен жау таптап өткен тәрізді, әлдеқандай бұзақылар қирата алғанын қиратып, бұлдіріп,

қирата алмағандарын тырналап, тістелеп, сойқанды салып-ақ баққан. Арқанға байланған дөңгелектің біреуі түп-орнымен, арқан-барқанымен жоқ. Ал екіншісінің арқаны ғана қалыпты. Оның өзін қол жетпестей етіп, бел ағашқа шандып орап тастапты. Турник орнатылған бағандар түбі босап, солқылдан құлайын деп түр. Ұзындықтан секіру үшін қазылып, ағаш үгіндісі төгілген орда сиырдың жапасы мен топырақ кесектері бықып жатыр.

– Ах, оңбағандар! Айуандар! – деді Николай Трофимович зығырданы қайнап.

Ол жүрген бойда физкультура залына келді. Есікте басқа құлып. Жүрегі және бір сүмдышты сезінгендей сұып сала берді. Терезеден қарады. Іште үйіліп жатқан отын, анау-мынауды көрді...

Тоқмолда кабинетінде Сәйбекпен сөйлесіп отыр екен. Түсі өрт сөндіргендей болып, Николай Трофимович кіріп келді. Амандастып жатудың реті жоқ еді.

– Директор жолдас, бұл неткен бейбастақтық! Мені сол бойда келмей қалады деп ойладыныздар ма?! Бұл неткен масқаралық...

– Сен не айтып тұрсын? – деп Тоқмолда Николай Трофимовицтің сөзін бөліп жіберді. – Мен сени тыңдамаймын да, сөйлеспеймін де! Аулақ бар! Сен енді бұл мектептен кеткен адамсың!

Бұл сөз Николай Трофимовичке жүрегіне қанжар сұғып алғандай әсер етті:

– Қалайша?

– Солайша. Мұнда сенің орнына басқа мұғалім келген.

– Қалай... Неге келеді?

– Оны барып аудандық оқу бөлімінен сұра. Мен

ештеңе білмеймін.

Дүсі әлгінде Николай Трофимовичке «тез қайтып кел» деп ас әзірлеп жатыр еді. Енді ол естен шықты. Николай Трофимович почтаға келді. Аудандық оқу бөліміне телефон сокты. Көккөзов жоқ екен. Дүйсенбаев дейтін мектеп инспекторымен сөйлесті.

– Иә, сенің орныңа басқа мұғалім жіберілген, – деген сөзді ол да айтты.

– Енді мен не іstemекшімін?

– Ертең Көккөзов келеді. Сонымен сөйлесіп көр. Мүмкін, басқа мектептен орын тауып берер.

Николай Трофимовицтің үш ұйықтаса түсіне кірмейтін әуре-сарсан осылай басталды.

### 39

Мәселенің телефонарқылышешілеқалмайтынына Николай Трофимовицтің көзі айқын жетті. Мініп баруға көлік жоқ, ертеңіне ол күндеңі әдетімен таңертең ерте тұрды да, аудан қайдасын деп жаяу тартып жөнелді.

Жиырма шақырым жердегі аудан орталығына жаяу барып жеткенше күн түс болды.

Көккөзов өзінде екен. Ол Николай Трофимовицті жүрдім-бардым жымып қарсы алды:

– Мен сізді бұл ауданнан мұлде кетіп қалды. Үй-ішімен көшіп кетті деп естіген едім, – деді Көккөзов.

– Мұлдем кетсем, қызметтен біржола босанып кетпес пе едім?

– Кейбіреулер бар, оны ескеріп жатпайды, қажет те етпейді. Кеткісі келгенде кете салады да, тиісті документтерін соңынан хат арқылы сұратып алады,

– дегенді айтты Көккөзов. Бұнысы күні бұрын әзірлеп қойған тұлқі бұлаңы еді.

– Ал енді қалай ету керек? Мен жұмыс істеуге тиістімін ғой?

– Ертең келіңіз. Басқа мектептердің бірінен орын іздең көрейін, – деді Көккөзов.

«Өз орнымды алып берініз», – деп Николай Трофимович табандамады. Кешегі көргендерінен кейін Тоқмолдамен істес болудан оның көңілі біржолата қалған еді.

Екі иығынан суketіп, Николай Трофимовичсыртқа шықты. Шаршаған, әрі қарны да ашқан. Аяңдал асханаға келді. Адам көп екен. Кезекке тұрып, тамак алды. Біріншісіне борщ, екіншісіне манты. Етті борщ дегенінде қарайған бір түйір ғана бірдене жүр. Оның өзі де шандыр екен. Мантысының қамыры бір елі қалың, тіске жабысады. Жұтқан жұтамайды дегендей Николай Трофимович аш болғандықтан көзжұмбайға салып, сыпрып-сирып соғып алды.

Аудан орталығында қонақ үй жоқ. Николай Трофимович шинелін иығына артқан қалпы қайда барып дем аларын білмей, сенделіп біраз жүрді де, өзенде өрлеп селодан шығып кетті. Құн жылылау, шуақтылау еді. Ел арасынан ұзап барды да, бір тасаға шинеліне оранып жата кетті...

Ертеңіне Николай Трофимович аудандық оқу бөліміне тағы да келді. Көккөзовтің кабинетінде қара шляпа киген басқа біреу отыр.

- Көккөзов жолдас қайда екен?
- Командировкаға кетті, – дейді.
- Қашан кетті?
- Райком бір тығыз жұмыс тапсырды деп кеңсеге келмestен үйінен аттанып кетті.
- Енді қашан келеді?
- Төрт-бес күнсіз келмейді.

- Сіз кім боласыз?
- Мен Дүйсенбаев деген мектеп инспекторы боламын.

«Е, бұрнағы күні телефонмен сөйлескен адамым сен екенсің ғой...»

Николай Трофимович Дүйсенбаевқа кеше Көккөзовпен болған әңгімесінің жайын айтты.

– Мен ештеңе білмеймін. Маған Көккөзов ештеңе айтқан жоқ. Менің білуімше мектептердің ешқайсысында да сізге лайық бос орын болмауға тиіс, – деді қара шляпа. «Қоянның өзін көр де, қалжасынан туңіл» дегендей, «мен осында қалқып, шыр ете қалған телефонның құлағын көтеріп қана отырған пешкамын бір. Менен түк шықпайды» дегендей Дүйсенбаевтың алқам-салқам сиқынының өзі-ақ айтып түр еді.

Ыңғаша бұған Николай Трофимович шағынбақ болып аупарткомге келді. Бірінші секретарь Алматыға, екіншісі колхоз аралауға кетіпті. Жұмыссыздықтан іштері пысып, есінеп қойып, кабинеттердің ауыз бөлмелерін күзетіп хатшы қыздар ғана отыр.

Ұзын үйдің екінші жақ түкпірінде ауатком кеңселері. Николай Трофимович солай қарай келді. Председатель өзінде екен. Кірді. Бар жағдайды түгел баяндады.

– Осының бәрін арыз етіп, жазып әкеle, – деді ауатком председатель

Түстен кейін Николай Трофимович тағы да келді, жазып әкеleді. Председатель жоқ.

– Қайда? – деп сұрап еді.

– Колхозға шығып кетті, – деді секретарь.

– Бүгін келе ме?

– Білмеймін.

Аңаулап немесе балық аулап кетіп құр қол қайтқан адамның түрі қандай болса, Николай Трофимович кейіпі дәл сондай еді.

Шаршап-шалдыққаны, сарғыш күрен қақалының соядай болып үрпіп, өсіп кеткені өз алдына, еңсесін зіл батпан көнілсіздік басып келді. Жағдайдың мәз еменін Дусяның іші сезгендей еді. «Не болды?» деп сұрауға оның аузы бармады.

– Жылы су берші. Сақалымды алайын.

Шай үстінде Николай Трофимович:

– Бұл арадан кету керек, – деді.

– Қайда кету керек? Ауданға ма?

– Қалаға.

«Денисенко мен әйелі көшкелі жатыр екен» деген хабар «Қызылшекараға» тез тарады.

Қалаға баратын болғанға Дуся қуанып жур. «Өлмеспіз. Екеуміз де жұмыс істеп жан бағармыз», – деп ойлады.

Стол, орындық, керует тәрізді азын-аулақ ауыр заттар көршілерге сатылды.

Николай Трофимович су жаңа әскери етігі мен бір костюмін және сатып, біраз ақша қамдап алды.

Таңертең осы үйге Ұлжан шешей кіріп келді. Николай Трофимович, Дуся және оның шешесі үшеуі бір-бір теңді астарына қойып, чемоданның сыртына дастарқан жайып, шай ішіп отыр еді. Қазақ дағдысына жетік Дуся орнынан ұшып түрегеліп, Ұлжан шешейді шайға шақырды:

– Рахмет қарағым, отыра бер. Нан ауыз тисем болды.

Ұлжан шешей дәм татқан ырым істеді де

босағадағы күрөң сандықтың үстіне отырып, Николай Трофимовичке арнап сөз бастады:

– Қарағым, сен дегенде менің Мұратжаным ішкен асын жерге қояды. Неге екенін білмеймін, жанындај жақсы көреді өзінді. Кешелі бері сені көшеді екен деген сөзді естіп, күйзеліп бітті. Ағайымыз алтын адам еді, енді бізден кететін болды-ау деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей қайғырып жүр. Мені бұл үйге баламның саған деген сол сүйіспендігі алып келді. Ел-жұрттың болса, қарағым, алыста екен. Дәм айдал, қызмет айдал келген боларсың бұл жаққа. Осы елдің мыжырайған жаман кемпірінің бірі болсам да, қолымнан дәм татқызып, батамды беріп жөнелтейін деп келдім. Қайда жүрсөң аман жүр, абыройлы жүр. Тең құрбының алды бол. Бет алған жағынан бақ берсін! Сенің берген тәрбиенде Мұратжаным да еш уақытта ұмытпайды. Мына бір азын-аулақ дәмді сендер жолазық етсін деп, пісіріп әкеledіm.

Ұлжан шешей осыны айтты да, қолындағы түйіншектің аузын шеше бастады. Онысы жиырма шақты піскен жұмыртқа мен қойдың піскен семіз жамбасы екен.

Кемпірдің бауырмал сөзі мен дәм сыйы үйдегілерді түгел қобалжытқандай болды. Олар оған бейілі үшін жамырасып раҳмет айтсып жатыр.

– Шеше, сіздің балаңыз жайында ойымдағымды мен де айтайын. Балаңыз адам болатын бала. Жақсы бала. Әттең, бұдан гөрі басқадай ортада тәрбие көрсе, алысқа ұзап баратын жастың тап өзі. Жас та болса әр нәрсеге парасаты жететін ақылды бала балаңыз. Менің сіздерден, Батыrbай кәрия екеуінізден өтінетінім – Мұратқа қақпай бола беру-

ді қойыңыздар. Қарайғанға ұрынып, қаңғыбастанып кететін бала – ол емес. Қалаған ісімен шұғылданып, еркін өссін. Сабағын да оқысын, ойын-күлкіден де кенде болмасын. Оның табиғатына осының бәрі бірдей қажет, – деді Николай Трофимович. Ұлжан шешей оны зейін қоя тындалап алды:

– Қарағым, қыста әлгі Батыrbай барып, Тоқмолдаға сенің үстіңнен шағым жасайтында, сол күні өзің біздің үйге келіп, қашама ақылды сөз айттың. Балаларыңыздың нашар болып, аурушаң болып өсуіне кінәлі өздеріңіzsіздер демеп пе едің. Сол сөзің біздің құлағымызға кірді, қарағым. Мінекей, содан бері баламызды Батыrbай да, мен де көп қақпайламайтын болдық. Жазда өзіңмен бірге лагерьге де барды. Жаман болып қайтқан жоқ Мұратжаным. Апа, шынығамын, шындаламын деп, өзің үйреткен бірденелерді күнде істеп жатады. Таңертең тұрған қалпында сабын, орамалын алады да, көшениң сонау басына қарай жүгіріп жөнеледі. Содан әлден уақыттан кейін жуынып-шайынып келеді. Анау шеткі Нұрмолда дегеннің қатыны айтады: «Балаңыз күнде таңертең өзен сүнина бір сұңгіп шығады», – дейді. Ал өзінен сұрасам, шомылмаймын, құр тек жуынамын дейді. Байқа, балам, әйтеуір ауырып қалып жүрме деймін. Үйге келген соң да ұзақ күнге бір тыным алғанын көрмеймін. Сабағын оқып отырады да бір кезде далаға жүгіріп шығып, өзінің көлеңкесін жұдышықтап, қойғылап жатады. Немесе қыздар құсан жіптен секіріп ойнап жатқаны. «Мұратжан-ау, әкем, бұның не қыздардың ойынын ойнап? Қыз болып кеттің бе? – десем, «Әстісем аяқтарым құшті болады, тынысым жақсарады», – дейді. «Байқа

балам, өзінді өзің тым зорлай берме», – дегеннен басқа менің қазір оған істер еш бөгетім қалмады. Үйде істепеймін дегенмен қашып барып, бәрібір түзде істейтін көрінеді. Соңан соң еркіне қойсаң да қойып береді екенсің, қоймасаң да қойып береді екенсің. «Апа, әлі көріп тұр. Николай ағай секілді мен де күшті болам, сондай командир болам өскенде», – дейді. Енді міне, сен көшеді екен дегенде бір-ақ күнде ері мойнына кетіп қалды баламның.

– Жерді, суды жаратпай көшіп бара жатқан жоқпын, апа. Жағдай солай болды, – деді Николай Трофимович.

– Естідім, қарағым, балалар деген қу халық емес пе. Бәрін біледі. Осының бәрі Тоқмолда ағайдың істеп жүргені, дейді олар.

Ұлжан шешей кетерде Николай Трофимович:

– Шеше, Мұрат қазір үйде ме, жоқ сабағында ма? – деп сұрады.

– Мұрат осында, сыртта тұр. Ұялып кірмей тұр.

Николай Трофимович ұшып түрегеліп есік алдына шықты. Мұрат күн шуақтап, шешесін тосып, босағада тұр екен.

– Здравствуй, Мурат.

Мұрат әуелі ыңғайсызданып қалғандай болды да, соңан соң бойын тез жинап алып амандасты.

– Саламатсыз ба, Николай Трофимович.

– Сен неғып кірмей тұрсың?

Николай Трофимович Мұрatty үйге алып кірді. Отырғызды. Хал-жай сұрады.

– Бокс секциясына қатынасып жүрсің бе?

– Қазір мектепте ешқандай да спорт секциясы жұмыс істемейді, – деді Мұрат.

Николай Трофимович бұны сезген еді.

- Бірақ біз өзіміз жаттығып жүрміз, – деді Мұрат.
  - «Бізін» кім?
  - Мен, Шәкір және басқа боксшы балалар.
  - Қалай жаттығып жүрсіңдер?
  - Өзіміз күн сайын кешке жақын Шәкірдің қорасына жиналадымыз да жаттығамыз.
  - Үйретушілерің кім?
  - Өзіміз.
  - Оқып, үйреніп, жолбасшылыққа алатын кітап, құрал ештемелерің бар ма?
  - Жоқ.
  - Бокс қолғаптарың бар ма?
  - Жоқ. Өзіміз жасап алған қолғаптарымыз бар.
- Николай Трофимович әрі сүйініп, әрі қүйінді.
- Сендердің мыналарың нағыз партизандық екен! – деді.

Күрөн сандықты ашып, Николай Трофимович екі пар бокс қолғабын және бірнеше кітап-кітапшалар алды.

- Мә, мынау менің сендерге қалдырған ескерткішім. Пайдаланыңдар. Ақымақтық істемей жөнімен пайдаланыңдар. Ал мынау «Бокс» деген кітапты мүқият оқып шығыңдар. Қалай жаттығу керек, әр сабакты қалай етіп ұйымдастыру керек,
- бәрі мұнда жазылған. Мынау кітапшаларды да жақсылап оқыңдар. Мынау, міне, «Спортшының өз деңсаулығына өзінің бақылау жасай білуі» деген өте пайдалы кітапша. Спортпен шұғылданған әр адам бұндағының бәрін білуі қажет.

Шіркін-ай, Мұрат өмірінде дәл осындағы қуанып көрді ме екен? Дәл қазіргідей шаттық минуттарын басынан кешті ме екен? Николай Трофимовичтің берген нәрселерін алып тұрып, оның тәбесі көкке

екі-ақ елі жетпеді. Сезімтал, ерке жүрек қуаныштан қеудеге сияр болмады. Күре тамырларында да бұлкілдеп, ып-ыстық бақыт қаны жүгірді.

Осының бәрі өні емес, бейне бір түсі тәрізді.

– Рахмет, үлкен рахмет, Николай Трофимович.

Бұл алғыс сөздерді Мұрат елжіреген ең тәтті адал сезіммен айтты.

Түстен кейін сабактан үзіліске шыққан балалар Николай Трофимович үйінің алдына пайда болған сөредей жүк машинасын көрді. Біраз әйел, бала-шағалар жиналысып қалыпты. Николай Трофимович пен бір ерек машинға салмақты жүктегенді алып шығып, тиеп жатыр. Әлдекім:

– Николай Трофимович көшіп жатыр! – деп айқайладап жіберді.

Балалар лап қойып, солай қарай тұра жүгірісті.

Роза, Жолдыбек және бір-екі мұғалім Николай Трофимовицпен қоштасуға келді.

Тоқмоңда осы жайдың барлығын да кабинеттің терезесінен көріп, бақылап тұрды. Қеудесін женушіде болатын мақтаныш сезімі кернеген. Апыр-ай, дегеніме рас жеттім бе, өтірік жеттім бе деп, қуана толқудан жүқалаң үйпа-түйпа қабағы дір-дір етіп тартылады. Тарғылдау келген жымысқы көзінде мысқылды күлкі ойнайды.

Мектептің есігі алдында, бір кездे отын жиналған тақыр алаңда таяқ ұстаған Сәйбек тұр. Үстінде желбегей киген сұр шапан, басында бөрік. Николай Трофимовицтің көшіп жатқанын суланған қызығылт көздерімен айқын көріп тұр. Бүйрекінің бір шеті бұрып аяғандай да болады көш иесін. «Директормен ұстасып несі бар еді, айтқанды істеп, жүре берсе болmas па еді?» – деп, аямақ түгіл табалағандай да

болады.

Сәйбек барып, Николай Трофимовичке қош айттысуға да ниетсіз емес. Бірақ желкесінен іліп тартып тұрған, жібермейтін көзге көрінбес ілгешек бар. Ол мектептегі Тоқмолданың пысы. Оны үзерлік жігер Сәйбек бойынан табылмайды.

Егер Тоқмолда бұйрық берсе:

– Сәке, анау Денисенко деген мұғалімнің көшін ұстаңыз! Жіберменің! – десе, онда Сәйбек аянбас еді, жаңын салар еді. Барып машина дөңгелегінің алдына көлденең түсіп жатып алудан тайынбас еді.

Сәйбектің жігер-еркі Тоқмолданың қолында.

Машина от алып, жүргуге әзір болғанда әлгіден бері іркіліп, үндей алмай тұрған балалар Николай Трофимовичті лап беріп, улап-шулап қоршап алды. Іштен сыздап, буылып тұрған көп ауыз бірден шешілді.

– Қош болыңыз, Николай Трофимович!

– Ой, қайран ағай-ай!

– Бізді ұмытпаңыз!

– Сау-сәлемет болыңыз, Николай Трофимович.

– Хат жазыңыз! Соңан соң біз де жазамыз!

– Ағай, қош!

– Ағай, қош!

– Қайран ағай-ай!

Жамыраған көп дауыс Николай Трофимовичтің көңілін босатып жіберді. Бір түйір ыстық жас тاماғына келіп тығызып, одан шып-шып етіп көзіне шыға жаздал қалды. Бірақ ондай осалдық қөрсетпеуге Николай Трофимовичтің ұстамдылығы жетеді. Көңілін қатайта түсті де, сыр берген жок. Әдеттегі ақ жарқын сабырлы кейпінен айнымай қоштасты балалармен.

Шу-шу етіп желбіреген көп балғын қолдар сүйікті үстазын беймәлім ұзақ сапар жолына шығарып салып қала берді.

## 41

Николай Трофимовичтің орнына жаңа келген мұғалімнің фамилиясы Айманбеков. Өз аты бір түрлі қызық – Байқұлақ. Армиядан жуырда қайтқан майдангер, салт бас жігіт. Ол мұнда Тоқмолданың үйінде жүр.

Әскерден киіп қайтқан киімдерін үстінен әлі де тастамаған, омырауына сөлкебайдай салдыратып үш-төрт медаль қадап алған адудын мінез Байқұлақты жетінші кластағы алғашқы сабағына Тоқмолда өзі бастап кірген еді. Ұстаздық еңбекке тұнғыш рет қадам басып отырған жас жігітті оқушыларға таныстырыу болатын. Балалар дүр түрегеліп қарсы алды.

– Отырыңдар!

Класты бір шолып қарап өтті де, Тоқмолда сөйлей бастады:

– Мынау, кім, Айманбеков жолдас, сендерге физкультураны үйрететін жаңа келген мұғалім. Өзінің аты Байқұлақ...

«Байқұлақ» деген сөзге әр жерден мырс-мырс етіп, бірнеше бала күліп жіберді.

– Неменеге күлесіңдер! Не күлкісі бар? Сен, Батырбаев, неге күлесің, а? Айманбеков жолдас соғыста болған. Соғыста болып, ерлік істер істеген. Партия мен үкіметтен бірталай медаль наград алған. Олай болса, сендердің оған нетуге... күлуге ешқандай қақыларың жоқ. Сондықтан да сендер Айманбеков жолдасты жақсылап тыңдал, тәртіпсіздік іstemей жақсы оқуларың керек.

Тоқмолданың кіріспе сөзінің сиқы осы болды. Бұдан соң ол класты Айманбековтің билігіне тастанады да, шығып кетті.

Байқұлақ жұмырлау келген, орта денелі, шегірлеу көзді, түс шырайы әйелдерге ұксайтын қызығылт өнді жігіт. Тоқмолда сөйлеп тұрғанда ол ләм деп үн берген жоқ еді. Қымсынып абыржығандай бір түрлі болып тұрған. Бет жүзі енді одан бетер алауланып, екі қолын сиғызарға жер таппай, сөзді де неден бастарын білмей сөйлеген түрі:

– Иә, балалар, мен фронттан келдім. Екі рет ранен болып, госпитальда болдым. Фронтта талай рет ерлік істедім. Енді сендерге үкімет пен партия мені сабак оқыт деп жіберді. Олай болса, маған қоятын қандай сұрақтарың бар?

Мұрат қолын көтерді.

– Ағай, спорт секцияларын ұйымдастырасыз ба?

Байқұлақ тікіреіе қалды:

– О, не сексия деген?

– Женіл атлетика, футбол, бокс секілді спорт түрлерін үйретесіз бе? Былтырғы мұғаліміміз Николай Трофимович керемет спортшы адам еді. Бәрін үйрететін.

– Үйретем. Нені үйрет десендер, соны үйретем, – деді Байқұлақ.

## 42

Байқұлақтың білімі небәрі алты кластық. Армиялық шенінің дәрежесі – ефрейторлық. Осы білім, осы дәрежемен педагогтік қызметке араласқан ол алғашқы қадамын бірсыптыра «реформалар» жасаудан бастады.

Реформа № 1. Дене шынықтыру пәні бұдан

былай «қатаң сабақ» деп аталағын болды. Сабақ кестесіне де солай деп жазылды.

Реформа №2. Оқушылар Байқұлақты «ағай» деудің орнына «жолдас Айманбеков» деп атаулары керек. Және де кездескен жердің бәрінде жай амандаспай, өскери честь беріп амандасулары қажет.

Реформа № 3. Байқұлақтың айтқаны оқушылар үшін зан. Ол сарапқа салынбайды, сөзсіз орындалады. Тәртіп бұзушылар өте қатаң жазамен жазаланып отырылады.

Класқа алғаш кіргенде не айтуды білмей қызыарып, бозарған Байқұлақ бірер күннен кейін-ақ шақылдалап кетті. Оқушыларға айтатын екі сөзінің бірі «мен бұйырамын» болып келеді. Армияда көргендерінен ойына не түссе, балаларға соны істепекші болады.

Міндетім көкқанат шәкірттерге тәрбие беру еken деп ол, сірә да, ойлай қоймайды. Қарауында батальон жасағы бар қолбасшыдай сезінеді өзін.

Соғыстан бұрын, бала кезінде де, Байқұлақтың даңғой, едірен мінездері көп болушы еді. Соғысқа барғаннан кейін онысы тіпті асқынып кетіпті. Осы кезде бұдан өткен бөспе, мақтаншақ адам, сірә да, табыла қояр ма еken! Немісті жалғыз жайпап келгендей ісіп-кеуіп жүреді. Екі сөзінің бірінде өзінің майдандағы кереметтей ерліктерін қосып сөйлейді.

Байқұлақтың осы мінездері ел арасында тез мәлім болды да, жайылып кетті. Содан беделі де құрт түсіп кетті. Жұрт оған сыртынан «жынды Байқұлақ», «бөспе Байқұлақ», «Генералдың қолынан медаль алған Байқұлақ» деген тәрізді келеке аттар таға бастады.

Біреу шындыққа үйлеспейтін бірдене айта бастаса, «Байқұлақ, бөс!» дейтін сөздер пайда болды.

Байқұлақ сабақ өткізуге келгенде балалар:

- Айманбеков жолдас, әңгіме айтыңызыш?
- Соғыстағы ерліктеріңізді айтыңызыш? – деп жамырап кетеді.

Байқұлақ бәлсінбейді, айта бастайды. Қыза түсіп, екпіндеп алғаннан кейін не айтып, не қойғанын өзі де байқамайды. Орысша, қазақшаны бытыстырып сөйлейді.

– Бір рет біз атакаға шықтық, – дейді Байқұлақ, – «природ», «природ» деп бытырлатып атып, жүгіріп келеміз. Немістер де оқты жаңбырдай жаудырып кеп берді. О жақ, бұ жағымыздан ызындалап өтіп жатыр. Содан бір кезде жаумен қоян-қолтық араластық та кеттік. Қан-жоса қырғын соғыстың нағыз ішіне кіргенде, адамның көзі тұнып, ештеңені көрмей кетеді екен. Қарсы кездескен немістердің бірін наизаға іліп, бірін атып жығып, жайпап келем. Бір кезде, алдыңғы жағым тып-типыл болып қалғанда, есімді жиып қарасам, дүшпанның ар жақ шетіне шығып кетіппін. Қызыл-ала соғыс артымда қалыпты. Содан енді қайтадан кері қайтайын десем, жолымның бәрі немістер, кім екенімді таниды да, бас салады. Енді не істеймін? Бас қатырып ойланып түруға уақыт жоқ, дереу өз киімінді сыптырып тастап өліп жатқан бір немістің киімін киіп алып едім, құдды фашист болым да қалдым. Енді мені советтің әскері деп ешкім де ойламайды. Немістердің арт жағынан келіп, жата қалдым да, қызыл әскерлерді көздел атқан болып, бытырлатып ата бастадым. Бірақ мен өзіміздің солдаттарды атып жатқан жоқпын, әрине.

Алдыңғы жағымдағы немістердің басынан асыра атқан болып, бірінен соң бірін желкеден көздеймін де, басып салам. Әлгі сорлы қылжаң ете қалады, қасындағы жолдасы оған алдыңғы жақтан атылған жаудың оғы тиід екен деп ойлады. Пәленің бәрі арт жақтан екенін сезіп те қоймайды. Осылайша жатып, беталдымдағы жаудың солдаттарын томпылдатып түсіре бердім. Ар жағынан біздің әскерлер де жапырып келіп қалды. Қатары сиреп, күші азайған немістер ақыры дүрлігіп, бет-бетімен артқа қарай тұра қашты дейсің. Бұрылып ала салып көкжелкеден баудай отап, тағы да атқылай бастадым. Сол екі арада уралап біздің әскерлер де келіп қалды. Өзіміздің взводтың командирі Нығматуллин дейтін татар жігіт еді. Әлгі мені танымай неміс деп ойлап, найзаға түйрекелі келе жатыр. «Тауарыш командир, бұл мен емеспін бе?» деп, қолындағы винтовкасын қағып жібергенімде, анадай жерге ұшып кетті. Командирімнің көзі бақшиып, аң-таң болып тұрыпты да қалыпты. «Боец Айманбеков! Бұның қалай? Кім болып кеткенсің?» дейді. Бұным осылай, тауарыш командир» деп, болған жағдайдың бәрін бастан-аяқ айтып бердім. Сол кезде біреу артымнан келіп: «Молодец Айманбеков!» деп, арқамнан қақты. Жалт бұрылып қарасам, генералдың өзі екен. «Мен сенің амал-айла ерлік істерінің бәрін дүrbімен көріп тұрдым. Жарайсың Айманбеков! «Молодец Айманбеков!» Нағыз ер жігіт екенсің! Батыр жігіт екенсің! Бұл үшін мен саған Ленин орденін берер едім. Қалтамдағы орден бітіп қалыпты. Сондықтан мен екі медальді қабатынан беремін», – деп мына екі медальді алып, менің омырауыма өз қолымен қадады. Және «Боец Айманбеков бүгіннен бастап

жай солдат болмасын, ефрейтор болсын», – деп табанда бұйрық шығарды.

– Ефрейтор дегеннің қызметін сендер білесіндер ме? – деп Байқұлақ екілене соғады. Оның қызметі командирден де жауапты. Өйткені ефрейтор солдат атаулының бәріне пример көрсетіп, соғыста ылғи алда жүруі қажет.

\*\*\*

– Соғысқа бармастан бұрын мен әуелі Дальний Востокта служит еттім, – дейді Байқұлақ. – Дальний Восток дегенді білсендер, сонау шығыста жердің түбі. Поезден табандатқан бір ай жүріп барады.

– Неге бір ай? Одан аз жүрмей ме? – деп балалардың біреуі байқаусызыда қарсы сөйлеп қалса:

– Сен білесің бе? Жоқ әлде сол жолмен ары-бері сан рет қатынаған мен білемін бе! – деп Байқұлақтың шегірлеу көздері одан бетер алапестеніп, шақырайып кетеді.

– Ағай... жолдас Айманбеков, сіздікі дұрыс.

– Айта беріңіз! – деп басқа балалар шулады.

– Вот, біліп қой! Поезд Дальний Востокке бір ай жүріп барады, – деп әлгінде байқаусызыда қарсы сөйлеп қойған балаға тағы да бір шүйлігіп алады да, Байқұлақ сөзін жалғай береді. – Дальний Востоктың ар жағында жапон деген халық бар. Германияның досы. Өздері бұзық халық болады. Қүзетте тұрғанда сәл қалғып кетсөн бітті, басынды кесіп әкетеді. Бір күні біздің бір солдаттың басын кесіп әкеткен екен. Таңертең барып қарасақ, басы жоқ; автоматыын кезеп ұстаған қалпы құр денесі ғана тұр.

– Жығылып қалмап па?

- Жоқ, жығылмапты.
- Басын кесіп әкеткен дene жығылмай қалай тұрады?

Байқұлақ тағы да ақырады:

- Сен білесің бе? Жоқ әлде өз көзіммен көрген мына мен білем бе!

Байқұлақтың әңгімелері мінекей, осындай болып келеді.

Күздің бұлыңғыр лайсаң күндерінің бірі еді. Таңертен жаңбыр жауып өткен. Әлі де болса себездеп бүркіп басылмай тұр. Жер балшық.

Жетінші класта дene шынықтыру сабагы. Әдетінше, қаздан-қаздан басып, Байқұлақ кіріп келді. Оқушылар оны бұл кезде цирктің дарақышысындай көріп алған.

- Қазір әңгіме естіміз.
- Айманбеков жолдас, әңгіме айтып беріңізші.
- Соғыстағы ерлігіңізден айтыңызшы, – деп улап-шулап кетті.

- Шуламандар! Даға шығып, сапқа тұрындар!
- Ағай, жолдас Айманбеков, далада күн жауып тұр ғой?

- Бүгінгі сабакты класта өткізейік те.
- Дағарындар! Бұл не, шу-шу етіп! Бұйырамын – бірің қалмай сыртқа шығындар! Солай.

Балалар дүркіресіп сыртқа қарай жөнелді.

Соңдарынан Байқұлақ та шығып, шақылдал команда бере бастады.

- По дба станобис! Направу! Прямі шәгім арш! Рас-тва! Рас-тва! Куру-гөм! Рас-тва! Рас-тва! Тағы да куругөм! Бигөм арш!

Жүгірткеннен жүгіртіп, оқушыларды Байқұлақ қыстақтың ар жақ шетіне алып шықты. Бұл ара

түйетайлы еңкейіс қабақша. Ар жағы кей жері саздауыт, кей жері тастақ болып келетін бұталы өзек алқабы. Дәл қабақшаның жиегіне келгенде «Стой!» деп тоқтатып алды да, оқушыларды жиектің бойымен бытырата тұрғызды. Содан соң:

– Анау су бойындағы тоғайдың ішінде жау жатыр, – деді Байқұлақ, – Соған біз шабуыл жасап, басып алуымыз керек. Міндеп түсінікті ғой?

– Түсінікті, – десті оқушылар.

– Олай болса, лажис!

Балалар команданы жөнді үқпай қалғандай болысты. Жер су, шөп суда мұның лажисі несі дегендей біреулеріне біреулері таңырқай қарасып еді.

– Лажис! Лажис! – деп қолымен де ишаралап, Байқұлақ бастырмалатып жатыр.

– Ағай, қалай жатамыз, жер су ғой?

– Су болса неғыл дейсіндер? Соғыста жер су ма, құрғақ па, оны ешкім талғап тұрмайды. Лажис! Бол, бол, бәрің лажис!

Киімі ұсқынсызыдау кей балалар топ-топ етіп, жата-жата кетісті. Ал киімдері тәуірлері, өсіресе қыздар үстерінен қорынып, жөндеп жата алмай, кібіртіктеумен болды.

Осы кезде Байқұлақ бар даусымен айғайлап команда берді:

– По пластунский бирот!

Пластунша жер бауырлап жүру әдісін Байқұлақ бұдан бұрынғы сабакта көрсеткен еді.

Мына берілген команда енді тіпті қиястық болды. Жер су, шөп болса малмандай, ол да су. Құн бүркіп жауып тұр. Балалар реніш білдіріп, улап-шулап кетті:

- Айманбеков жолдас, үстіміз былғанады ғой!
- Су боламыз ғой!
- Кііміміз жыртылады ғой!
- Командирдің бұйрығы сарапқа салынбайды, орындалады! – деп ақырды Байқұлақ.
- Бұйрық ақылға қонымды болу керек! – деді Мұрат.

– Не дейсің? Сен не айттың? – деп Байқұлақ Мұраттың қасына келді. Мұрат тағы да қайталады:

- Бұйрық ақылға қонымды болу керек!
- Менің бұйрығым сонда ақылға қонбайды ғой, ә? Ақылсыз, топас болғаным ғой мен? Солай ма!
- Мен сізді топас деп айтқан жоқпын, жолдас Айманбеков.

– Мәлшайт! Шытыри шага бирод, шагім арш!

Мұрат төрт адым алға шықты.

– Куру-гем!

Мұрат бетін балаларға бұрды.

– Встать – деп Байқұлақ өзге балаларды түгелдей тұрғызып алды. – Қарандар мынаған! Бұл командирдің бұйрығын сарапқа салды, яғни орындаудан бас тартты. Солай. Олай болса, бұйрықты орындаудан бас тарту – соғыста Отанға опасыздық істеумен барабар. Бұл үшін ол табанда атылады. Қане, тағы да кімнің бұйрықты орындағысы келмейді? Төрт адым алға шығындар!

Мұратқа әлгіндей сүмдышқатер төніп тұрғанда, «бұйрықты менің орындағым келмейді» деп әрине, ешкім де суырылып шыға қоймады.

– Қане, болындар, шығындар!

– Біз бұйрықты орындаимыз! – деп дауыстады Садық.

Байқұлақ Мұратқа шүйіліп:

– Бұйрықты орындағаның үшін сені бес сағат қамап қоямын. Кәзірден бастап қамаудасын, – деді.

– Садық, бері кел. Сен мынаны осы арада біз қайтып келгенше күзетіп тұрасын.

Садықтың қолында мектептің оқу мылтығы бар болатын. Аяғын нығырлай басып, қоқыланып, Мұраттың қасына күзетуге келді. Өзге балаларды Байқұлақ қолбасшы өзен бойындағы жау шебіне қарай шабуылға бастап жөнелді:

– Лажис! Короткий перебежка бирод! По пластунский бирод! Көтерме басыңды! Бирод! Бирод! Атаку! Ура! Ур-р-а!

«Жауды» жеңіп, масайрап, Байқұлақ «жасағымен» мектепке қайтты. Мұратты Садық саптың соңына таман оқшау айдалап келеді. Құндағының сынығы бар ұзын көне винтовканы парадтағы солдаттай кезеп ұстап алған. Мұрат бұрылшақтап:

– Тарт ары! Кезенбей жөніңмен жүр, – дейді. Садықтың бірақ тілге келер түрі жоқ. Қабаған итше арс ете қалады.

– Сөйлеме! Жолдас Айманбеков, мынаны қараңызшы, жөндеп жүрмейді!

Көшеден бейсауат өтіп бара жатқан адамдар «бұндың несі» дегендей айдалып келе жатқан Мұратқа таңырқаған кейіппен қарайды. Мұраттың ыза болып, қысылып келе жатқаны да осыдан.

Мектепке келгеннен кейін Байқұлақ бір баланы жіберіп, Сәйбектен отын қоймасының кілтін алдырды. Сөйтті де, Мұратты сонда апарып қамап қойды. Оқушыны мұғалімнің карцерге жабуы бұдан бұрын бұл мектепте көз көріп, құлақ естімеген жай. Оқушылар үшін бұл деген тамаша болды. Олар қызықтап, карцердің есігінің сываттарынан сығалап,

уласып-шуласып, тарай қоймап еді. Байқұлақ ақырып, ұрысып, зекіп таратып жіберді.

Шай үстінде Садық әкесіне Байқұлақтың Мұрратты қамап тастаған қылығын мақтаныш етіп айта бастап еді, Тоқмолда шошып кетті:

– Қамағаның рас па, – деп сұрады Байқұлақтан.

– Рас. Бәлем, жатсын кешке дейін!

– Ойбай-ау, болмайды ғой қамауға! Оқушыны қамауға алу дұрыс емес қой?!

– Е, неге дұрыс емес? Мен оны тыңдамайтын болса, қайтпекшімін? Сөйтіп, жазасын берсем, ендігәрі біледі.

– Жә, жә, қой, дереу бар да, босатып жібер. Пәлеге қаламыз. Кәзір оның әкесі мен шешесі келеді де, біздің шаңымызды қағады. Бұдан былай бүйтіп біреуді қамауға алушы болма. Жазаласан, басқадай етіп жазала. Кілтің қайда, берші мына Садыққа. Барып босатып жіберсін.

Кілтті алып, жүгіріп кеткен Садық лезде кері қайтып келді.

– Жоқ.

– Кім жоқ?

– Мұрат жоқ.

– Қайда жоқ?

– Есікті ашып қарадым. Жоқ, шығып кетіпті.

– Қалай... қайтіп?.. – деп Байқұлақтың көздері апала болып, бақшиып кетті.

– Қалай шығып кеткенін білмеймін. Эйтеуір шығып кетіпті, – деді Садық кілтті Байқұлақтың алдына тастай беріп.

Осы оқиғадан кейін Айманбеков Мұратпен өшігіп алды да, қыс бойы оның қыр соңынан қалмады. Оны көрген жерде әманда мысық көрген иттей болып, тікірейе қалады. Сынықтан сылтау тауып, тиіскісі келіп тұрады.

Ұстаздық қадыр-қасиеті шамалы, алаңғасар Айманбековті Мұрат та жирене жек көріп кетті.

Спорт десе ішкен асын жерге қоятын Мұрат Байқұлақтың ұстаздық сиқын танығаннан кейін енді өз бетімен тырбанып жетілудің қарекетіне мықтап кіріскең болатын. Николай Трофимович қалдырып кеткен кітап-кітапшалар оның нағыз ақылшысына айналды. Үніліп, зерттеп оқып, көптеген қызығылты мағлұматтар ала бастады. Күнде келіп жататын газет-журналдардан да спорт турасында жазылған мақала, әңгімелер болса жібермейді, жабыса қалып ашқарақтанып оқиды.

Осының бәрі Мұратты іштей байытып, аңсаған нысанасына қарай құлышынта тұсті.

Күзде, бір күні Мұрат «Пионер правдасы» газетінде жарияланған қызығылты бір мақалаға тап болды. Москва балаларының көше футбол командалары жайында жазылыпты. Әр көшениң балалары өздерінің футбол командаларын құрып, бірімен бірі өзара жарыстар өткізіп тұрады екен. Үздік шыққан командаға берілетін кубоктарына дейін бар.

Осы мақаланы оқығаннан кейін Мұраттың басына да қылышық ойлар келе бастады. Біз неге өстімейміз? Көше командаларын неге құрмаймыз? Өзіміз жарыстар неге үйымдастырмаймыз?

Өткен оқу жылында Николай Трофимович

жүргізген секция жұмыстары, спорт жарыстары, бүкіл мектептік бірінші спартакиада – осының ешқайсысы да ұмыт бола қойған жоқ-ты. Көңілде сол жып-жылы әсерлі қалпында сақтаулы, үлгі етіп, жолбасшылыққа алуға сол бар емес пе?

Мұрат өз ойын досы Шәкірге айтты. Басқа да спортқа жаңы құмар балалардың ортасына салды. Сөйтіп, Мұраттың мұрындық болуы арқасында бұл іс жемісін бере бастаған. «Қызылшекара» екі көше футбол командалары, волейбол командалары пайда болған. Бұл командаларға «Динамо», «Спартак» деген аттар қойылып, капитандар белгіленіп, жұмыстары кәдімгідей жүйеге түсіп қалған.

Бокс секциясы да қалпына қайта келгендей еді. Шәкір үйімен тіркесе бос тұратын қосалқы бір бөлмені боксқұмар балалар сыптырып, тазалап, өздеріне жаттығатын орын етіп алған. Жетісіне екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері – кешке қарай жаттығуға жиналады. Тренері Мұрат. Секцияның старостасы болып Садық белгіленген.

Николай Трофимовичтің бір жылғы қажырлы еңбегі арқасында көктеп, бой көрсеткен өркендер ол кеткеннен кейін өмірге осылайша талпынып жатты.

Бұл істі өзенніңағысына қарай бетімен жіберілген, жөн білер ескекшісі жоқ қайыққа ұқсатуға болатын еді. Ол кейде қайырлап та қалуы мүмкін. Дегенмен ілгері жылжудан, әрекеттен тынбайды. Адаса, шатаса жүріп, жол табады. Үйренеді. Талап бар жерде, тынымсыз еңбек бар жерде әйтеуір бір нәрсеге қол жетпей қоймайды.

Мектеп пен мұғалімдер спортшы балалар турасындағы әлгі айтылған жайлардан бірталай

уақытқа дейін хабарсыз тәрізденіп келіп еді. Ойын баласы не істемейді дегендей оншалық назар да аудармайтын, көніл де бөле қоймайтын. Байқұлақ болса, өзінің «айт, твасын», «на плешасын» ғана біледі. Майдандағы кереметтей «ерліктерін» әлсін-әлсін жаңартып, қоспалап бөсіп айтқанды ғана біледі. Ал басқа мұғалімдердің өз сабағынан басқада жұмыстары бола қоймайды.

Уақыт осылайша бір қалыпты бейбіт сарынмен өтіп жатыр еді. Құндердің бір күнінде спортшы балалардың төбесіндегі ауа-райы аяқ астынан құрт бұзылды. Аспанды қара бұлт басып, найзағай шартылдады. Біздің көкқанат жас өркендерімізді бүрістіріп қаңтардың қақаған аязы қысқандай болды.

\*\*\*

Бұл октябрь айының соңғы құндерінің бірі еді. Қыраулатқан сүйк күз.

Бір күні кешқұрым Садық үйге мылжаланып келді.

Көзінің алды көкпеңбек ісік, қасының үсті терісі сыйдырылған қанды жара. Соншалықты қажып, еңсесі түсіп кеткен.

– Ей, не болды саған? – деп Тоқмолда үрейлене сұрады.

– Ештеңе болған жоқ.

– Көзі-басынды кім быт-шыт қылған?

– Жай...

– Жайы несі? Жайдан-жай көзі-басынды талқандап саған не көрінді? – Тоқмолда қадалып, алқымға ала бастап еді, Садық әңгіменің шындығына көшті:

- Жарыста женіліп қалдым, – деді.
- Қандай жарыста?
- Бокс жарысында...
- Ондай жарыс қайда болып еді?
- Өзіміздің секцияда.
- Сексияң не? Ол қайдағы секция?!
- Секция... өзіміз үйымдастырығанбыз...
- Сендер баяғы сұмдықтарыңды әлі қоймап па едіңдер?! – деп ақырды Тоқмолда. – Қайда, қалай үйымдастырып жүрсіндер? Кім оны үйымдастырып, басшылық етіп жүрген? Жаның барында айт бәрін?

Садық түгел айтып берді.

Тоқмолда қасына Байқұлақты ертіп, Шәкірдің үйіне қарай келе жатыр. Шәкір шешесі Хадиша екеуі ғана тұрады. Әкесі майданда хабарсыз кеткен. Хадиша салпынетек момын әйел. Жұмысбастылықтан мұрнынан сұы кетіп жүреді де, баласының не істеп, не қойғанында шаруасы бола қоймайды.

Қазірде де Хадиша үйде емес еді. Есікте құлып түр. Тоқмолда Садықайтқан қанаттас бөлменіңесігін келіп ашты. Ол бұдан бұрынырақ бір көргендерінде бұл бөлме осы үйдің оны-мұны қоятын қоймасы тәрізді еді. Алқам-салқам нашарлау есігі болатын. Сол есіктің сыртынан әп-әдемі етіліп, киіз қапталып шегеленіп қалыпты.

Шәкір, Мұрат және екі-үш бала әлгінде болып өткен бокс жарысын қорытындылап, Николай Трофимовичтің үлгісімен дәптершеге тіркеп жазып отырған кез еді. Есікті жұлқып ашып, оқыс кіріп келген Тоқмолда мен Байқұлақты көргенде, барлығы үрейлене қалысты. Орындарынан ұшып-ұшып тұрысты.

Есік жабылмай ашылған күйінде қалды.

Кереметтей бір қылмыстың үстінен тұскендей болып, Тоқмолданың жүзі сұрланып кетті. Шағын бөлменің ішін жалмай қарап, таңырқап тұрды да қалды. Былтыр осы уақытта Николай Трофимович жасақтаған физкультура залына тұнғыш кіріп көргенде қандай әсер алса, дәл сондай әсер алды. Мына бөлме тұп-тура соны еске түсірді. Әдемі етіліп ақталып, сыптырылған. Қабырғаларға әр түрлі спорт плакаттары мен суреттері ілінген. Бөлменің дәл орта тұсында бел ағашқа салбырай байланған ап-ауыр сопақша қап. Тоқмолдаға таныс қап. Жазда физкультура залының құлін көкке ұшырғанда, ішіне құм салған дәл осындай бір қапты ол өз қолымен жарып, жоқ етіп еді. Сол енді қайта «тіріліп» осында келіп мекен тепкен түрі бар, қабырғадағы шегеде екі пар бокс қолғабы, алысып-жұлысыуға қажетті бірсыптыра жіп-шу және де ілулі түр.

Ашуы алқымына тығылған Тоқмолда қалш-қалш етіп кетті:

– Бұ не? Мыналарды кім істеп жүр? Қайсың? Қағынғыр онбағандар, қағынып осының бәрін кім шығарып жүр?! Батырбаев, сенсің ғой? Сексия деген пәлелерді қайтадан жаңғыртып! Мен сенімен әлі сөйлесемін! – Тоқмолда Байқұлаққа бүйрүқ етті:– Үз мына немесін. Ал сипарып, ана тұрғанның барлығын! Өрте! Жой!

Директор мен Байқұлақ білгенін істей бастады. Балаларды дүркіртіп сыртқа қыып шықты. Салбыраған сопақша қап пәре-пәре болды. Бокс қолғаптары мен балалардың өздері істеп алған қолғаптарды, жіп-шу – барлығын Байқұлақ бір құшақ етіп есік алдына алып шықты.

Көшенің арғы бетінде Сәрсембайдың әйелі

лапылдатып өртеп тандыр жағып жатыр еді.

– Апар! Сал анау өртке апарып! – деді Тоқмолда.

Байқұлақ екі айтқызбады, қолындағыларды солай қарай алып жөнелді. Тандырдың дөңгелек аузынан аспанға шашыған жалын өзіне жем әкеле жатқанды сезіп, одан бетер жалмаңдап өршелене түскендей болды.

Безбүйрек Байқұлақ балалардың бір топ аяулы мүлкін жалмауыз қызыл өңешке шімірікпестен тастап-тастап жіберді.

Осының бәрін бақылап, көріп түрған Мұраттың бүкіл қолқа жүргегі от ішіне қопарылып бірге түскендей болды...

## 45

Содан бері бір жылға тарта үақыт өтті. Тағы да міне күз келіп қалды.

Жомарт күз! Береген күз. Алтын күз дег жылдың осы тамаша мерзіміне қастерлеп тағылмаған ат бар ма? Дарқан күзді тіліне тиек етіп жырламаған ақын-жазушы, күз бейнесі жүрегін толқытпаған суретші бар ма?!

Күз тынысы, күз үні, күз өүезі шабытына шабыт қосып шалқытпаған нәзік жанды музыкант бар ма?

Жоқ, шынайы талант иелерінің арасында ондай көрбала соқырлардың болуы мүмкін емес.

Күз келгенін далада телегей-теңіз астық дариясының сары ала тартқан дидарына қарап білесін. Ал қалада... қалада да күзге салым жаппай сарғая бастайтын нәрселер бар. Ол, мәселең, еркектердің сабан қалпағы. Бас-аяғы бір маусым киіс беретін бұл қалпақтар жазғытұры алғаш сатып алған кезде бірынғай аппак, жап-жана болса, күзге

тарта ыстаған балық тәрізденіп, қаңсып сарғайып кетеді. Күз келгенін қалада осыдан да байқауға болады.

Осындай сарғыштана бастаған қалпақ киген бір еркек Алматы физкультура техникумының көшеге қараған көн есігінен нық басып кіріп келе жатты. Қолында спортшылар ұстайтын кішкентай күрең чемодан. Үстінде шолақ жең ақ көйлегі бар. Жұпжұмыр тығыз иықтары мен құшті мойнына қарап-ақ бұл адамның спортшы екенін білуге болатындей.

Қазіргі ертеңгілік кезде күн түсे қоймайтын салқын дәлізді бойлап, әлгі адам солға қарай жүрді. Әр есіктің босағасын бағып, күбір-күбір сөйлескен жас өспірімдер.

Көпшілігі ербалалар. Қыздар аз. Бұлар техникумға оқуға түсуге келген талапкерлер.

Әлгіндей бір топтың арасында оқушыға таныс Мұрат Батырбаев түр еді. Орыс әдебиетінен ауызша емтихан тапсырып, аудиториядан жаңа шыққан беті.

– Нөмері нешінші билет келді?

– Қандай сұрақтар келді?

– Қалай жауап бердің? – деп балалар одан жамырай сұрап жатқан кез болатын.

Мұраттың оларға жауап қайтаруға мұршасы болмай қалды. Сабан қалпағын қолына алғып, дәлізбен осылай қарай жүріп келе жатқан әлгі еркекті көрді де тұра ұмтылды.

– Николай Трофимович!

– Мұрат!

Ұстазы мен шәкірті арада бір жыл өткен шамада ойламаған жерден осылай кездесті.

– Қайдан жүрсің? – деп сұрады Николай

Трофимович.

– Осында оқуға түсейін деп келіп едім.

Мұраттың тұлғасы былтырғыға қарағанда кәдімгідей толысып, жұмырланып қалған екен. Кеуде тұстары білеулөніп білініп тұр. Жez құмандай сарғайып күнге күйген денесі сергек қозғалады.

– Мұрат, сен өсіп кетіпсің. Нағыз жігіт болып қалыпсың! – деді Николай Трофимович. Сүйсініп айтқандай болды.

Оның өз тұлғасы да бәйгеге қосатын аттай саңлақтанып тұр еді.

Ұстаздың мақтау сөзі жанына жағып, Мұрат тояттай құлімсіреді де:

– Николай Трофимович, сіз қазір қайдасыз? – деп сұрады.

– Мен осындағын. Осы қаладамын. «Спартакта» тренер едім. Енді осы техникумға мұғалімдік қызметке ауысатын болдым.

Мұраттың көзінде қуаныш оты жарқылдаپ кетті.

– Осында дейсіз бе?

– Иә.

Николай Трофимович осыны айтты да, қалпақ ұстаған қолын Мұраттың иығына қойды:

– Сен емтихан тапсырып шықтың ба?

– Тапсырып шықтым.

– Ендеше тоса тұр. Мен қазір шығам. Соңан соң сөйлесеміз.

– Макұл.

Николай Трофимович дәліздің түкпір жағындағы директор кабинетіне кетті де, Мұрат артындағы балаларға бұрылды.

– Бұқ кім?

– Осында мұғалім боламын дейді ғой?

– Сен оны қайдан танисың? – деп әлгі арада тұрғандар Мұратты қоршап алды.

Мұрат Николай Трофимовичтің кім екенін айтты. Аяулы жақын адамын кездестіріп, қуанған, толқу бар еді үнінде.

Балалар оны қолпаштап жатыр.

– Сен бақытты екенсің!

– Енді сен техникумға сөзсіз қабылданып жатырың ғой.

– Шапағатынды бізге де тигіз!

Николай Трофимович сәл бөгелді де, қайта шықты. Мұратты қолтықтай ілестіріп, сыртқа беттеді. Арттағы балалардың жапырлап қараған көзқарастарында нендей сыр жатқанын Мұрат арқасымен сезініп барады.

Ол екеуі үйдің теріскей жағындағы скверге, көлеңкеге келіп отырды.

– Ал әңгіменді айт. Мектепті қалай бітіріп едің? – деді Николай Трофимович.

– Жаман бітіргем жоқ. Бір сабактан ғана «ұшпін», басқасынан «беспін».

– Қай сабактан «ұшсің?»

– Физкультурадан, – деді Мұрат.

– Қалайша?! – Николай Трофимович бөгеліп барып: – Сен бұны сүйетін едің ғой, – деді.

Мұрат беттерінің екі ұшы әдемі шұқырайып, жымия құлді.

– Сол сүйетіндігім ұшін де мұғалім қыс бойы қудалап ақыры жыл аяғында «ұштік» баға қойды.

– Түсінбеймін?

Мұрат тәптіштеп айта бастады. Спорт құмарлығы үшін Тоқмолда мен Байқұлақтан қандай зәбір-жапа шеккенін баяндал берді.

Николай Трофимович тыңдап болды да, ауыр күрсінді.

– Сұмдық екен.

Ұстазы мен шәкірті біраз уақыт ауыр салбырасып, үнсіз отырысып қалысты.

– Қазір мұнда қайда орналастың? Жатақханадамысың? – деп сұрады Николай Трофимович.

– Жатақханада емеспін. Көк базарда жұмыс істейтін Ақтанбай дейтін бір шалдың үйіне балалармен бірге келіп түсіп едім. Сондамын. Бірінші курста оқитындарға жатақханадан орын берілмейді, дейді.

– Қалай, былай... тәуір ме ол үйің? Сабакқа дайындалуға мүмкіндік бар ма?

– Жайсыздау үй екен. Бала көп. Эрі көк базардың қасында. Кісі деген колхоздан топырлап келіп-кетіп жатады. Мазасыз.

– Солайде... – деп, Николай Трофимович тізесінің үстіне қойып отырған чемоданының қақпағын сұқ қолымен тырс-тырс үрді да, өз жайынан сөйлеп кетті.

– Біз сол «Қызылшекарадан» кеткелі бері осындағыз. Мұнда Дуся екеуміз ғана келгенбіз. Кемпіріміз ауданда үлкен баласының қолында қалған. Қазір үшеу болып тұрып жатырмыз. Дуся босанған. Вовка дейтін кішкентай жігітіміз бар. Максим Горький паркінің ар жағында пәтер жалдап тұрамыз. Кішірек екі бөлме. Бір үйдің жартысы. Қызметімнің жайын айттым. Ертең өзім Ташкентке жүрейін деп отырмын.

– Не шаруамен? – деп сұрады Мұрат, Николай Трофимович іркіліңкіреп қалған соң.

– Былтырдан бері бокспен бел шешіп мен де шүғылданып жүрмін. «Спартак» спорт қоғамы бойынша көктемде чемпион деген атақта ие болдым. Сөйтіп Орта Азия республикалары мен Қазақстан боксшыларының жарысына қатысуға жолдама алдым. Соған ертең журмекшіміз.

Мұрат елең етіп:

– Мен оқып едім газеттен! Сол сіз екенсіз ғой. Мен басқа біреу ме екен, фамилиясы ұқсас деп ойладап едім! – деді.

– Солай. Қартаюға таяғанда, мен де қозып кеттім, – деп, Николай Трофимович бұл әңгіменің аяғын кусырды да: – Бүгін тапсырғандарың бірінші емтихан ғой? – деп сұрады.

– Иә. Тағы үш пәннен емтихан тапсырамыз, – деп Мұрат санап берді.

– Әлгі айтқан базаршының үйінен өзге мұнда пәтерге тұруға лайық басқа таныс үйлерің жоқ па еді?

– Ұңғайлы ешкім жоқ. Жатақханадан техникум орын беретін шығар деп соған сеніп келіп едім. Кейін қалай боларын білмеймін, – деп Мұрат ересек адам тәрізденіп, алдағы күннің қамын толғана сөйледі.

– Қазір боссың ба?

– Боспын.

– Жүр, бізге барайық. Сонан соң ақылдастып көреміз.

## 46

Бұлар Ташкент көшесінің бойындағы тротуармен жаяу келе жатыр. Қала жағдайын Мұрат жақсы біле қоймаса да, баратын жерлерінің әлі бірғауым

екенін тұспалдайды. Максим Горький атындағы парктің ар жағында тұрамыз деген еді ғой Николай Трофимович. Ол парктің әлі қарасы да көрінбейді.

Бұлардың қастарынан зырлап трамвай өтіп кетіп жатыр. «Трамвай жолының бойымен келе жатып, трамвайға отырмай, ыстық күнде бұнымыз не жаяу салпақтап?»

Мұрат анда-санда Николай Трофимовичтің жүзіне осындай сұрақты оймен қарап қояды.

Оның ойын Николай Трофимович үға қойғандай болды.

– Біздің үйге дейін әлі біраз жер, – деді ол. – Ал мен жұмысқа барғанда, қайтқанда қысы-жазы бір де рет трамваймен жүріп көрген емеспін. Үлғи да жаяу жүрем.

– Трамвайды соншалық адам көп бола ма? – деп сұрады Мұрат.

– Ертенді-кеш адам көп болады. Бірақ одан емес. Адам қаншама көп болғанмен де мініп кетуге болады ғой. Мен әдейі жаяу жүрем. Жұмысқа жаяу барып қайту – ол менің жаттығу жоспарыма кіреді. Жалпы, қала ішінде аса бір асығыс, тығыз жағдайда болмаса, мен еш уақытта да не трамвай, не троллейбус, автобустарға отырмаймын. Үлғи да жаяу жүргенді артық көрем. Спортшы үшін бұның пайдасы зор, – деп, Николай Трофимович Мұратқа осы жүрістің өзін өнеге етіп келе жатыр.

Бұл сөздерді Мұрат көңіліне тәлім етіп, түйіп алды.

Николай Трофимович ауылды жердің көшесінен айнымайтын шеткөрі көшелердің бірінде тұрады екен. Тас тәсемеген жабайы көше. Бірақ оның есесіне тып-тыныш, қымыл аз. Бір этажды үйлер

мәуелеген баққа көміліп тұр. Сондай үйдің шағын террасалы біреуіне қарай бұрылып, Николай Трофимович:

– Біздің үй мынау, – деп көрсетті.

Сырты ағаш шарбақпен қоршалған еңселі үйдің арғы жағынан және бір терраса көрінеді. Мұрат соңынан білді: бұл екі пәтерлік етіп салынған үй екен. Арғысында үй иесінің өзі тұрып, бергісін жалдайды екен.

Терезе тұсындағы жілкесі Дуся сәбидің анау-мынау жөргек-киімдерін жайып жатқан үстіне келді бұлар.

Мұраттың көзіне бірінші рет тұскен нәрсе Дусяның өзгеріп кеткені. Баяғы сол ойнақы жапжас өні болғанымен, кәдімгідей жуан тартып толысыпты. Бір кездегі екі үйдің арасында ұшып-конып жүретін бүйра бас қыз кейпінен тұлғасы мұлдем басқаша. Кеудесі де үлкейіп, қомақтанып, кәдімгі қымылды салмақты, салиқалы ана болыпты. Үстінде көзді қуантатындағы әдемі қызыл шыттан тіккен халаты бар. Мұратты ол өз туысы келгендей жылы жүзбен қарсы алды. «Қызылшекара» не өзгеріс барын, елдің жайын әйелдік әуесқойлығымен бастырмалата сұрап жатыр.

Бұлар осылай сөйлесіп тұрғанда, үйдің төржақтағы бөлмесінен інгәлап жылаған жас сәбидің үні естілді.

– Вовка оянды! Бар, кіш етіп қоймасын. Тосып, кіш еткіз, – деді Дуся Николай Трофимовичке. Өзі әлі де болса қолындағы бірер кірді жайып үлгірмеген еді.

Мұрат Николай Трофимовичке ілесіп, үйге кірді. Айнадай тап-таза етіліп сүртілген сырлы еден.

Тап-таза ықшам-ықшам бұйымдар. Шыбын кірмес үшін сырт есікке төменгі бұрыштарына тас байлап, дәке құрылған. Табалдырық түбіндеге аяқтың шаңын сүртетін шүберек.

Осының барлығы Дуся «Қызылшекара» дәрігерлік қызмет істеп тұрғандағы жайды еске түсіріп көз алдыңа әкеледі. Онда да дәл осылай тап-таза болып жататын. Су шүберек табалдырық түбінен үзілмейтін. Көлденең жатқан бір шырпы көзге шалынбайтын.

Николай Трофимовичтің пәтері бірінен біріне өтетін екі бөлме екен. Оншалық үлкен де емес, шағындаемес, орташа бөлмелер. Соның ауызғысына кірген бетте Мұрат семьялы адам тұрып, тіршілік өтетін үйге емес, шағын ғана физкультура залына кіріп келгендей әсер алды. Төргі терезенің алдында үш жағынан үш орындық қойылған кішірек стол, қыста от жағылатын плитаның үстінде біраз ыдыс-аяқ тұрғаны болмаса, мұндағы мұлік-заттың, көпшілігі спорттық нәрселер. Кірген жерде босағада жұп-жұмыр, тып-тығыз, биіктігі бір метр келетін сопақша қап сүйеулі тұр. Қаптың ауыз жағында ілмектеп байлаған мықты қайыс бауы бар. Оған іргелес бірінен бірі шекесін түйістіре қосақтасып, екі гантель шойын темір жатыр. Бұлардың үстінгі жағында, жоғарырақта тағы да бір топ мұлік жайғасып ілулі тұр. Бамбук таяқты әдемі шаңғы, конькилі екі пар бәтенкे, бокс қолғабы, секіретін жіп тәрізді нәрселер.

Осылардың барлығын Мұрат сәл бөгеліп, тез шолып қарап өтті де, төр үйге кірді. Кедейлеу, жұптыны дүниелі бөлме екен. Баланың керуетінен Николай Трофимович үйқысы әлі ашылып болмаған

балпанақтай сәбиді көтеріп ала берді. Вовка деген жігіт осы еді. Мұратпен сәлемдеспек түгіл пысқырып қарайтын емес. Жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ аппақ жұдырығымен басы-көзін аяусыз үқалап, әкесінің қолында үйқысын аша алмай кетіп барады.

Вовканың дүниеге келгеніне үш ай ғана болған екен.

Әкесі қолына алдысымен көтергенді сезініп, жылауын қоя қойған еді.

Ас үстінде Николай Трофимович Мұратқа:

– Егер анау пәтерінде жағдайың келмей жүрсе, үнатсаң осында кел, – деген сөзді айтты. – Мен болсам ертең кетем. Дуся екеулерің қаласындар. Сабаққа дайындалуынча да мұнда жағдай бар.

– Мақұл, келейін, – деді Мұрат, ішін қуаныш жайлап тұрып айтты.

## 47

Сол күні Мұрат мұнда киім-кешектерін әкеп алды. Ертесіне Николай Трофимович Қазақстан боксшылар командасының құрамында Ташкентке сапар шекті. Мұрат, Дуся, Вовка үшеуі оны поезға шығарып салып: «Женіп қайт!» – деп ең ыстық тілектерін білдірді.

Kіci көңілін қалдыруды білмейтін Николай Трофимович бұлардың ол тілектерін бұлжытпастан орындағы. Женіп қайтты. Орта салмақ бойынша чемпион деген құрметті атаққа ие болды.

Газеттер оның суретін басып, аса ақылды, талантты боксшы ретінде мадақтап мақалалар жазып жатты.

Бұл уақыттың ішінде Мұрат техникумға түсү өмтихандарын түгелдей тапсырып бітіп, оқуға

қабылданып, көнілі жай тапқан еді. Оқу жылының басталуына небәрі енді төрт-бес күн уақыт қалған.

\*\*\*

Николай Трофимовичті Мұрат бұрын бір ғана қырынан: ресми қызметіндегі ұстаздық тұрғысынан білетін болса, ендігі жай мұлде басқашаланды. Бір үйдің адамдарындағы қоян-қолтық етене жағдайға көшті. Бұл жай енді оған сүйікті ұстазын ішегінің қырындысына дейін танып білуге мүмкіндік тұғызды.

Николай Трофимовичтің басқан-тұрғанының бәрі дерлік оған зор тәлім-өнеге еді. Бұл адам шылым тартпайды. (Бұны Мұрат білетін.) Арақты татып та алмайды. Үй-іші болып дағдыланған бұлжымайтын режим тәртіппері бар. Бір мезгілде тұрады, бір мезгілде жатады. Тамақты да мезгіл-мезгілімен ішеді.

Николай Трофимовичтің жаттығу, шынығу әрекеттерінің өзін егжей-тегжейімен молынан ойластырылған бүтін бір жүйе дерлік.

Таңертең ол сағат жетіде тұрып, жақын жердегі, Максим Горький атындағы паркке жөнеледі. Аумағы әлейім жерді алып жатқан зор паркті бірнеше рет айналып жүгіреді. Соナン соң сол таза ауада неше алушан дене шынықтыру жаттығуларын жасайды. Қысы-жазы бұл машығынан ол бір танбайды, оның бұл әрекеті қырық-қырық бес минут уақытқа созылады. Содан соң үйге келіп, тамағын ішеді де жаяу қызметіне кетеді.

Қызметтен келісімен Николай Трофимович тамақтанады. Тамақтанып алған соң жаңа газет-журналдарды қарап шығады, үй-ішінің шаруасына

болысады. Дусяның қолы босамай жатса, қандай жұмыс болса да жұғысып, тындыра салады. Су әкелу міндегі әманда Николай Трофимовичтің мойнында. Білегін сыйбанып алғып, еден жуғанда лездің арасында айнадай жалтыратып шығады.

Бұның бәрін ол жайғана жұмыс істеу деп қарамай, өзінің спорттық шынығу, қуаттану мақсатында зор пайдалы нәрсе деп есептейді.

Николай Трофимовичтің бокс өнеріне машықтанатын мерзімі, негізінен, кешкі мезгіл. Сағат сегіз бен онның арасы. Үйдің баққа қараған артқы тұсында аула тәріздес тақырлау алаң жер бар. Оның жаттығу аренасы міне сол. Шаңын басып, су шашып сыпсырып, алдын ала дайындал қояды. Содан соң жаттығатын мерзімі болғанда бокс қолғабын, секіретін жібін, қойғылап машықтанатын құм салған қабын алғып шығады да іске кіріседі. Ішіне құм кептеген ап-ауыр сүйір қапты Николай Трофимович өзі жасап алған. Тарбия өскен жуан бұтақты қарағашқа соны салбырата байлап қойып, бәлемнің сазайын береді-ау!

Қыс болсын, жаз болсын, Николай Трофимович демалыс қундері үйде отыру дегенді білмейді. Қыстығұні шаңғысын арқалап алды да, тауға кетеді. Жазда велосипедіне мінеді де, қала сыртына, табиғаттың қойнауына тартып отырады. Содан тұс қайта бір-ақ оралады. Демалыс күн – жаттығудан бос кезі. Дуся екеуі кешке қарай киноға немесе театрға барады.

Осы тәртіп әманда бұлжымай орындалады деп айтуға болады.

«Молданың істегенін істеме, айтқаның істе» дейтін сөз бар. Шәкірттердің алдында сөйлегенде

таңдайларынан шаң көтерілетін, ал бірақ өздерінің іс-мінездері сөздеріне әрқашан үйлесе бермейтін ұстаздар толып жатады. Николай Трофимович ондайлардың сортынан мұлдем бөлек жаралған адам Оның сөзі – ісі де, ісі – сөзі. Екеуі бір жерден шығып жатады. Титтей де болса қия басып, алшақ кету деген бұл адамда болмайды-ақ.

Аз ғана күн бірге тұрғанда Мұраттың көзі бұған әбден жетіп болды. Николай Трофимовиңтің ұстаздық асыл қасиеттері енді оған бар қырынан бірдей жарқырап көріне бастады.

«Нағыз спортшы қандай болу керек?» Мұратқа біреу осылай сұрақ қойса, ол қазір ойланып-толғанбастан: «Николай Трофимовиңтей болу керек!» деп бір ғана сөзбен жауап берген болар еді.

Енді ол басқан-тұрғанының бәрінде оған еліктең, сондай болуды өзіне айықпас арман етіп ұстады.

## 48

«Осы баладан түбінде жақсы спортшы шығуы мүмкін!»

Мұрат жөнінде Николай Трофимович мұндай пікірge былтыр «Қызылшекара» келген болатын. Сол ойының жансақеместігіне көзі енді әбден жетті. Ешкімнің үйретуінсіз өздігінен жаттығып, қандай дәрежеге көтерілген! Бокстасудың әрқылы айла-тәсілдерін қалай жақсы менгерген!

Әуелгі бір күні Николай Трофимович Мұратты сынап қарамақшы болып, онымен бокстасып көріп еді. Жаныған ұстарадай лыпып тұрған даяр боксшыға кездесті. Соққылары сондай өтімді, тептез, дәл. Қорғанысы берік. Ара қашықтығын сезінуі алғыр. Тіпті осы күйінде алып барып разрядты

боксшылардың жарысына қосып жіберсе де, әбден жарап түр.

Николай Трофимович сезген-түйгенін бір-ак ауыз сөзben жинақтап айтты.

— Осы бетінен айнымасаң, жақсы боксшы боласың! — деді.

Бұл сөзді естіп, Мұраттың өзіне деген сенімі еселеп арта түсті.

Оқу басталды.

Николай Трофимович техникумда дене шынықтыру пәнінен сабак береді. Және бокс секциясында тренер.

Мұрат бұл секцияға бірінші күннен бастап қатынасып жүр. Осыдан осылай оның өмірінде нағыз спорттық кезең басталды.

\*\*\*

Николай Трофимович не істесе, Мұрат та түптура көшіріп соны істейді. Ол да таңертенгі сағат жетіде тұрады. Паркке барады, жүгіреді, дене шынықтыру жаттығуларын жасайды.

Техникумға сабакқа жаяу барып, жаяу қайтады.

Әуел баста бұл екі аралық оған қашық секілденіп көрінгенімен, біраз күннен кейін дағдыланып кетті де, қашықтығы білінбейтін болды.

Мұрат үй шаруасында да Дусяға елпілдеген қолғанат болып алды. Су да әкеледі, жүгіріп барып магазиннен наң да әкеледі. Еденді да жуа салады.

Оның бұған талабы болғанмен де, әуелде икемі болмай жүрді. Еден жуу қалай болса солай істелмейді еken. Ебі, ыңғайы болады еken. Мұрат екі-үш рет жуған соң, машықтанып үйреніп алды.

Алматыға оқуға кеткелі бері Мұраттан ата-

анасына бір-ақ рет хат келді. Қысқа жазыпты. «Оқуға тұстім, Николай Трофимовичтің үйінде тұрам. Николай Трофимович осында, мен оқитын техникумда мұғалім» дегенді ғана жазыпты.

– Бар, жөнел, Мұратжанға азық-түлік жеткізіп бер! – деп, Ұлжан шешей хат келісімен шалын алқымға ала бастады.

Мұрат Алматыға оқуға бармақ болғанда, Батыrbай кәрия: «Барсаң бар», – деп еді. Ұлжан шешей құптамаған, қарсы тұрған. «Әуелі осы аудандағы оқуды түгесіп, тауысып алшы. Алматыға барып оқуың қашпас», – деген.

Бірақ, Мұрат көнбеді де, көздеген оқуына кетіп тынды.

– Барсан, бар деп, қаршадай баланы бір қыырға жөнелтіп сап, енді ойыңа түк кіріп шығатын емес қой. Онда сенің немене, екі туып бір қалғаның бар ма еді. Тезірек барып, жай-күйін біліп қайт! – деген тәрізді сөздер Батыкеңнің құлағынан кетпейтін болды.

Бір қойды сойып, етін кептіріп, тағы басқа май-құрт, азық-түлік қамдап, Батыrbай кәрия жол жүруге дайындалды.

Мұрат бір күні техникумнан, сабактан келсе, Дуся тاماқ істеп үлгіре алмай жатыр екен. Алдында ғана аздаған жаңбыр жауып, тыстағы жердің батпағымен еден біраз былғанып қалған. Мұрат соны жуып алмақшы болды. Азғантай ластықтың өзіне жаны төзбейтіндей бір мінез оған да пайда болған еді.

Көйлек-майканы шешіп тастап, үй ішінде киетін көне шалбарын киіп, Мұрат іске кірісіп жатқанда, ас үйдің тап есігінің алдына жүк машинасы келіп

тоқтады. «Қызылшекарарадан» келген машина еді. Қасына екі-үш адамды ертіп, үйге кіріп келген Батыкең жалаңаштанып алып, еден жуып жатқан баласын көргенде, соншалық бір ыңғайсыз оқыс қүйге түскендей болды.

– Шыбыным-ай, бұның не? – деп таңырқап, мұдіріп қалды. Еркектің әйел істеуге тиісті іске араласуы ауыл қазағына сөлемек болып көрінетінін Мұрат біледі. Сонда да болса, жалтаратын ыңғай жоқ.

– Женгейдің қолы тимей жатқан соң, еденді жуа салайын деп едім, – деді.

Басқа ауыл адамдары да Мұратқа үрпісеге қарап түрді.

Болар іс болды деген оймен Мұрат саспады. Екі үйдің еденін одан соң террасаны да әйбаттап жуып шықты.

Кейіннен, баласы мен екеуі оңаша қалған кезде Батыкең:

– Шырағым, еден жуу деген ол әйелдің жұмысы. Сен істейтін жұмыс емес. Қой бұнынды, ұят болады, – деп көнілінде дат қалғанын білдіріп жатыр.

– Онда тұрған немене бар? Мен түгіл Николай Трофимович өзі де жуа салады.

– Николай жуса, ол орыс. Орыстың еркектері еден жуып, су әкелгенді сөлемек санамайды. Ал қазақça бұл жарамайды. Әлгі адамдардың бірі болмаса бірі ауылға өсек етіп барады.

Батыкеңнің осы айтқаны мұндай дәл келер ме! Мұраттың еден жуып, су әкелетіндігі жайлы өңгіме «Қызылшекараға» Батыrbай көрия келмesten бұрын жетіп үлгіріпті. Өзге біреу емес, ауыл ағасы Тоқмолданың аузымен Ұлжан шешейге де жетіпти.

Ол былай болған еді:

Бір күні кешке жақын Ұлжан шешей есік алдында мал жайғап жүр еді, Тоқмолда өтіп барады екен.

- Шеше, амансыз ба? – деп амандасты.
- Құдайға шүкір. Өзің амансың ба, қарағым.
- Алматыдағы балаңыздан не хабар бар, шеше?
- Хат келген әнеугүні. Оқуына түскен көрінеді.

Әкесі кетіп еді азық-тұлік алып.

– Балаңыз былтыр әлгі осында мұғалім болған Денисенко дейтін мұғалімнің үйінде жүр деп естідім. Сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығады. Тақтайына дейін сол жуады дейді көріп келген жұрт. Әйтіп жүріп ол оқу оқып не мәз таптырады?

Осы сөздерді Тоқмолда жүре сөйлеп айтып, мойын бүрмaston кете барған еді. Ұлжан шешейдің мінезі оған жақсы мәлім. Бірсыныра әбігерді істеп кеткенін іштей сезіп, Тоқмолда өзіне-өзі риза болып қалған.

– Ей, әке, оны кім айтып келді? Қалаға кім барып еді? – деп, Ұлжан шешей анық-қанығын білмек болғанда:

– Шалыңыз келеді ғой ертең-бұрсұгүні. Анық-қанығын сол кісі айттар, – деген болатын Тоқмолда.

Балажан Ұлжан шешей осыдан кейін қашан Батыкең келгенше ғұмырының тең жартысын күйзеліспен жоқ етті десе болады. Мұраттың көзден таса болып, оқуға кетуінің өзі де аз азап емес еді. Енді оған мынадай жайсыз хабар ұласып, жанын жегідей жеп, тұн демей, күн демей Мұратты ойлайтын болды.

Бес-алты күннің шамасында Батыкең де оралды. Оның тәбесі көрінісімен Ұлжан шешей:

- Қалай, Мұратжанның хал-жайы қандай екен? –

деп, тарпа бас салғандай болды.

– Балаң оқып жүр. Хал-жайы сондай жақсы.

– Әлгі былтырғы орыс мұғалімнің үйінде ме еken?

– Иә, сонда.

– Сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығады, әйелі істейтін жұмысының бәрін сол істейді деп, осында гүлетіп сөз етіп жүр ғой!

– Кім айтады?

– Маған Тоқмолда директор айтты.

– Қазақ ит өсек айтпай жүрсе, іші кебе ме еken, әкеңнің... – деп, сөзінін аяғын Батыкең ашы тұздықпен бітірді.

## 49

Ауыл өсекшілері неғұрлым қараңғы болса, соғұрлым көпірме келеді. Мұраттың спорттағы аяқ алысы, табыстары жайында да не қылыш күмпілдеген әңгімелер «Қызылшекараға» бүкіл қыс бойы үстін-үстін жетіп жатты. Солардың қайбірі шындықтың қауызына да сыя бермейді. Ертегілерге, аныз сөздерге үқсап кететін әсірелеу әңгімелер аралас жүреді.

«Батыrbайдың баласы керемет боксшы болып кетіпті дейді. Кіммен ұрысса да, жайратып жеңіп шығады дейді».

«Япир-ай, сол балаға таңым бар. Шипиген нәзік қана бала еді. Бұл күнде сүмдық балуан болып кетіпті дейді».

«Қарағандыда боксшылардың үлкен бір жарысы өткізілген еken. Мұрат соған қатысыпты. Кездескен боксшыларының бәрін жапырып жеңе беріпті. Ең соңында Мұратпен жекпе-жекке бір боксшы қалған еken. Ол өзі сол қарағандылық еken. Мұраттың қалай

да жеңетініне көзі жетіп, Мұратты сатып алмақшы болыпты. Кереметтей көп ақша ұсынып, осы соңғы айқаста сен менен жеңіл депті. Мұрат оған көнбепті. Әлгіні де жеңіп чемпион болыпты. Жеңіліп қалған боксшы содан соң «бәлем, сені ме!» деп кектенеді де, Мұратты енді қайтып рингке шыға алмайтындей етіп жібермекші болады. Әлгі неме қасына бес-алты жолдасын ертіп Мұраттың ізін андиды. Сөйтіп, қараңғылау бір көшениң бұрышында бұзақылар кеп бас салады. Өзіне төнген қауіпті Мұрат тез сезініп, қимылдаған екен. Әлгілердің әрқайсысын бір-бір қойып жайратып, құтылып кетіпті!»

«Сол жарыстың үстінде Мұрат бір боксшының жақ сүйегін опырып жіберіпті!»

Өсек-аяң, көпірме сөздердің сыңай-сыйқы, міне осында.

Қаншама әсірелеу болғанымен бұл әңгімелердің негізінде шындық жәйттер жатқаны рас болатын. Бокс аспанына Мұраттың жарқырауық ракетадай зырлап шығып бара жатқаны, жеңілуді білмейтіні, спортшылар қауымы мен бокс жанкүйерлерінің арасында аты осы күні ерекше аталып жүргені – бәрі де рас. «Буревестник» ерікті спорт қоғамының Қарағандыда өткізілген біріншілік жасөспірімдер жарысына қатысып, ең жеңіл салмақ бойынша чемпион атағын жеңіп алғаны да шындық жай.

Ал бұның сыртында айтылып жатқан әңгімелердің көпшілігі қолдан жамап, ойдан туғызған суайт хабар-ошарлар.

Әйтпесе Мұратты ешбір бұзақылар қамаған да, ешкімнің жағын Мұрат айқас үстінде қиратып жіберген де емес. Ол тәрізді жеңіл салмақтағы боксшыларда жақ қирату түгіл бірін-бірі нокаут

етудің өзі де аса сирек ұшырасатын оқиға екенін спорттан азын-аулақ мағлұматы бар жанкүйерлер өте жақсы біледі.

## 50

Келесі 194... жылдың август айында Париж каласында студент боксшылардың халықаралық біріншілік жарысы өткізілетіні жайлы хабар жастар баспасөзінің бәрінде жарияланды. Совет студенттерінің бірлестігі бұл жарысты құттықтап қарсы алатынын және де оған қатысуға мүдделі екенін білдірді.

Басқа мемлекеттердің жастар үйымдары да үн қатып құптарап жатты.

Ұлан байтақ елімізде осы аталған жарысқа қатысадың дайындық ісі қолға алынды. Облыстар мен өлкелерде, республикалар мен аймақтарда ең тандаулы, ең қабілетті деген студент боксшылар сұрыпталумен болды.

Алматы физкультура техникумының студенті, он алты жасар жас боксшы Мұрат Батырбаевтың аты осы кезде спортшылар қауымының арасында ерекше шықты. Женілуді білмейтін, керемет талантты боксшы ретінде ауыздан-ауызға алынып, даңққа бөлене бастады.

Март айында, Ташкентте Орта Азия мен Қазақстан студент боксшыларының аймақтық жарысы болды. Мұрат бұл кездеге техникумныңекінші курсында оқитын. Жиырма айқасты бастап кешкен тәжірибесі бар еді. Соның біреуінде ғана ұтылып, басқасында ұтып шыққан. Мұратпен кездесетін бәсекелестердің ішінде ең қауіптісі өзбекстандық он тоғыз жасар спорт шебері Лопатников деген

еді. Осы жолы Мұрат бұрын-соңды болмаған өнер көрсетті. Қажымайтын, талмайтын бейнебір жанды машинадай қимылдаپ, елу айқасты бастан кешірген, республика чемпионы деген құрметті атағы бар сартіс боксшы Лопатниковты ойнап жүріп жеңді.

Осы айқасты өз көзімен көріп отырған адамдардан жап-жас балғын боксшының шеберлігіне сүйініп, айызы қанбаған бірде-бір жан болған жоқ.

Мұраттың тренері, әрі осы айқаста оған қызмет етуші секундантты Николай Трофимович те осы біраз ғана минут уақыттың ішінде көп нәрсені бастан кешті. Шаттық сезімінің не қылыш шабытты толқындары кеудесінде теңіздей тулаумен болды. Сабырлы, салмақты мінезінен сонда да болса ауған жоқ. Асқақтаған дуқол шапалақтаудың қошеметімен Мұрат рингтен жеңіп түсіп келе жатқанда оны арқадан қағып бір-ак ауыз сөз айтты.

– Жарайсын, Муратик! – деді.

Жарыс стадионда болып жатыр еді. Рингтен үзай берген Мұраттың алдын кенет жұпар иісті бір бума әсем гүл тосқауылдай қалды. Гүлдің тасасынан он жақ бетінде қалы бар әдемі өзбек қызы құлімсіреп қарайды.

– Сіз тамаша бокстастыңыз! – деп, қыз бума гүлді Мұратқа құшақтата салды да, жалт беріп жүгіре жөнелді.

Осы кеште, жатар алдында, Мұрат қонақ үйдің бет алдындағы Науан алаңында жалғыздан-жалғыз ұзак сейілдеп қыдырылды. Көңілінен, неге екенін, манағы гүл сыйлаған өзбек қызы шықпайды. Жарқ етіп қана бір көрінген жанары, уыз жүзі, нәр күлкісі

– бәрі де сол қалпында көз алдында. Үлбіреген жұп-жұмсақ жібек сезімнің, бұрын-соңды бастаң кешіп көрмеген жұмбақ сезімнің шырмауынан Мұрат еш шыға алатындағы емес-ті.

Осы хал оның бойынан көп күндер өткеннен кейін де айықпады...

## 51

«Қызылшекара» Мұрат жайындағы күмпілдек әңгімелер басылмақ түгіл асқынып кетті.

Бір күні: «Батыrbайдың баласы Мәскеуге жүргелі жатыр екен. Одан әрі Прансия деген елдің Париж деген қаласына барып, дүниежүзіндегі ең мықты бокшылармен төбелеске түседі екен», – деген хабар дүңк ете қалды.

Баласы жайында әрқалай әңгімелер естіген сайын Ұлжан шешей онсыз да бір селк етпей қалмаушы еді. Енді мына хабарды естігенде, ол от басқандай болып, ыршып тұсті.

– Ойбай-ау, Прансиясы несі? Не сүмдық? Әкем-ай, бұның жөнін білетін кімің барсың! – деп, көрші қатындардан ақыл-кеңес сұрай жүгірді.

– Прансия деген ол шет ел болса керек. Әйтеүір, жердің түбі – алыс болса керек, – деді бір қатын.

– Қыр Сібірден де ары болса керек, – деді екінші қатын.

Білгірсінген оқығандау бір қатын:

– Прансияның жайын мына менен сұрандар. Мен айтып берейін, – деп, суырылып тәптіштей жөнелді. – Қыр Сібір дейсіндер. Сібір қайда, мұнда емес пе? Прансия деген ел, Сібір түгіл, әлгі Түркия, Әмериканың бәрінен де ары. Ылғи капиталистер

тұратын ел болады. Үйлері жүз қабат етіп салынған болады.

Тағы бір оқығандау қатын әлгінің сөзін бөлді:

– Өйтпей-ак, Әмериканың ар жағында емей-ак, Прансия одан бері болса керек. Бізben соғысатын Керманнның көршісі болса керек, – дегенді айтты.

– Әй, осының жөнін ешқайсымыз да жөндеп білмейміз. Одан да осы ауылдағы оқыған мұғалімдерден сұраған жөн, анық-қаныған солар әйбат біледі. Олардың әлгі бір карта дейтін үлкен сурет қағазы болады. Содан олар Прансияның қайда екенін шұқып көрсетіп те береді, – деді үшінші әйел.

Көпшілік осы дұрыс деп қостағаннан кейін, Ұлжан шешей қалбалақтап мектепке қарай жүгірді. Тоқмолда кабинетінде жалғыз отыр еді. Алқынжүлқын кіріп келген бойда Ұлжан шешей амандық-есендік жоқ сөйлей жөнелді:

– Қарағым Тоқмолда, өзің отыр екенсін, мұндай жақсы болар ма? Алматыға әлгі Сейіт барып келген екен. Сол айтып келді. Мұратжан Мәскеуге, Мәскеуден ары Прансия дей ме, сондай бір басқа алыс елге покус қып төбелесуге бармақшы екен дейді. Не өзі хат жазбайды ол онбаған. Бұ қалай! Бұнысы несі? Оны сонда оқыған мектебі зорлап апара ма? Жоқ әлде өзі тіленіп бармақшы ма? Прансия дегені тағы да қай жер, қаншалық жер? Әйтеуір, сол покус деген немеге құмартып алды да, осы бала біздің зәремізді ұшырып болды. Түсіндіріп айтшы, қарағым Тоқмолда. Маған осының жайын үғындыршы!

Мұраттың спорттық даңқы күн санап асқақтап келе жатқанынан Тоқмолда құлағдар болатын. Оны

жетілдіріп баулуши Николай Трофимович екенін де еститін. Ол бұған іштей қыжырланып, күндел қарайтын.

– Балаңыз әлі де сол әлгі Денисенко дейтіннің үйінде ме? Сонда жүр ме? – деп сұрады Тоқмолда.

– Былтырдан бері сонда ғой. Сол үйде.

– Ендеше осының барлығы да сол Денисенконың істеп жүргені. Мұратты еліктіріп, желіктіріп жүрген сол ғана. Осында жүргенде де ол балаларды алыстырып, жұлыстырып, іstemегені қалып па еді? Ал Прансияға баратын болса, шеше, балаңыздың мұнысын мен құптай алмаймын. Женіл сапар болады деп, мен бұл сапарды айта алмаймын. Прансия деген ол шет ел. Бізбен араз ел. Араз елдің пәле-жаласы көп болады, – деп, Тоқмолда онсыз да үркіп отырған шешейдің үрейін одан бетер ұшырды.

– Әлгі бір карта дейтін қағаздарың болады. Сол қағазда барлық елдердің суреттері болады дейді ғой. Сол рас па?

– Әне, бір карта деген анау. – Қабырғада Американың физикалық картасы ілүлі түр еді. Тоқмолда соны нұсқап көрсетті.

– Сонда бұның Трансиясы қайсы? – деп сұрады Ұлжан шешей.

– Трансия емес, Прансия деңіз. – Тоқмолда орнынан түрегеліп, картаның қасына келді. Саусағын имите шошайтып «Прансияны» іздеді. Солтүстік Американы шарлап, одан Оңтүстік Америкаға түсіп, Прансия деген жазуды одан да таба алмай дал болып түр еді, Роза кіріп келді.

– Роза, әлгі Прансия қайда еді? Көрсетіп жіберші?

– Бұл Американың картасы ғой? Франция мұнда қайдан болады? – деді Роза.

- Е, Эмериканың картасында Прансия болмай ма?
- Франция, ол Европадағой.
- Ыңғайсызданып қалған Тоқмолда қолын бір-ақ сілтеді.
- Мен осы карта дегеніңе шорқақпын...

\*\*\*

Осы күннің ертесіне жолшыбай бір машинаның сәті келе қап, Ұлжан шешей Алматыға жетті. Мұратты «Трансия түгіл ешқайда жібермеймін. Егессем, енді оған қалада оқуды да оқытпай, үйге алып қайтамын», – деп жұлқынып келген түрі еді. Жерлес шофер оны Николай Трофимовичтің тура үйіне әкеп салды да, есіктен кіргізіп бір-ақ тындырыды.

Дуся Ұлжан шешеймен шүркүрай амандастып жатыр. Әкесініңап-ауыр добалдай боксқолғаптарын сүйретіп Вовка ойын етіп жүр.

Ұлжан шешейдің амандықтан соңғы бірінші сөзі:

- Мұратжан қайда? Сабағында ма? – болды.
- Мұрат Николай екеуі бүгін самолетпен Москваға үшіп кетті, – деді Дуся.

Ол бұл хабарды қаншалық қуаныш етіп айтса да, Ұлжан шешейдің өні сұп-сұық болып, қаны ішіне тартылып бара жатты.

## 52

«Қайырлы күн болсын, қымбатты Дуся. Аяулы ұлым Вовочка! Үш күннен бері мұнда боксшыларды сұрыптау жарысы болып, бүгін аяқталды. Мен сендерге бұл хатты аса қуанышты жағдайда жазып отырмын. Жарайды, менің Мұратым! Нағыз жігіт!

Дусенъка, есінде ме? Осыдан түбінде тамаша бокшы шығуы мүмкін деп мен «Қызылшекарада» жүргеннің өзінде айтатын едім ғой. Қателеспеген екем. Тұрған бойы талант! Керемет талант! Аса жеңіл салмақтылардың ішінде өзінің бірінші қолғап екенін Мұрат ғажап дәлеңдей білді. Оның негізгі бәсекелесі еревандық Манакян еді ғой. Тоқсан тоғыз айқасты бастан кешірген аса тәжірибелі Манакянды Мұрат басымдылықпен жеңіп кетті. Сөйтіп, мұндағы жұртты таң қалдырығандай болды. Әрі олардың сүйіспеншілігіне бөленді.

Спорт сыншылары мен жанкүйерлерінің аузында қазір Мұрраттың аты ерекше аталуда. Он алты жасар жасар өспірімнің спорттың бокс тәрізді ауыр түрінде мұнданай дәрежеге көтеріліп, осыншалық жетістіктерге жетуі сирек кездесетін нәрсе деп бағалануда.

Дусенъка, тағы да бір қуаныш мынау: Мен Парижға баратын боксшыларды дайындау үшін көмекші тренер болып тағайындалдым. Амандық болса, Парижге мен де барам. Ал оған дейін осында, Москва түбінде бір айлық жаттығу ісі өткізіледі. Мұрат та, мен де енді сонда боламыз.

Кош, сау бол. Осы хатты алсымын хат жаз. Вовочкиның күн сайын сүйіп қой. Ұмтытпа! Үзіліс жасамай шомылдыр.

Мен үшін Вовочкиның сүйіп қой.

Мұрattan сендерге ыстық сәлем!

«Сенің Николайың».  
«17/ VI – 1954 жыл.»

Париж!

Адамзат тарихында бел болып, бедер болып қаларлық талай маңызды оқиғаларды бастан өткөрген кәрі Парижде бұл күнде дүниежүзі спорт жанқүйлерінің назарын аударған тағы да бір дүрмек болып жатыр.

Елеулі дүрмек!

Ұлттық спорт сарайында студент боксшылардың халықаралық біріншілік жарысы өткізіліп жатыр.

Жарыстың бүгін соңғы күні.

Сегіз салмақ категориясы бойынша бұл жарысқа барлығы сексен сегіз боксшы қатысып еді. Содан он алты адам сұрыпталып финалға шықты. Бұлар бірде-бір рет жеңіліс таппаған ең мықты, ең озат деген құдіретті жауынгерлер.

Дүниежүзі чемпионы деген құрметті атақты жеңіп алу үшін соңғы рет айқасып, күш сынасатын осы он алты саңылақтың ішінде советтік үш боксшы бар. Олар: москвалық ауыр салмақты Николаев, бакулық жартылай орта салмақты Алиоглы және қазақстандық аса жеңіл салмақты Мұрат Батырбаев еді.

Дүниежүзінің спорттық газет-журналдары бұл күндері Мұрат жайында көп дүрліктіріп жазуда. Оған бірінші себеп, Мұраттың жасының осы жарысқа қатысып отырған басқа боксшыларға қарағанда көп кішілігі болса, екіншіден, оның боксшылық өнерінің әр қылы асқақтығы, алғырлығы.

«Батырбаев» бокс үшін жаралған. Оның айқас үстіндегі сезімталдығы адам таң қаларлықтай. Бойына бірде-бір соққыны дарытпайды, ал өзі бірде-бір соққысын нысананаға тигізбей және де

қоймайды. Оны бокстың шеберлікке, амал-айлаға бағытталған жаңа мектебін жасаушы табиғи талант иесі деп атауға болады», – деп жазды Францияның «Спорт жұлдызы» газеті.

«Аса жеңіл салмақты боксшылардың ішінде Россиядан келген он алты жасар жас боксшы Мұрат Батырбаев тері қолғаптың шын мәніндегі құдайы болып саналады. Енді оны финалдық жарысқа қатыстырмай-ақ, чемпиондық жүлдені оған бере берсе де болады. Бәрібір Батырбаев жеңеді», – деп жазды Англияның «Боксшы» газеті.

Басқа елдердің газеттері де Мұрат жайында осындай асқақ сездерді бұрқырата жазып жатты.

Мұраттың финалдық кездесудегі әріптесі американдық он тоғыз жасар боксшы Питер Сандересс болатын. Өз елінде «қисық мұрын наизағай» атанған данқы зор Сандересс.

Сандерессосы жарысқа келерде, Хикерсон дейтін біреу «Шынықсан Америка» журналында ол жөнінде сала-құлаш мақала жариялаған болатын. «Парижға баратын студент боксшыларымыздың ішінде Питер Сандересс шолпан жұлдыздай жарқырап, көзге ерекше түседі. Оның табиғатының бір өзіне ғана тән таңғажайып қасиеттері көніл аударарлықтай. Шыр етіл дүниеге келгенде, Сандерестің екі тісі шығып туған еді. Осы кезде ол екі минуттың ішінде бір кило балмұздақты қиналмастан қылғып жібереді. Сандерестің ерекше жаратылған адам екенін сипаттайтын детальдар, міне, осындай.

Бұл болатын халықаралық жарысқа Питер Сандересс атақты Менаджер Бирсоның тікелей өз басшылығымен дайындалды. Осы жолы жеңіп шығып, дүниежүзінің чемпионы болғаннан кейін

Сандересс әуесқойлық боксты тастан, кәсіпкерлік бокске көшпекші. Нью-Йорктегі «Азұлы арыстан» клубы оны өзіне алмақшы болып, шарт жасасып, осы күннің өзінде аванс ретінде күн ілгері он төрт мың доллар ақша төлеп те қойды», – дед жазған болатын Хикерсон.

## 54

Николай Трофимович пен Мұрат қонақ үйдің бір нөмерінде болатын. Шағындау ауыз бөлмесі, душы бар жартылай люкс номер. Екеуі таңертеңгі тамақтан кейін оңаша отырып, ертеңгі болатын айқастың (шешуші айқастың) жайын сөз етті. Тактикалық жоспар жасады. Хитер Сандерестің осында өткізген айқастарын мұқият бақылап қана қоймай Николай Трофимович Америка спорт баспасөзінде ол жөнінде, оның боксшылық айла-тәсілдері жөнінде жазылған бірсыптыра мақалаларды қолға түсіріп алған еді. Солардың барлығын да зерттеп оқып, танысқан. Сөйтіп, «қисық мұрын найзағайдың» нендей кереметтері барын танып, біліп алып еді. Ертеңгі айқастың тактикалық жоспарын жасағанда осындаи анық көзі жеткен, тікелей сезіп, әбден ақыл сарабына салып, екшелеген жайларды жолбасшылықта алды.

– Сен оны зерттегенің секілді сені Сандересс те зерттейді. Сенің осалдұшпан емес екенінді ол жақсы біледі. Айқасты әдіске, айла-тәсілге құрып еңсере алмайтынын және де түсінеді. Ендеши Сандерестің қолданатын тактикалық жоспары мынадай болуы мүмкін: ә дегеннен күшке салып, қатаң шабуылға шығу; сөйтіп, айқастың тізгінін өз қолына алу; үрей туғызу қарсы жаққа. Ал қалған уақытта, әріптесі бел

ала бастаған кезде, қорғанысқа көшу; қорғана жүріп, қарсы шабуылдар жасап үпай жинау. Сандерестің негізгі тактикалық жоспары көріп тұр, осы болады.

Бұл – спорттық құбылыстарды түйсінгіш алғыр ойлы ұстаздың дәл тауып, төбеден тоқ еткізіп қойып қалғандай етіп айтқан сөзі болатын.

Сандерестің осы тәсіліне қарсы қандай тәсіл қолданып күрескен жөн!? Мұратты тәптіштеп отырып, Николай Трофимович соған әзірледі.

\*\*\*

Николай Трофимович өзінің осында келгелі бері жазып жүрген «Париж күнделігі» дәптеріне шүқшиып, нөмерде жалғыз отыр еді. Есік қағылды да, почташи әйел кіріп, бірнеше хат, телеграммалар әкеп берді.

Бір телеграмма Дусядан еken: «Жарыстағы табыстарыңмен құттықтаймын. Мұrat үшін зор қуаныштымын. Совет спортynың даңқы арта берсін!» – депті.

Басқа телеграммалар Алматыдағы спорттық ұйымдардан, жолдас-жоралардан еken.

Кері қайтатын адресі жазылмаған сұрғылттау бір хат Николай Трофимовичке өзгешелеу болып көрінді. Конверттің сыртына: «Батырбаевтың өз қолына», – деп жазылған. Оны былай алып қойды да, Николай Трофимович басқа хаттарға көз жүгіртіп шықты. Содан соң күнделігіне қайтадан шүқшиып, жазуға кірісті. Бірақ стол шетіне таман оқшау тасталған әлгі хат назарына шалына берді де, көнілі осыған бөліне берді. Қолына қайтадан алып, қарай бастады. «СССР-дан келген хат емес. Жергілікті хат. Сонда бұл қайдан? «Батырбаевтың

өз қолына?» дейді. Мұратқа бұл арадан құпиялап кім хат жаз- бақшы? Парижде ол ешкімді танымайды да, білмейді ғой?!»

Осындақ жүмбақ ойлар тізбектеліп келіп, Николай Трофимовичтің басына сықап кіре берді.

Хаттың адресі қолдан жазылмай, машинкамен жазылуы; кері адресінің болмауы да сезік туғызғандай жайлар еді.

Николай Трофимович біреудің құпиясына үнілуге әуесқой адам емес. Бірақ мына хаттың келісі мен кейіп соншалық оғаш болғандықтан, дағдылы әдептілікті былай сырып қойды да, тез ашып оқып көруге шешім түйді. Жүргегі әлдеқандай жамандықтың тықырын сезгендей болды.

Хаттың ішінен машинкамен орысшалап жазылған тілдей сары қағаз шықты.

«Сен Сандерестен жеңілуге тиіссін.

Әйтпесе тірі қалмайсың!»

Қолына бейнебір жылан орала кеткендей Николай Трофимовичтің денесі мұздап сала берді. «Бұл не сұмдық? Кім бұны жазып отырған?»

Ол біртіндеп ақылына салып ойлай бастады. «Мұраттыabyржыту ниетімен істеліп отырған бұзақылық! Бұны Мұратқа жарыс өтіп болғанша көрсетуге болмайды!»

Николай Трофимович бұл әзәзіл хатты совет командасын бастап әкелуші аға тренер Харламовқа көрсетпекші болып, нөмірден асыға шықты.

## 55

Студент боксшылардың халықаралық біріншілік жарысы өткізіліп жатқан ұлттық спорт сарайының алды құмырсқаның илеуінен аумайды. Сендей

соғысып сапырылысқан қарақұрым жүрт. Жарыстың бүгінгі соңғы күнінің билеті өзге үақыттағыдан үш есе қымбат бола тұrsa да бұдан пәлен күн бұрын сатылып кеткен еді. Тым құрса орынсыз кіру билетін табамыз ба деп есек дәмемен келген жанкүйерлер енді, міне, не сарайдың ішіне кіре алмай, не үйлеріне қайтып кетпей, қолдан билет іздестіріп жөнкілісіп жүр.

– Эне, совет боксшылары келе жатыр! – деген үн саңқ ете қалды. Жүрт жапырылып солай қарай үмтىлышты.

Совет боксшылары мен олардың тренер-секунданттары кішкентай жеңіл автобуспен нөпір жүртты қақ жарып, ақырын, әрен жүріп келеді. Оларды тұтқындалп-қоршап алған жанкүйерлер бірге қозғалып қалар емес. Ашық терезелерден блокнот ұстаған қолдар жыптырлап созылады, автограф сұрайды. Сондағы өте-мөте көп аталатын есім: «Мұрат Батырбаев!»

Мұрат автограф үлгіре алмай келеді.

Автобус шешінетін заңдың есігіне тақай келіп тоқтады. Қолдарына сойылдарын салмақтап ұстаған полицейлер халықты кейін серпіп, бұл араға жолатпайды. Енді совет боксшыларына бір топ газет корреспонденттері лап қойды. Олардың да кейбірі блокнот, қаламдарын онтайлап, боксшылар мен олардың ұстаздарының аузынан не сөз шықса да қақшып, жазып алуға даяр. Ал енді біреулері фотоаппараттарын сығалап, суретке түсіріп жан таппайды.

Америка журналисі, ұстінде ала шұбар костюмі бар ұзын мойын Хикерсон Мұраттың алдын кес-кестеп:

– Мұрат мырза, өзіңіздің бүгінгі айқасының жайында не айтасыз? – деп сұрады.

– Ринг көрсетеді.

Хикерсон аузын Мұраттың құлағына төне тақап:

– Сіз өмірдің есігін жаңа ашқан жас адамсыз. Элі де болса, тірі жүргініз келетін шығар. Солай емес пе? – деді.

Бұл айтылған сөздердің мағынасын Мұрат ұға қоймады да, иығын қомдап:

– Тұсінбеймін, – деді.

– Жұр, Муратик, жұр, – деп Николай Трофимович Хикерсонды қаға-соға бұлардың арасына кіре берді...

\*\*\*

Жарыс басталды. Рингке бірінші болып, аса жеңіл салмақты боксшылар Питер Сандересс (АҚШ) пен Мұрат Батырбаев (СССР) шақырылды.

Ду етіп соғылған шапалақ спорт сарайының ішін кернеп, жаңғырықтырып жіберді.

Рингтің екі бұрышында кішкентай екі жалауша тұр. Бірі – СССР-дікі, екіншісі – АҚШ-тікі.

Рингке тұспа-тұс бүйірдегі кішкене есіктен әуелі Питер Сандересс шықты. Шүйдесі қатпарланған менеджер Бирсон оған секунданттық қызмет етпеккे өзі еріп келеді. Сандересс ұзын етек ала халат киіп, белін буып алған. Қошемет көрсетіп айқайлаған дауыстарға жауап ретінде қолын көкке соза бұлғап, рингке мәз-мереке кейіппен құліп шықты ол. Оның соңынан Мұрат көрінді. Шибарқыттан тігілген жеңіл курткасын желбегей жамыла салыпты. Секунданты Николай Трофимович болатын.

Айқайлаған көп дауыс оған да қошамет көрсетіп жатты.

Рингті айнала бүгжендеген фотокорреспонденттер мен кинооператорлар аппараттарын сығалап, жан таппайды.

«Тыңдаңыздар! Ең женіл салмақ бойынша айқасқа түсетін боксшыларды таныстырамыз. Питер Сандересс! Америка Құрама Штаттары. Салмағы елу килограмм». «Мұрат Батырбаев! Совет Одағы. Салмағы 48 килограмм».

Мұратқа қарағанда Сандересс бойшаңдау екен. Бірақ оның есесіне Мұрат кеүделі, шымыр. Спортпен шұғылдана бастағалы бергі үш жылдың ішінде үзбей жаттығудың, шынығудың арқасында ол осы дәрежеге жеткен. Қолмен сылап өсіргендей сұлу да сергек тұлғаға ие болған. Бұл тұрған Мұрат Батырбаев – оқушыға осы кітаптың басында таныс болатын – көктемде жаңбырдың астында қалғанда ауруға шалдығатын – нәзік Мұрат емес. Спорт ол Мұратты болаттан берік етіп, шындалп қайта жасаған.

Рингке шыққан бетте Мұрат залға шола қарап еді. Он бес мың адам сыярлық сарайдың еденінен төбесіне дейін жыпырлай тұтасқан жыбыр-жыбыр адам бейнесі көзіне шалынды. Үнірейген есіктер болмаса, алма түсер жер қалмаған екен.

Мұраттың көнілінде толқу бар екенін біліп, Николай Трофимович оның иығынан, мандайынан сипалап қояды. Оның жайшылықтағы қатқан алақаны Мұратқа жібектен жұмсақ сезіледі.

– Секунданттар, рингтің сыртына шығыңдар! – деген ескерту болды. Гонг сыңғыр ете қалды. Айқас басталды.

Мың-мыңдаған ынтық көздер залдың дәл ортасындағы ақ шаршыда біріне-бірі тап беріскең екі боксшыны бағып қадалуда.

Осыдан он шақты минут өткенде не болады? Немен тынады бұл айқас? Кім жеңіп чемпион болады? Осыны біліп тынғанша әр кеудеде шыдам жоқ.

Түйіліп ұмтылған бетте Сандересс садақ оғындағатылып кетті. Бірден шабуылға шықты. Көзге шалынбайтын соққылармен Мұратты қөміп таставады.

АҚШ-тан келген бір топ жанқүйерлер рингке жақын отыр еді. Улап-шулап кетті. Сандересті жігерлендірмек болып, айқайға басты.

Мұрат өуелгі сәтте түмшалана қорғанумен болды. Жаңбырдай сабалаған берекетсіз соққылардың ентігі басылуын андып еді. Шегіне, қорғана жүріп, бірнеше рет Сандересті ұрып-ұрып та жіберді.

Енді бір сәтте екі жақ кезек қойғыласып кетті. Екі жақтан сан-сапалақ бораған соққылардың арты клинчпен аяқталды. Сандересс Мұраттың екі қолын қолтығына бірдей қысып, басын оның төсіне тіреп, тұрып қалды. Осы кезде, бастары сұзіскендей болып тұрып қарағанда, Мұрат Сандерестің көздері бір түрлі жыртқыштанып, қызара қанталап кеткенін көрді.

Бірінші раунд аяқталғанша Сандересс өшіге, құтырына шабуылдаудан танбады. Мұрат оны бойына дарытпаған сайын асқынып, ызаланып қимылдайды. «Ойлағанымды жүзеге асыра алмадым-ау» деген өкінішті оймен ол екі өкпесі солқ-солқ етіп, демалып отыр.

Ал Мұрат болса, Сандереске қарағанда тың еді.

Екінші раундтың басында Сандересс Мұратты

қалайда тізе бүктірмей қоймайтындей тағы да жанталасқан жойқын шабуыл бастады. Мұраттың әдіс-айла шеберлігі де осы кездे көзге ерекше айқын түсті. Қорғана жүріп ол да көміп-көміп алады. Соққылары дәл де, тез. Сандересте қапы кету көп.

Раундтың сонына таман тізгін Мұраттың қолына көшкендей болды. Залдағы у-шу құлақ тұндырады. Екінші раунд та аяқталды.

Енді ең шешуші үшінші раунд қалды. Үш қана минут уақыт! Тас-түйін боп белдескен жекпе-жектің тағдыры сонда шешіледі.

Николай Трофимович Мұратты желпи тұрып бір ғана ауыз сөз айтты:

– Енді шабуылда! – деді.

Менеджер Бирсон Сандерестің құлағына төне түсіп, тұтыға сөйлеп жатыр:

– Берілме! Шыдап бақ! Тіпті жеңіліп бара жатсан, мертіктіріп кет!

Үшінші раунд екі жақтан бірдей шарт та-шұрт шабуылдасумен басталды. Тағы да клинч!

– Стоп! Бокс!

Сандересс бұлт етіп бұрышқа қашып шықты. Мұрат оған ес жиғызыар емес. Тағы да клинч! Сандересс өзі келіп Мұратты құшақтай алды.

– Стоп!

Мұрат бейқам шегіне беріп еді. Сандересс судьяның командасын күтпестен оны ызаланып дәл бүйректен пәрменімен бірді қойып қалды. Мұрат бүйрегін баса бүгілді де қалды. Жұрт ду ете түсті.

– Бұзақылық!

– Кәzzәптық!

– Сандересс рингтен қуылсын!

Көп жұрт орындарынан тұрып, бас киімдерін

бұлғап айғайлап жатыр. Дүрсілдеп тақтайды табеді. Трибуналардың астымен онды-солды составтар ағылып жатқандай дүнгірлеп кетті.

Сарайдың ішінде ереуіл туып барады деп ойлады ма екен, қолдарына резинка сойылдарын онтайлап ұстап, сырттан бір топ полисмендер саулап жетті.

Мұрат бойын тез жазды да, айқасуға ұмтылды. Рингтегі судья Сандереске ескерту жасаумен тынды да, ұрысты жүргізе берді.

Сандересс шабуылға шықты. Көзге шалынбайтын шабуылдармен Мұратты көміп тастанады. Бірақ ашынған, тағыланған адамның ақырғы бет тырнасы тәрізді бей-берекет долылық еді.

Мұрат қорғана отырып, шегініп барады. Бұрышқа жетті. Арқасы арқанға тиді. Содан күш алғандай кенет ол садақ оғынша атылып кетті. Сандересті құлақ түптен соқты. Соққы барынша жойқын еді. Және бірнеше соққыны көміп-көміп жіберді. Сандерестің көзі бұлдырлап, жер-дүние төңкеріліп бара жатқандай болды.

– Соқ!

– Есін жиғызба!

– Төпе!

Сандерестен әл кетті.

Тағы бір жойқын соққы иегінен кеп тигенде, Сандересс қалшиған қалпы тікесінен тік сұлқ тұрды да қалды. Содан соң шалқасынан құлады. Шүйдесінің тақтайға тарс етіп соғылғаны залдың барлық бұрышына түгел естілді.

Тап осы кезде айқас аяқталғанын білдіріп гонг та соғылды.

Үшудан адам құлағы тұнады. Кімнің жеңгені

айтпаса да белгілі еді.

Рингтегі судья Мұраттың қолын көтерді.

Ду қошемет асқақтап кетті. Совет Одағының мемлекеттік гимні ойналды. Оның шалқыған қуатты үні залдың ішін кернеп кетті.

Жайшылықта сабырлы, салмақты Николай Трофимович балаша секіріп рингке шықты да, Мұратты құшырлана құшақтап, бетінен сүйді.

# СҮРЕТКЕР МІНЕЗІ

(Таудан тұскен адам)

## ГҮЛ АЛАҢЫ. «АҚҚУ» КАФЕСІ

Иә. Мен іздедім. Уақытың бар ма? Онда қазір жолығайык. Комсомол мен Мирдың қылышының жарты сағатта кел.

Аргы сөз естілмей кетті, автомат-телефон сакұр-сұқыр етті де, үзіліп қалды.

Ол кезде мен Фурманов пен Ташкент көшелерінің қылышындағы екі бөлмелі үйде тұрамын. Троллейбусқа міндім де айтқан жеріне әп-сәтте жетіп барсам, Бердібек Соқпақбаев құтіп тұр. Қекшіл, сарғыш жолақтары бар шолақжөң көйлек, женіл шалбар, қайыс шарқай киген жазуышының тығызы қалың бұйра шашының самайына ғана тұскен бірер тал ак болмаса, өзге міні жоқ, қырықтың бел ортасындағы қылшылдаған қылыштай жігіт ағасы ойнақшыған жарап аттай, жүріс-тұрысы сергек, екпінді, батыл.

Анық сенбісің дегендей өткір көздерін канжардай кадап, ай-шайға каратпай, өзі сөйлеп, дөнгелетіп әкетіп барады.

– Мен кенсе қызметінде қазір жоқ кісімін. Анда-мында не болып жатыр, со-

ған кызықпаймын да, сондыктан көп нәрседен хабарсызыбын! Машкар Гумеров деген балалар жазушысы бар, білесің бе? Өзі Башқұртстанда тұған, молданың баласы, ұлты татар болғанымен, қазак ауылында өскен, қазақша жазады. Пейілі түзу адам. Анау-мынау хабарды анда-санда сол айтып тұрады. Сол кеше телефон сокты. Сүйінші бер дейді. Макталдың дейді. Жуасын дейді. Бір сөзін ұқсам бұйырмасын. Ақыры түсіндіріп, жеткізіп берді. Жыл қорытындысының жиналысы болған екен фой. Ондай жиналыстарға кезінде мен де барғанмын. Шалқақтап Сәбит, ыңыранып Ғабит, ернін жымырып Ғабиден, айқайлап Тахаи, бақайының басына қарап Әбдіжәміл, одырандап Олжас келеді. Біздің жазған-сызғанымыздың мазмұнын айтып беруді ғылым санаған, кейбір сөмкे сүйреткендерін жанына ертіп, екі қасының арасы қосылардай болып түйлігіп Мұсілім шығады. Осы жиналыска қатыспаса бірденеден құр қалатында жініккен, жазушылықта үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамдар қаптап кететін. Сұлу әйелдер, сыпа жігіттер, баспағерлер, журналисттер, студенттер, пенсионерлер. Әрқайсысын өз орнына шегелеп тастаған, өзгермейтін, құлаш-құлаш тізімдері бар, соцреализмді мадақтайтын баяндамасын Мұқаметжан баппен, салмақпен оқыса, оның ізін баса шыққан інілере Серік, Зейнолла, Баламер, Рахманқұл, Тұрсынбек саясаттың түбін түсіреді. Бұрын сан рет естіген, талай құлақты жауыр қылған сөздер. Бірер сағат тындағаннан кейін, әбден мезі бол, шыға қашқын келеді. Сол уақта бір тентек шығып, өзінің макталмағанына қарсылық білдіреді, бір тентек шығып, біреудің жағасынан алады. Бір тентектен кейін бір тентек. Шығарма талдау, әдебиетке баға беру жағы азайып, жағаға жармасу жағы кейде бел алып кететін осындай жиналыстардан алыс жүргенді макұл көрдім.

Анау Машқар менің сол мінезімді білмейтіндей сөйлейді: «Келгенінде жақсы болатын еді, керемет макталдың, жылдың ең үздік романы деп «Өлгендер қайтып келмейді» аталды. Жылда кітабы шығатын анау такыр бас прозашы: «Әй, бала, Байтанаев, Жұмақанов, Бақбергенов секілді ағаларының шығармаларына

соншалыкты шүйліктің, сонда шынымен «Өлгендерді» үздік туынды деп санайсың ба?», деп баяндамашыны қылқындырығандай болған-ды, жас жігіт те таймастың өзі екен: «Әділін айтқанда, «Өлгендер қайтып келмейді» бір жылдың емес, көп жылдың үздік туындысы, кезеңдік шығарма, қазақ прозасының мазмұндық-формалық жаңа үлгісі», деп сөзінен қайтпай, қайта бұрынғыдан бетер өршеленіп кетті дейді Машқар. Осының рас-өтірігін өз аузынан естиін, – деп Бердібек бағанадан айтып келе жатқан әңгімесін шорт үзіп бетіме қарағанда, Жазушылар одағының алдындағы Гүл алаңын айналып жүргенбіз.

– Татар досының әдеби жыл корытындысында болған нәрселерді дұрыс жеткізген, – дедім бұрын жүздесіп, көп сөйлесіп көрмесем де, сырттай шығармалары арқылы ғана таныс талантты ағаның алдында бой сақтап. Бұл сөзге айызы канбаған Бердібек қайтадан өзі сөйлеп кетті.

– Сендер, батыстың қазактары деймін, бауырмал келесіндер.  
– Мен батыстың қазағы емеспін.  
– Қой-ей, қалай батыстың қазағы емессің? Бас-аяғың түгел Ғали.

– Мұның мәнісі былай, Беке. Баяғы «Ақтабан-шұбырындыдан» кейін қазақ есін жиып, бұрынғы мекеніне Арқа, Тарбағатай, Алтайға қайтқан кезде Арғын, Найман, Кереймен қоса Алшын, Үйсіннін де кейбір ұрпактары жаңа жерлерге бет бұрган. Біреу еліне өкпелеген. Біреу жаңа өріске қызықкан. Сондай шағын көш Жағалбайлы, Қанлы әулеттері біздін ата-бабаларымызбен Қарқаралы, Дегеленен қоныс тепкен. Мениң әкемнің шешесі – әжем Рабиға деген кісінің сүйегі Жағалбайлы. Бойы ұзын, тарамыс қара кемпір еді. Ел-жұртты аузына қаратқан домбыраши. Тоқсан асып, біз ес білгенде қайтыс болды. Сол жарықтың өзі тапқан үлдарына Нұрғали, Бекқали, Оразғали, Молдағали, Заманғали деп ат қойғаны аздай, қыздарына Шәбілғали, Аққали деп жер-көкте жок, қызы балаға қоймайтын аттарды қойыпты. Немерелері де түгел Ғали: Тұрсынғали, Рымғали, Женісқали, Айғали. Мениң аға-інілерімнің

тұсындаған Ғалилардан құтылдық, – дей бергенімде, Бердібек ішек-сілесі катып, айқайлап, мәз болып:

– Ойбай-ау, сенің әжең Колхозбек, Совхозбек, Моторбай, Фермахан, Коммуна, Сиез, Мәлстерден асырып жіберіпті ғой,  
– деп дауысы катты шығып кеткенде, қасымыздан өтіп бара жатқан бейтаныс адамдар құлқімізге разы болып, қандай уайымсыз кісілер дегендей жалт-жалт қарап қалған.

– Мен сені батыстың жігіті деп ойлағам. Лайық болсам да, болмасам да Тахауи жүрген жерінде мені мақтайды. Бір сезіне сенсем де, бір сезіне сенбеймін. Артықтау айтатын шығар досы болған соң деймін. Екінші жағынан қатар жүрген соң бағаламаймыз. Зор дарынды, мол білімді сұрапыл адам. Орысша кетсе, жебірейдің өзін жаңылдырады. Мінбеге шықса, шешендейтің қандай. Проза секциясының бастығы сол ғой. Інісіне мені тапсырып, Тахауи мақтатты деп ойладым. Сонда сен өзің сеніп мақтадың ба? – деп Бердібек бетіме бажырайып тұр. Алғашқыдай емес, өзіне, айтқан сөздеріне бойым үйреніңкіреп қалған.

– Шайнап бергенді ойланbastan қылғытып жұта салатын бала деп ойлағансыз ғой.

– Өй, сен түгіл талай бастық көмекшілері оннан, мұннан көшіріп, қыстырып берген нәрселерді өз бастарынан шыққандай етіп, ойланған, толғанған болып мінбеге шығып, күнде оқып, газетті былай қойғанда, кітап етуді дағды қылып алды. Сөзге иелік, ойға иелік, пікірге иелік жойылып, көзге көрінбейтін, тасада тұрған біреулердің күшімен, дарынымен жасалған көсемдік пайда болды. Миллиондарды қырып тастаған, жердің тегершігін кері айналдырыған анау Жезмұрттың бар оқығаны діни семинария десек те, барлық сезін өзі жазған. Қазір қоқып, кресло мінгеннің дастарқан басында айтылатын тосын, өлген кісіге жоқтауын, жиналыстағы баяндамасын дайындал беретін бір-бір құлаққа сыйырлайтын кенесшісі, құлақkestі құлы бар, – деген Бердібектің басқа жерде айтыла бермейтін, оқыс байламдарын тежемек ниетпен сезін бөлдім:

– Беке, менде оның екеуі де жок. Не айтсам да, не жазсам да мына шақша бастан шыққаны.

Тағы да әр шөптің басын бір шалып, Гүл алаңын көп айналдық. Жалпақ, үлкен орындықта төбедей болып жазушы Элжаппар Әбішев касындағы қазакта аса сирек кездесетін ерекше ұзын бойлы, қасқабас, белгілі партия тарихшысы Әбді Тұрынбаевқа зіркілдеп, колын сермеп, бірденелерді өршелене дәлелдеп отыр. Олардың дауы қай дау екенін билетін кісідей Бердібек жұмсак жымырап қуледі, екі шалға аса жакындалмай, киын замандардың кезінде Әлжекен айтыпты дейтін «Орденді жазушылар бөлек шығып сөйлесейік» деген ұрдажықтау бір әңгімені еске түсіреді.

Гүл алаңының ортасындағы граниттен қашалып биік тұғырға орнатылған шойыннан құйылған, аспан зәулім, он қолын созып, болашакты меңзеп, шабыттанған Ленин ескерткішінің маңайы кептерлерге жем шашқан, улап-шулап жүгірген булдіршіндер мекені; одан әріrek, тыныштау орындықтарда бастары калтылдаған зейнеттегі кемпір-шалдар, қаға берістен көленкеде әрлі-берлі өткендерге пысырып та қарамай, бірін-бірі тізелеріне отырғызып, қысылмай құшактасып, еркін сүйісіп, мауыққан мысықтай көздері жұмылып кеткен ғашықтар. Ағаштары бойлап өскен, сан алуан гүлдері неше түрлі ііс шығарып құлпырған, жиек-жиегінде сылдырап су аккан бұл жер алан емес, үлкен сквер, кішігірім бак, қаланың дабыр-дұбыр у-шуынан қашып, салқын, тыныштық іздеңген кәрі-жасты көресін. Әсіреле жолдың арғы бетінде тұрган Жазушылар одағында, сол ғимаратқа орналасқан газет-журналдарда, баспаларда істейтін қаламгерлер қолдары калт етсе, біреке жалғыз, біреке топ-топ болып, әңгіме-дүкен құрып, осы манда жүреді. Бұлардың да өздеріне тән секілді болып кеткен негізгі аймағы бар. Ол бак шетіндегі қолдан жасалған хауызда екі акку жүзіп жүретіндіктен «Акку» аталған, буфетінде түрлі арак-шарап, сыра, женіл-желті тіскебасар, кофе, шай сатылатын кафе. Сексеуілдің шоғына пісетін шашлыктың ет, сарымсак,

бұрыш, түтін іісі шығып, алыстан мұрын қытықтап, ауыздан су ағызып, өзіне тартатын сиқыры бар сиякты. Сыртка қойылған женіл, таза үстелдерде шок-шок болып, гу-гу әнгіме соғып отыратын қаламдастар жиі бас қосатын колайлы, арзан, ауыз жылытып, жүрек жалғайтын бұл нұктеде бәрі онай, бәрі тез; сарғайтып күткізіп коятын әрі қымбат ресторан да, ішімдікке тыйым салып койған асхана да емес. Соған баратынымызды іштей біліп келемін.

– Конъяк? Арак? Шарап? Сыра? Қанша? – деді Бердібек құйрық қалтасынан көнетоздау, әр жері қажалған әмиянын суырып, ішінен ақша алуға бейімделіп.

– Өзініз? – дедім.

– Маған бәрібір ғой.

– Бүгін сабағым бар. Елу грамм конъяк алсаныз жетеді.

Жуантық денелі, бет-аузы түгел құліп тұратын буфетші ағамызды таниды еken. Әп-сэтте айтқанымызды алдымызға әкеп қойды.

– Ағалық-інілік қатынасымыз ұзағынан сүйіндірсін, – осылай тілек айтқан Бердібек екеуміз бір-бір тал сосисканы енді аузымызға сала бергенде анадай кетіп бара жатқан екеу бізді көріп, алыстан сәлемдесіп, оқыс бұрылып, үстелімізге рұксатсыз-ак отыруға бет алды. Біреуі елуге келсе де, шашына ақ кірмеген, ет алып, май жимаған, қанышырдай катқан ауыл тазысы секілді, шыжыған ыстықта қатқан қара костюм киіп, ақ кейлекке қызыл галстук таққан, жеп-женіл, ширак, қағылез, белгілі акын, көбіне ән мәтіндерін жазады. Екіншісінің бойы одан аласа, тор-тор, мыж-мыж коныр көйлегін женін шиыршықтап түріп алған, шалбарының тізесі шығып кеткен, беттерінің ұшы қызарыңқырап, көздері кілегейленіп, талайдан тарап көрмеген шаштары жылбысқыланып тұр, әндерін елдін бәрі айтатын композитор десен, білмейтін адам сенбейтіндей.

Бізді көргендегі куаныштары су сепкендей басылды, Бердібек касымызға отырмандар дегендей ишара жасады да, әмияннан суырып көк түсті, шытырлаған үш сомдықты

композитордың қолына ұстата салғанда екеуі де қайтадан жадырап, олжаларын жасыра алмай, суватқа құлаған шөліркеген жылқыларша аяктарын шапшаң басып буфеттен бір-ақ шықты. Ұмытпасам, ол кезде әлгі ақшаға бір бөтелкө арақ келсе керек.

Бердібек екеуміздің танысып, ұзак жылдар ағалы-інілі кісілердей сыйласып, аралас-құралас жақындасып кетуімізге дәнекер болған жетпіс жетінші жылғы әдеби жыл қорытындысында жасалған баяндамадағы «Өлгендер қайтып келмейді» романы туралы мәтін «Қазақ әдебиетінде», «Лениншіл жаста», бір жинақта, менің кітабымда басылып шыққан сайын «Ақку» кафесіне барып, қайта-қайта жууға сылтая болды.

## ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІНДЕ

Сағат он бірдің кезінде негізінен зейнеткерлер және мен секілді қолы бостау адамдар қыдыратын Мұхтар Әуезов музей-үйінің алдындағы қыста қарға толып қалатын фонтанды енді айнала бергенімде, атымды атап айқайлаған жіңішкелеутаныс дауыс естілді, жалт қарасам, Бекен – Бердібек Соқпақбаев. Өз қатарластары секілді қабат-қабат қалып киіну, әйтпесе ұзын пальто, шұбатылған тон сүйрету дағдысында жок, серуенге лайық, адамды тоңдырмайтын да терлетпейтін бойына шак шолак күртеше, кендір шалбар (джинсы), аяғында көбінесе кроссовка, бас киімі де жеңіл, жылы, жүннен жасалған тоқыма. Тез, ширақ жүреді, танымайтын адам зейнеткер деп емес, бокс па, гимнастика ма тренері деп қабылдаса болатындей. Кейде қолында бұтқақтан жона салған таяғы болады. Қашанғы дағдысымен колғабын шешіп, ып-ыстық, жігерлі алақанымен қолымды қатты қысып амандасты да:

– Бір қызық оқиға болды, бала, мен саған соны түп-түгел айтып берейін, өзге әңгімеге содан кейін оралармыз, – деп бір күліп қойып, дәл қазір кіріспесе ұмытып қалатындей, асығыс сөйлей бастады.

– Энеу күні осы көшениң бойымен Комсомол көшесіне дейін бір барып, қайтадан айналып, Шевченкомен енді төмен түсे бергенімде, бір топ жігітке жолығайын. Өзіміздің жігіттер, жазушылар ішіндегі үлкен ыздиган Балғабек, одан кейін шіренген Сейдахмет, одан кейін томпиган Тұманбай. Басаяғыма ұнатпай бір қарап шықкан Балғабек:

– Эй, Беке, сенделбай жүріспен қанша туфли тоздырын қекен? – деп қалды.

– Қырық жыл бойы тырп етпей шалбардың артын тоздырып, бір босағаны күзетіп отырганда саған шыққан мүйіз қайсы?

Қаттырақ айтып жібердім бе, Балғабек басынан көп сөз асырмайтын, үлкен мансаптағы, ресми қызметтегі адам ғой, қайтарған жауабымды ұнатпай, түйілінкіреп қалды. Оны сезе қойған Сейдахмет сөзге араласып:

– Туфли де, шалбар да табылар, жақсы ағалар аман болындаршы осы, – деді екеумізді бітістіргендей. Содан кейін маған қарап:

– Беке, бүгін қазақ ұшін тамаша, айтулы, ғажап күн ғой, – деді. Мен әуелде бұл сөздің мағынасын түсінбей қалдым.

– Қандай күн еді, қантардың көп күнінің бірі емес пе?

– Бұл дүниеден мүлде аулақ жүретін, қайран Бекем-ай, – деп сөзге Тұманбай араласты. – Бүгін Димекеннің, Қонаевтың туған күні. Құттықтауға бара жатырмыз.

Мен аңтарылып тұрып қалдым. Шынында ол датаның маңызын, тарихилығын білмейді екенмін. Сейдахмет мені қолтықтап, зорлап жетелегендей болып, өздеріне ілестіре ба-стады.

– Жүріңіз. Бірге барамыз. Құттықтаймыз. Ақсақал қуанып қалады, – енді екінші қолтықтан Тұманбай алсын.

Үйіне барып, туған күнімен құттықтамақ түгіл, өмірімде ол кісіні екі қадам қашықтықтан жақын көрген адам емеспін. Аяқ астынан бүйткенім ешбір қисынға келмейді. Тіпті барған күнде, бейтаныс мынау қайдан жүр деп жактырmasa, намыстан өлмеймін бе? Жок, баруым дұрыс емес деп қарсыласқаныма

карамай, аналар аяқ-колымды жерге тигізбей, жұрттын бәрі сыртынан жақсы білетін Димекеннің үйінен бір-ак шығарды.

Күзет тұрады еken. Сақшы жігіт әсем жымиып, басын изеп, өткізіп жіберді.

Есік ашық тұр. Дәлізде Димекеннің өзі карсы алды. Устінде сұрша, тығыз матадан тігілген, жағасыз желетке. Анау Габиден аған үнемі тастамай киіп жүреді ғой, соған ұксайды. Тамағына дейін туýмelenетін қызыл күрөн көйлек, қыры сынбаған қара шалбар, түсі кетпеген, сынып, мыжыраймаған туфлиі аяғына құйып қойғандай жарасымды еken. Көніл-күйі жайдары, жүріс-тұрысы ширак. Сексенге кірді дейтіндей емес.

Мен әрі өткен-бері өткенде, балкондарына, терезелеріне қарап, Димекен кем дегенде бір кабатты түгел өзі алып жататын шығар, ең азы он шақты бөлмесі бар болар деп ойлаған сырттай долбарым бекерге шықты. Төрт-ак бөлме, ондай пәтер Тахауде де бар. Тек залы ғана үлкен демесен.

Бізді кабинетіне карай өткізді. Қабырғаның барлығында кітап сөресі. Көзім шалып отыр. Дүниенің барлық саласына арналған сан алуан енбектерді талғаммен, білікпен жинаған. Менің кітапханаға көзімді тігіп, басқа сөзге онша мән бермей отырғанымды сезді білем, Димекен әңгімені жаңа арнаға бұрды.

– Бұрын жұмыс қол тидірмеді ғой. Қазір күндіз-тұні сырласым да, мұндасым да осы кітаптар. Қашан баrasын, қанша аласын өз колында. Бұл кітаптар бұлданбайды, ананы айттым, мынаны айттым деп, бәлсінбейді. Барлық сырлын ішіне бүгіп, оқырманын күтіп тұра береді. Біздің байлық осы. Бәріннің де өз колдарыңмен жазып берген кітаптарын бар. Мен ондай енбектерді түгел жинап, сөреде сактаймын. Кітап бермейтін саран мынау Бердібек, – деген кездे мен іштей ойладым: «Үйіңізге бірінші рет жігіттердің зорлығымен әрең келіп отырмын. Алдыңызға барып көргенім жок. Сонда кітапты қалай беремін», – деп. Бірақ жұмған ауызды ашпай, әдеп бағып отырмын.

Димекен креслодан тұрып, шеттеу сөренің шыны қақпағын сылдыратып ашты да, ішінен бір кітапты сурып алды:

– Мынау сенің кітабың, Бердібек. Француз тіліндегі «Менің атым Қожа». Парижге барғанда Мұхтардың «Абай жолын» және сенің осы кітабыңды сыйлаған, – дегенде басым айналып, құлағым шыңылдан кеткендей болды. Жігіттер:

- Кәні, кәні? Қорейікші, – деп барып, аяғында:
- Ойбай, Беке, мынау керемет жаңалық қой, жуу керек, – десіп шулап кетті.

Кітап қолыма тигенде, куаныштан қаным тасып, жүрегім лұпілдеп соғып, бетім қызара бастағанын сездім. Ол кезде Алматы түгіл, Мәскеу баспаларының жағдайы аса мәз емес, кітап көбіне коңырқай, газет қағазына басылады, мұқаба қалың қағаздан, ұзаса картоннан, анда-санда көзі тірі классиктердің қолы мatalы, тері мұқабага әрен жетеді. Қолыма ұстап отырған дүниенің авторы өзім екеніне көзім сенсе де, көnlім сенбей, сәбійін еркелеткен ана іспеттес пейілде кітаптың аптақ сүттей қағазға басылған беттерін парактап, мұқабасын сипалап, суретші келістіре салған Алатау тарабына, Қожа, Сұлтандар бейнелеріне қарап отырынқырап қалған күйімді аңғарған Димекен:

– Өй, Бердібек, жоғалтқан ботасын қайтадан тауып алған інгендей еміреніп отырсың ғой. Бұл кітапты бұрын көрмеп пе едін? – деді.

– Шыққаның естігенмін. Кітапты бірінші көруім. Басқа да аудармалар қолыма тимейді. Шетелден қаламакы да келмейді. Ол жаққа барып алатын Тахауи, Әbdіжәмілдер ғой.

– Мен біреудің берген сыйлығын екінші қайтара басқаға берген адам емеспін. Сен қанша қызыққанмен, бұл кітап өз орнына барып тұрсын, – деді үй иесі французша «Қожаны» сөредегі орнына қайтадан қойып.

Дастарқанға жиналдық. Төрде, Димекеннің қасында Бәйкен Эшімов отыр. Жетпістің жуан ішіне кірсе де, бұрынғы үкімет басқарған кезіндегісіндей көрінді. Қакқан казықтай, артық-ауыс кимыл жок, қасындағыларға да көп тіл қатпайды, каршығадай қадалып отыр. Қасында борықтай, толық бәйбішесі. Жирен

шашты, көк көзді, сопак бетті, аксары ерек-әйелдер көзіме көбірек тұсті. Қайын жүрті, нағашы жүртінан болар деп топшыладым. Бізбен келгендер бірынғай кен, еркін отырмыз. Ұзын, жалпак үстелге қойылған сан алуан ішімдік, сусын, ыстық-суық тағам, балық, уылдырықтың түр-түрі, туралған қазы-қарта, көп-көп салат, шелпек, бауырсақ адамдарды шын пейілмен тосқан ақ ниетті көрсетіп тұр.

Тұрлар Димекеннен айнымайтын бес-алты әйелдің бірекеуі тіпті қартан, қалғандары да елуді еңсеріп қойған. Інісі академик Аскардың екі ұлы да бір ұядан шыққан тектік сипаттарынан айнымай қалған екен, бәрі де сопак бастау, атжакты, шүнірек көз, ұзын бойлы.

Арнаулы асаба деген болған жок. Әркім еркін сөйлеп, тілек айтып отырды. Туған күн иесіне галстук па, көйлек пе, темекі тұтатқыш па, тұнде қолға ұстап жүретін қолшам ба, сақал алғыш па, сол секілді кәкір-шүкір, болымсыз бірденелер ұсынылып жатты. Қалыптасқан дағды, бұрыннан келе жатқан дәстүр болса керек, сыйлауши мынау олқы болды-ау деп қымсынбайды, алушы бұл ойыншық секілдіні қайтеміз деп қомсынбайды, екі жағы да мәз. Сыйлықты төгіп тастайтын шығар, атап алтын, күптеп күміс, уыс-уыс ділда төгілер деп отырған ішкі арам ойым су сепкендей басылды.

Әңгіменің негізгі тізгіні Димекеннің қолында, өткен-кеткенге байланысты көсіледі; қызмет бабындағы оқиғаларды айтады; мен үшін мүлде жұмбак Сталин, Хрущев, Брежнев туралы айтылғанда аузымды ашып қалсам, Шаяхметов, Оңдасынов, Сәтбаев, Әуезовтерге ойысканда, Нарынқолға келгендей бәрі түсінікті, көбіне әзіл-оспақ, күлкілі әңгімелер, анекdot; бүгінгі басшылар туралы бір ауыз сөз жок.

Димекеннің анда-санда тұрып, жеке адамдардың қасына ба-рып, иығына қолын салып, еркелеткендей етіп, жылы сөз айтатын міnezі бар екен.

Бір кезде жазушылар отырған жерге карай жүрді. Мен ойлап отырмын: қызмет бабы жоғары Балғабекке, не атын күнде аузы-

нан тастамайтын Сейдахметке, не жаңа ғана қатырып жазылған арнау өлеңін нәшіне келтіріп оқыған Тұманбайға токталатын шығар деп. Біреуі де болмады. Екі қолын екі иығыма салды. Алақандары ауыр әрі ыстық екен. Сөйлей бастады.

– Бүгінгі менің мынау туған күнге жайған дастарқанымдағы ең үлкен адам – Бердібек. Тіпті анық шындықты айтсам, жа-зушы баласында қазакта Әуезовтен кейін осы үйді көрген ең үлкен жазушы – Бердібек...

Бала-бозбала кезімде Қасым Аманжоловтан, қазір Таха-уи Ахтановтан, кейінгі інілерімнен естіген ауызша мақтау сөздердің көбін көңіл көтеру үшін айтыла салған көвшік деп қабылдап, артынан ұмытып кететін аңқау басым мына сөздерді естігенде, шошып кеттім. Басқа-басқа, айтып тұрған кеше көсеміміздей көрген – Қонаев. Қатты қысылып, орнымда отыра алмадым.

– Ойбай, Димеке, қойыңыз, – деппін сасқанымнан.

– Тұра тұрғын, інім, мен әлі айтып біткенім жоқ. Мен жаңа мұның француузшага аударылған «Қожасын» көрсеттім гой. Сол бойынша тұсірілген фильмі Канн фестивалінде Бас жүлдені жеңіп алған. Білетіндер, менің кинооператор құрдасым Ескендір Тынышпаев айтады. Ол «Оскарың», тіпті әдебиеттегі Нобеліннен бірде бір кем емес деп.

Мына сөздерді естігенде, буын-буыным босап, тамыр-та-мырым түгел иіп, көз алдынан қызыл-жасыл сәулелер жүре бастанғандай болып кетті.

– Мен осы классик жазушы Бердібек Соқпакбаев үшін көтеруді сұраймын, – деп оймақтай рюмкасын көтеріп қарап тұр.

Мен арак, шарап, сыра атаулыны тастағалы қай заман. Оның бәрі ұмытылды. Кеше ғана сылқыып тойып алып, енді бас жазуга асыққан адамның өзіме жақсы белгілі күйіне тұстім. Арак па, коньяк па, виски ме, білмеймін, алдында тұрған бір рюмка ішімдікті алды-артыма қарамай тарттым да жібердім. Басыма бірден шапты, майдайдан тер бүрк ете тұсті.

Димекен сөзінен кейін назар маған ауды. Алдымен Бәйкен Эшімов сөз жалғады. Әйелі, балалары, немерелері түгел «Қожаны» оқыған. Одан кейін Балтағұлов, Жиенбаев, Аухадиев кетті. Олардың үйінде де «Қожа» бар еken. Киноны көрмеген кісі жоқ бол шыкты.

Мактау сөздер құтыртты ма, көптен ауызға алмай кеткен ішімдік желіктірді ме, сөйлегім кеп, сөйлегім кеп қопандап, ақыры шыдай алмай, қолымды ербендетіп орнынан атып тұрдым. Менің бірденені бұлдіретінімді сезді білем, үш жазушы да жаратпай ала көзбен қарады, сол-ак еken тіпті құтырып кеттім.

– Әрине, бұлар менің сөйлегенімді ұнатпайды. Есептері түгел. Атак десен атак, мансап десен мансап, үй десен үй – бәрі осыларда, Димекен мен Байекеннің дәуірі дүрілдеп тұрғанда талай алдарына барған, сұрағандарын алған, – дегенімде біреу жақтырмай тыжырынып, біреу құптағандай күліп отырды.

– Сен неге бармадың, сен неге алмадың?

Мына сөз қотырдың аузын жұлып алғандай, қайтадан өрекпіп, ешкімнен рұқсат та сұрамай, тіпті айғайлап, шәнкілдей жонелдім.

– Мен Қазақстан түгіл одан зорғыға да арызданғанмын кезінде. Әділет, шындық бар еken деп. Отыздың ішінде мін онда. Азия, Африка жазушыларының Дүниежүзілік конференциясының атына, Ташкентке жағдайымды айтЫП, үйсіз-күйсіз жүргенімді көрсетіп телеграмма салам деп өмір бойы пәлеге қалдым емес пе? КГБ-сы да, ЦК-сы да, Жазушылар одағы да итті қуалағандай соңыма шок алып түсіп берсін. Бұрынғы бұрыш-бұрыштан пәтер жалдап, сылқита сыра ішіп жүрген күндеріме зар бол қалдым. Кітап басылуы да тоқталды. Атым тізімге қосылмайды. Айналайын орыстарым болмаса, аштан өлеңтін едім. Әлгінде бәрің жабыла мақтап жатқан «Қожаны» қорғайтын казақтан біреу табылмай, Мәскеуде жарияланғаннан кейін көзім аздап ашылды. Бірнеше қайтара басты, көп тілдерге аударды, қалтамды толтырып қаламакы берді, – деп шайқақтап

тұрғанымда Димекен сөзімді бөлді:

– Эй, Бердібекжан, сен жазушысың, қазактың «Жыламаған балага емшек бермейді» деген сөзін жаксы білсөң керек. Не кемістігің бар, үйін жок па, атағың жок па, құрметтеп көндемісін? – деп мені жұмсақ жымып сабырға, бәтуаға шакырғандай болды.

Мен тағы бұзылып бара жаттым:

– Бір әйелім, үш балам, екі бөлмелі үйім, «Жигулиім», бұрын жазған кітаптардан басқа түгім де жоқ. Тіпті ең аяғы қесіподак берген мактау қағаз да бұйырған жоқ.

Димекен тағы араласты:

– Менде қазір бір әйел де жоқ, шырағым. Тәубе, бір кісідей өмір сүріп жатырмыз.

– Сіз дүрілдеп тұрған шағынызда қол-ұшын берген жоқсыз, бүтін мені мақтап, жүргегімді жара жаздадыңыз. Түгел айттынымыз өтірік. Барлығы өтірік. Кітап өтірік. Газет өтірік. Адамдар арасындағы карым-қатынас өтірік. Өтірік, өтірік. Бәрінен жалығып кеттім.

– Өй, мына тентек не деп кетті? Бәйкен екеуміз ештеңені ала кеткен жоқпыз ғой. Қалды бәрі. Жарты мындағы Жазушылар одағы мүшелері бар екенсіндер, маган келсендер де, Бәйкенге келсендер де сұрагандарынды бердік, нәубез қалған кісі жоқ. Ал енді саған көмек жасай алмасақ, онымыз дұрыс болмаған. Ол катені қазіргі бастықтар түзейтін шығар, – деп Димекен қайтадан қасыма келіп:

– Дүниенің бәрі өтірік емес, інім. Дүниеде жақсылық пен жамандық, достық пен опасыздық, қайыр мен қатыгездік, ұят пен арсыздық, кедейлік пен байлық, камкорлық пен озбырлық қатар жүретіндігіне менің көзім әбден жетті. Адам ретінде соны ұға білу аз, көтере білу керек, бауырым, – деп арқамнан қакқанда, мен жылап жібердім. Сірә, мас болып қалған шығармын. Бұдан кейінгі нәрсенің бәрі сағым ішіне кіргендей бұлынғыр: біреулер тілек айтты, Бибігүл ме, Ермек пе, ән салғандай, қалай тараптық, қашан үйге қайттық, біреуі анық есімде жоқ.

Ертеңіне бас жазылып, қалпыма келгендей кезде, ана екеуіне қарағанда маған жақын жүретін інім Сейдахметке телефон соғып, жолығайық, далаға шық десем, қыңырайып қалыпты, «бұлдірдіңіз, бұлдірдіңіз» дей береді. Бірақ ақыры көндірдім. Бағанадан саған айтқан әңгіменің ұмытып қалған кейбір жерлерін маған ұрса отырып, «былай дедініз ғой» деп, мойныма қойып берді. Сонымен, бала, мен өмірімде естімеген мақтау сөзді Димекеннің аузынан естідім және ол кісі де өмірінде естіп көрмеген тентек сөзді менен естіді, – деп Бердібек сылқ-сылқ құлді.

Таудан түскен адам, ак қар, кек мұз іспеттес, өзі де таза, шығармалары да таза, классикалық туындылар берген қalamгер ағамен пейіліміз, сөзіміз, қалжыңымыз жарасып, қол боста қыдырыстал, реті келгенде қаладағы, таудағы үйлерінде, кафе, ресторанда Алла берген ырзықты бөліп жеп, мұн-қайғы бөлісіп, шер тарқатып, баз кешкен сол бір бұлаң күндері көзден бұл-бұл үшқалы қашан. Көзі тірі журсе, осы күндері жасы сексеннің бесеуіне толар еді...

**Рымғали НҰРҒАЛИ,  
академик  
2009 жыл.**

# **«БІРЕГЕЙ БЕРДІБЕКТІҢ БЕР БАҒАСЫН...»**

Бұдан біразырақ бұрын «Ұлысымның ұйытқысы – Оңтүстік» атанған алтын күрсакты аймағыныздың алыстағы ауданында алашыныздың аса көрнекті суреткери, ұлтыныздың ұлағатты қаламгери, шыныайылықтың шынына шықкан шығармагер, балалар әдебиетінің зергері Бердібек Сокпақбаевқа арналған кеш ұйымдастырылды. Бір ақынымыз сонда: «Елегей егемен ел ер-данасын; Бірегей Бердібектің бер бағасын!» деп өлең оқыған.

«Балалық шаққа саяхат», «Жекпе-жек», «Менің атым Қожа», «Қайдасың, Гауһар?», повестері, «Өлгендер қайтып келмейді», «Бурыл ат», «Әріпбай және көюжал касқыр», «Бір қалта құрт», «Ұлтан оқиғасы», «Көйлек мәселесі», «Мен қалай үйлендім» атты әнгімелері. Бұлар – Бердібек Сокпақбаевтың тандамалы делінетін туындылары ғана.

Жоғарыда, сөзіміздің бісмілләсінде жергілікті ақынымыздың өлеңінен қос қатарды көлтірдік қой. Шыныда да, казак прозасындағы қазақы құнарлы қазақы карапайымдылық деп аталатын шеберліктің

кайталанбас ұлы мектебін Бейімбет Майлин бастаса, Бердібек Соқпакбаев – сол ұлы мектебініздің керегесін, яғни казақ қара сөзінің, қазақ көркем әдебиетінің көкжиегін кеңейтуімен кемел тұлға.

Ұлы жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың тұспалға толы, астары алуан туындыларын оқымайтын, білмейтін бала-шағада, жас та, жасамыс та жоқтың қасы еді. Кезінде. Кеңестік заманынызда. Соқпақбаев бірде-бір шығармасында сол қоғамынызды, сол заманынызды, партияңыз бер үкіметінізді мадактаған жоқ. Соқпақбаевтың «Сойылы» керегар сілтепенетін. Астар мен тұспалды тәптіштейтініміз сондықтан. Бір таңданарлығы – Бердібегініздің кез келген шығармасы Тәуелсіздік алғаннан кейін де жаппай оқылғаны. Қазір де, кітап оқымайтын, оқылмайтын уақытта да оқылып жүргені. Ертең де, келешекте де оқылатыны. Сенбесеніз, ғаламторды қарап байқаңыз. Иланбасаңыз, кітапханаларға барып, сұрастырып көірініз. Әгәрки, Бердібек Соқпақбаевтың туындыларын «Менің атым Қожа», «Өлгендер кайтып келмейді», «Балалық шакқа саяхат», «Қайдасың, Гауһар?» деген атпен басып шығарып, кітап дүкендеріне түсірсөніз бар ғой, жылдар бойы өтпей жатқан жинактардан жұз есе жылдамдықпен тарап-ак кетер еді-ау. Соқпақбаев ешкандай да сый-құрмет көрмеді. Көрсете алмадық. Қаламгердің қадір-қасиетін, повестері мен әңгімелерінің, романының күндылықтарын біле тұрып, білгіміз келмеді. Кеңестік кездің билігі, яки үкіметі мен партиясы бағаламады. Бағалағысы жоқ еді. Көзі тірісінде күндеңтіктің, іштарлықтың, бақастықтың қыл шылбырымен қылқындырудан танбадық. Табиғи, тума да тұма таланттың көре алмадық. Әрбір әңгімесін, әрбір повесін бас көтермей оқып, қалай аяқтағанын аңғармай да қалып, тамсанып, таңғалып отыратын талай-талаі қаламдастарының іштерін қызғаныштың қызыл иті тырнап: «Бұлай жазуға болмайды. Бүйтіп кез келген адам жа zadы», десетін. Алайда, сондайлардың өздері Соқпақбаев соқпақтарының маңайына да жолай алмас-ты.

Бердібекінізді тірісінде неліктен бағаламады? Себебі сол, Бердібекің бірбеткейтүғын. Тайсалмайтын турашылдығы тоталитаризм талаптарына қайшытүғын. Болмыс-бітімінде жағымпаздық пен жандайшаптықтың, жылпостықтың жұрнағы да жоқтүғын. Ол ешкімнен ештеңе сұрамаған. Ишарапап иек көтермеген. Төменшік тартып басын имеген. Талант тазалығы, дарын даралығы, кірпияздығы көп жүрттарыңызға ұнай бермес-ті. Білеңдердің бедерлеуінше, Бердібекің әзіл-оспакқа орасан болған. Осып-осып жібергенді кім жаратсын? Қалжының қалындығына қарамастан, қатар-құрбы қаламдастарына да аса ашылмаған. Қоғамына да, заманына да, адамына да күрәнқабактау кейіс көрсетумен өткен де кеткен.

Сокпақбаевыңыздың сокпақтары сонылығымен сындарлы. Сокпақбаев стилі өте-мәте түсініктілігімен, со лай бола тұра жұмбактары жасырынып жататын қат-қат қатпарларымен қымбатты. Бір қарағанда, қолына қалам ұстаған кез келген «нанталап» жаза салатындай секілденер. Оп-оңай, жеп-женіл өрілгендей көрінер. Солай сезілер. Олай ойласаңыз, онбай қателесесіз. Ондай қарапайымдылыққа, Бейімбет бастаған, Бердібек биқтете білген қазакы құнарлы қазакы қарапайымдылыққа екінің бірі емес, мынның да емес, миллионның бірі оңайлықпен қол арта алmas. Майлиниң ғана мәнері. Сокпақбаевтың ғана стилі. Өрнектері. Бейімбетіңзге де Алладан айрықша бак боп қонған. Дүрия дарын. Бердібекінізге де бір ғана Ҳақ тағала даралай дарытқан. Табиғат ана арқылы аямай төккен. Төгілме талант.

Өзінше неге өршеленіп отыр. Деменіз. Өзгелерге де құлак қойыңыз. Бақастықтан бойларын аулағырақ ұстағандар бағасын білген. Білгенін бедерлеген. Жүректегілерін жазған. Қазағыңыздың Қадыры, алашыңыздың ақиық ақыны, шандоз шайыры Мырза Әлі бүй деген: «Бәріміз де бала болдық. Қазір есейдік, ересек тарттық. Дегенмен, сонау кезіміздегідей пәк емеспіз. Ал сол көніл күйімізді айна-қатесіз бейнелеген «Менің атым Қожаны» барлығымыз оқып шыктық. Біз соны жазған

Бердібек ағамызға сол кезде-ақ Мемлекеттік сыйлығын сыйлап қойғанбыз».

Әнекиңіз. Көрдіңіз бе?! Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасы» да, «Балалық шаққа саяхаты» да, «Өлгендер қайтып келмейдісі» де, әңгімелерін «Қайдасың, Гаунар?» атты ғажайып хикаятымен топтасаныз да, әрқайсысы бір-бір Мемлекеттік сыйлыққа әбден-ақ лайық еді. Амал қанша, берілмеді бірегей Бердібекке. Қайран, Қадыр ағамыз сонау алпысыншы жылдарыңыздың орта тұсында-ақ сыйлап қойған екен. Мемсыйлығыңызды. Өзінше. Ел көкейіндегіні елгезек сезіп. Мын алғы!

Тұрасынан тартатын таза ағаларымыздың тағы бірі Мұзафар Әлімбаевты тындаңыз: «Бердібек Соқпақбаев – сезіне берік, ісіне ұқыпты жан. Мен білетін жазушылардың ішіндегі қарапайым, шаруақоры. Өзіне де, өзгеге де қатал, тұра, әділ. Тіл өнерінде де солай: әр сөздің, әр сөйлемнің өз орнында түрганын қалайды. Бердібек Соқпақбаевтың кітаптарының соңғы бетін жапқанда, өзіңің ең тату-тәтті дос, жолдастарынды ұзак сапарға шығарып салғандай боласың. Қимайсың. Көңілің бұзылады. Жазушы үшін бұдан асқан бақыт болуы мүмкін емес».

Классик қаламгеріміз Тахауи Ахтан да ағынан жарылады: «Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған комакты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен тайталаспай-ақ, тіпті соларға жетекабыл жүргенінің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел ме?!!»

«Жазады – түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл – Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән нәрсе», – дейді Сайын Мұратбеков. «Саясаттан сая іздемей, ресми идеологияны ықтамай өткен Бердібек шығармаларында өз тенденцијасын берік ұстанып, сонысынан айнымай, ақиқатшылдықты темірқазық тұтты. Өзі қалтқысыз білетін өмірді ғана қалтқысыз жазып кетті», – дейді жасандылыққа жаңы қас қаламгерінің

## Қастек Баянбай.

Ойпырай! Дейсіз. Осыншама ойып-ойып бәдізделген байыттамаларға карамастан, Бердібек Сокпақбаев неге бағасын ала алмаған?! Мемсыйлықтан қалайша қағыс қалған?!

Енді өткен ғасырынызды қоя тұрып, қазіргі кезеңге келейік. Бүгініміздің үніндей, Тәуелсіздігіміздің гүліндегі білімпаз ба-ламызы, сын әлеміндегі сонылықтың үлгісін танытып жүрген та-лантымыз Амангелді Қеншілікұлы ақиқатшыл атасы Бердібек Сокпақбаевтың қаламынан туған шығармаларда иненің жа-суындағы да жасандылық жок екенін жан-жақты дәлелдейді. Оқырман өспірім, жаны мөлдір жас өскін кезіндегі әсері арқылы. Қазіргі қазақ сынындағы шертпе күйшідейін шы-мырлата шер тарқатар, тұнғиыққа тартар сырлы сазы арқылы. Амангелдінің Бердібек хакындағы дүр дүниесінен үзінді келтірсек, ұзаңқырап кетерміз. Әркімнің өз көзімен зейіндей зерделемегі аbzal шығар.

Ғаламторсыз отыра алмайсыз. Қарайсыз. Бүгінгі оқырмандарыныңға қосыла толғанасыз: «Бердібек ағамыз шынында да өз бағасын ала алмай жүрген ұлы жазушы», «Өкінішке қарай, Бердібек туралы газет беттерінде өте аз айттылады. Амангелді жақсы айттыпты. Ол кісі балалар жазушы-сы ғана емес, бала туралы айта отырып, үлкен мәселе көтерген классик». «Бердібек ағамыз – қазақтың Марк Твені». «Кітап дүкендерінен Бердібек Сокпақбаевтың дүниелерін қанша іздесек те, таппаймыз». «Сокпақбаев шығармалары балаларды жақсы іспен айналысуға талпындыратын үлгі-өнегеге толы деп есептеймін. «Жекпе-жекті» оқыған соң менде спортқа деген құлышының пайда болып, бокспен айналысуға итермеледі».

Мінекиңіз, осылайша жалғасар ой-пікірлер аз емес.

Бүгінгі таңдағы бұла талант иелерінің бірі, жаңашыл ізденістерімен сүйсінтіп жүрген жас қаламгер Алмас Нұсіп баламызы да біразырак бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінің тұтас бетінде Бердібек атасының туындылары тұрасында төбіреніске түсті. Күні кеше ғана ірі де іргелі суреткеріміз Дүкенбай

Досжанның дүниесін «Жұлдыз» журналынан оқып ризаландық. Дүкен «Бердібек Сокпақбаев» атты эссеінің сонында бүй депті: «Көп ұзамай, ешкімге міндесінбей, ешкімнен жақсылық, жарылқау күтпей, ешкімнің сыбағасын, несіbesін қызғанбай... мына жарық жалғаның емен есігін ақырын ғана жауып... енді қайтып келмейтін баки жалғаның өлкесіне жөнеліп кете берді. Сонында ет-жүректі сыйдатқан сағыныш қана қалды. Көп сыры ішінде кетті. Құлпы берік, алтын сандықтай ағамыздың жан сарайын ашып әлі талай естелік жазылар, әлі талай әуезді әңгіме айтылар-ау».

Дүкен көкем аңғартқандай, осы «көп сыры ішінде кетті» дегенді Бекен жөнінде жазғандардың бәрі дерлік қеуделерін күрсін керней мензейді. Неге? Жұмбак Адамзатыныздың Абайынан да анталаған, шешілмейтін жұмбак қой ол.

Тірісінде тиісінше бағаланбағандар, көзі кеткеннен кейін де бағасын ала алмағандар аз емес, әрине. Қайран Қасым Аманжолов та сондайлардың сойынантұғын. Аллаға шүкір, алды. Бағасын. Орталық Қазақстанымыздың отты жүргегіндей, бүкіл байтағымыздың болат білегіндей бірегей қаламыз Қарағандыны қазақ баласы бұрынғыдан бетер қадір тұтатын болды. Қарағанды облысының сол кездегі әкімі Серік Нығметұлы Ахметовке алғыс жауғай. Соңғы жылдары өткен мерейтойлардың ішінде Қасым мерекесінің жөні бөлек, жосығы ерек болғаны рас. Аманжоловтың алып ескерткіші енселенді. «Қасым Аманжолов және жаңа дәүір поэзиясы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Том-томдап жыр жинактары жарық көрді. Астана қаласының үлкен көшесінے Қасымның есімі қойылды. Жөн демді үйге қолы жетпей-ак кеткен Аманжоловтың екі қызына жана пәтерлердің кілті табысталды. Мұшәйра мен акындар айтысында жыр дүлдүлдері Ұлықбек Есдәulet пен Айнұр Тұрсынбаева бір-бір «Джип» автокөлігін мінді... .

Қасым Аманжоловтайын аяулымызды айтканда, Бердібек Сокпақбаев сынды санлағыныздың ойға орала беретіні неліктен

екен...

Сонымен, маглұм болды: Бердібек Соқпақбаевыңыз – тендессіз тірлік тындырган тұлға. Тәуелсіздігініз тұсында да егемен еліне енбек сініруде. Артында қалған ақиқатшыл дүниелерімен. Болашакта да Бекең қазақтың қаншама үрпақтарын тәлімдеп-тәрбиелей бермекші. Өлмес те өшпес, өнегелі өнерімен. Өзіне ғана тән өрнегімен.

Келесі жылы көркемдік жыршысының туғанына тоқсан жыл толады. Не істемек керек? Жұртшылықтың пікіріне ден қойсақ: «Қым-қуыттанған уақыттан бір сәт Бердібек бағытына бұрылсақ. Елдігімізді, мемлекеттігімізді, қазақтығымызды, ұлт ретінде өскендігімізді танытсақ. Болашағымызды баянды ете түспекті теренірек пайымдап, парасаттылыққа жүгінсек. Осы мақсатта Үкіметіміз Бердібек Соқпақбаевтың туғанына тоқсан жыл толуы турасында толыққанды қаулы қабылдаса. Сол құжатқа сәйкес жауһар жазушының бес томдық туындылар жинағы әспеттей әдіпте, қолға ұстағанда көңіл сүйсінерлікте, сана сәүленердей етіп, кем дегенде отыз мың тарапыммен шығарылса. Балаларымыз бен немерлеріміздің қамын, жас үрпақ тәрбиесін ескере отырып, бес томдықпен ғана шектелмей, жекелеген шығармаларын «Менің атым Қожа», «Әлгендер қайтып келмейді», «Жекпе-жек», «Қайдасын, Гауһар?» деген аттармен алуан түрлі дизайнмен, мол тарапыммен кітап етіп басса, шіркін-ай. Марк Твендер такылеттес. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылса. Республикада дәстүрге айналған «Бір ел – бір кітап» акциясы алдағы жылы Бердібек Соқпақбаевка арналса. Астана мен Алматы және Талдықорған қалаларынан бір-бір көшениң, Елордамызыда жаңадан ашылған мектептер мен кітапханалардың біріне аты берілсе. Алматының әсем бір аланы немесе саяжолы мен Гүлзарына әзіл-қалжыны мен терен ойы, бала мінезі мен мөлдір мұны, «көп сырғы ішінде кеткен» кейпі бейнеленген ерекшелену ескерткіші қойылса. Аумак-алаң жағына сараңдық жасамай-ақ, көремет кейіпкерлерімен қоса кешен-ескерткіш жасалса ше?!

Ғажап жаңалық болар еді-ая! Туып-өскен ауылды мен ауданынан, ең болмағанда, есімін еншілеген екі мектебінің бірінен кең-молдау музей жабдықталмаса, жұдә ұят болатын сияқты.

Үкіметіміз көп кешікпей арнайы қаулы қабылдайтын шығар деген оқырмандар жетіп-артылып жатыпты. Ұлт суреткері ұмыт қалмас. Сенеміз осыған. «Елекін егемен ел ер-данасын; Бірегей Бердібектің бер бағасын!» деп шайыр шырылдайды...

**Мархабет БАЙГҮТ,  
жазушы, Қазақстаниң  
енбек сінірген қайраткері**

# ЖЕҢІЛІСТЕРДЕН ТҮРАТЫН ЖЕҢІС

(Іні архивінен алынған лебіз)

«Пенденің пәни дүниедегі ең негізгі қарсыласы – өз тағдыры» деген сөз рас. Алмағайып заманның жетегіне еріп, дұрысқа емес, бұрысқа қарай бұрылыш кетуғе ынғайланып тұратын тағдыр такуа Кенес үкіметінің өкімі ұстем болған қылыш кезенде ұлтының болашағын ойлап шырылдаған талай ардақтының шақшадай басын шара-дай еткен. Ұлттың ұятына, абырой-арына айналған, рухани қосемдіктің туын ұстаған перзентте жеке бастың тағдыры, кара бастың мұн-мұқтажы деген болмайды. Уақыттың салмағы, ең алдымен ұлттың ар-ожданына айналған санаулы санлақтың қабырғасын қайыстырып, заманның дерті мен қайғысы міндettі түрде солардың жүргегінің сүзгісінен өтеді. Уақыттың женғен тағдыр жок. Халық рухының жаршысы, жоқшысы болғандардың барлығының өмірі жеңілістерден тұратының адамзат баласының тарихы сан рет дәлелдеген. Замандардан замандарға ұлкенді-кішілі болып жалғаса берді. Пролетариат диктатурасы ұстемдік еткен дәуірдегі жеңілістің халықтың рухани тірлігіне жасаған қиянатын анықтап білу үшін көп жылдар керек, көп ғасырлық

тариҳы, қайталанбас дәстүр-салты бар ұлт есін жиып, өзін-өзі тануға тиіс. Біз әлі ештенені де білмейміз. Өйткені, баршамыз социалистік жүйенің төліміз...

Тірлігінде Кенес идеологиясымен ымыраға келмей кеткен Бердібек Соқпақбаев екеуіміздің арамыздығы диалог қызықыза осындай монологтарға ұласар еді. Сыйлас, сырлас бола жүріп Бекеннің мінезіне, ешқандай зандылыққа бағынбайтын, өз қара басына пайда емес, зиян әрекеттеріне түсінбейтінмін. Менің ұғымым, кенес идеологиясы қалыптастырған өмір сүру принциптеріне, кісілік мазмұнына мұлде қайшы келетін «экстремистік тірлігіне» іштей қарсылық білдіретінмін. «Жазушы мен партияның сөзі бір жерден шығуы тиіс», – деген балаң түсініктің жетегіне ерген бізге Бекеннің айтқаны ерекше әсер ететін. Барлығымыз жабылып марапаттап, тенеу таба алмай қиналатын кенестік қоғам мен сол қоғамдағы құбылыстарға деген көзқарасын, наразылығын ашық білдіріп жүретін, сталиндік заманың зұлматын көзімен көрген қаламгердің бұл батылдығы ұлты мен уақыттың алдындағы азаматтық һәм суреткерлік жауапкершілікті терең түсінгендігінің белгісі екенін біз ол кезде бағамдай алғамыз жоқ. Оның наразылығын қаламгердің өмірлік тәжірибесінен түзілген мәні зор мазмұн, ұлken қорытынды деп үқпай, Бекеннің қынырлау мінезінің қанжығасына байлай салатынбыз. Сондай наразылық ұлғая келе талай-талай ұлken қаламгердің жеке басының қасіретімен аяқталғанын біз жақсы білеміз. Шауып жүрген Бекен де ауырмай-сырқамай бақи дүниеге аттанып кетті...

Ол кісінің екінші өмірі басталғалы да біраз уақыт өтті. Тірлігінде көзге оқшау түсуге тырыспайтын, дакпыртқа, ретсіз марапатқа қаны қас, мейлінше қарапайым, сыпайы, қонторғай өмір кешкен қаламгер туралы сөз енді айтыла бастағандай. Бірақ сол көп сөзден нәтиже жоқ. Өмірінің соңында шағын-шағын екі бөлмелі пәтері орналасқан үйге ескерткіш тақта орнату, қаладағы бір көшенні Бердібек Соқпақбаев есімімен атап туралы мұлде әнгіме естілмейді. Тірлігінде топқа қосылмай

саяк жұрген, қолында билігі бар туысты тұғыр көрмеген, еңбегімен ел-жұртына сенген қаламгердің жоғын жоктар қолы үзын ағайын қалмағандай. Такта орнатып, көшеге атын беру үшін Министрлер кабинетінің қаулысы шығуы керек екен. Ҳалқының рухани байлығына айналған тамаша шығармалар жазғанмен оған бірде-бір сыйлық берілменті, атақ алмапты. Қазактың балалар әдебиетінің классигі деп жұрген жазушының жағдайы осындай. Атақ, сыйлық алмай-ақ небір марқасқа өткен бұл дүниеден. Олардың пәннегі өмірі – женілістерден тұрған. Олардың женісі бақылыш екінші өмірінде басталғай.

Тағдыр Бердібек Сокпақбаев есімді жазушыға қиянат-құқайын көп көрсеткен секілді. Бұл туралы ол кісі былай дейді:

«Сегіз жасымда шешем өліп, жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашкы жылдары – ен бір қын кез. Содан соңғы басымнан кешкендерді ойлай бастасам осы күннің өзінде жүрегім карс айырыла жаздайды. Япыр-ау, қалай тірі қалдым, осы күнге қалай жеттім?! Нағыз итжандының өзі екенмін-ау деп таңданам».

Б.Сокпақбаев шығармалары мінезінің қатал болатыны, кейіпкерлерінің қат-қабат қыншылықтың бел ортасында жүретіні осының айғағы секілді. Жазушының ерекшелігі – ол шындықтан алшақалып кететін фантазияның жетегіне ілеспейді. Оның шығармаларында суреткерлік пен фотографтық дәлдік жарысып катар жүреді. Жазушы өзі өмір сүрген дәуір көрінісін боямасыз дәл бере біледі. Б.Сокпақбаевтың қай шығармасын алмаңыз, өмірдің қан сорғалаған шындығы кейіпкерлер тағдырымен катар өріліп, үлкен көркемдік қорытындылар түзіліп жатады.

«Балалық шаққа саяхат» – отызыншы жылдар шындығын боямасыз көрсете білуімен құнды. Бұл шығармасында жазушы Кеңес үкіметінің алғашкы бесжылдықтар тұсындағы «ұлы» істерін дәріптеп, жалған пафосқа бармайды. Повесте елдегі саяси ахуал, әлеуметтік жағдайлар қәктығысы туралы ештеңе айттылмайды. Қазақ даласының бір қырындағы қараша ауылдағы

карапайым халыктың өмірі суреткердің елегінен сұрыпталған. Сол бір кезеңнің көркем шындығына айналған. Ұранға ұласып, небір парасатты адамның ойлау жүйесін зорлықпен қалыпта салған кенес идеологиясының ырқына көніп, шындықтан алыстап кеткен, соған қарамастан сый-сияпатқа карық болған небір оқалы шығармалар жазылды ғой. Олардың өмірге келуі, сый-сияпатқа бөлөнуі қалай онай болса, ұмытылуы да солай онай болды. Ол шығармалардың кейіпкерлері түгіл авторлары да ұмытылды. Ал қалың оқырманның жүргегінде «Балалық шакка саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гаяхар?», «Мениң атым – Қожа», «Жекпе-жек» сияқты сокталы шығармалар қалды.

Бекен шындықты жазғаны үшін, қалың оқырманның руҳани азығына айналған көркемдігі келіскең туындылар бергені үшін алғыс алушын орнына, Кенес үкіметінің саясатын құптамайтындардың, «сенімсіз» адамдардың қатарында жүрді. Жаратылышынан бірбеткей, керек кезде әдіске бағып, шегініс жасап үренбеген Бекен алып өкіметті тоқтатар күштің жоқтығын және де әділеті кем заманда Соқпақбаевша өмір сұруғе болмасын біле тұра, өз принципінен айнаған жоқ. Оның шындықтан өзге қаруы, сүйеніші жоқ еді. Сол себепті де оның өмірінде үлкен женілістер көп болды. Бердібек Соқпақбаев есімді көрнекті қаламгердің бүкіл өмірі женілістерден тұрады десек артық айтқан болmas едік.

«Нағыз жазушының женілістері негұрлым көп болған сайын оның ешкім де жокқа шығара алмас ұлы женілістері көбейе береді», – дейді Американың ұлы жазушысы У.Фолькнер. Әлемдік көркем ойдың көкжиегін кеңіткен талай-талай кеменгердің өмірі осы ойдың ақиқаттығын айғақтай түспей ме?!

Бекен тірлігінде топ куып, иә болмаса топқа қосылып, «алдымды орап кетеді-ау» деген пенделік пасық пейілге женіліп, екінші біреуді тобықтан қағып, қиянат қылған емес. Арзан атак үшін арын сатып, жанын жеп жанталасқан жоқ. Ақылдың

айқайға мінгестіріп жіберетін шіреуік шенеуніктердің шашбауын көтеріп, есеппен өмір сүрмелегені және ақиқат. Сондай пысықайларды көрсө жымып құліп:

– Қазаққа ақыл кірмейді, – дейтін.

Ол көптің көзінен таса, саяқ жүріп ғұмыр кешті. Шығармаларының өн бойынан есіп тұратын өкініш, кейіпкерлерінің жанындағы мазасыздық, құрескерлік рухпен астасып жататын пессимизм Бекене де тән еді. Ол кешегің кенестік жүйені мұлде қабылдамаған адам. Өте ықтияты, шаш та төк тірлікке жанымен қарсы, өте үнемшіл кісі еді. Шашылып-төгіліп иесіз жатқан мемлекет байлығын қөргенде керемет күйінетін.

«Мына бетімізбен кете беретін болсақ аз уақытта жардың жағасына жетіп қалатын шығармыз», – дегенді Бекен жетпісінші жылдардың бастапкы кезеңінде-ақ айтып жүретін. Ол жолындағының бәрін таптап кете беретін алып машинаны тоқтатар күштің жоктығын біліп, шарасыздығына күйінетін, көніл жұбату үшін «қоғамнан қашып», Кенсайдағы кішкентай саяжайына тығылатын. «Азаттық», «Америка дауысы» сияқты радиостанциялардың хабарын тыңдалап, өзін-өзі алдарқататын еді.

Ол Кенес жүйесінің кемшіліктерін ғылыми тұрғыдан зерделей алған жоқ, сол жүйедегі әлдеқашан мазмұнға айналып кеткен әлеуметтік әділетсіздікті «ымыраға көнбейтін, жетекке жүрмейтін қыңыр» Соқпақбаев суреткерлік интуициямен түсінді. Құнкөріс, бала-шағаның қамы үшін небір үлкен таланттар ұлы шындығын қаһарлы, қатал уақыттың аяғына жығып беріп жатқанда «қыңыр да қисық» Соқпақбаев өз шындығын шыбын жаны шырылданған. Ол уақыттың тепкісіне көнді, әділетсіздікке тегеурін көрсетті. Ол ұлы шындығы үшін көп ұпайын жоғалтты, пенде ретінде азуын айға білеген уақытқа ұтылды, үлкен женіліске ұшырады. Сол женілістері арқылы шығармаларына ұзак ғұмыр сыйлады.

Бердібек Соқпақбаев сонына көп мұра қалдырган жоқ. Ол

жазудан тым ерте «жеріп» қалған қalamгер. «Өлгендер қайтып келмейді» романынан кейін ештене жазған жок десе де болар еді. Бұл роман 1963 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланды. Цензураның өткір қайшысына түсіп, мықтап күзелген шығарма оқырманның қолына 1966 жылы ғана тиді. Осы бір келеңсіз жағдай жазушының шығармашылық жұмысына өте жаман кедергі жасады. Романды жазып біткенде Бекен қырыққа да толмаған екен. Кемеліне келіп, жан-жақты толысқан шағында жазудан «жеріп» кетуі суреткердің ішкі жауапкершілігінің күштілігін, азаматтық болмысының тазалығын танытатын негізгі фактор болса керек.

Біздің публицистика тоқсаныншы жылдардан кейін жаза бастаған қоғамның дерті туралы ол кісі сонау алпысыншы жылдары ашық айтып жүретін. Әңгімелері құлакқа тосын естіліп, көңілге қорқыныш қамайтын. Аштықты, сталиндік зұлматты көрген, Кенес қоғамының мінезін білетін адамның бұл батылдығы үміті үрейге айналған кейбіреу үшін қорқыныш еді. Ал Бекен халқының басындағы қасіретті жалтақтамай жазды. Өкініштің сол – аштық туралы көріністер, халықтың басынан өткен қасірет баяндалатын тұстардың барлығы қысқарып қала берген.

«Шындық жок. Шындық әркімнің жүрегінде. Біз өтірікпен өмір сүріп жүрміз», – дейтін ол. Ойлау жүйесі стереотиптеніп, Кенес идеологиясының құлак кесті құлына айналған белсенділер үшін Бердібек Соқпақбаев «битке өкпелеп, тонын отқа жағып» жүрген біреу еді. Қолында билігі бар белсенділердің пейілін түсінген қalamгер жеке басының шешілмеген толып жатқан мәселелері бола тұра қамсыз отыра беретін. Мынау жарық дүниеден жеріп болғанын кейде айтып қалып жүретін. Ол өзі қабылдай алмаған қоғамдық орта сүмдігінің бәрін жасырып, бетіңе құле қарайтын сайқал дүниеде барқадар таппасын біліп, жеке-дара аулактанып шыкты. Аулак жүріп, аяңышыл тірлік кешкен жазушының бойына біткен шындықтан жаратылған шығармалары жарық дүние дидарын көрмей сан рет түсік бо-

лып түсті.

Жазушының негізгі шығармаларының жолы да ауыр болған сиякты. «Өлгендер қайтып келмейді» сиякты туындылары та-лай түзелген, күзелген.

«Өзім туралы повесть» («Менің атым – Қожа» алғаш осылай аталған) Алматыда біраз қиналыспен басылады. «Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек?» – деп алая қарағандар аз болған жоқ. Орысша қолжазбаны баспа өзіме қайтарып берді. «Мектептегі барлық баланы хулиган етіп шығарғыларының келсе, бұл кітапты тезірек басыныздар», – депті рецензент.

«Қожаның» тұсауын Москва кесті. Көп тиражбен бірінен соң бірін екі рет басты. Бірінен соң бірі: молдован, латыш, лит-ван, украин, өзбек, француз тілдерінде басылып шыға баста-ды. Кино түсірілді. 1967 жылы Канн фестивалінде бас бәйгені жеңіп алды», – деп жазды Б.Соқпақбаев. Ол кітап туралы то-лып жатқан мадақ мақалалар жазылды. «Қожа» толып жатқан халықтардың сүйіп оқитын шығармасына айналды. Бірақ Бердібек Соқпақбаев еткен еңбегіне лайық құрмет көрген жоқ. Үйінің өзін үлкен құшпен алды. Қолдарынан «өлген адамды тірілтуден басқаның бәрі келетін» шытынағыш шенеуніктердің алдына барып, алакан жайып тұруды ар санайтын «қиқар» Соқпақбаев ол жолы да өзіне ғана жарасатын «тентектігіне» басыпты. Ташкент қаласында өтіп жатқан Азия, Африка жазу-шылары мәжілісінің тәралқасына жеделхат салады. Мемлекет басшылары «біздің елде жазушыға ерекше жағдай жасалады» деп баскаларға үлгі көрсетіп жатқанда, үйсіз-күйсіз журген қаламгерден жеделхаттың келуі үн-түнсіз жаба салатын мәселе емес еді. Өмірі тәуекелден тұратын Соқпақбаев бұл жолы да желкайығына мініп алып, буырқанып тасып жатқан асau теңізге койды да кетті...

Ташкентте өткен халықаралық мәжіліс тәралқасына жедел-хат саламын деп біраз әуреге түскенін, ақыры екі бөлмелі үй алғанын Бекен күліп отырып еске алушы еді.

Көзі тірісінде ол атақ қуып, мансалтың сонына түскен жоқ.

Қал-қадірінше адап еңбек етті. Еңбегін бұлдан, бұлданғанын естіген емеспіз. Өзінен әлдекайда кіші адамдар Жазушылар одағы басқармасына мүше болып жатқанда Бердібек Соқпақбаев тізімге ілінбей, санатқа қосылмай жүрген екен. Сыйлас, сырлас досы Тахауи Ахтанов кіріспегендеге, бәлкім, Бердібек Соқпақбаев өмірінің сонына дейін Жазушылар одағы басқармасына мүше бола алмас та еді. Кенес идеологиясы үстем болған дәүірде мұндай парадокстар көп болды ғой. А.Платонов секілді орыс әдебиетінің классигі өмірін жоқшылықта өткізді. Талай марқасқаның сонында аттаған адымын өлшеп, «үш әріптің» сүмелектері жүрді. Көзі тірісінде қиянат көріп, қан жүткән үлкен дарындар Казақстанда да аз болмаған сияқты.

Анда-санда Жазушылар одағына келіп-кеткені болмаса уақытын Кенсайдағы саяжайында өткізетін Бекенің тірлігіне түсіну киын еді.

– Неге жазбайсыз? Үндемей кеттіңіз ғой, – дейтінмін мен.

– Отірік айтуга арым бармайды. Ал шындықты айтсақ ешкім баспайды. Егер жазар болсам Кенес үкіметінің құрылуын адамзат тарихының үлкен қатесі ретінде көрсетер едім, – дейтін ол. Ол уақытта мұндай сөз айту түгіл жүрек шімірікпей тындаудың өзі онай болмайтын. Үйреніп қалған әдетке бағып, Кенес үкіметінің жақсылықтарын айтып, әңгіме өрбітсөң Бекен шамданып қалатын.

– Осы айтқандарынды өзің жаз. Шындығы жоқ кітапты ешкім оқымайды. Халыққа қаны сорғалаған шындық керек, – дейтін ол.

Бекенің сөзінің ақиқаттығын өмір дәлелдеді. Оқа тағып, шекпен киген талай шығарма уақыт сынына шыдай алмай, ескіріп қалды. Бірнеше рет Мемлекеттік сыйлық алған жазушыларды кім біледі қазір? Олардың қалын мұқабалы жып-жылтыр «кірпіш» кітаптарын көргенде жүректі жиіркеніш билейді. Ал Бердібек Соқпақбаев сияқты таланттардың қалын оқырманның ықыласына, маҳаббатына бөленген шығармаларына мінезі мен мазмұны өзгеріп

отыратын уакыт кедергі емес. Қас таланттардың өз бағасын көзі тіріде емес, бақылық болған соң алатыны өкінішті-ақ. Б.Сокпакбаев та өзі туралы әділ бағаны жамбасы жерге тиғен күні естіді. Барлығы оның жанының шығуын күтіп жүргендей. Мемлекет басшылары қол қойған қазанамада: «Бердібек Сокпакбаев қазақ балалар әдебиетінің классигі», – деп жазылды. Қалың оқырман да, күні кеше түсінісе алмай тістеніп қалатын қalamдастары да осы пікірде болды.

Осындай марапат сөзді қөзінің тірісінде естісе: «Мен кітапты классик болу үшін жазғаным жок. Шығармаларым халыққа кішкентай ғана пайда берсе мен перзенттік парызыманан құтылар едім», – деп жымышп құлдер еді.

Ол өте қарапайым әрі кінәз, ас та төк мырзалыққа қаны қас, еңбекпен келген байлықтың бағасын білетін кісі еді.

«Мынау ұшы-қыры жок дала, ұшан-теніз байлық қазактың сорына біткен ғой. Соның салдарынан қазақ жалқау болып алды», – деп құлдетін. Бекенің қөзкарасы, танымы қалыптасқан занғылықтарға бағынбайтын. Оның өмірлік пәлсапасын түсіну де оңай бола бермейтін. Ол кісінің сөзі әркез қыңыр тартып, көпшіліктің әнгімесімен үйлесе қоймайтын. Сананы улап алған Кенес идеологиясының сойылын соғып, жыртысын жыртып, женсік бермейтін көпшілік басқа да, ал әл бермейтін әділестіздікке қарсы құресіп, шамасы келмей шырылдайтын Бекен, Бердібек Сокпакбаев даланың құрық тимеген асau торысындай еді. Ол ешқашан да шенбер айналып шабатын цирктің аты бола алмасын сан рет дәлелдеді.

Бекен «айтпаса сөздің атасы өлеңді» дейтін қағиданың адамы еді. Көп жағдайда сөзін қөңілге кек болып тұнбас әдемі әзілмен жеткізетін. Кейде сүйекке біткен мінезіне салып тік кететін. Сол мінезі кедергі жасап, жақсылыққа бет алған істі теріс бұрып жіберетін. Ісінің онға баспағанына өкіне тұра шындық үшін ұпай жоғалтқанына мүлде ренжімейтін.

1991 жылы Мұқағали Макатаевтың 60 жылдығына байланысты Райымбек ауданы үлкен той жасады. Ақынға арнап

салынған мұражайдың ашылу рәсімінде Бекен сөз сөйлеп, көңілдегі кірбінін, ренішін айтты. Ол кісіге сөз берілерде қаракұрым халықтың берекесін алып, дүниені қөшіргендей болып жақын маңайға облыс басшысы Қасым Төлебековтың тікұшағы қонған. Аткамінерлер сол жаққа шұбырған. Соган деген қарсылықтың, назаның әсері ме, сол жолы Бекен шарт сынбағанмен қатты шамырқанып еді.

«Мұқағалиға көзінің тірісінде не жақсылық жасап едініздер? Ол мына өмірден түк көрмей, енбегінің жемісін татпай өтіп кетті. Осы құрметті оған сол уақытта жасасандар Мұқағали мәндайы жарқырап ортамызда жүрмес пе еді. Оған музейдің де, ескерткіштің де керегі жоқ. Оның мәңгілік ескерткіші – өлеңдері...».

Бекеннің бұл сөзін әркім өзінше түсінді. Данғаза қуған қалың топ Бердібек Соқпақбаевтың айтканын тез ұмытты. Ал Бекен, Мұқағалидан бастап баршамызға ұстаз болған ардақты ағамыз Бердібек Соқпақбаев өзінің туған жерінде кезекті женілісінің аңы дәмін татты. Алматыға аттанып кетті. Оны іздеңген ешкім болған жоқ. Той жалғаса берді...

Інісі Мұқағали бастаған той 1994 жылы ағаның 70 жылдық тойына ұласты. Бірақ бұл кезде өзі жоқ, бақылыққа аттанған еді. Одан соң 2004 жылғы 80 жылдығы Бекеннің өзінің табиғатына тән ешбір данғазасыз, қарапайым, табиғи түрде аталып өтті. Тірлігінде ел-жүртynың намысын жыртып, ана тілі мен қазақ рухының тәуелсіздігі үшін өмір бойы тәуекел деп «тас жұтқан» көрнекті қаламгердің нағызы перзенттік қадірі осындағы басқосулардан бастап артты. Сөйтіп халқының жүргегіндегі тек женістерден тұратын екінші ғұмыры содан бастап басталды. Ұлы перзенттерін жүрек құндағына бөлеп, олардың аруағын асырған, қадіріне енді ғана жетіп жатқан еліміздің мәндайынан бақ кетпесін деп тілейік.

*Баққожа МҰҚАЙ, жазушы-драматург,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.  
Алматы. 2007 жыл, желтоқсан.*

# ӨЗ ЗАМАНЫНЫң АР-ҰЯТЫ

Саңлак суреткер, көркем сөз өнерінің асқан шебері, қазак балалар әдебиетінің классигі Бердібек Сокпақбаев 90 жасқа толды.

«Көзі тірісінде Бердібек Сокпақбаев атақ қуып, мансаптың сонына түскен емес, – дейді көрнекті жазушымыз, марқұм Баққожа Мұқай. – Еңбегін бұлдаپ, бұлданғанын да естіген емеспіз. Көзі тірісінде қиянат көріп, қан жұтқан үлкен дарындар Қазақстанда да аз болмады десек, соның бірі Бердібек Сокпақбаев еді...»

...Анда-санда Жазушылар одағына келіп-кеткені болмаса уақытын Кенсайдағы саяжайында өткізетін Бекенің тірлігін түсіну біз үшін қын еді.

– Неге жазбайсыз? Үндемей кеттіңіз гой? – дейтінмін мен.

– Өтірік айтуға арым бармайды. Ал шындықты айтсан, ешкім баспайды... Егер жазар болсам, Кенес өкіметінің құрылуын адамзат тарихының үлкен катесі ретінде көрсетер едім, – дейтін

Бекең. Ол кезде мұндай сөзді айту түгілі, бұны жүрек шімірікпей тыңдаудың өзі оңай болмайтын. Үйреніп қалған әдетке бағып, Кеңес өкіметінің жақсылықтарын айтЫП, әңгіме өрбітсөң, Бекең шамданып қалатын.

—Осы айтқандарыңды өзің жаз. Шындығы жоқ кітапты кім оқиды? Ешкім де оқымайды. Оқырманға қаны сорғалаған шындық керек,—дайтін ол.

Бердібек Сокпақбаевтың сөзінің ақиқаттығын өмірдің өзі дәлелдеді. Оқа тағып, шекпен киген талай шығарма уақытқа төтеп бере алмай, ескіріп қалды. Бір емес, бірнеше рет Мемлекеттік сыйлық алған жазғыштарды кім біледі қазір? Олардың қалың мұқабалы, жып-жылтыр «кірпіш» кітаптарын көргенде жүректі жириеніш билейді. Ал Бердібек Сокпақбаев секілді ұлы дарынның оқырман ықыласына, халықтың махаббатына бөленген шығармаларына мінезі мен мазмұны мың құбылып отыратын уақыт шіркін кедергі бола алар емес».

Мұны Б.Мұқай 2005 жылы жазыпты. Бекең қаза болған кезде Сейдахмет Бердіқұлов «Арамыздан ар-ұят арқалаған бір адам кетті...» деп мұңайыпты. Иә, Бердібек Сокпақбаев өз уақытының, өз заманының ар-ұяты еди. Әдебиетке деген адалдық, әдебиетке деген әділдік, сөз өнеріне деген тазалық сөз бола қалса, сол заманды коя тұрып, әдебиет сыншылары әлі күнге дейін Бердібек Сокпақбаевты үлгі етеді. Сөз жоқ, Б.Сокпақбаевтың әдебиетке деген адалдығы мен әділдігі, тазалығы мен шеберлігі –үлкен мектеп, үлкен құбылыс, үлкен өнеге, үлкен тағлым.

Сөз арасында айта кеткеніміз орынды шығар, Бердібек Сокпақбаевтың 90 жылдық мерейтойы 10–11 қазан күндері Нарынқолда өткізілмек. Демек, тойдың аудан көлемінде болғаны ғой. Ұлт әдебиетінің үлкен ұстындарының бірінің 90 жылдық мерейтойы неге аудан көлемінде өтеді? Неге республикалық деңгейде өткізілмейді?

Енді осы жерде көнілдегі біраз түйткілді еріксіз ортаға

сала кетуге тура келеді. 9 томдық, 11 томдық, 12 томдық, 13 томдық, 14 томдық, 17 томдық, 18 томдық... Қазақ жазушыларының көп томдықтары осылай шығып та жатыр. Шықсын, біз оны ешуақытта көпсінбейміз. Ал енді Бердібек Соқпақбаевтың көп томдығын неге шығармасқа? «Бердібек Соқпақбаевтың кітаптары кітап дүкендерінде бір-ак күн, әрі кетсе екі-ак күн тұрады, халық оны талап алғып кетеді». Мұны айтқан –Тахауи Ахтанов. 1973 жылы. Әлі де солай. Бекенің кітаптарына деген сұраныс өте зор. Біздің өз есебімізше, Бердібек Соқпақбаевтың бүкіл шығармасын жинақтасақ 5 томдық болар еді. Жазушының 90 жылдық мерейтойына оның 5 томдығын шығаруға болатын еді ғой. Мұны Мәдениет және ақпарат министрлігі де, Қазақстан Жазушылар одағы да ескермеді, елемеді...

«Қазақфильм» қашан көрсөн, фестиваль өткізіп жатады. «Қазақфильм» өзінің неге бір фестивалін Бердібек Соқпақбаевқа арнамасқа?! Сценарийін Б.Соқпақбаев жазған «Менің атым Қожа» фильмі – біле білсек, «Қазақфильмнің» мерейі, мақтанышы,abyroyы. Осы фильмді негізге ала отырып, қазіргі балаларға арналған кинофильмдер жөнінде, шынында да, неге арнайы фестиваль өткізбеске??!

Б.Соқпақбаевқа арнап конференциялар (ғылыми конференция, әдеби конференция, оқырман конференциясы және т.т.) мен конкурстардың да (балаларға арналған конкурс, жасөспірімдерге арналған конкурс және т.т.) неше атасын өткізуге болар еді. Тек ықылас жетпеді, әйтеуір...

Ұлы жазушылардың өмірі ғана емес, сонымен бірге өлімі де зерттеледі. Бердібек Соқпақбаевтың өлімі де мұлде жұмбак. Бірақ зерттелген жоқ...

Әр адамның өзіне лайықты орны болады. Бердібек Соқпақбаевтың орны – әманда төр! Біз соны ұмытпауымз керек еді.

Біз енді төменде назарларыныңға ұлттымыздың ұлы жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 90 жылдық мерейтой-

ына орай оның қоғамдағы, әдебиеттегі орнын көрсетуге тырыскан бір топ азаматтың, Бекенің қаламdas іні-карындастарының пікірін ұсынып отырмыз.

**Жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты  
Оразбек СӘРСЕНБАЙ:**

– Бірде Жазушылар одағының алдындағы гүлзар бақта екі қолын артына қайырып, жалғыздан-жалғыз қыдырыстал жүрген Бердібек Соқпақбаевты көрген біздер – түскі астан кейінгі үзіліске шыққан редакция қызыметкерлері жасы үлкен ағамыздың қасына барып жапа-тармағай сәлем беріп, содан соң құйма құлак ақын, жазушы інілерінің ортасына түскен, көрген-білгені де көп, айтары да жеткілікті жетекшіміздің аузына қарап, өнегелі сөз тындауға құлшынбаймыз ба?! Ол кезде жаспыз, асаумыз, анқаумыз. Шетімізден максималист, «қүрескерміз». Алыс-жақынды шолуға, таразылауға, екшеп-елеуге құмар-акпыш. Дүниенің кемшілігін көрсек, қарал тұра алмаймыз: сыбыра сынап, міней бастаймыз.

Біздің осындай қүйдім-пістім әңгімемізді төзімділікпен едәүір уақыттындауға мәжбүр болған Бекен, Бердібек Соқпақбаев бір кезде:

– Әй, жігіттер, босқа шаршамандар. Сендер қанша шырылдағандарыңмен, бәрібір ешнәрсе өзгермейді, – деді.

– Сонда, қалай, киянатқа құлдық ұрып, үнсіз жүре беруіміз керек пе? – деді біздің қатарымыздың бір білгіш.

– Әрине, сөйтесін. Басқа амалың жоқ, – деп Бекен миығынан құліп қойды.

– Сіздер сөйтсөніздер... тірлігіміз қайтіп оңалсын! – деп біздің білгіш Бекене ренжіген сыңай танытты.

Бекен жайбаракат, тіпті салқын, сабырлы қалпынан өзгермеді. Басын сәл қисайтып, қолын жоғары қарай шошайтып тұрып:

– Бар пәле ана жақтағой, жігіттер. Сол жақ өзгермей,

бұл жак онбайды, –деген.

– Қайдағы жоғарыны айтасыз, көке?

– Ол күштінің аты –Мәскеу! Мәскеу! Білдің бе? Қорасына күштеп әкеліп қамаған мына біздің қазақ секілді аз ұлттарды шетін шығармау үшін, қажет кезінде сатып жіберіп, қарны ашқан тұстарында сойып жеп отыру үшін оларды бір-біріне айдал салу, мүйіздестіріп қою олардың ежелгі машиктары емес пе? – деп, өзіне осыншама айдан анық нәрсеге милары жетпей жүрген біз секілді жеткіншектеріне Бекен сол жерде тіпті көнілі толмаған сынай танытқандай болды. – Мәскеудің көлеңкесі түсіп тұрған елдің көсегесі көгеріп, өнері өркендей береді дегенге мен, мысалы, өмірі сенбеймін. Сендер де сенбендер! Міне, менің беретін батам осы! – деп аға жазушымыз сол жерде «Сөзім осымен тәмам» дегендей бізден бөлініп шығып, бұрынғыша жападан жалғыз кете барды.

Кеңес өкіметінің аман-есен кезінде, Компартияның әбден дәуірлеп тұрған заманында – жетпісінші жылдардың басында, Алматыдағы Ленин көсем атындағы алаңдан гүлзар бағында тапа-тал түсте қыдырыстал жүрген қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың аузынан отаршыл империяны ашық айыптаған мұндай сөздерді есту – ол тұста, шынында да, шетін оқиға еді.

Кейін естідік: мұндай «саяси ұстамсыз» қылықтарын ол кісі өзге жерлерде де көрсетіп, талай таяқ жегенге ұксайды. Шынын айтайық: ол тұста қазақ жазушысының мұндай «ерлігіне» елітушілер табыла қойған жок. Тіпті біздің қатарымыздағы кейбір білгіштер: «Соқпақбаев кешегі колхоздастыру кезінде мал-мұлкі тәркіленген атақты байдың баласы екен», – деп те құтыртып жүрді...

Мен үшін қазактың көркем сөз шеберлерінің бірі Бердібек Соқпақбаев ағамыз шын жаратылысын, құпия сырын ішіне көмген жұмбақ адам, жұмбақ жазушы болып қалды. Менің байқауымша: ол кісі жалғыздыққа біржола бой алдырған,

іш пыстанын сыртқа шығара бермейтін, жәй бір уайымшыл пенде емес (уайымшылдық ойшылдықтың серігі емес пе?!), құсалық «дертке» ұшыраған құпия, жеке-дара өмір сүрген абыз-дәруішке ұқсайтын. Бәлкім, біздікі – көлденең қек аттының пікірі шығар. Бірақ осы жазушының жалғыздығы бірден көзге ұрып тұрушы еді.

Бердібек Соқпақбаевты іш тартып, жақсы көретін аға, інілері, замандастары жеткілікті болды. Ал оның өзінің жанында жақын тұратын достары бар ма еді – ол жағын білмеймін.

Бердібек Соқпақбаев өзінің азды-көпті шығармаларының бәрін қырық жасқа келгенше жазып бітіріпті. Өмірінің кейінгі 28 жылында, шығарма адамының күш-қайраты әбден толып, байи түсетін өнімді шағында бірде-бір елеулі дүние жазбауы да – түсініксіз, жұмбақ құбылыс.

– Мен газет оқымаймын. Кітап қарауға да құлқым жок, – деуші еді.

Газет оқымайтын, кітап оқымайтын жазушы болады дегенге сену қын. Оның үстіне, некен-саяқ тілдесе қалсаңыз, Бекен дүниеден хабарсыз, екі құлағын тас бітеген немікұрайды адамға ұқсамайтын. Жоғарыдағыдай оқыс естілетін сөзі –оның өтірікші газеттерді, сапасыз кітаптарды өзінше әшкерелеген түрі болуы керек. Жалпы, біз билетін Соқпақбаев өтірік атаулыға жаны қас, қиянат атаулыға –шыдамсыз, нағыз максималист болатын.

*Ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты  
Темірхан МЕДЕТБЕК:*

– Бердібек Соқпақбаев, сөз жок, тума талант, даусыз талант, кемел талант. Кең де ауқымды ұғымдардың қай-қайсысына да толығымен жауап берे алатын жазушы. Ол қазақ әдебиетінде ешкімді де қайталамаған, тыңнан түрен салған қаламгер. Оның өзін де қайталау мүмкін емес.

Бердібек Соқпақбаевтың баска шығармаларын айтпағанда, “Менің атым Қожа”, “Балалық шаққа саяхат”, “Өлгендер қайтып келмейді” сияқты хикаяттары мен романы қазақ әдебиеті бар кезде, мәңгілік өмір сүре беретін классикалық дүниелер. Өйткені ол дүниелер қазак оқырмандарының жаны мен жүргегіне соншалықты жақын, соншалықты ыстық. Бұл шығармалардың қай-қайсысы да жеке дара өмір сүрмейді. Халықтың құнделікті тіршілігімен немесе халықтың басына түскен нәубетті ауыр кезеңдермен қабысып өмір сүреді.

Егер маған нағыз халықтық жазушы кім десе, мен ең алдымен Бердібек Соқпақбаевтың есімін атар едім. Мәселен, мен ол сомдаған кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, сез саптаулары мен жүріс-тұрыстарын сонау түкпірдегі Түркістан топырағында өскеніммен, құнделікті кездестіріп немесе соларды танып жетілдім. Жалғыз мен емес, оны оқыған жүрттышын бәрі де сондай күй кешсе керек.

Міне, осындай қайталанбайтын жазушының мерейтойын қалай өткізіп жүрміз? Мен өз басым Бердібектің өткен мерейтойлары ауыз толтырып айтартылғтай бол өтті деген сөзді ғұмыры естіген емеспін. Естісем, реніші мен назасы аралас “Әй, әйтеүір өтті ғой” дегендегі селкос әңгімелер ғана естіген шығармын.

Шіркін-ай, Бердібек Соқпақбаевтай жазушының бір үрпағы министрдің кабинетінде отыrsa, онда оның тойы мұлде басқаша деңгейде өтер еді- ау. Пәленбай ақшаңқан үйлер тігіліп, бәйге шабылып, палуан құрестіріліп, күй тартылып, ән шырқалып айнала дүниені көшіріп жіберердей думан мен дүрмекке толтырып жіберер еді. Ал елге осынша мәңгі өлмейтін құндылықтар қалдырған Бекенің мерей тойлары неге соншалықты жадау, неге соншалықты жүдеу өткеніне таң қалам.

Бұлай деп шұқшиып отырған себебіміз, Бердібек Соқпақбаевтың қолына су құя алмайтын, шығармашылық

куаты құбатөбел ғана, бірақ артында тіреуі бар әлдекімдердің аста-төк тойлар өткізіп жүргендерін екі қүннің бірінде көріп жүрміз ғой...

Бердібек Соқпақбаевтың мерейтойы –әдебиеттің мерейтойы. Мұндай мерейтойлар әдебиетті өрге сүйрейді, әдебиетті насихаттайды, әдебиеттің өмірмен қоян-қолтық араласуына кең жол ашады. «Той» дегенде мен осыны айтып отырмын. Бекенің мерейтойы да осындай тағлымды той болып өтуі керек.

### **Жазушы Тынымбай НҰРМАҒАНБЕТОВ:**

–1971 жылы Баспа және полиграфия істері жөніндегі комитет Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен бірігіп, бала-лар мен жастар өміріне арналған шығармаларға жабық конкурс жариялады. Мен Қызылордада жүріп осы конкурсқа «Қош бол, ата» повесімен қатынасып, бірінші орынға ие болдым. Бұл, әрине ерекше қуаныш болды.

Мен Қызылордада жүріп-ақ алғашқы конкурсқа түскен повесім үшін Алматыдағы жюри мүшелерінің ішінде кімдердің жанашыр болғанын там-тұмдап естігенмін. Сондағы билетіндердің айрықша айтқаны – Бердібек Соқпақбаев болатын. Айтушылар «бірінші орынға осы дүние ғана лайық деп Бекен жатып алыпты» деген. Дегенмен, Бекеннен айрықша қолдау болғаны – менің көnlімеме мақтаныш сезімін ұлатты. Шығармадан бұрын автордың өзін түстеп алатын қазіргі конкурстармен салыстырғанда, алғашқы конкурстардың әділетті болуға тырысуының өзі – жас жазушыға қуат, шабыт беретіндей ғажайып ләzzат еді.

...Жақынын сағынып, жақсы көріп өспеген жаннан отанышыл, ұлтжанды азамат шықты дегенге өз басым күмәнданамын. Бердібек Соқпақбаев шығармалары онашада өзінді-өзін уатар ой-қиялдарға жетелейді. Адам не үшін балалық шағын сағынады? Адам өзінің өмір жо-

лында әлдекалай нәрселерден тауы шағылып, жасығанда... балалық шақ елесінің берер қуаты, күші бар ма? Адам опасызыдықтан, жауыздықтан, күншілдіктен запы болып шаршағанда... осының бәрінен ада, тау суындай мөлдіреген балалық сезімнің адалдығы мен тазалығы бір сәтке болса да жан-тәнінді тазалар кәусәр-нәр бола ала ма? Балалық шағынды елестету арқылы адам ауыр ойлардан жеңілдей ала ма? Жүргін езген қасірет үрейден құтыла ала ма? Есейіп барып балалыққа қайта қайрылған жанның қеудесінде өксү мен өкініш жоқ па?

«Бар...бар-р.. бәрі де бар» деймін мен. Тіпті балалық шағынды сағыну... біздің бала күніміздегі болашағымызға қарай ұмтылып, қиялдануымыздан да гөрі әсерлірек секілді көрінеді. Балалық шақты қайта оқу, қайта елестету – өзінді-өзің кінәлау үшін де, өзіңді-өзің жаксы көру үшін де, өскен үйінді, ауылынды, балалық өміріне, балдәурен қызығына қатысы бар барша жанды қайта еске алу үшін де, олармен ортақ қуанышынды тірілту үшін де қажет сиякты. Бұл аз ба? Кеп пе? Оны өлшеу сенің жүргіндегі мейірім отына, сенің пейіл-ниетінің қаншалықты өзгергеніне, айналып келгенде... адамдық болмысыңа байланысты секілді.

Өне, шынайы шығармалар бізді қандай тәтті сезім, қиялдарға бастай алады. Шығарма дегеніміз жас талғамайды. Еңкейген шал балалық шақ жайлы кітап оқып отырса, калайша күрсінбейсіз... Бердібек Соқпақбаевты айтып отырып өзін, немесе өз ойын айтып кетті деушілер де болар ма екен? Бұл дегеніңіз жазушы мен жазушының қалам бояуының, жазушы мен жазушының өміртаным қабілетінің ұқсастығы емес пе? Әрі-беріден соң жазушы мен жазушының ой-түйсігінің туыстығы шығар...

Әншінің әні үзілген жерден әрі жалғаған екінші әншіні... Күйшінің күйін дамытып әкеткен өзге күйшіні бөтенсуге бола ма? Кінәлауға бола ма?

Жаңа шығарма жазарда Бекеннің, Бердібек

Соқпақбаевтың жазғандарын актаратын әдетім бар. Сол әсерден (тіпті еліктеуден) «Балалық шақтың әндері» дүниеге келді. Ол 1994 жылы «Жалын» баспасынан кітап болып жарық көрді. 1996 жылы Мемлекеттік сыйлыққа да ұсынылды. Әлбетте, ала алмай қалды. Өйткені, мен еліктеген Бердібек Соқпақбаевтың өзіне де ол сыйлық бұйырмаған. Дағлірек айтсақ, ол сыйлықтың тақиясына Бердібек Соқпақбаевтың басы ірілік еткен..

Біз қызығы, сол сыйлықты алған-алмағандығынан Бекеннің өзіне де, шығармашылығының абырай-беделіне де, өміршендігіне де келіп-кетіп жатқан ештеңе жок...

Асылы біреуге кіріп, бірдене сұрағаны жараспай тұратын кісілер болады. Бекен сондай жан еді. Жазушылар одағында да ол кісіні секретардың қабылдауынан көрмейтінбіз. Қызметі жоғарыларға жалпақтау деген атымен жок. Осы мінезі өзіне жарасатын да.

Мінез дегеннен шығады. Қазақта «сиырдың сүті тілінде» деген сөз бар. Ал жазушының таланттының кілті неде? Әрине, Құдай берген, ата-анасының қаны мен сүтінен дарыған қасиеттерден дейміз ғой. Ал, сол қасиет-талантты сақтаудың сыры ше? Ол сөз жок мінезге байланысты.

Мінезі жок, мінезі тұрақсыз жандар таланттынан да, өзге де қасиеттерінен де айрылып жатады. Оған өмірде мысал көп-ақ. Ал Бердібек Соқпақбаевтың таланттың өміршешең еткен де, оның шынайы туындыларын ұрпақтарға жеткізген, жеткізетін де жазушының өзімен бірге туып, өзімен бірге өлген осы мінезі шығар...

**Жазушы, драматург Серік АСЫЛБЕКОВ:**

—Әр жазушының Алланың шапағаты түскен кезінде сәтімен туған санаулы ғана жүлдізды шығармалары болады. Олардың саны әдетте біреу, екеу, әрі кеткенде 4–5-еуден аспайды. Мен үшін айтулы суреткер Бердібек

Сокпақбаев шығармашылығы әлемінің ілуде бір кездесетін інжу-маржандары –оның «Менің атым Қожа» повесі мен «Өлгендер қайтып келмейді» романы.

Неге бұл туындыларды бөле-жара айтып отырмын? Себебін айтып көрейін. Біріншіден, бұларда өз заманының ашы, алғаусыз шындығы бар. Екіншіден, аталған шығармалардағы басты-басты негізгі кейіпкерлердің барлығының дерлік беттерінде біздің халқымыздың үлттық калориті нарттай болып көзге ұрып тұр. Бұларды басқа ұлт екілдерінің ешқайсысымен шатыстыра алмайсыз. Өйткені, олардың істеген істерінен бастап, сөйлеген сөздерінің әрбір интонациясына дейін, тіпті жұрыс-тұрыстары мен қыздарға ғашық сезімдерін білдіруге дейінгі қазақтың қайталанбас сипаттарын ақ қағазға түскен мөрдей етіп көркем бейнелеп берген. Егер Бальзак өзін «француз қоғамында кездесетін барша мінез-құлықтарды қағазға ай-нытпай түсіруге тырысқан хатшымын» десе, дәл осы сөзді біз Бекене, Бердібек Соқпақбаевка да қаратып айттар едік.

Бердібек Соқпақбаевтың қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны да ерекше. Ол жазба әдебиеттегі іргетасын Ұбырай Алтынсарин қалаған қазақ балалар прозасының көркемдік деңгейін әлемдік классиканың дәрежесіне дейін көтерді. Сондықтан да біз оның аты-жөнін көркем әдебиеттің осы бір өте киын, шікемшіл саласының бүкіл дүние таныған шеберлері Даниэл Дефо, Марк Твен, Гавриил Троепольский секілді алыптардың есімдерімен ешқандай да қысылып-қымтырылмай қатар атауға хақымыз бар. Егер дамыған, өркениетті елдердегідей біздің елімізде де казақ әдебиетінің ең сүйікті кейіпкерлеріне ескерткіштер орнатылатын болса, біздіңше, сол алғашқы ескерткіштің бірі Бекеннің атақты Қожасына тұрғызылуы тиіс деп ойлаймын.

—Бердібек ағайдың «Менің атым Қожа», «Жекпепежек», «Аяжан», «Балалық шаққа саяхат» деп атала-тын шығармаларын оқымаған қазақ баласын табу қын. Соқпақбаевтай қадірлі қаламгер шығармаларын кез-келген қазақ баласы оқып өсті. Әлі де оқып келеді. Бұл — жазушы үшін үлкен бақыт. Ойланып көрейікші, осынау шығармаларда окушысын шақырып тұрған қандай құдірет бар? Қолыңа алсаң, әрі қарай қызықтырып, жетелей жөнелетін не сиқыр бар онда?

Бердібек Соқпақбаев — тақырыпты өмірдің өзінен ала-тын жазушы. Өмір — мәңгі жап-жасыл, құпиясы қанша айтсаң да, қанша жазсаң да таусылмайтын ғажайып әлем. Әр жазушы осы ғажайып әлем ішінен өзі көрген құбылысты іріктеп-сұрыптал алып, белгілі тағдырға орайластырып, сюжет құрап, көркем шығарма жазады. Сөйтіп, оқырманға өз әлемін ұсынады. Мәселе— өмірдің қандай сырын, нендей құпиясын айта білуде. Бердібек ағай өзінің шығармалары арқылы өмірдің соншалық күрделі, соншалық ауыр екенін, өмірде әділеттің сақтала бермейтінін, содан адам жаны жараланатынын мейлінше шыншыл баяндап береді. Оның жоғарыда аталған, әйтпесе аталмаған «Өлгендер қайтып келмейді» секілді шығармаларын оқи отырып, өмір сұрудің оңай еместігін бар жан-тәніңмен сезінесін. Расында өмір сұру, өмірден өз орнынды табу өте қын. Сол қындықты социализм кезінде қою бояумен суреттеп берген жазушы Бердібек Соқпақбаев еді. Өмірдің өзінен алып, мейлінше шыншыл бейнелеген шығарма, әрине, өміршен болады.

Бердібек Соқпақбаевтың өтірікке өлердей жаны қас болатын. Өнерді өтірікпен әсемдеуден корқатын. Қатарлас замандастарының өтірік жазып жүргенін білсе, сыйламай қоятын. «Отірік қоғамда өмір сұргеніміз аздай, оқырманға өтірік шығарма ұсынудың керегі не, осы?!» – дейтін ты-

жырынып. Шындық деген не? Шындық –өмір, шындық – тағдыр, шындық – ауыртпалық. Бердібек ағай қоғам шындығын бар ауыртпалық, қындығымен көрсетем деп көп қындық көрген қаламгер. Үйді қындықпен алды, шығармалары қындықпен басылды. Алайда, шындықтың аяғы – кайыр.

Өзінің айтуына қарағанда «Менің атым Қожа» повесінің, «Өлгендер қайтып келмейді» романының кейбір тараулары қара бояуы қалың болғандықтан, кезінде қысқартылған екен. Кейін, жариялышық жетіп, тыныс кеніген сәтте жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романының қысқарған бір тарауын «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады. Ал, «Менің атым Қожа» повесінің қысқарған жерлерін қалпына келтіре алмай кетті. Өзі айттар еді: « Орындалмаған арман – өлген адаммен бара-бар» деп.

Бердібек Соқпақбаев көбіне-көп шығармаларына балалар өмірін арқау етеді. Дүниеге бала көзімен қараған адам – ар көзімен қарайды. Адал, таза көзben қараған адам дүниенің былғанышын көп көреді. Дат жазушысы Ханс Андерсеннің ертегілері секілді казақ қаламгері Бердібек Соқпақбаевтың бала кейіпкерлері арқылы қазақ қоғамына тән көп кемшілік айтылған. Тек мұны аңғара білмек керек. Бұдан қандай тағылым түйеміз?

Бұдан түйер тағылым –Б.Соқпақбаев бала кейіпкерлерін үлкен тағдыр иесі деп қарады, бала кейіпкерге – қоғам бойындағы ауыртпалықты арқалата білді. Қаламгердің қай кейіпкеріне де бейтарап қарай алмайтын себебінізде сондықтан.

Қаламгер құпиясы хақында көп ойланып, көп толғанып барып келген бір түйінім – баяндау мәнері жайында. Бердібек Соқпақбаев бар оқиғаны қарапайым, баяндаап беретін қаламгер. Бірақ осы «қарпайым баяндау» – мейлінше мінезді, мінезімен қадірлі. Неге десеніз, сол қарапайым баяндауда кейіпкерлер мұсінделіп, бала

кейіпкердің ішкі жан-дүниесі ашылып, тұлғаланып жатады. Қарапайым баяндауға ішкі динамика, қымыл-қозғалыс, жан күбылысы тербелістері сыйып кетіп жатады. Бұл – шынайы суреткердің қолынан ғана келетін іс, шеберлік сиқыры!

### **Әдебиеттанушы Гүлзия ПІРӘЛІ:**

–Бердібек Сокпақбаев десек есімізге бірден «Менің атым Қожа» түсері хақ. Бердібек пен Қожаның бүгінде жоқтығы сағымға айналған сағыныштай жүректі жаншып ауыртады. Неге? Себебі , біріншіден, Бердібек ағамыздай елдің ертеңін ойлап,балалардың бүтінін бүтіндеп, жадау жүректеріне жылу себезгілеп, ұлтының ұрпағы үғымтал,мейірімді болуын көксеп, балалар әдебиетінің есіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып, табанды еңбек еткен талантты тұлғаларымыз тапшы . Екіншіден, Қожадай бар балаға тән аңғалдық пен алғырлықтың символы болған арманышыл ұлдың бүгінде көзден бұлбұл ұшуы. Теледидардың тетігін тұртіп қалсан, жан түршігерлік қылмыскердің орнында окушы отырады,интернет ақпаратты ашып қалсан, алдыңнан құндей күлімдеп пәк періште бала емес, өз жасына сай емес салқынқанды, сұық жүзді жасөспірім шыға келеді. Бірі тапа-тал түсте, тіпті мектеп ауласында сыныптасын атып кетсе, екіншісі болмашыға бола қаламсабымен-ақ парталасын жүректен қадап шімірікпей шейіт етеді. Не деген жауыздық? Қайдан шықкан қатыгездік? Балаларымыз қандай болып барады? Себеп неде?

Нарық заманы балаларға назар салуды қойды. Балалар әдебиетінің бағы Бердібек ағамызбен бірге тайды. Қожа секілді киялшыл, жан баласына жақсылықтан басқа қылдай қиянаты жок періштелеріміздің саны сүйилді. Балаларымыз бесіктен белі шықпай жатып компьютермен достасып, кілең «ветмендерді» көретін болды.

Ұлы суреткеріміз Мұхтар Әуезов 1960-жылы Аме-

рика Құрама Штатына барған сапарында тап бүгінгідей қылмыстық хроникалар қаптаған кинофильмдерді көріп кетты шошынған екен. Ол былай деп жазады:

«...Сахнада бір сұмдық болып жатса, залда отырган балалардың мінездері мен қылықтары одан да өткен сұмдық. Бұл балалар залы әрбір өлім тұсында шулап, мәз бола күлісіп, қол соғып, аяқтарымен тақтай тепкілеп, өлтірушінің ісіне қызығып, кәдімгі қоянға тазы итін қосып айтактатқан аңшылардай болысты. Барлық өлім оларға киносуреттің тапқызбас қызығындақ қызу әсер етті. Ірку, іркілу, қорқу-жирену жоқ, қызығу да қызықтау – жас балаларға бүгінгі Американың көп кино суреттерінің беріп жатқан жан жемі осындай. Оны қабылдау жаңағыдай. Және балаларға сол кинодағы жаңағы суретке билет арзандаған бағамен сатылады... Осылайша олар жас буынды жаман, сұмдық, бұзықтық, жыртқыштыққа көзін үйретіп, көңілін көндіріп, әдейілеп баулиды. Міне, Америка көркемөнері аталатын әлемнің ішінен осындай да өнер-болмыстың пішінін көрдік».

М.Әуезовтің осы естелігі қазіргі кинофильмдердегі келенсіздіктерді, олардың бақылаусызы берілетінін, жастарды әлгіндей жауыздыққа тәрбиелейтінін ескертеді. Осындай олқылыктардың түп-тамыры – балаларымыздың әдеби кітапқа деген құштарлығының күлдірауы. Олардың заманауи талабына сай жазылған көркем дүнилердің кемдігі, яғни бүгінгі балалар әдебиетінің кенжелеп қалуы мен насиҳатталмай жатуы болса керек. Осы ретте қазақ балаларының бірнеше толқынын тәрбиелеген, өзіндік үлкен мектеп қалыптастыра білген көрнекті қаламгер Бердібек Сокпақбаевтың шығармашылық дәстүрін дәріптеу, оны жаңғырту, насиҳаттау мәселесі қолға алынғаны құба-құп болар еді.

Көзі тірі кезінде де балалар әдебиетінің үнемі шетқакпай болуына көңілі толмаған қаламгер кеңестік кезеңнің

құрбаны болған еді. Өзі өмірден өтсе де шығармашылық өнері өлмestей мұра болған тұлғаның трагедиялық тағдыры енді оның мәңгілік мұраларын насихаттап, зерттеп, зерделеуде де зардап шегіп жатқандай. Балалар әдебиетіне көңіл бөлмеген жағдайда Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына да жарық түсі екіталай. Өйткені бұл екі мәселе біртұтас көркемдікке ұласқалы қашан. Әттең, соны қолға алар қазақтың ұлтжанды ғалымдары, әдебиетшілері табылып жатса біздің келешегіміздің көсегесі көгеріп, балалардың жандуниесі тазарып, Қожадай арманышыл, алғыр, тау суындаі мөлдір балалар саны көбейер еді.

**“Жас Алаш”, №79, 7 қазан 2014 ж.**

# МАЗМҰНЫ

|   |            |
|---|------------|
| Менің атым— Қожа .....                      | 3          |
| Жекпе-жек .....                             | <u>150</u> |
|   |            |
| Суреткер мінезі .....                       | 330        |
| «Бірегей Бердібектің бер бағасын ...» ..... | 345        |
| Женілістерден тұратын женіс .....           | 353        |
| Өз заманының ар-ұяты .....                  | 363        |

**Бердібек СОКПАКБАЕВ**

# **ШЫГАРМАЛАРЫ**

## **III ТОМ**

**Редакторы Әлсейіт ОСПАН**

**Кате түзеуші Қазына НҰРМАХАНОВА**

**Беттеуші дизайнер Макпал АЙТАҚЫНҚЫЗЫ**

**Техникалық сарапшы Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISBN 978-601-03-0290-7



9 786010 302563

**ИБ №42**

Басуга 05.09.2014 ж. көл койылды.

Пішімі 84x108 1/1. Офсеттік басылым.

Карп түрі "OpiumD". Көлемі 20,0 шартты баспа табак.

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №42/9654.

«КазАкпарат» баспа корпорациясынын баспаханасы